В кремовых шторах рапповцы, «передовые» современники Булгакова, видели символ обывательщины и мещанства. Те же ассоциации вызывала у критики елка. Когда на сцене МХАТа в четвертом действии «Дней Турбиных» Елена и Лариосик наряжали елку, зрительный зал погружался в предрождественскую атмосферу. Елка символизирует вечность, спасительную обновляемость жизни. Ее огни зажигают свет надежды в сердцах людей, чей «утлый корабль долго трепало по волнам гражданской войны». Уничтоженной жизни суждено возродиться на пепелище, ее всепобеждающая мощь преодолевает хаос и разруху – вот стержневая булгаковская мысль, не дававшая покоя тем, кто хотел бы разрушить мир прошлого до основания [1.76].

Лариосик, наряжая елку, возвращает в эмоциональную атмосферу пьесы настроение первого акта: «Елка напоминает мне невозвратимые дни моего детства в Житомире. Огни. Елочка зеленая...». В.Лакшин, редактируя этот эпизод, подчеркнул, что, «развивая в «Днях Турбиных» сцены Елены и Лариосика вокруг домашнего божества, в сладчайший для любого детского, неочерстевшего сердца миг украшения елки, М.А.Булгаков шел наперекор если не идеологии, то чувственному миру эпохи» [1.65].

В первом акте по поводу глубокомысленного замечания Шервинского о том, что Тальберг «на крысу похож», Алексей Турбин говорит: «А дом наш на корабль». Лариосик называет дом Турбиных «гаванью с кремовыми шторами». Эти сравнения включают образ Дома с кремовыми шторами в

символический ряд, который мыслится за яркой метафорой: «Гавань с кремовыми шторами» - «Корабль» - «Волны» («Буря»).

Следует назвать еще один образ, без которого символическая картина происходящего была бы неполной. Это образ неба, проецирующий в себе мечты булгаковских героев о счастье. Особенность его в том, что он существует в художественном мире драмы также в «зашифрованном виде».

Образ небо, а точнее, Царство Небесное, которое открывается душе, переступившей порог смерти, освобожденной от власти хаоса и страданиями заслужившей воздаяние светом. Это путь Алексея Турбина и его братьев по «Белой стае», принявших крестные муки в котле гражданской войны. Идея

А.Ясауи университетінін хабаршысы, №1, 2012

Бексеитова Р.М. Проблема творческих связей М.А.Булгакова и А.П.Чехова...

обретения покоя и благодати за чертой смерти осмыслена автором в символическом образе «синего края» неба.

Мысль о том, что трагическое преходяще, что в мире, лежащем во зле, восторжествует правда «вечных звезд», была сформулирована М.А.Булгаковым еще в романе «Белая гвардия»: «Все пройдет. Страдания, муки, кровь, голод и мор, меч исчезнет, а вот звезды останутся, когда и тени наших тел и дел не останется на земле, звезды будут так же неизменны, так же трепетны и прекрасны. Нет ни одного человека на земле, который бы этого не знал. Так почему же мы не хотим мира, не хотим обратить свой взгляд на них? Почему?» [2.428].

Еще одним указанием на его присутствие в пьесе служит финальная реплика Лариосика «Мы отдохнем, отдохнем!», ассоциативно вызывающая в памяти продолжение цитаты из пьесы А.П.Чехова «Дядя Ваня»: «Мы отдохнем! Мы услышим ангелов, мы увидим все небо в алмазах, мы увидим, как все зло земное, все наши страдания потонут в милосердии, которое наполнит собою весь мир, и наша жизнь станет тихой, нежною, сладкою, как ласка».

Таким образом, в отличие от других символов в драме (Дома, Елки, Кремовых штор) образ Неба не имеет зрительного воплощения, но, вместе с тем, его, так сказать, ассоциативное присутствие в тексте пьесы вполне осязаемо. Как отмечает А.Лосев, «вовсе не обязательно, чтобы внешняя сторона символа была слишком красочно изображена. Это изображение может быть даже и незначительным, схематическим, но обязательно должно быть существенным и оригинальным».

О «существенном и оригинальном» содержании образа неба свидетельствует, в частности, то, что он выполняет функцию сюжетного завершения драмы.

К финалу пьесы сгущается атмосфера неопределенности. «Господа, знаете, сегодняшний вечер – пролог к новой исторической пьесе», - говорит Николка. «Для кого – пролог, а для кого – эпилог», - возражает Студзинский. Неожиданное совмещение «эпилога с «прологом» должно вызывать

ощущение недосказанности, незавершенности действия. Но этого-то как раз и не происходит [1.76] .

Недостаточная четкость изображения реального плана компенсирования общей завершенностью плана символического. Автор стремится показать, что конкретные судьбы непредсказуемы, но ясна конечная цель их движения – очищение в страданиях, восхождение по «белой лестнице» в «синий край» неба, обретение вечного покоя. Проходя через всю драму своеобразным контрапунктом, тема неба усиливает трагический катарсис. Благодаря присутствию в художественном мире «Дней Турбиных» силы умиротворяющей,

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Бексеитова Р.М. Проблема творческих связей М.А.Булгакова и А.П.Чехова...

успокаивающей и очищающей, трагедия героя обретает просветленный финал.

Черты булгаковской конфликтологии и бытописания, звучащие в чеховской тональности, еще более усиливаются тем, что финальные слова булгаковских героев звучат также.

Просветленность финала в «Днях Турбины» достигнута благодаря «непроизвольному» символу неба, синонимичному чеховскому образу Вечного покоя: «Мы отдохнем, отдохнем», - повторяет Лариосик слова Сони из «Дяди Вани», и в атмосфере, насыщенной драматическим напряжением сомнений, тяжелых предчувствий, ощущения неотвратимости надвигающихся бед, неожиданно становится очевидной иллюзорность Рока. Человек – не безвольная жертва фатальных сил; - утверждает М.А.Булгаков, - потому что устремление на зов неба в нем сильнее страха смерти до тех пор, пока он ищет опору в любви и дружбе, пытается противостоять смертоносным силам.

Но мысль Лариосика воспринимается еще и как недостижимая мечта, как тщетная надежда на покой в настоящем. Выразительная авторская ремарка: «Далекие пушечные удары», - следующая за этой репликой персонажа, придает дополнительное символическое значение его словам. Мечты о покое останутся мечтами, а «небо в алмазах» увидят только переступившие порог смерти.

Время чеховских героев ушло в прошлое. Эта авторская мысль с особой силой звучит в финале «Дней Турбиных». Но в пространстве Дома сохранилась атмосфера взаимной любви, а в душах его обитателей по-прежнему живы мечты о светлом будущем и устремления к идеалу.

Обобщая сказанное, следует отметить, что Дом, Елка, Небо, Кремовые шторы – это образы-символы, по-чеховски скрепляющие художественное целое драмы. Их без преувеличения можно назвать сквозными. Они выполняют ту же функцию, что и центральные символические образы в чеховских драмах (Колдовское озеро, Чайка, Вишневый сад) – функцию «внутренних скреп», с помощью которых создается единство действия.

Кроме структурообразующей не менее важна «смыслообразующая» функция символов. С их помощью автор выражает идеи, которые нельзя сформировать в репликах и воплотить в поступках персонажей.


В сплаве символизма и реализма особенно ярко проявляется родство

художественных миров Булгакова и Чехова. В русло символизма их привело стремление подняться в своем творчестве на ту высшую ступень художественной правды, где раскрывается сущность явлений. В их произведениях возникает особая система координат, в которой символизм представляет собой реализм в своем высшем проявлении.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. *Булгаков Михаил*. Дневники. Письма. 1914-1940. М., 1997.
2. *Смелянский А.М.* Михаил Булгаков в художественном театре. М., 1989.
3. *Катаев В.Б.* Литературные связи Чехова. - М.: МГУ, 1989.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012



**К.Б.УРАЗБАЕВ**

кандидат филологических наук, доцент  
МКТУ им. А.Ясауи

**З.ЕРДЖАНОВА**

магистрант МКТУ им. А.Ясауи

#### О СРЕДСТВАХ РЕЧЕВОГО ОБЩЕНИЯ ПРИ ИНОЯЗЫЧНОМ ОБУЧЕНИИ

Мақалада шетел тілдерін оқытудағы сойлеу әрекет құралдарының сараптамасы қарастырылған.

This article is devoted to analyze the means of speech communication in foreign languages teaching.

Отношение между проблемой межкультурной коммуникации и методикой преподавания иностранных языков не есть отношение между теорией и практикой. Межкультурная коммуникация формулирует общие закономерности, касающиеся функционирования механизмов способностей человека к иноязычному общению и способов их формирования. Методика оперирует содержательно-технологическими аспектами межкультурной коммуникации и реализует их в конкретных учебно-методических комплексах.

Основные принципы межкультурной коммуникации в обучении иностранным языкам сводятся к следующим положениям: изучить языки функционально в плане использования их в разных сферах жизни общества; обобщить огромный практический и теоретический опыт преподавания иностранных языков специалистами; разработать модель подготовки преподавателей иностранных языков специалистов по связям с общественностью; языки должны изучаться в неразрывном единстве с миром и культурой народов, говорящих на этих языках.

Исследователями отмечается, что уровень знания иностранного языка студентом определяется не только непосредственным контактом с его преподавателем. Для того, чтобы научить иностранному языку как средству общения, нужно создавать обстановку реального общения, наладить связь преподавания иностранных языков с жизнью, активно использовать иностранные языки в живых, естественных ситуациях. Это могут быть





путем специального опроса, в рамках этих тем постоянно осуществляется приток новой, коммуникативно-мотивированной информации, в связи с чем имеется возможность неоднократного возвращения к каждой из них и расширения этих тем новыми, до того не отраженными элементами содержания при своевременном введении новых порций лексики. В этом и состоит основная специфика культурно-бытовой тематики, из чего можно сделать следующий вывод: основные культурно-бытовые темы должны повторяться из года в год с постепенным их расширением и усложнением, что выражается в специфической, так сказать, рекуррентной их распределенности по периодам обучения. Они должны изучаться в виде расширяющихся концентров, каждый из которых знаменует собой возврат к

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Уразбаев К.Б., Ерджанова З. О средствах речевого общения при иноязычном обучении

теме в текущем (иногда и это целесообразно) или в следующем учебном году и связан всякий раз с введением очередной порции коммуникативной лексики. Требование рекуррентности при изучении культурно-бытовых тем обуславливает необходимость отдать предпочтение распределенному обучению перед концентрированным [2; 3; 5].

Таким образом, кажется достаточно обоснованным положение о том, что в интересах реально-информативного общения на учебных занятиях культурно-бытовые темы устной речи должны отличаться от других тем своей специфической, рекуррентной распределенностью по годам обучения: их нельзя считать пройденными в какой-то определенной группе обучаемых, к ним необходимо возвращаться, причем всякий раз на более расширенном и усложненном витке.

Наряду с вопросами отбора и организации языкового материала осуществление иноязычного обучения зависит также от достижения репродуктивно-продуктивного уровня образования новых речевых связей. Достижение этого уровня неразрывно связано с вопросом о прочности владения языковым материалом, степени сформированности умений и навыков пользования им. Нет смысла доказывать, что эти факторы необходимы также и для осуществления условно-речевой коммуникации, однако в условиях реально-информативного общения вопрос о прочности усвоения выдвигается на первый план, получает приоритетное значение, поскольку в этом случае все приобретенные умения и навыки ставятся под особо усиленную нагрузку.

В условиях иноязычного обучения внимание обучаемых значительно больше поглощено содержанием предстоящего высказывания, чем при условно-речевом общении. Если исходить из положения, что изучение иностранного языка на начальном и среднем этапе, всегда предполагает противоречие между содержанием и формой. В условиях реального общения эти противоречия проявляются наиболее остро: чем интенсивнее "переживается" содержание, тем оно более личностно актуализировано, тем сильнее это содержание "распирает" узкие рамки ограниченных

возможностей иноязычной коммуникации.

Процесс осуществления иноязычного обучения предъявляет повышенные требования к прочности владения лексикой, к уровню сформированности грамматических навыков и степени их гибкости, эластичности. И хотя уровень образования новых речевых связей в условиях информативного общения, ограниченного по степени обстоятельности и индивидуализации, определяется нами как репродуктивно-продуктивный. Элемент продуктивности играет существенную роль, так как при использовании иностранного языка как средства общения на первый план выдвигается проблема соотношения в речи готового, повторяющегося, и творческого, вновь создаваемого. И если многие речевые задания условного

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Уразбаев К.Б., Ерджанова З. О средствах речевого общения при иноязычном обучении

характера могут быть разрешены не выходя за пределы ранее сформировавшихся высказываний (такие речевые акты обычно "обслуживают" конкретные речевые задания и сами по себе элементарны), то для решения реально-коммуникативных задач даже на ограниченном уровне обстоятельности и индивидуализации часто требуется прибегнуть к новому, творческому. Причем динамика развития реального общения такова, что удельный вес творческого, неподготовленного увеличивается по мере усложнения речевых задач, что постепенно выводит реально-информативную коммуникацию на новый качественный уровень.

Прочность владения языковым материалом, необходимая для осуществления иноязычного обучения, достижима только при изначально-комплексном обучении всем видам речевой деятельности и усвоении языкового материала во взаимодействии всех анализаторов, т.е. в единстве говорения, слушания, чтения и письма. Необходимость этого вытекает из психофизиологического положения о неразрывном взаимодействии анализаторов коры головного мозга. Поэтому отрыв образов языковых знаков различных модальностей друг от друга отрицательно сказывается на прочности усвоения. Согласно экспериментальным данным, зрительная память обучаемых из года в год закрепляется, а слуховая, наоборот, ослабевает, а в целом пропускная способность зрительного канала по сравнению со слуховым у человека намного выше. Психологами установлено, что в памяти обучаемых сохраняется 20% того, что они слышали, 30% того, что видели, 50% - что они слышали и видели, 70% - что сами повторили и пересказали, 90% того, что сами сделали [4; 8].

Существенную роль для достижения необходимой прочности может сыграть письмо. Поскольку в состав процесса письма входит разнообразный набор функциональных звеньев (слухового, двигательного, зрительного анализаторов) и поскольку оно невозможно, по крайней мере, на начальном этапе без внутреннего проговаривания, упражнения в письменной речи обеспечивают прочность запоминания в самом широком смысле слова.

Комплексное взаимодействие анализаторов в учебном процессе тем более необходимо, если учитывать объективно трудные условия иноязычного обучения: незначительное количество учебных часов, отсутствие языковой среды, длительные перерывы в занятиях и т.п. Только взаимосвязанное развитие всех видов речевой деятельности в состоянии нейтрализовать отрицательное влияние этих условий.

Изначально-комплексное усвоение материала в единстве говорения, слушания, чтения и письма является залогом прочности усвоения языкового и речевого материала, а также в плане обеспечения подлинной сознательности обучения. Действительно, вне вышеуказанных условий имеет место глобальное восприятие и понимание фраз и предложений, исключающее словоотчетливость. Помимо того, что во многих случаях это

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Уразбаев К.Б., Ерджанова З. О средствах речевого общения при иноязычном обучении

приводит к неверному пониманию, такое глобальное восприятие исключает как понимание каждого компонента фразы, прежде всего, слов, так и какую-либо эластичность в оперировании ими, что особенно важно в условиях реального общения. Напротив, овладевая материалом в единстве устной речи, чтения и письма, обучаемый с самого начала неизбежно сталкивается с расчленением фраз и предложений на их компоненты.

В этой связи необходимо сказать еще об одном условии прочности усвоения: о необходимости формирования у обучаемых прочных ассоциативных связей между иноязычными словами и их эквивалентами на родном языке. Как показали специальные исследования, формирование таких связей должно выразиться в создании так называемых стереотипов микро перевода, т.е. владения словом в переводе на родной язык и с родного языка. В условиях реально-информативной коммуникации, лично значимой для студента, он испытывает постоянные лексические трудности ввиду того, что содержание предстоящего высказывания концентрируется на родном языке. В этом случае в сознании обучаемого возникают, прежде всего, слова родного языка. Быстрота и правильность иноязычного высказывания находятся теперь в зависимости от того, насколько быстро протекает припоминание их иноязычных эквивалентов, а это возможно лишь при определенном уровне сформированности указанных стереотипов, нормирование стереотипов микро перевода, направленное в конечном итоге на вытеснение их из сознания учащихся, представляет собой одну из форм реализации методического принципа опоры на родной язык обучаемых.

Таким образом, комплексное овладение языковым материалом с опорой на родной язык (прежде всего, лексикой, а также грамматическими словоформами) представляет собой необходимое условие для осуществления реально-информативного общения. Отрицание этих положений представителями прямого метода исключает в существующих условиях формирование основ использования иностранного языка в качестве средства общения, т.е. выражения собственных мыслей на изучаемом языке.

Как отмечается, узкоспециальным общением через письменные тексты отнюдь не исчерпывается владение языком как средством общения, средством коммуникации. Максимальное развитие коммуникативных способностей студентов - основная задача преподавателей иностранных языков. Для ее решения необходимо освоить новые методы преподавания, направленные на развитие всех четырех видов владения языком, и принципиально новые учебные материалы, с помощью которых можно научить людей общаться. При этом, разумеется, было бы неправильно бросаться от одной крайности в другую и отказываться от всех старых методик: надо отобрать все лучшее, полезное, апробированное во время практики преподавания.

По мнению специалистов, ответ на вопрос о решении актуальной задачи

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Уразбаев К.Б., Ерджанова З. О средствах речевого общения при иноязычном обучении

обучения иностранным языкам как средству коммуникации между представителями разных народов и культур заключается в том, что языки должны изучаться в неразрывном единстве с миром и культурой народов, говорящих на этих языках [6, 7, 9].

Отмечается, что научить людей общаться (устно и письменно), научить произвольно создавать, а не только понимать иностранную речь - это нелёгкая задача, осложненная еще и тем, что общение - это не просто вербальный процесс. Его эффективность, помимо знания языка, зависит от множества факторов: условий и культуры общения, правил этикета, знания невербальных форм выражения (мимики, жестов), наличия глубоких фоновых знаний и многого другого.

Тесная связь и взаимозависимость преподавания иностранных языков и межкультурной коммуникации настолько очевидны, что вряд ли нуждаются в пространственных разъяснениях. Каждый урок иностранного языка - это перекресток культур, это практика межкультурной коммуникации, потому что каждое иностранное слово отражает иностранный мир и иностранную культуру: за каждым словом стоит обусловленное национальным сознанием (опять же иностранным, если слово иностранное) представление о мире.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. *Бодаев А.А.* Личность и общение: Избр. труды. - М.: Педагогика, 1983. - 272 с.
2. *Обозов Н.Н.* Межличностные отношения. - Л.: Изд-во ЛГУ, 1979. - 151 с.
3. *Золотнякова А.С.* Личность в структуре педагогического общения: пособие по спецкурсу. - Ростов-на-Дону, 1979. - 80 с.
4. *Залевская А.А.* Проблемы лексической семантики в контексте современности // Язык и культура: функционирование и взаимодействие. - Шымкент, 2003. - С. 18-23.
5. *Алферова Ю.И.* Профессионально маркированные компоненты языкового сознания, репрезентированные единицами родного и изучаемого языков: автореф. дисс. канд. филол. наук: 10.02.19. - Барнаул, 2005.
6. *Маслова В.А.* Лингвокультурология. - М., 2001. - 208 с.

7. *Дмитрюк Н.В.* Ассоциативные портреты – характеристики представителей русского и казахского этносов. – В кн.: Языковое сознание и образ мира. – М., 2000. – С. 248-260.
8. *Фрумкина Р.М.* Психоллингвистика. – М., 2002. – 316 с.
9. *Цветкова И.В.* Национально-культурная специфика межкультурной коммуникации. – В кн.: Языковое сознание: устоявшееся и спорное. – М., 2003. – С. 298-299.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

### Г.ӘБІЛ

«Түркістан Ахмет Ясауи» кәсіби колледжінің  
магистр-оқытушысы

### СЫНШЫ З.ҚАБДОЛОВ ТУРАЛЫ

**В статье рассматриваются литературно-критические статьи З Кабдолова.**

**This article is about our scientist writer Z.Kabdolov, his role in our literature as a Great critic.**

Сынның жазба әдебиетке тән жанр екені, онымен үзеңгі қағыса тарихи-эстетикалық сахнаға шығатыны, көркем әдебиеттің бүгінгісіне назар аударып, келешегіне барлау жасайтыны, алынбаған шеберлік камалдарын нұсқайтыны, жаңалықтың жаршысы болып, қалың жұртшылыққа әдебиеттің әлеуметтік мәнін түсіндіретіні, насихаттайтыны теориялық тұрғыдан анық тұжырымдалған шындықтар.

Әдебиетіміздің кемелденуіне де өз үлесін қосып, әр түрлі қырынан танылған ғалым-жазушымыз Зейнолла Кабдоловтың әдеби сынға қосқан үлесі өте мол. Бұл кісінің есімін ауызымызға алғаннан санамызға сөз өнерінің құдіреттілігі, әсемдігі мен даналығы оралады. Яғни, ғалым әдебиет теориясын зерттеп, әдебиет сүйгіш қауымға сөз өнерінің эстетикалық табиғатын танытуға кірісті. З.Қабдоловтың әдебиет теориясына бойлауы өзінің мына бір ой-қорытуларынан байқаймыз: «...біздің әдебиеттану ғылымымыздағы күні кешеге дейін кенже қалып келген сала - әдебиет теориясы. Сөз жоқ, мұны соқа тимеген тың десек, ағат болар еді. Әдебиеттің тарихы һәм сыны оның теориясымен тығыз байланысты екенін ескерсек, белгілі қазақ әдебиетінің қай-қайсысы болса да өздерінің келелі зерттеулері мен сын еңбектерінде әдебиет теориясын орағытып өткен жоқ, оның бір жайы болмаса, бір жайын қозғап байқағаны даусыз. Ал, Қажым Жұмалиевтің әдеби тіл мен стиль туралы, Мұхаметжан Қаратаевтың көркемдік әдіс хақындағы, Зәки Ахметовтың өлең жөніндегі іргелі зерттеулерінде аса

қажет, әрі күрделі теориялық мәселелер арнайы тексерілген. ...Әдебиет теориясын зерттеу ісі кенжелеу жатты дегенде біз бұл шындыққа көз жұма қараудан аулақпыз»[1.9].

Осылайша өз ойын білдіре отырып, ғалым республикамыздың жоғары оқу орындары үшін әдебиет теориясынан күні кешеге дейін қазақша оқулық жазылмай келгеніне қынжылады. Осыдан кейін қалың жұртшылыққа «Сөз өнері» атты кітабын ұсынып, осы атаудың кітаптың мазмұнына сай келетіндігін ескертеді. Өйткені, бұл кітапта әдеттегідей теориялық қағидалар қалыптастырудан гөрі сөз өнерінің әрі қиын, әрі қызық құпиялары хақында жұртшылықпен кеңірек кеңесу, еркін сырласу жағы басым.

Ғалым жазушы З.Қабдолов туған әдебиетіміздің ХІХ ғасырдағы асқар белі Абайдың ақындық шеберлігіне, ХХ ғасырдағы заңғар биігі Мұхтардың әсемдік әлеміне және осы санаттағы саңлақ суреткер Бейімбет Майлиннің

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Әбіл Г. Сыншы З.Қабдолов туралы

өнегесі мен өнеріне арналған шағын-шағын монографиялар жазды және де қазіргі ірі-ірі қалам қайраткерлерінің әдебиет туралы ойларын пайымдаған, әр жанрдағы әдеби туындылардың идеялық, көркемдік және эстетикалық сапасын салмақтаған талдаулар мен толғаныстарға қалам тартты.

Әдеби-сын мен ғылыми зерттеу арналарында, сөз жоқ, ағыс та, толқын да болған. Бұл әрекетке маман сыншылармен қатар жазушылар да қатысқан. Әдеби эстетикалық талдаулар мен толғаныстар шағын сын-библиографиядан бастап ірі монографияларға, іргелі оқу құралдары мен оқулықтарға дейін көтерілген. Көбі жеке-жеке кітап боп басылып шыққан. Осылардың бір алуанын басылған-басылмаған қалпында қолға алып қарап, талдап-тексере отырып, біздегі әдеби-сын мен зерттеудің бүгінгі күйін, ертеңгі өрісін барлап, жалпы даму динамикасын тануға болады.

Ал енді әдеби-көркем сындағы кемшіліктер туралы З.Қабдолов өз ойын былайша тұжырымдайды: Ең үлкен кемшілік - әдеби сынның әлі де болса азусыздығы. Көркемдік критерийлерін көркем творчествоның психологиясына сүңгі отырып жетік біліп, сол білім биігінен талап қойып, әдеби шығарманы жан-жақты, нәзік талдап, бұрылтпас дәлелдермен әділ сын айтып, кемшіліктерін қолға ұстатқандай дәл көрсетіп, оған шығарма авторының көзін жеткізе, суреткерді шеберлік шыңына мегзеп, оқушы-көптің көңілінен шығып жатқан салиқалы, парасатты сын да, сыншы да бізде некен – саяқ. Сондықтан, қалың жұртшылық қазіргі әдебиетімізде, әсіресе прозада ненің жақсы, ненің жаман екенін дұрыс ажырата алмай отыр. Басты «кемістік – сын-рецензияларының көп ретте сапа жөнінен ақсап жатқандығы, - деп М.Қаратаев та осы шындықты көрсеткен. Кейде теориялық, эстетикалық дәрежесі төмен, білігі аз, талдауы олақ, әрі-беріден соң тіпті әділдігі жетіспей жататын рецензиялар да ұшырасып қалады. Ондайда тәуір дүние мінеліп, нашар дүние мақталатыны өз-өзінен аян. Мұндай сынның пайдасынан зияны»[2].

Ал енді ғалым монографияларына үңілейік. З.Қабдолов «Абайдың ақындығы» атты монографиясындағы кіріспеде көрсеткендей Абайдың ақындық шеберлігіне, Абайды бізге танытудағы Мұхтар Әуезов шеберлігіне көбірек көңіл бөледі.

Ғалым Абайды біздің рухани әкеміз деп бағалайды. Бізге Абайсыз тіршілік ету қиын деуі де әрбір қазақ азаматының ақын өмірін мектеп қабырғасынан байыптап, өлеңін ғұмыр бойы пайымдайтындығынан.

Сыншы ғалым одан әрі Абайдың өмір сүрген ортасын, ондағы қоғамдық әлеуметтік жағдайларға да соқпай кетпейді. Абайдың ескі салтқа қарсы дәрменсіздігін, сол бір ойды сыншы мына бір өлең шумақтарынан дөп тауып айтады:

«Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,  
Сандалмамен күн кешкен, түспе өзіме»,-

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Әбіл Г. Сыншы З.Қабдолов туралы

деген сөздері ақынның ызамен айтқан өкініші еді.

Абай ақындығына орыс классиктерінің де ықпалы болғандығын ғалым айтып өтеді. «Орыс классиктерін аудару үстінде Абайдың өзі де шарықтап өсті. Оның бойына орыс әсерімен сіңген асыл қасиеттің басқасын қоя тұрып, тек бірден көзге түсетіндерін ғана айтсақ: Абай, алдымен, А.С.Пушкин поэзиясының мұхиттай тереңі мен өмірдің өзіндей кең құлашын, М.Ю.Лермонтов өлеңдерінің сол кездегі қоғамдық қысымға қарсы бұрқана атылған кегі мен отты ызасын түсіне білді. Крылов мысалдарының өз дәуіріндегі қараңғылықты нажағайдай тіліп түсіп жатқан ащы сықағы мен ызалы күлкісін ұқты. Міне тек осының нәтижесінде ғана Абай ақындықтың кең арнасына шалқып шығыс, құнарлы жолына түсті. Тек осының нәтижесінде ғана Абай өз шығармаларын тақырыптап, идеялық мазмұн, түр, тіл, стиль жақтарынан мейлінше байытып, өлеңдерінің сыншылдығын күшейтіп, қоғамдық маңызын биік сатыға көтерді».

Бұдан әрі сыншы ғалым бірыңғай Абай ақындығына көңіл бөлуге көшеді. «Ақын кім? Ақындық деген не?» - деген керемет сұраулардың төңірегінде ой қозғайды.

Шын мәнісіндегі өнер туындысының айрықша асыл қасиетін, сыртқы түрі мен ішкі сырының тамаша үндестігін құнын осыдан артық дәл тауып айту қиын. Сөз өнеріндегі мазмұн мен пішіннің бірлігі дегеннің өзі де осы - әдеби шығарманың адам таң қалғандай әдемілігі, яки «тас бұлақтың суындай сылдырлаған өңкей келісімі», - деп әдебиеттің терең сырына үңіледі. Александр Блоктың «ақын – үндестік ұлы» деген тамаша тұжырымының түп төркіні осыған саяды.

Абайдың лирикасы туралы да біраз сыр шертуі, сол жайлы өз пікірін былайша жеткізуді сыншы З.Қабдоловтың ерен еңбегінің нәтижесі: «Абайдың лирикасы – кең көлемді мол қазына, биігі бітпес, тереңі таусылмас сырлы мұра. Алдымен, Абай – ақын . Ақын болғанда бүкіл бір халықтың ұлттық мәдениетінің ғасырлық мерейі, әдебиеттің заңғар биігі болған



данышпан, классик ақын. Олай болса, Абай творчествосының дені - поэзия. Осының өзімен-ақ, әлгі айтқанымыздай, мұның қаншалық шалқар теңіз екені белгілі»[3].

Абайдың ұлы талантын, биік мәдениетін танытатын өлеңдері – табиғат лирикасы екендігін, Абай лирикасында жанды дүние - адамды да, адамның іс-әрекет, қимыл-қарекет бесігі – табиғатты да тұтас қаусырған бүтін бір әдемі әлем – құбыла құлпырған көркемдік атмосфера жасалады деп тануы сыншының таным-талғамының бір көрінісі екені даусыз [3].

Абай тілі – бай тіл. Қабдолов Абай тіліне былайша баға береді: «Абай тілінің тарихи мәні - өзіне дейтін болып көрмеген тың тақырыптарды жыр етіп, оған биік идея, терең мазмұн, тың пішін беруінде, қазақ әдеби тілін байыта, дамыта қалыптастырып, жаңа жазба әдебиеттің негізін салуында,

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Әбіл Г. Сыншы З.Қабдолов туралы

қазақ поэзиясын сыншыл реализмнің шырқау сатысына көтеруінде болып табылады»[3].

Ал енді сыншы ғалымның «Әуезовтің әсемдік әлемі» атты монографиясының эпиграфына назар аударайықшы. Н.Погодиннің «Қазақстан үшін Әуезов – екінші Абай» деген сөздерімен бастауы сыншының жоғарыда айтылған ойларының жалғасы іспетті. Мұнда да ғалым Абайды оқырманға, болашаққа танытқан М.Әуезовтің даралығына, даналығына тоқталып өтеді. Сыншы М.Әуезовтің туындыларын қарап шығып, әр қайсысына өз көзқарасын білдіріп отырады.

Ал енді оның төл туындыларын тұтастай шолып пайымдағанда, алдымен, драматургтың өзінің жан-жақты зерттеп, жете таныған жаңа қоғам құрып жатқан адамдар тұрмысын - өз заманның бүгінгі тіршілігін суреттеуге көшіп, пьесаның тақырып шеңберін кеңейткендігін, мазмұн молайтып, олардың таным тарапындағы, тәрбие саласындағы тәрбие ролін күшейткендігін, осындай мәнді де мағыналы әрекет үстінде Әуезовтің өзі де таптырмас творчестволық эволюциядан өткендігін, қайталанбас қаламгерлік шеберлікке жеткендігін сыны қаламы мен ойы ерекше бақылайды.

З.Қабдолов «Қарагөз» пьесасы туралы, «бұл классикалық трагедияның бәрінен бағалы жері - М.Әуезов - әйелдердің шоғырына бітімі мен болмыс, мүсіні мен мінезі біз білетін әсемдік әлемінде бұрын-соңды көп көріне қоймаған Қарагөз сынды тың тұлға әкеліп қосуында деуіміз керек», - деп жазады [3].

Сыншы «Қараш-қараш оқиғасы» повесін идеялық-көркемдік жағынан жиырмасыншы жылдардағы М.Әуезов прозасының шоқтығы болып табылады деп көрсетеді. Бұл – екі адамның арасындағы диалог қана емес, автордың ішкі монологін мегзейтін ой қазығы. Революция алдындағы шиеленіскен қайшылыққа толы, ала-топалаң алыс-жұлысқа, қанпезерлік пен қатыгездікке толы ескі ауылдың адам үшін абақтыдан жаман екенін автор

осылай жас геройдың аузымен айтқан. Сыншы повестің аяқталуына ерекше мән береді: «...Оқуға ұғымды, ерекше талапты момын қара бала болашақ заманның белгісіз бір жарығына осы абақты ішінде сөнген көңілмен күн санап ер жетіп келе жатты: Сыншы повестің аяқталуын баяндай келіп, бұл – аса нұсқалы финал деп баға береді»[3].

Абай және «Абай жолы» - М.Әуезовтің ойшыл-жазушылық ғұмырына өн бойына желі тартып кеткен күрделі де іргелі тақырып. Себебі, бұл тақырыптың предметі – Абай болғанмен, объектісі – халық.

Ғ.Мүсірепов те «Абай жолы» туралы былай дейді: «Бұл - қазақ мәдениетінің тарихында бұрын-соңды болмаған оқиға, өткені, «Абайдай» шығарма бұл күнге дейін бүгінгі қазақ әдебиетінде болған емес».

Ол – ол ма? «Абай жолын» қазақ ғалымы Қаныш Сәтбаев тек қазақ әдебиеті

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Әбіл Г. Сыншы З.Қабдолов туралы

ғана емес, «бүкіл совет әдебиетінің аса үздік жетістіктерінің бірі» - десе, француз жазушысы Луи Арагон «бұл шығарма совет әдебиеті туындыларының маңдай легінен орын алады десек аздық қылады, әлемнің басқа елдерінде де онымен тең түсетін шығарма табу қиын;» Бұл, менің ойымша, XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі»- деді.

З.Қабдолов «Абай жолында» жарты ғасырлық қазақ өмірі социалистік реализмнің бесенеден белгілі үш принципіне мықтап бағындырылғанын былайша көрсетеді: 1)мұндағы өмір мөлдір шындық қалпында;

2) шындық тарихи жағынан нақты түрде; және 3)революциялық даму үстінде суреттелген.

Ал сюжет пен композицияға келетін болсақ, мұнда да М.Әуезов суреткерлік шеберліктің үлгісін көрсеткен.

«Төрт кітаптың өн бойында адам образын жасауға қызмет етпейтін бір де бір деталь, штрих керек десеңіз, бір де бір сызық жоқ. Бәрі де мінездеу, жинақтау мен даралау міндеттерін атқарып тұр. Әр характердің жасалу тарихы бар. Әр образ тип дәрежесіне дейін көтерілген» - дей келе, сыншы Абайдың және де басқа кейіпкерлердің образдарын ашудағы жазушының шеберлігін айқын көрсетеді.

З.Қабдоловтың осы монографиясында тағы бір ерекше тоқталатын жеріміз Ғ.Мүсірепов аңғарған әр бөлімнің аттарына назар аударуы. «Қайтқанда, Қат-қабатта, Шытырманда, Бел-белесте, Өрде, Қияда» деген бөлім аттарын бірне-бірін жалғап, бір саты етсе, қат-қабат, шытырмандар арқылы бел-белесте, өрге, қияға шығып келе жатқан Абайды көресің. Бұл – үздіксіз өсіп келе жатқан Абайдың жолы. Сонымен бірге бұл – Құнанбайдың да баспалдақтары. Осы сатыларды төмен қаратып қойып, аяғынан басына қарай оқысаң, бұл жоғарыдан ылдилап келе жатқан Құнанбайдың жолы болып шығады. Сонда, Абайдың жолы – қайтқанда, қат-қабатта, шытырманда, бел-белесте, өрде, қияда болып шығады да, Құнанбайдың жолы – «қияда, өрде, бел-белесте, шытырманда, қат-қабатта, қайтқанда» болады. Бірі- көтерілу, бірі –түсу, төмендеу жолы. Үшінші, бұл – Құнанбай

тобының да, Абай тобының да жолы.

Қазақтың сөз өнеріндегі «Әуезов әйелдері» деп атауға болатын айрықша әсем образдар галереясын ұлы эпопеяның жан тебірентер ғажайып жаңа бейнелерімен толықты.

Қысқасы, кітаптың пейзаждық беттері – қағаз емес, нақ тірі табиғаттың өзі. Адамды үйден шығарып алып кетеді. Бір жерде ақ кірпік боранға адасып кетеміз, енді бір жерде ауадағы дымқыл сөз бетке тиеді, тағы бір жерде ой нұрына малынып тоғайда жүреміз, енді бірде маңдайымыздан шағырая қадалған күнге қолымызды қалқалаймыз...

Бұл не нәрсе? Бұл сұрауға сыншы да өз ойын былайша саралайды: «Бұл – біріншіден, Әуезов құрғақ, сылдыр сөйлем құрмайды, ең әуелі өзі тебірене

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Әбіл Г. Сыншы З.Қабдолов туралы

толқып алады да, сол тілсіз сезім тілімен сөйлейді; екіншіден, Абай емес-ау, алдымен Әуезовтің өзі анық ақын; тұтанбай, ұшқындамай, лапылдамай, өртенбей жаза алмайтын нәзір дірілді сыршыл ақын; үшіншіден, Әуезов – суретші, нағыз художник – қағазды, кітап парақтарын аспанға, жерге, құбылысқа, дүние-тіршілікке айналдырып жіберетін шебер; төртіншіден, М.Әуезов – терең психолог, оқырманның жан дүниесін сілкіп-сілкіп жіберетін күш! Демек, «Абай жолы» секілді ғасырлық туындыны тек осындай қабілет пен қасиеттің адамы ғана туғыза алады».

Қорыта келе, Зейнолла Қабдоловты біз әдебиет сыншысы ретінде тануымызға жоғарыда айтылып кеткен зерттеулерінен көруімізге болады. Ғалымның «сыншы» ретінде танылуы өзінің ерен еңбектерінің жемісі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Кәкішев Т.* Қазақ әдебиеті сынының тарихы. Алматы: Санат, 1994. – 448 б.
2. *Қабдолов З.* Арна. Зерттеу – сын – эссе. Алматы: Жазушы, 1988, - 256 б.
3. *Қабдолов З.* Таңдамалы шығармалар. Алматы: Жазушы. – Т.2 Сөз өнері: Монография. Талант пен таным: Әдеби толғаныстар. 1983. 465 б.

**А.КАЮПОВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**«ҚАБАНБАЙ БАТЫР» ЖЫРЫНДА БАТЫРДЫҢ  
БЕЙНЕСІН СОМДАУ ӘДІСТЕРІ**

**В статье изучаются методы создания характера батыра в поэме «Кабанбай батыр».**

**The article deals with the methods of characterizing the hero in the poem «Kabanbay batyr».**

«Жазушы» баспасынан 1991 жылы Алматы қаласында жарық көрген «Қаракерей Қабанбай» деген кітапта «Қабанбай батыр жыры» жарық көрген. Кітап авторлары: Зейнолла Сәнік және Бейсенғали Садыхан. Алматыдан шыққан бұл кітап Шыңжаң халық баспасынан 1989 жылы шыққан осы аттас кітап негізінде қайта жарық көрген екен. Кітапта қазақтың бас батыры, хан батыры атанған атақты қолбасы Қабанбай туралы жыр, аңыздар, қисса, дастандар жинақталған. Осындағы жанры тарихи жыр болатын көркем мұрада хан батыры атанған Қабанбай бейнесін таныту үшін автор қандай ұтымды тәсілдер қолданғанын сөз етпекпіз. Бұл жырда Қабанбайдың бір ғана соғысы сөз болады. Және Қабанбайдың өмірінің соңғы кезеңіндегі оқиға таратылып айтылған. Автор бастағаннан Қабанбайдың кім екенін үлкен мадақтаумен түсіндіріп кетеді.

«Үш жүзге ұран болған ер Қабанбай  
Шақырған аруағын бүкіл найман.  
...Ер екен артық өткен шарапатлы,  
Сыйынар білген адам Қабанбай деп.  
...Шұбарым, арғымағым, жұлде алғаным,  
Басынан Қаратаудың күн салғаным.  
...Айтайын айт десең мен арысыңды,  
Қорғайтын қан майданда намысыңды» [1.75-76].

Қисса осылай Қабанбай батырдың қалың қазақ үшін ерекше қымбат жан болғанын түсіндіруден басталады. Айтушы тыңдарманымен сырласып алады.

«Шұбарым, арғымағым, жүлде алғаным» деп Қабанбайға арнап мадақ айтады. Бұл жалпы ежелгі дәуірден әдебиетте бар дәстүр деуге болады. Енді тыңдарманын да батырға ортақтастырады: «...арысыңды, қорғайтын қан майданда намысыңды», - деген сөздер тыңдарманға арналған. Қабанбайдың бар мінезін танытуға оның өмірінің соңғы кезеңіндегі бірнеше оқиғаны ғана алады. Мұндағы оқиғаның бастауы:

«Қас батыр Қабанбайдың бір інісін  
Қырғыз шауып батырдың сағы сынды» [1.76].

Ауырып жатқан хан батырдың намысын қорлау үшін оның қадірлі інісінің - Қарақұрсақтың ауылын жау қырғыз шауып кетеді. Мұнда қырғыздар туралы да қызық дерек айтылған. Онда ол жоңғарлардың бір бөлігі деген тарихи дерек келтірілген. Қабанбай ерді қатты қайғыртқан осы

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Каюпова А. «Қабанбай батыр» жырында батырдың бейнесін сомдау әдістері

оқиғадан бастау алған жыр батырдың нағыз азаматтық келбетін танытатын көркем шежіре болып шыққан. Қабанбайдың жан дүниесі, қиналысы түгел берілген.

«Қан құсты қайғылы боп ер Қабанбай,  
Жауымнан қалам ба деп кек ала алмай».

Қабанбайдың бүкіл қазақ ұлтына ортақ ірі тұлға екенін баяндап жатпайды. Оны танытатын шағын детальдар келтіреді.

«Қабекең қайғыланды дегенді есітіп  
Келіпті өзі батыр хан Абылай».

«Намысын Қабекеңнің әперем деп,  
Келіпті қанжығалы ер Бөгенбай».

«Намысын Қабанбайдың әперем деп,  
Керейден іздеп кепті ер Жәнібек».

«Бас қосты барлық батыр дегеннен соң,  
Керейден өзі жәдік Жантай кепті».

«Бас қосты барлық батыр дегеннен соң,  
Келіпті көкжарлыдан Көкжалбарак».

«Бас қосты барлық батыр дегеннен соң,  
Келіпті мұрынтайдан би Мұрынбай».

«Намысын Қабанбайдың әперем деп,  
Келіпті шаншықұлдан Бердіқожа».

«Бас қосты сонша батыр дегеннен соң,  
Келіпті бағанадан батыр Шүрек».

«Бас қосты сонша батыр дегеннен соң,  
Токпақтан іздеп кепті ер Қасабай».

«Бас қосты барлық батыр дегеннен соң,  
Келіпті Тоғас-Қосай ер Дәулетбай».

...Келіпті Қаз дауысты ер Қазыбек.

...Үйсіннен іздеп кепті Райымбек.  
«Бас қосты сонша батыр дегеннен соң,  
Келіпті қаптағайдан Қарашоқай».  
«Бас қосты сонша батыр дегеннен соң,  
Келіпті төрт қос атпен тентек Матай».  
«Бас қосты сонша батыр дегеннен соң,

Келіпті терістанбалыдан Жалғыз қарақ» [1.77-78]. Сол кездегі Қабанбаймен қатар өмір сүрген, қазақ ұлтының тәуелсіздігі мен намысы үшін бірге жауға аттанған ірі батырлар, ел сөзін ұстаған билер, елді бастаған атақты хан Абылайдың Қабанбай намысына ара түсуге жиналғаны - елдің тұтастығын, ұлттық сананың жоғары деңгейде болғанын танытатын бүгінгі күн үшін маңызды деректер. Ұлы Абайдың отыз тоғызыншы сөзіндегі: «Бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. ...Ол екі мінез қайсы десең,

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Каюпова А. «Қабанбай батыр» жырында батырдың бейнесін сомдау әдістері

әуелі ол заманда ел басы, топ басы деген болады екен. Көші-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен... Екінші мінезі - намысқорлық екен. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен. Жанын салысады екен» [2.146],- дегені нақ осы Қабанбай бейнесін тануға арналғандай. Жырдың құндылығы – тарихи шындықтың сол қалпында бейнеленуі. Оқулыққа жазылып үлгермеген тарихымыздың көркем жырмен бүгінгі ұрпаққа жетуі. Тарихтан белгілі ұлы тұлғалардың Қабанбай аулына шақыртусыз келуі - батыр мінезін даралап тұрған оқиғалар. Қабанбай батырдың қазақ ұлты тарихындағы орнын танытатын жайт. Бүкіл қазаққа жанашыр болған батыр қайғыланғанда, оған арашашы болуға осылай дүйім қазақтың бетке ұстар азаматтары жиналуы – батыр характерін көрсетер оқиға. Және тарихтың бізге қалдырған ғибраты. «Кейбір жырлар оқиғасының күрделілігі, кейіпкерлерінің молдығы, әлеуметтік қайшылықтарын ашу дәрежесі жағынан роман құрылысына жақындайды» [3.118], -дейді академик Р.Бердібай. Қабанбай батыр туралы жырдағы жоғарыдағы суреттеулерден осыны көреміз. Қабанбайдың бойындағы батырлықты, қолбасылық қабілет пен шешендік өнер, алысты болжайтын ақылдылық, сабырлылық, мейірімділік сияқты қасиеттерді дәл суреттеулермен танытып отырады. Халық аузында сақталған батырлық қасиеттің қонуын, оның жеңісіне аян беріліп тұратын ерекшелігін шынайы өмірдің бір деталі ретінде береді. Ұлы қолбасыда ерекше бір ақылға сыймас қасиет болғанға ұқсайды.

«Жапанда жел жоқ мезгіл жатқанында,

Ақ туы аспан кернеп күрілдейді» [1.79],- деген жолға назар салайық. Батыр жорыққа аттанарда осылай, ақ туы өз-өзінен желпілдеп, күрілдеп дауыс шығаратыны айтылады. Бұл бір жағы батырдың жеңіске жететінінің де белгісі екен. Аруақтардың жорыққа берген рұқсатының да белгісі делінеді. Осы арқылы Қабанбай батырды қазақ ұлтының бағына жаратқан жан деп

танытады. Батырдың ақ туының күрілдеуінің себебі бар екен. Қазақ батырлары жатқан маңға олардың іздеп келген қырғыз манабы Әтеке аулымен өзі көшіп келеді. Бұл да Қабанбай бастаған жорықтың әділеттілігіне ишарат етіледі.

«Қырғыздың өз ішінен бүлік шығып,  
Бір тайпа ел сол араға келіп қапты» [1.80].

Жауы өзі іздеп келген соң екі жақ ұрысқа кіріседі. Жасы келген Қабанбайдан бұрын бірнеше атақты батырлар Әтекемен жекпе-жекке шығады. «Алдымен оған шықты ер Дәулетбай,

Қырғызды қайтпаймын деп жерге аунатпай.

Найзамен Әтекені ілемін деп,

Жығылды аттан ауып ер аумақтай»,- дейді автор.

«Бөгенбай жекпе-жекке кез келгенде,

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Каюпова А. «Қабанбай батыр» жырында батырдың бейнесін сомдау әдістері

Бөгемді қолға ілмеді түйіп тастап», - деген жолдар ер Бөгенбайды кемсіту емес. Атақты Қабанбайдың қарсыласының ешуақытта осал болмағанын таныту үшін айтылған. Қабанбай бейнесін ашатын жекпе-жек суреттеледі. Гипербола емес, нақты соғыс суреті беріледі.

«Қабекең айбаттана айғай салды,

Ақ найза алты қырлы қолына алды.

Ашумен кәрін төгіп ер Қабанбай,

Жекпе-жек Әтекеге өзі барды.

Тіресіп екі батыр айқасады,

Қағысып найзаменен шайқасады.

Ала алмай бірін-бірі ары-бері,

Аңдысып, арбасады, байқасады.

Найзалар қағысады, шарқылдайды,

Тебінгі бір-біріне сартылдайды.

Қаһарлы ер Қабанбай қайраттанып,

Кекті ашу кеуде кернеп алқымдайды.

Қабекең Қубас атты жанып алды,

Күпәрді бұғанадан періп қалды.

Құлатып Әтекені құрыстырып,

Қаңбақтай үш көтеріп жерге салды» [1.81].

Қабанбайдың күші мен қайратын автор осылай қарапайым және шынайы бейне арқылы береді. Батырдың Алла берген ерекше күш иесі болғандығын осылай жекпе-жек соғысты суреттеуімен, оқиға үстінде танытады. Осы оқиға аяқталар жерде екінші оқиға басталып кетеді. Әтекенің жалғыз қызы әкесінің өлі денесін алып кетуге Қабанбайдың алдына келеді. Жырда қыздың әкесін жоқтауы берілген. Р.Бердібай: «Қабанбай батыр» жырының өзгешелігі - мұнда халықтың тұрмыс-салт өлеңдері: жоқтау, арнау, көңіл айту, қоштасу,

арыздасу кең орын алған» [3.117],- дегенде осы жолдарды да ескерткені болар. Яғни тек айтушы тілі емес, бар кейіпкерлердің өз тілі, дәстүр бойынша салт, ғұрып тұтас көрінеді. Сонымен бірге Қабанбай батырдың күшінің үстемдігі де сол қыздың аузымен беріледі. Қабанбайдың әділдігі мен жомарттығы осы қыздың тағдырын шешер тұста көрінеді. Жауымның қызы демей, оның зарына құлақ салып, оған қамқор болады. Астына ат мінгізіп, әкесінің өлігін беріп, жігіттерінен арашалап жүріп еліне қайтарады. Қаһарман мінезін таныту үшін оның психологиясын тереңірек ашу керек болған жағдайда, айтушы Қабанбайдың монологын пайдаланған. Қабанбай батыр еліне жорық жасаған Әтекені аямай, өз қылғанын алдына келтіруде қолы қалтырамайды, ал оның зарлы қызының көзжасына қалуды болашаққа артып кетер қиянат деп түсінеді. Бір монологқа жүктелген қанша салмақ барын осыдан түсінуге болады.

.....  
А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

.....  
Каюнова А. «Қабанбай батыр» жырында батырдың бейнесін сомдау әдістері  
.....

Әрбір оқиға тұсында батырдың жаңа мінезі ашылып, толысып, толығып отырады. Біртіндеп «жан диалектикасы» ашылып отырады. «Жырда Қабанбай ел кегін қуушы, жауын жекпе-жекте, адал айқас үстінде түсіруші болып көрінеді, оның адамшылық парасаты бірте-бірте ашылады» [4.108],- дейді ғалым Б.Әбілқасымов.

Батырға сауға сұрай келген қайғылы қыз ерекше тайлақ жетелеп келеді де, тарту етеді. Сол тайлақ батырдың інісі Дәулетбаймен араздасуына себеп болады. Айтушы сол бір тайлақтың ерекшелігін әдемі суреттейді. Бірақ қазіргі оқырман оның қасиетін онша бағалай алмайды ғой деп ойлаймыз. Қабанбайдың сол бір қыз берген тайлақ үшін жорықтарға бірге шығып жүрген інісін өкпелеткеніне немесе бауырының тайлақты бермедің деп батырдан кетіп, ауа көшкеніне онша түсіне қоймайды-ау. Бұл бұдан екі жарым ғасыр бұрынғы оқиға екенін естен шығаруға болмайды. Әтекенің қызы бір елдің аяулы аруы жетектеп, ұлы батырға тарту еткен тайлақ сол кез үшін құны өзгеше бағалы болғандығында сөз жоқ. Мал арасында өсіп, оның сынынан қасиетін танытын өткен ғасырдың оқырмандарына анық бұл таластың сыры қазіргі оқырманға өте бір мәнсіз нәрседей болып көрінуі мүмкін. Одан кейінгі оқиға - Қабанбай батырдың науқасқа ұшырауы. Ешбір жауға дес бермеген қайран батыр аурудың, одан кейін келе жатқан ажалдың алдында тізе бүгеді. Дауасыз дерт Қабанбайдың өз шаңырағына ғана емес, түгел қазақ еліне ауыр тиеді. Осы арқылы автор Қабанбайдың бүкіл қазақ үшін қаншалықты бағалы екенін танытады. Батырдың өз дәуіріндегі биік беделі көрсетіледі. Және оның «хан батыры» болған ерекше қасиетін де ашып көрсетуге мүмкіндік берген. Дәстүр бойынша, еліміздің елдігін танытатын қасиет көрінеді. Басы хан Абылай болып ел жақсылары аруақты батырдың көңілін сұрап келеді. Жырда осы бір ірі оқиға ерекше назар аудартады.

«Қабанбай қатты науқас дегенді естіп,



Келіпті көңілін сұрай хан Абылай».  
«Қабекең науқас болды дегенді естіп,  
Батырдың өзі тұстас бәрі келді».  
«Сексеннің сегізінде Бұқар келді,  
Көңілін Қабанбайдың сұрай келді.  
Болса да жасы жеткен үлкен адам,  
Солқылдап жас баладай жылай келді» [1.88].

Қазақ ұлтының қамын ойлап, «көмекей әулие» атанған қарт жыраудың жылауы - елдің тірегі болған батырға деген құрмет пен елдің келешегін ойлаған қайғы екені жырдан анық көрінеді. Бұқар айтқан толғауда Қабанбай батырдың бар мінезі толық ашылған. Оның тарихи орны мен ұлт үшін істеген адал қызметі өлшеусіз, баға жетпес құнды екенін жыраудың тарихи толғауы растап тұр. Жырдың романдық сипатын да ашып бере алады. Романның

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Каюпова А. «Қабанбай батыр» жырында батырдың бейнесін сомдау әдістері

басқа эпикалық жанрлардан негізгі ерекшелігі - оның тілінің көп қабаттылығы деп көрсетеді ғалымдар. Біз сөз етіп отырған жырда әр кейіпкер өз тілімен ғана сөйлейді. Әкесінен қапыда айырылып, қайғыда отырған бұла ару, ел дәстүрімен жоқтай келеді. Ағасына арқа сүйеп, өзінің де қадірлі екенін білетін Дәулетбай еркелей келеді. Ал тоқсанға келіп қалған, алдынан адам шықпас қарт жырау батырына төніп келген қауіпті ойлап, жар астында бұғып жатқан жау барын да ескеріп, ел қамымен жылай толғап келеді. Міне, үш кейіпкердің тілі де, ойы да бір-біріне мүлдем жақындамайтындай қабат-қабат. Сол тіл арқылы тұтас өмір шындығы беріліп тұр. Қабанбай характерін даралап та, типтендіріп те көрсеткен Бұқар толғауына қараңыз.

«Айналайын Қабанбай,  
Жау келгенде жарағым,  
Алыстан асып дау келсе,  
Түрулі тұрған құлағым.  
Жақыннан жарым жау шықса,  
Белдеудегі пырағым.  
Мың жылқыны суарған,  
Төскейден аққан бұлағым.  
Кеше түсте естідім, Қабанбай ауру дегенде,  
Жетімсіреп жыладым.  
Бір құдайдан сұрадым.  
Арғыннан айттым жүз кісі,  
Найманнан айттым жүз кісі,  
Үйсіннен айттым жүз кісі,  
Үш жүз кісі болар ма,  
Айналайын Қабанбай,  
Қара мойын лағың» [1.90].

Қабанбайды аман қалдыр деп, құдайға қара мойын лақ емес, үш рудан үш жүз кісі құрбандық айтқан жырауды кім кінәлайды? Бұл бүкіл ел аман қалу үшін Қабанбайдай батырлар сау жүруі керек екенін танытатын әлеуметтік, тарихи шындық. Бүкіл елдің бірлігін танытатын аса құнды сөз. Бұқар мен Қабанбай бір рудың ғана адамы емес, бүкіл қазақ қоғамының ірі тұлғасы. Жыраудың өз сөзінде үш жүз адамды ойланбай бір батырға құрбандық етуін осылай түсінген дұрыс деп есептейміз. Сонымен бірге Бұқар жырау ағайын арасының да татулығын қолдаған кәдімгі таза қазақы ойдың иесі. «Ағайынды адамның өкпесі бар, кегі жоқ», - деп өкпелеп кеткен Дәулетбайға «ептеп айтып алып келіңдер», - деп кісі жібереді.

Қабанбайдың тағы бір дара мінезі осы жерде көрінеді. Бауырына ұлттық дара қасиет бойынша аманат тапсырады. Артындағы ұрпағының «мұңлық», зарлық», «қорлық» күйін кешпесін деп інісіне тапсырады да, сол сөздердің мәнісін ашады. Қабанбай батыр ғана емес, данышпан қария.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Каюпова А. «Қабанбай батыр» жырында батырдың бейнесін сомдау әдістері

«Мұңлықтың жайын айтайын:

Ерде ақыл болар ма, қонысынан ауған соң?

Әйелде ас болар ма, біреуден сауын сауған соң?

Бұдан мұңлық өтер ме?

Қорлықтың жайын айтайын:

Жақыныңнан жау шықса, айғырың қалар арқырап,

Құлының қалар шырқырап, бұдан қорлық өтер ме?

Зарлықтың жайын айтайын:

Қозысы өлсе саулық қой - артында қалар маңырап.

Ботасы өлген түйенің, Түгемес зары аңырап,

Бұдан зарлық өтер ме?» [1.95].

Р.Бердібайдың сөзімен айтар болсақ: «Мұнда Қабанбай соғыс кезінде қорған болса, бейбітшілік кезде ел қамқоры сипатында берілген» [3.118].

The noun is a word expressing substance in the widest sense of the word. In the concept of substance we include not only names of living beings and lifeless things, but also names of abstract notions, i.e. qualities, slates, actions, abstracted from their bearers. In speech these types of nouns are treated in different ways, so one, who does not know ways of treatment, can make mistakes in his speech.

A noun is defined as the name of a person, place or thing. For this process of naming, we must make use of many different noun types in order to abide by the rules of English grammar. There are seven different types of nouns in the English language that we use to convey the meaning of a name [1].

Kazakh grammarian A.Iskakov said: «Зат есім - заттың, құбылыстың атын білдіріп, кім? не? деген сұраққа жауап беретін сөз табы. Күнделікті өмірде кездесетін әдеттегі жай нәрселерді ғана емес, табиғат пен қоғамдық өмірдегі

ұшырасатын әр алуан құбылыстар мен уақиғаларды, ұғымдар мен түсініктерді де қамтиды.

Мысалы: құс, тас, су, шыны, адам, қол деген сөздермен қатар, жанбыр, найзағай, сайлау, жүріс, капитализм, эволюция, ұғым, ақыл, сана деген сөздер де зат есімге жатады» [3].

The first noun subclass opposition differentiates *proper* and *common* nouns. The foundation of this division is "type of nomination".

Common nouns refer to a general class of person, place or thing. For example: boy, forest and rock--these words refer to a category of noun, rather than to the special title of a specific noun [1].

In Kazakh common nouns are *жалпы есім*.

Жалпы есімдер деп тілдегі әр алуан деректі және дерексіз заттар мен ұғымдарды білдіретін зат есімдер аталады.

Мысалы: ағаш, ат, ас, арал, арба, бас, бала, ақыл, сана, түсінік, ер, ес, ет, дала, су, отін, көмір, кеңсе сияқты зат есімдердің бәрі де жалпы есім болады.

Proper nouns are names that refer specifically to the identity of certain special nouns. Proper nouns include the names of people, geographical names, brand names, institutional names as well as titles of film, literature and artwork. Proper nouns are always capitalized [2].

In Kazakh proper nouns are *жалқы есім*.

Жалқы есімдер деп белгілі бір ғана затты арнай, даралай атайтын зат есімдерді атаймыз.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Duisen A. Some Features of Nouns in English and Kazakh

Мысалы:

- кісі аттары (Асқар, Арлан, Ағыбай т. б.)
- үй хайуандарына берілген арнаулы аттар (Тайбуырыл, Теңбілкөк, Ақтабан, Таймас т. б.)
- өндіріс, мекеме, ұйым аттары («Еңбек», «Қайрат», «Түркісіб» т. б.)
- газет, журнал, фильм, кітап аттары мен жеке шығармалардың аттары («Егемен Қазақстан», «Өркен», «Менің атым Қожа», «Қан мен тер» т. б.)
- географиялық атаулар (Алатау, Қаратау, Іле, Ертіс т. б.)
- қала, көше, алаң аттары (Теміртау, Абай даңғылы, Республика алаңы т. б.)

тағы басқа жалқы атаулар жатады.

Жалқы есімдер мағына жағынан белгілі бір ұғымды білдірмейді, тек бір жеке-дара затты басқа заттардан ажырату үшін қойылған белгі - ат ретінде ғана жұмсалады.

Ішіндегі әр қилы ұсақ топтарды сөз етпегенде, жалқы есімдер ең әуелі үлкен-үлкен екі салаға бөлінеді: оның біріншісі - кісі аттары (ономастика), екіншісі - географиялық атаулар (топонимика) [3].

The second subclass opposition differentiates *animate* and *inanimate* nouns on

the basis of "form of existence".

A semantic category of noun, referring to a person, animal, or other creature called animate nouns. Contrast with inanimate noun.

A semantic category of noun that refers to a place, thing, or idea-not a person, animal, or other creature called inanimate nouns [2].

Ал қазақ тілінде жанды категория кім? деген сұраққа жауап беретін адамды не оның кәсібін білдіретін зат есімдер (әйел, бала, студент, малшы), жансыз категорияға адамнан басқа не? деген сұраққа жауап беретін жанды-жансыз зат есімдер (ит, сиыр, ағаш, су) жатады [4].

The third subclass opposition differentiates *human* and *non-human* nouns on the basis of "personal quality".

One opposition functions in the whole set of nouns, dividing them into human nouns and non-human nouns.

The strong member of the upper opposition is the human subclass of nouns, its sememic mark being "person", or "personality". The weak member of the opposition comprises both inanimate and animate non-person nouns. Here belong such nouns as *tree, mountain, love, etc.*; *cat, swallow, ant, etc.*; *society, crowd, association, etc.*; *bull and cow, cock and hen, horse and mare, etc.*

In cases of oppositional reduction, non-person nouns and their substitute (*it*) are naturally used in the position of neutralization. *E.g.*: Suddenly *something* moved in the darkness ahead of us. Could *it* be a man, in this desolate place, at this time of night? The *object* of her maternal affection was nowhere to be found. *It* had disappeared, leaving the mother and nurse desperate [1].

The fourth subclass opposition differentiates *countable* and *uncountable* nouns

А.Я сауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Duisen A. Some Features of Nouns in English and Kazakh

on the basis of "quantitative structure".

Countable nouns are nouns that may be counted in numbers; for example, two eggs, three trucks, four birds. To express plurality, we may add an "s" to the end of the word; in some cases we must add "es": bushes, rushes, brushes.

Uncountable nouns, also called mass nouns, are nouns that may not be counted, such as milk, water and sunlight. These nouns may be quantified by certain constants, but we may not number them in the standard plural fashion [2].

According to Kazakh grammarians K. Akhanov and A. Iskakov countable and uncountable nouns don't exist in Kazakh.

Concrete nouns that names a material or tangible object or phenomenon - something recognizable through the senses. Contrast with abstract nouns. Concrete nouns in Kazakh are *деректі зат есім*.

Деректі зат есім – көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын заттар мен құбылыстардың атауы. Мысалы: ағаш, қалам, домбыра, есік, т.б. [4].

Abstract nouns refer to concepts that we objectify in thought and speech but have no material form. Examples of abstract nouns include hope, desire, fear and anguish. These nouns are unique, for we may treat them as objects in a sentence, yet they do not exist as objects in the physical realm, as do other nouns. In Kazakh



abstract nouns are *дерексіз зат есім* [2].

Дерексіз зат есім – көзбен көріп, қолмен ұстауға келмейтін, тек оймен, ақылмен ғана сезіп білетін ұғымдар. Мысалы: арман, қайғы, қуаныш, сана, т.б. [4].

Compound nouns are nouns that consist of two or more words combined. Some compound nouns are hyphenated, others consist of separate words, and some compound nouns are two or more words combined without a hyphen. *Күрделі зат есім*.

Күрделі зат есімдерге кемінде екі я онан да астам түбір морфемадан құралған формалар жатады.

A collective noun refers to a group or collection of nouns with one word. Consider for example the first word in each of the following phrases: flock of geese, pack of cigarettes, crowd of people, and bundle of sticks.

As Blokh said: «The noun as a part of speech has the categorial meaning of "substance" or "thingness". It follows from this that the noun is the main nominative part of speech, effecting nomination of the fullest value within the framework of the notional division of the lexicon.

The noun has the power, by way of nomination, to isolate different properties of substances and present them as corresponding self-dependent substances» [1].

«The noun in Modern English has only two grammatical categories, number and case. The existence of case appears to be doubtful and has to be carefully analysed» [2].

Comparing definitions and classifications of nouns in English and in Kazakh we noticed the following peculiarities:

А.Я сауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Duisen A. Some Features of Nouns in English and Kazakh

№	Nouns	English	Kazakh
1	Common nouns (жалпы есім)	+	+
2	Proper nouns (жалқы есім)	+	+
3	Countable nouns	+	-
4	Uncountable nouns	+	-
5	Concrete nouns (деректі зат есім)	+	+
6	Abstract nouns (дерексіз зат есім)	+	+
7	Animate nouns (жанды зат есім)	+	+
8	Inanimate nouns (жансыз зат есім)	+	+
9	Collective nouns	+	-
10	Compound nouns (күрделі зат есім)	+	+
11	Human & non-human nouns	+	-

In conclusion, comparing classifications of nouns showed that English nouns and Kazakh nouns are basically similar. We also noticed that structure of English nouns resembles Kazakh nouns.

#### REFERENCES

1. *Blokh M.Y.* A Course in English Theoretical Grammar. – Moscow: Vysshaya shkola, 1983.-423p.
2. *Ильин Б.А.* Строй современного английского языка. - Ленинград: Просвещение, 1971.-365с.



сапалары олардың қасиеттері (ұмтылысы, саналы сезінуі, білімі, іскерлігі, т.б.) арқылы көрінеді.

Оқытуда, білімді меңгертуде оқыту құралдары басты мәнге, оның ішінде педагогикалық үдерістегі қолданылатын дидактикалық тапсырмаларды орындауды айтуға болады. Олардың түрі мен мазмұнын таңдау мектептегі педагогикалық үдерісті талдау арқылы жүзеге асады. Талдау әр түрлі сипатта жүзеге асырылуы мүмкін.

Талдау екі нысанда болады: практикалық әрекет және ой тәсілдері. Алынған нәтижелердің сипаттарына байланысты талдауды төмендегідей түрлерге бөлуге болады: тұтас элементтердің өзара әрекеті түрін айқындау; бақыланатын құбылыстардың себептерін табу; білім деңгейін анықтау; білім құрылымын ашу (болмысында ажыратылмайтын байланыстардағы зерделенетін нысаннан ойша алшақтау сипаттамасы) және т.б.

Талдау терминінің синонимі – зерттеу. Адамның даралық дамуында талдау алдымен нақты практикалық әрекетпен іске асырылады. Ал, зерттеу бұл: 1. Бір нәрсенің мән-жайын анықтау; іздеу. 2. Байқау, бақылау, тексеру. Талдау біздің жағдайымызда нақтылы іс-әрекет және объектіні анықтау [1].

М.И.Махмудов «Мазмұн-әдістер» жүйесінде бірінші элемент жетекші болып табылғандықтан, сабақтарға ғылыми негізделген дайындық оқып үйренуге жататын білімдер жүйесі терең және жан-жақты талдаудан (мұғалім бір сабақты немесе сабақтар жүйесін жоспарлауға кіріскен, кіріспегеніне байланысты емес) басталуы керек екенін тәжірибе көрсетіп отыр» - деп атап көрсете келіп, оқу материалын талдауды төмендегі схема бойынша жүргізген жөн екендігін айтады [2]:

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Ортаев Б.Т., Мәуленова Ұ. Оқытудағы логикалық тәсілдердің сипаттары

- а) ұғымдық талдау;
- ә) логикалық;
- б) психологиялық;
- в) оқу материалының тәрбиелік маңыздылығын талдау және
- г) дидактикалық талдау.

Мұғалім қызметінде басым көпшілік уақыт шығыны пән бойынша оқу материалдары мазмұнын талдауға, таңдауға және іріктеуге, сондай-ақ сабаққа дайындалу кезінде оқу материалдарын (дидактикалық және әдістемелік) қайта өндеуге жұмсалады. Осының негізінде педагогикалық тапсырмалар дұрыс іріктеледі.

Педагогикалық тапсырмалар – бұл белгілі педагогикалық білім, іскерліктердің жиынтығын меңгеруге мүмкіндік беретін оқытудың дидактикалық құралы.

Дидактикалық тапсырмаларды анықтау және оларды қолдану оқыту үдерісін элементтік тұғыр тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді. Дидактикалық тапсырмаларды орындатуда тізбекті, бірізді жүйеде жүзеге асырылуын қамтамасыз ету басты мәнге ие. Сол себепті де оларды

орындауда, логикалық тізбекті анықтауда графтар теориясы басшылыққа алынады [3].

Оқушылардың жоғары білім деңгейін қалыптастыру мәселесі оқытылатын тақырып бойынша ол курстың бағдарламалық талаптарымен үйлестірілген болса, онда табысты нәтиже беретінін атап өтуге болады. Оқушылардың пән бойынша дайындығына қойылатын бағдарламалық талаптар дайындық бағыты мен саласының материалдық аспектісін түзетін, меңгерілетін ұғымдарға сәйкес және шартты түрде блоктарға топтастырылған болады.

Оқытуда білімді қалыптастыру күрделі үдеріс болып табылады және оны жүзеге асырудың тәсілдері оқыту әдістемесі еңбектерінде сипатталады [4]. Оның ішінде, *талдау, жинақтау, ұқсастықтар* бойынша *қорытынды шығару*, оқушылардың ойлауын қамтамасыз ету, өздеріне, өзіне және өзінің болашағына жауапкершілікпен қарауға қол жеткізу мәселелері қамтылады.

Мұғалім мен оқу үдерісі үшін оқушылардың ойлауы үлкен мәнге ие. Бұл білімді меңгерудің әдістері мен тәсілдері ретінде де қарастырылады. Осы ойлау түрлері білім түрі, білімді меңгеру, оқу әдістері, логикалық тәсілдер ретінде де сипатталады. Мұнда бастысы – ойлау мен білімді пайдалану.

Профессор Д.Рахымбек «Логикалық-методологиялық білімдер, ол ойлаудың логикалық операциялары мен формалары, тәсілдері, ғылыми танымның жалпы әдістері, ғылым негіздерінің табиғаты туралы білімдер жиынтығы ретінде түсініледі», - «Бұларсыз математиканы оқыту үдерісінде оқушылардың оқу–танымдық қызметін көзге елестетудің өзі қиын. Анықтама арқылы тани білу, пайымдаулар, индуктивті және дедуктивті ой қорытулар жасау, олардың дұрыстығына көз жеткізу, мәселені қою және шешу,

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Ортаев Б.Т., Мәуленова Ұ. Оқытудағы логикалық тәсілдердің сипаттары

аналитикалық немесе синтетикалық тәсілдермен дәлелдеу, т.б., яғни бұл білімдердің барлығы да математикалық білімдермен біте қайнасып жатады. Сондықтан математикалық білім негіздерін игерумен бір мезгілде логикалық білімдермен және ғылыми танудың жалпы әдістерін құралдануда жүзеге асады» дейді [5, 6]. Педагог ғалымның пікірінше аталған білімдер оқу материалдарын саналы және белсенді меңгеруді қамтамасыз етеді. Ұғымдар, пайымдар арасындағы байланыстарды терең түсінуге, оқу материалын жалпылауға, жүйелеуге мүмкіндік береді, оқушылардың өз бетінше білім алуы мен жасампаздық белсенділігін дамытады, интеллектуалдық іскерліктерді, дағдыларды жетілдіреді. Нәтижеде логикалық-методологиялық білімдер адамның жалпы мәдениетін қалыптастырудың амал-тәсілдеріне айналады.

Мектеп математика пәнін оқушылардың нәтижелі игеруіне қажетті логикалық-методологиялық білімдер жүйесіне жатқызылатындардың ішінде ғылыми тану әдістері және ойлау операцияларын (талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, жүйелеу, аналогия, индукция, дедукция,

абстракциялау, нақтылау және т.б.) білу және оны іске асыру мектептің басқа оқу пәндері арқылы да жүргізіледі.

Ойлау операциялары оқу пәндерін оқытуда түрліше сипатталады. Мәселен, оларды математика курсына оқытуда О.Б.Епишева мен В.И.Крупич «Учить школьников учиться математике: Формирование приемов учебной деятельности» атты еңбегінде математикалық ұғымдарды меңгертуде оқу іс-әрекетінің жалпы тәсілдері ретінде қарастырады (М.: «Просвещение», 1990. – 128 с). Сондай-ақ химия курсына оқытуда И.Н.Чертков «Методика формирования у учащихся основных понятий органической химии» атты еңбегінде логикалық тәсілдер ретінде қарастырады (М.: «Просвещение», 1990. – 191 с). Технология пәнін оқытуда В.А.Поляковтың редакциялауымен шығарылған «Основы методики трудового и профессионального обучения» атты кітапта ойлау операциялары оқу әдістерінің негізін қалайтын логикалық тәсілдерді құрайтыны (М.: «Просвещение», 1987. - 191 с) атап көрсетіледі.

Оқу материалын ауызша баяндау және түсіндіру әдістерін қолданудың тиімділігі едәуір дәрежеде әдістемелік тәсілдерді дұрыс пайдалануға байланысты. *Әдістемелік тәсілдер* – оқу-тәрбие мақсатына жетуге бағытталған мұғалім мен оқушының жекелеген әрекеті немесе әдістің құраушы элементтері. Мұғалімнің жұмыс істеу әдістерінде әр түрлі үйлестірілген әдістемелік тәсілдер өмір сүреді.

*Логикалық тәсілдер* – оқушының ойлау қызметін қалыптастыру тәсілдері (ойлау тәсілдері). Оған жататындар: негізгісін, маңыздысын бөлу; себеп-салдарлық байланыстарды бөліп алу; салыстыру; талдау; жинақтау; талдап қорыту және т. б.

*Техникалық тәсілдер* мұғалім мен оқушы іс-әрекетіндегі құралдарды, яғни әр түрлі жабдықтарды, материалдарды, бейімдеу құралдарын, техникалық

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Ортаев Б.Т., Мәуленова Ұ. Оқытудағы логикалық тәсілдердің сипаттары

оқу құралдарын және т. б. тиімді пайдалануды қарастырады.

Сондай-ақ, логикалық тәсілдер адам шығармашылығы іс-әрекетінің жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. В.А.Бухвалов өз еңбегінде адам өмірді белгілі мақсат үшін сүретінін және оның шығармашылық сипатта болуы керектігін айта келе, шығармашылық іске: өз балаңды тәрбиелеу, жиһазды құрастыру, өсімдіктердің жаңа сорттарын, жануарлардың асыл тұқымдарын, тағамның жаңа рецептерін, киімнің жаңа үлгілерін ойлап табу және т.б. қатысы барын сипаттайды. Сондай-ақ әрбір адамның өзінің қызығушылық саласы мен өзінің мүмкіндігінің деңгейінде жасауы, шығаруы қажет екендігін айтады [6].

Мектеп оқушыларының пән бойынша жоғары дайындық деңгейін қамтамасыз етудің психологиялық-педагогикалық мазмұнын әзірлеу, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде олардың білімді, іскерлікті, дағдыны меңгеруіне, жеке тұлғалық сапаның және мінездің даму деңгейін қажеттілігіне қарай реттеуге және қадағалауға мүмкіндік береді.

Мектепте оқушылардың пән бойынша дайындығын жоғары деңгейде қалыптасуын қамтамасыз ететін тақырыптардың бірі “Жоба”. Жобалар әдісі (алға қойылған; болашақтың жоспары) – бұл жоспарлау және біртіндеп күрделенетін практикалық тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың білімдерді игеретін, оқыту жүйесі [4.251]. Жобалау әдісін жүзеге асыру логикалық тәсілдер көмегімен қамтамасыз етіледі. Сондықта да бұл әдіс мектеп қабырғасында кеңінен қолдау табуда.

Мұғалімдер оқушылардың оқу мәдениетін, пән бойынша дайындығын қалыптастыруға сәйкес оқу материалдарын талдауды, сондай-ақ сабақта оқу материалдарын баяндауды жүзеге асырады. Оның ішіндегі бастыларын индукция және дедукция арқылы жүзеге асыруға болады. Индукция және дедукция өзара байланысты таным әдістері. Бұл әдістердің бөлінуі ой қорытулардың индуктивтік және дедуктивтік болып ажыратылуына негізделген. Индукция (лат. *Inductio* – бағыттау), дедукция (лат. *deductio* - қорытындылау, шығару) терминдерінің үш түрлі мәні бар: 1) ой қорытулардың түрлері; 2) зерттеу әдістері; 3) материалды баяндау формалары [7. 27].

Индукция дегеніміз – ол жекеден жалпыға қарай ой тұжырымдауға негізделген таным әдісі. Индукция деп, әдетте, объектілер таптастырмасының бөліктері туралы білімдер негізінде ол таптастырма туралы қорытынды жасау, яғни жекеден жалпыға өтудегі ой қорыту түсініледі. Индукция туралы кең мағынада, ойлау қозғалысының жеке жағдайлардан жалпы жағдайға көшу нәтижесіндегі танымы, әдісі, тану операциясы деп айтуға болады. Жалпы алғанда, аталған әдіс деп тәжірибе арқылы тексерілген және дұрыстығы қатаң түрде тағайындалған теориялық сипаттағы айғақтар негізінде жаңа қорытындылар мен теориялар алу деп түсініледі.

А.Я сауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Ортаев Б.Т., Мәуленова Ұ. Оқытудағы логикалық тәсілдердің сипаттары

Индуктивтік зерттеулерде негізгі орын алатын индуктивтік ой қорыту болып табылады.

Дедукция дегеніміз – ол жалпыдан жекеге қарай ой тұжырымдауға негізделген таным әдісі. Дедукцияның мазмұнын тану әдісі ретінде құбылыстардың жалпы ғылыми қағидаларын нақты жағдайда қолдану болып табылады. Қазіргі заман ғылымында формализациялау кең түрде қолданыла бастауына байланысты дедукцияның тану үдерісіндегі маңызы арта түседі.

Мектеп қабырғасында оқу пәндерін оқытуда әр түрлі заттар, құбылыстар және олардың сандық сипаттамалары мысалға алынады, келтіріледі. Заттың, құбылыстың сандық сипаттамасы олардың сапалық сипаттамаларымен бірге болады. Сандық сипаттаманың өзгеруі, белгілі бір деңгейге жетуі заттың немесе құбылыстың сапалық жағынан өзгеруіне, екінші сөзбен айтқанда, сандық өзгерістің сапалық өзгеріске, керісінше, сапалық өзгерістің сандық өзгеріске айналуымен бірге анықталады.

Қасиет дегеніміз бір заттың басқа заттармен өзара әрекеттесуінен шығатын сапасының көрінісі. Қасиет затты қандай да болсын бір жағынан

сипаттайды. Олар логикалық тәсілдерді, оның ішінде талдау мен салыстыруды жүзеге асыруда басты мәнге ие.

Оқыту үдерісінде оқушылардың салыстыру тәсілдерін жүзеге асыруды қарастырып көрелік. Салыстыру үшін оқушы оқу материалын біліп қана қоймай, барлық білім жүйесін игеруі және фактілі материалдарды білуі мен бұл білімдерді операциялауы: заттарды немесе құбылыстарды топтауы, құбылысты барлық жағынан қарастыруы, талдау жасауы қажет. Ол үшін педагогикалық, психологиялық еңбектерді және мектеп оқу-тәрбие үдерісін зерделеу негізінде бірқатар кезеңдерді шартты ажыратуға болады:

1. Салыстыруға жататын объектілерді немесе құбылыстарды (қасиеттерді) таңдау;

2. Мақсат қою (салыстыру нәтижесінде нені білу керек);

3. Салыстыру жоспарын құрастыру және салыстыру жүргізетін белгілерді айқындау;

4. Салыстырылатын объектілер немесе құбылыстарды сипаттайтын белгілердің барлығы бойынша фактілерді іріктеу;

5. Әрбір белгілерді талдау негізінде салыстырылатын объектілердің арасындағы сәйкестік немесе айырмашылық белгілерін орнату;

6. Ұқсастықтан немесе айырмашылықтан туындайтын салдарлар туралы тұжырым жасау, сәйкестік немесе айырмашылық себептерін түсіндіру.

Салыстыру үшін қарастырылатын оқу материалдарын немесе объектіге қатысты барлық мәліметтерді деңгейлеп құрылымдау өте орынды болады. Осының соңында, бір объектіге қатысты оқу элементтері теориялық және практикалық тұрғыдан іс-әрекеттер түрі анықталады. Оларды баяндау мен көрсетуге бағдар әзірленеді және оқушылар тарапынан жүзеге асырылатын

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Ортаев Б.Т., Мәуленова Ұ. Оқытудағы логикалық тәсілдердің сипаттары

логикалық тәсілдер орын алады.

Сонымен, оқытудағы логикалық тәсілдер сипаттарын:

1. Оқу материалдарын мұғалім тарапынан құрылымдаудағы құрал;

2. Мұғалімнің оқу материалдарын баяндаудағы тәсілдер;

3. Оқушылардың білім меңгерудегі құрал;

4. Оқушылардың оқу-таным үдерісіндегі әдістер, т.с.с.

ретінде жүзеге асырылатынын көруге болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Ожегов С.И.* Словарь русского языка. /Под ред. Н.Ю.Шведовой. -М.: Рус. яз., 1989. - 924 с.
2. *Махмудов И.М.* Мектепте проблемалық оқытуды ұйымдастыру /Аудар. Ұ.Асыллов, М.Көпжасаров. –Алматы: Мектеп, 1981. – 247 б.
3. *Пошаев Д.Қ.* Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері. Оқу құралы. –Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 2003. -111 б.
4. *Кругликов Г.И.* Методика преподавания технологии с практикумом: учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. – 3-е изд., стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2007. –480 с.
5. *Рахымбек Д.* Болашақ математика мұғалімін оқушылардың логикалық-методологиялық білімдерін жетілдіру жұмысына дайындаудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. док. ...

- дисс. –Шымкент, 1998. –336 б.
6. *Бухвалов В.А.* Развитие учащихся в процессе творчества и сотрудничества. –М.: Центр “Педагогический поиск”, 2000. –144 с.
  7. *Ортаев Б.Т.* Оқушылардың техникалық шығармашылығы. Оқу құралы. – Түркістан: Тұран, 2008. –160 б.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

**К.М.БЕРКИМБАЕВ**

педагогика ғылымдарының докторы, профессор  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

**С.Т.НЫШАНОВА**

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

**ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БІЛІМ БЕРУДЕ ПАЙДАЛАНУ**

**В данной статье рассматривается важность использования новой технологии в образовательном процессе. Также говорится о привилегиях использования новой технологии в обучении иностранным языкам. Новые технологии дают оптимальную возможность овладеть иностранным языком.**

**The article deals with the importance of using new technology in educational process. It tells about the advantages of using new technology in teaching foreign language. New technologies give the best opportunity to learn the foreign language succesfully.**

Қай қоғамда да істің тетігін маман шешеді деген қағидада негізінде шындық бар. Яғни, білім сапасын көтерудің негізгі тетігі ұстазға



байланысты. Сондықтан мұғалім атаулыға міндеттелетін жауапкершілік те зор. Жақсы педагог-оқытушы – қазіргі таңда қоғам үшін аса қымбат қазына болып есептелмек.

Қазақстан Республикасында бәсекеге қабілетті – Қазақстанның экономикасы десек те, жақсы экономикадан демеу алатын, қуатты әлеуметтік мемлекеттің қабілетті халқы үшін де ең қажеттісі – білім.

Адам өзі өмір сүргеннен бері әрдайым оқып білуге, өз тәжірибесін жас ұрпаққа таратуға өмір тәжірибесін сапалы, мақсаткерлік тұрғыда меңгеруге талпынған. Қазіргі уақытта ұрпақтан-ұрпаққа өмір тәжірибесін беруді жүйелі жүргізетін – мұғалім. Сондықтан жастарды өмірге даярлау үшін қоғам талап етіп отырған деңгейдегі бәсекеге қабілетті мұғалімдерді даярлау қажет.

Бүгінгі таңда мұғалімге қойылатын талаптар: өзінің пәнін, баланың жас ерекшелігіне байланысты білімді қабылдауын, ойлауын және оларды дамытудың шарттарын білу ретінде анықталған.

Әрбір мұғалім өзінің білімін оқушыға жеткізуде, барлық техникалық оқыту құралдарын пайдалану мен пәндегі құбылыстың ең бастысын, маңыздысын көрсетуі қажет. Құбылыстың нақты рөлін түсіндіру және оқушыларға нақтыдан жалпыға өтуін түсіндіруде, материалды алған білімді қолдануға үйретуді қажет етеді.

Әлеуметтік-экономикалық жағдайдың түзелуі, өндірістік технологиялардың дамуы, мұғалімдерге, оның ішінде ағылшын тілі мұғалімдеріне қойылатын талаптарды күшейтіп отыр. Олардың оқу материалдарын, әрекет етудің әр түрлі әдістемелік тәсілдері мен ұйымдастыру формаларынан терең білімі, эрудициясы, идеялық сенімділігі, балаға деген сүйіспеншілігі, өзінің қажетті сапаны тәрбиелеуге ұмтылысы сияқты негізгі шарттар оқытушыны қамтуы қажет. Басқаша айтқанда, шет

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Беркimbаев К.М., Нышанова С.Т. Жаңа технологияларды білім беруде пайдалану

тілін үйретуші мұғалімдерден тек қана пәндік емес, сонымен қатар психологиялық-педагогикалық білімдерді де талап ету қажет [1].

Бүгінгі білім беруді нәтижелі жетілдірудің құралы – практикаға жаңа оқыту технологиясын кіргізуде батыл шаралар қолдану болып табылады. Сондықтан, Қазақстан Республикасында қабылданған «Гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы» оқушы ойын дамытуға және шығармашылық қабілеті бар тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Сол себепті бүгінгі еліміздегі білім беру жүйесі оқушылардың таным белсенділігін дамытатын оқытудың дәстүрлі емес белсенді формалары мен әдістерін көптеп енгізуді қажет етуде.

Қазіргі кезде мұғалімдер шет тілі пәні бойынша сабақты дәстүрлі жүйе бойынша жоспарлаудан бас тартуда, өйткені дәстүрлі оқыту процесінде оқушылар сабаққа деген қызығушылығын жоғалтады. Педагогикалық құндылық тұрғысынан мұғалім әрбір сабақта оқушыларға бағдарламада көрсетілген бір тақырыппен шектелмей оқушының тұлғалық қалыптасуын жүзеге асыруы тиіс. Сондай-ақ мұғалімдер оқушылардың белсенділігін

басқаруды, оқушыларға бірте-бірте қиын тапсырмаларды беріп, талаптар қойып, әр түрлі әдістерді пайдалануды мақсат етуі тиіс.

Жалпы мектепте немесе жоғары оқу орындарында болсын, оқытудың нәтижелі болуы көптеген факторларға байланысты, оның ішінде педагогикалық (оқыту технологиясына) технологияға:

1. Нені оқыту керек?
2. Не үшін оқыту керек?
3. Қалай оқыту керек?

міндеттерін шешуге бағытталса, оқыту технологиясы ең алдымен үшінші сұраққа бір ғана толықтырумен жауап береді:

Қалай нәтижелі етіп оқыту керек?

Оқыту нәтижелі болуы үшін педагогикалық жүйені жетілдіру қажет. Оны жетілдіру интенсивті және экстенсивті жолдармен жүзеге асырылады. Педагогикалық жүйе құрушы элементтердің (мұғалім; оқушылар; педагогикалық технология; мазмұн; оқытудың формаларын, әдістері, құралдары. Қазіргі уақытта экстенсивті жетілдіру оқу процесін компьютерлендірумен жүзеге асырылады. Қалған жүйе құрушы элементтер ішкі резерв негізінде жетілдіріліп қарастырылады. Педагогикалық жүйедегі оқытуды жүзеге асыру технологияға байланысты [2].

Оқыту технологиясының мақсаты – неғұрлым ұтымды жетістіктерге қол жеткізу, оқытудың мүмкіндіктерін және формаларының жүйесін көрсететін, оқу бағдарламаларында қарастырылған, оқытудың мазмұнын жүзеге асыру тәсілдері. Сонымен оқыту технологиясындағы, оқытудың мазмұны, әдістері және мүмкіндіктері өзара байланыс түрінде болып табылады. Оқушының педагогикалық шеберлігін қажетті білім мазмұнын таңдап алумен, ұтымды әдістерді қолданумен және бағдарламада қойылған педагогикалық міндеттерге сәйкес оқыту құралдарының мүмкіндіктерін айқындап алуынан

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Беркimbаев К.М., Нышанова С.Т. Жаңа технологияларды білім беруде пайдалану

көрінеді.

Н.Ф.Талызинаның пікірінше, «Оқыту технологиясы» термині үш аспектіде бейнеленеді: оқу-тәрбие жұмыстарын және оқыту әдісі мен технологиясын, оның техникалық жабдықтауын ұйымдастыру, яғни мұғалімнің конструктивті шешім қабылдауына қажетті білім жиынтығы.

Ал, бүгінгі таңда оқыту технологиясы – оқу бағдарламаларында қарастырылған алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқытудың әдіс, құрал түрлерінің жүйесі арқылы оқыту мазмұнын жүзеге асыру жолы.

Оқыту технологиясының негізгі мақсаты – берілген үлгі бойынша «өнім» алу, оқытудың тиімділігін, сапасын көтеру. Оқыту технологиясы білім берудің тиімді жолдарын зерттейтін ғылым ретінде, оқыту үдерісінде қолданылатын тәсілдер, принциптер мен реттеудің жүйесі, нақты оқыту үдерісі ретінде сипатталады.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында, орта мектепте «шеберхана»

технологиясымен оқыту қолға алынуда. Шеберхана деп аталатын оқыту сипаты негізінен төмендегі мақсатты жүзеге асыруды қарастырады.

Оқытудың мақсаты:

- *оқытушылық*: мәселені қою ептілігіне баулу; жауапты шығармашылық тұрғысынан іздеу іскерлігіне баулу;
- *дамытушылық*: креативті іскерлікті дамыту;
- *тәрбиелеушілік*: өзінің шығармашылық қабілеттеріне сенімділікті тәрбилеу;

Аталған оқыту технологиясы арқылы оқытудың өзіндік шарты бар. Ол: педагогтардың шеберханалық оқытуы, шеберхананы шеберше жүргізуі керек [3].

Шеберхананы жүргізу тәжірибесін талдап қорытуға және жалпы алгоритмдік тұрғыдан төмендегідей көрсетуге болады (И.А.Мухина):

- индукция кезеңі;
- материалмен жұмыс жасау;
- әлеуметтендіру;
- рефлексия;

Индукция кезеңінде оқушы, студент алдына мәселе қойылады. Дәстүрлі оқытуда мәселе болмайды немесе оны мұғалім қалыптастырады.

Шеберханада мәселені қатысушылар қояды. Тапсырма оқушының, студенттің қажеттілігіне жақын қойылуы қажет, олардың бар тәжірибесіне сүйенуі қажет. Қойылған мәселе материалдары (сөздер, заттар, суреттер және т.б.) студенттерге түсінікті болуы керек.

Материалмен жұмыс жасау кезеңінде материалды талдайды және ақылға сыймайтын идеяларды ұсынады. Бұл кезеңде балаларға қандай да бір шығармашылық тәсілдерді айтуға болады. Мысалы, не болар еді, егер де ... қағазға қаламмен сыз, түрлі сөздерді, сөз тіркестерін аудар және т.б.

А.Я сауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Беркimbаев К.М., Нышанова С.Т. Жаңа технологияларды білім беруде пайдалану

Бірінші кезеңде әрбір оқушы өз бетінше қағазбен жұмыс жасайды. Кейбір жағдайда шеберханада жұмысты топпен бірден бастауға болады. Әрбір варианттың өзінің оң және теріс жағы болады. Жеке-дара жұмыс кезінде әрбір оқушының ойын топтастыруға, мәселені өзінің шешуін іздеуге, басқа оқушылардың ойларының ықпалына ұшырамауға мүмкіндігі бар болады.

Келесі кезекте, егер жеке дара жұмыс осыған дейін болса, онда аз топта талқылау болады. Бұл көрініс барлығына аралық өзінді нәтиже болады. Бұл кезеңді француз педагогтары «әлеуметтендіру» деп атаған. Осы кезеңде оқушы өзінің жұмысын түзетуі, толықтыруы мүмкін. «Материалмен жұмыс» және «әлеуметтендіру» кезеңдері шеберхана жұмысы барысында кездесуі мүмкін.

Осы кезеңдердің ішіндегі рефлексия (сананың өзіне назарын аударып, өзінің психикалық күйіне ой жүгіртуі). Оқушылар шеберхана жұмысы

барысындағы туындаған өздерінің сезімдері туралы айтады. Оқушылар өздерінің сезімдерін сезінуді және оларды айтуды үйренеді. Бұл шеберхананың басты сәті және сондықтан шеберхананы тек педагогикалық қана емес, сондай-ақ психологиялық деп те айтады, ол жерде оқушылардың психологиялық тұрғыдағы материалдармен жұмыс жасауы жүреді. Бұл кезеңде оқушылар бүгін неге қол жеткізгенін хабарлауы мүмкін.

Шеберхананы жүргізуде төмендегі мәселеге көңіл бөлу қажет.

- қатысушылардың барлығының, оның ішінде педагогтың да теңдігі;
- іс-әрекет процесінде оқушылардың еркінен тыс қатысуын қарастырмау;
- Бағаның болмауы (дәлірек айтқанда белгінің, бағалау болады және болуы қажет, тек оң баға қойылуы тиіс);
- Қарсыластық, жарыстың болмауы;
- Жеке-дара және топтық жұмыстардың кезектесуі;
- Шығармашылық нәтижесі емес, процестің өзі бастысы болып табылады;
- Пайдаланылатын материалдардың әртүрлілігі;
- Әрбірінің өзінің таңдауына жауапкершілігі;

Бұл технология педагогтың негіздемелі даярлығын талап етеді. Егер педагогтың аудиториядағы, сыныптағы шығармашылығын ұйымдастыруда даярлығы жеткіліксіз болса, онда технологияны (шеберхананы) пайдалану теріс нәтиже көрсетеді. Оқыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі аудиториялық сабақ жүйесі екені баршамызға мәлім. Олай болса, бүгінде білім беру саласын реформалау жағдайында жоғары оқу орны тәжірибесінде сабақтың қалыптасқан дәстүрлі түрлерінен басқа, дәстүрсіз, яғни бейресми түрлері пайда болуда. Олар көбінесе оқытудың жеке әдістеріне негізделіп құрылуда. Ондағы мақсат - әрбір сабақтың оқу-тәрбиелік мүмкіншіліктерінің

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Беркымбаев К.М., Нышанова С.Т. Жаңа технологияларды білім беруде пайдалану

мол екендігін көрсете отырып, оны жаңа сапалық сатыға көтеру. Олардың қатарына ойын, театр, жарыс, телекөпір, саяхат, аукцион, т.б. жатқызуға болады.

Бірақ, жоғарыда аталған сабақтың дәстүрлі емес түрлері - оның жаңа немесе жеке түрлеріне жатпайды. Себебі ондай сабақтардың дидактикалық құрылымы анықталмаған, ешбір дидактикалық қағидаларға негізделмеген. Сабақта қолданылатын дәстүрлі емес жеке тәсіл-амалдарға жататындары:

- жұмбақтар;
- мақал-мәтелдер және т.б.
- компьютерлік технология, оған: қашықтықтан оқу, оқыту бағдарламасы (обучающие программы);
- ойын технологиясы: еліктеушілік-үлгілеу ойындары «Имитатио» - латын тілінде - еліктеу, боямау немесе жасанды (подделка) деген түсінік

береді, жағдаятты-рөлдік ойындары (ситуативно-ролевые игры), және «дөңгелек стол» формасындағы әңгіме, пікірсайыс, пресс-конференция т.б.

- жоба әдісі (ізденушілік жобасы, ақпарат жобасы, пәнаралық жоба, рөлдік-ойын жобасы, шығармашылық жобасы, халықаралық жоба).

Нақтылы педагогикалық үдерісті талдап оқыту технологиясын жобалау процесі деп атауға болады. Оның құрылымы мынадай болып келеді:

- оқу жоспары және бағдарламасына сай оқытудың мазмұнын таңдау, яғни жобалау барысында білім алушыларда қандай кәсіптік және тұлғалық сапа қалыптасады, міне соны анықтау;

- мақсаттарға немесе басымды бір мақсатқа негізделіп оқыту технологиясын таңдау;

- оқыту технологиясын талдап жасау.

Ағылшын тілін үйрету кезінде осындай тәсілдер нақты нәтиже береді. Тәжірибе көрсеткендей, бұл әдістер студенттердің жан-жақты өсуіне ықпал етеді. Сонымен қатар олар студенттердің фантазиясын, ойлау қабілетін күшейтеді.

Қызмет деңгейі жоғары педагогтар негізгі уақытты тапсырманың өзін шешуге емес, оларды шешу тәсілін оқытуға қолданады. Егер, берілген тапсырманы сыныптан ешкім орындай алмаса, онда педагог оны оңай әдіспен алмастыруға асықпайды, онымен айқын және жасырын шарттар мен мәліметтер арасындағы өзара байланыстар тұрғысында зерттеулерді жалғастырады және содан кейін табылмаса, оны оңайлатуға ұсыныс жасайды [4]. Егер, осындай түрде де тапсырманы оқушылардың өздері шеше алмаса, онда ол тағы да оңайлатылады. Мұнда оңайлату тәсілін оқушылар өздері іздейді. Тапсырма шешілмейінше осылай жалғаса береді. Сонан соң бұрын орын алған жағдайдың есебінен тапсырманың біртіндеп қиындауының кері процедурасы жүзеге асырылады және оларда қандай да бір тапсырманы шешуде талдап қорыту біліктілігі қалыптасады.

Оқу-танымдық қызметін ұйымдастырудың тұтас технологиясында, бұл

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Берқимбаев К.М., Нышанова С.Т. Жаңа технологияларды білім беруде пайдалану

шын мәнінде, оқушылардың оқу тапсырмаларын шешу процесін басқаруға болады, ұғымдарды анықтау мәдениетіне оқыту маңызды элемент болып табылады. Оқушылар бұл жұмыс кезінде жалпы пәнді зерделеуде анықтаманың ұйымдастырушы рөлін түсіне бастайды.

Жаңа оқыту технологиясы, мысалы, модаға қалыптасып қалған көзқарас емес, керісінше, ғылыми жаңалықтың ашылуына себепші болған ғылыми ізденістің нәтижесі ретінде пайда болады. Олай болса, кибернетика және есеп машинасы бағдарламаларының пайда болуы оқыту үдерісінің жетілуіне себепші болды; адам баласының ойлау заңдылықтарына қатысты зерттеу нәтижелері проблемалық оқытудың дамуына ықпал етті. Іс-әрекеттік көзқарас психология және философия ғылымында адамның іс-әрекетіне байланысты зерттеулерінің нәтижесінде пайда болды.

Жалпы оқыту жұмысын ұйымдастырудың қандай формасын қолдансақта, сабақтар жүйесінде олардың көздейтін мақсат-міндеттері, мазмұны өзара бір-бірімен байланыста, бірін-бірі толықтыратындай жағдайда, оқушылардың білім дәрежесін нығайтып, жетілдіруде едәуір көмек етеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбілқасымова А.Е. Қазіргі замандағы сабақ.- Алматы, 2004. -217 б.
2. Гез Н.И., Ляхавицктей М.Н. Методика обучения иностранного языка в средней школе. 1982. 4-17с.
3. Сабыров Т. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру. - Алматы, 1999. – 80 б.
4. Әбенбаев С. Дәстүрлі емес сабақ турасында // Қазақстан мектебі, №2, 2003. -40 б.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

#### Қ.ЕРАЛИН

педагогика ғылымдарының докторы  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің профессоры

#### СӨЗБЕН СИПАТТАУ АРҚЫЛЫ САЛЫНҒАН ПОРТРЕТ

В статье раскрываются некоторые вопросы создания словесного портрета. Анализируется методика сбора материала для создания словесного художественного образа портретируемого. Определяются этапы сбора подготовительного материала, рисунка для создания образа исторической личности в картине.

The article deals with some of the issues of creating word portrait. We analyze the material collection methodology for creating an artistic image of word portrait. The phases of the collection of the preparatory material for drawing an image of a historical figure in the painting are determined.

Қазақ бейнелеу өнерінде өркен жайған жанрдың бірі портрет жанры. Портреттердің ішінде ерекше бір түрі айту, ауызша сипаттау арқылы

салынған өмірден өткен, фотосуреті қалмаған адамдардың бейнесі. Мұндай суреттер сол адамды көз көргендердің ауызша сипаттауын негізге ала отырып салынады. Сондықтан оны «ауызша портрет» деп атайды. Бұл портреттерді салу барысында тек қана бас бейнесін бейнелеумен шектеліп қоймай кеуде мен жалпы тұлға көрінісін, адамның жеке даралық қасиетін, мінез-құлқын, қоғам үшін еткен қызметін көрсетуге мән беріледі.

Қазақ бейнелеу өнерінде Амангелді Иманов, ақын Сара, күйші Құраманғазы, Жолан батыр портреттері осындай ізденіс негізінде жазылған портреттер. Өмірде болған бірақ фотобейнесі қалмаған адамның көркем бейнесін жазу үшін суретші көп ізденіс жасайды [1].

Егеменді Қазақстан кезеңінде қазақ батырлары мен қоғам қайраткерлерінің мүсіндері өмірге келді. Мүсін өнеріндегі көркемдік ерекшеліктерінің бірі жауырын мен кеуде өлшемдерінің көлемді, бойы мен ескерткіш тұғырының биік болуы көркемдік ерекше шешім болып танылады. Қарасай, Бөгенбай, Райымбек Қапал, т.б. батырлардың мүсіндік образын жасауда мүсіншілер осындай шешімдер қабылдаған. Бірақ қазіргі кезде қазақ батырлары портреттерін салғанда олардың бір біріне ұқсас болып, тұлғаның жеке даралық портреттік сипатын ашу барысында тұлға туралы ізденіс жұмыстарының олқы соғатын жағдайлары кездеседі.

Сөз арқылы салынатын портрет жеке тұлға туралы терең зерттеу негізінде жасалудың маңызы ерекше. Бұл бағытта жазушы Молдахмет Қаназдың Жанқожа батыр туралы ізденістері назар аударады. Жазушының Халықы үшін кеудесін отқа тосқан, ел тәуелсіздігі жолында күрескен еліміздің адал перзенті Жанқожа Нұрмұханбетұлы туралы жазушының ізденістерін ауызша портрет жасаушылар үшін қажетті үлгі ретінде тануға болады.

Жазушы М.Қаназ халқының азаттығы үшін жанын пайда еткен Жанқожа батыр еңбегі еліміздің тәуелсіздігі тұсында өз бағасын алғандығын, оның Қазалы, Арал өңірінде өмір сүргендігін, кезінде суретке түскен-түспегені белгісіздігін көрсете келіп, батырды көзі көргендерден қалған естеліктер мен

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Ералин Қ. Сөзбен сипаттау арқылы салынған портрет

жазбаша сипаттамаларды сараптап көлемді мақала жазған [2].

Жазушы «батырдың фотобейнесінің бар-жоғы әлі түбегейлі анықталған жоқ. Оның есесіне елдің көз алдында, көңілінде бір жарым ғасыр бойы әбден қалыптасып қалған нар тұлға, қайтпас қайсар ердің көркем бейнесі бар, батырдың әдеби көркем бейнесі біршама жасалған» деп көрсетеді [2].

М.Қаназ Жанқожа батырдың поэзиядағы образында іздеп тапқан. «Кісі екен ортадан биік, кең жауырынды, Қаршыға төс, мұз омыртқа, мол сауырынды, Кебеже сүйегімен тұтас біткен, Ат жақты, жүзі сары, қыр мұрынды, Қою қас, қабағы сұр, қалың қабақ, Терең ойлы, ауыр мінез, алған атақ. Сақалын өріп қойған лентамен, тарақпен қояды екен тарап тарап» деген жолдармен аяқталатын батырдың үлкейген шағындағы бейнесі туралы мәліметтерді ұсынған. «Сақалын өріп қойған лентамен», деген сөзге қарап

жазушы мұны жазған кейінгі ақандардың бірі болса керек деген тұспал айтады.

Жазушы тағы бір әдеби дастандағы батыр Жанқожа бейнесі туралы «Кең кеуде, бөрі қабақ, жолбарыс бет, Жауырыны еніменен тендес келген, Жұмырлау жолбарыстың жотасындай, Шығыңқы құлақ жағы жуан мұрын, Айбатты жан көрінеді арыстандай, Алдынан не келседе қайтпайтұғын, Шұбар көз айға шапқан қабыландай. Қабағы төмен түскен ұзын мұртты, Жауатын күннің кара бұлытындай» деген деректер келтірген. Сонымен қатар Төремұрат жыраудың: «Асыл батыр ат қояр, Дұшпанды көрсе ұйлықпай, Арқаңа сүйеу Жанқожа, Қара мойыл сырықтай» деген суреттемесін беру арқылы батырдың образын аша түскен.

Мұнан соң жазушы М.Қаназ Жанқоже жайлы ең бірінші дәйекті дерек жазған И.В.Аничковтың мәліметін берген: «Батырдың сырттай кейіпіне келсек, оны көрген білген адамдардың айтуына қарағанда ол Есет Көтібаров сияқты биік бойлы, зор денелі емес екен. Қайта, керісінше, бойы шағын, сырттай қарағанда да айта қаларлықтай ештеңесі болмаған. Ол өзі бұйығы сөзге сараң» деп сипаттаған. И.В.Аничков Жанқожның інісі Бектің баласы Жұмабаймен, батырдың баласы Итжемеспен және де батырдың көзін көргендермен сөйлескен. Олар да батырдың қалың қабақты екендігін, ашуланса, жүз қаратпай бет аузы түктеніп, көздері от шашып кететіндігін айтқан. Сонымен қатар И.В.Аничков батырдың Ақмырза ағасының баласы Жалмырзадан «батыр сұсты адам болыпты» дегенді естігендігін айтқан. Жазушы М.Қаназ «...бір жорықта Жалмырза артына жалт қарағанда, кейін келе жатқан жолдасының аты үркіп басын ала қашқан екен» деп Ақмырзаның берген сипаттамасын келтірген.

Қаламгер «...батырдың суретінің болмауы да мүмкін. Өйткені Жанқожа батыр ислам жолын берік те нық ұстанған адам. Ит те ішпейтін шайды аузына да алмай жүрген тік мінезді бірбеткей батыр «шайтанның ісі» деп суретке түсуден бас тартуы да ғажап емес» - деп қорытынды жасайды.

Жазушы М.Қаназ мұнан соң батырды еске қалдыру үшін ұзақ жылдар

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Ералин Қ. Сөзбен сипаттау арқылы салынған портрет

еңбектенген қарт Өмірзақ Ахметовтың жиған мәліметтерінен үзінді келтірген. Ө.Ахметов батырды «бүркіт қабақты, бура сан, алшақ төс, кең жауырынды, жуан мойын. Білегі атан түйенің ортан жілігіндей, саусақтары білеудей, әрі салалы. Бойы өзгелерден жарты аршын биік. Денесі шымыр, ширақ. Көзінің жанары отты, маңдай терісі қалың. Қатты ашуланғанда көзінен оты шашырап, кісіні тура қаратпайды. Осы кезде оның алдына ешкім батып бара алмайды. Өңі қараторыға танық қоңыр. Жалпы тұрпаты жолбарыстай сұсты, арыстандай айбатты» деп суреттеген.

Молдахмет Қаназдың батырдың баласы Жолшының сипаттауын естіген батырдың ұрпағы Қабыланның суреттеуіне ерекше мән берген. Қабыланның суреттеуінде кейіпкер бейнесін «Жанқожа төртбақ, орта бойлы, шаршы келген ет бетті, ат жақты, қалың қабақ, айна көз, сұрғылт бетті, қарасұр, ұзын



сақалды кісі еді. Арқасында желкесінен құйрығына дейін жалы бар еді. Жауырыны қақпақтай. Үстіне түйе жүн шекпен (шекпен ішінен сауыт киіп, белдемше тағатын) басына қара далбай немесе тымақ киетін. Аяғына етік киіп, беліне кісе буынатын –ды. Садақ, найза, қылыш, семсері қайда жүрсе де тұла бойынан қалмайтын» деп анықтаған.

Жазушы Молдахмет Қаназ Жанқожа батырдың баласы Итжеместің немересі Жалғасбайды өз көзімен көргендігін айтып, оның кескін келбеті туралы: «Бұл кісінің ерекшелігі ұртты болатын, аузын толтырып сөйлейтін. Ортадан сәл биіктеу, сирек сақалды, қоңырқай, дөңгелек жүзді, елпілдеген ақеден кісі еді. Сары да, қыр мұрынды емес» деп көрсетеді. Осы айтылғандарды дәлелдей түсу үшін батырды өз көзімен көрген орыс қаламгері Н.Стремоуховтың жазғандарын ұсынады. Ондағы «Киіз үйдің төрінде жатқан кісі-ауыл старшинасы Жанқожа. Оның қою да түсіңкі қасы екі көзін де тұтастай жапқан. Әжім басқан кең маңдайы, қатты жалпиған мұрны жалпақ бетінде анық көрніп тұр». Оның үстіне «... мұрты мен сақалы сарғыш тартқан» деген сипаттама батыр келбеті туралы бұлтартпайтын анық айғақ. Жазушы осы уақыт жайлы «бұл 1850 жылдар шамасы. Батыр орта жаста. Әлі сақалына ақ түспеген» деп өзінің топшылауын жасаған.

Жазушы М.Қаназдың Жанқожа батыр туралы зерттеуі тарихи деректерге негізделген ақиқат шындық. Келтірілген мәліметтер батырдың бет әлпеті, кеуде мүсіні, дене бітімі, киген киімі, қару жарағы, мінез құлқы, батырлығы мен адамдармен қарым қатынасы туралы молынан деректер ұсынып, батыр образын елестетуге мүмкіндік береді. Мұндай терең зерттеу негізінде жасалған батыр образы шынайы, әрі көркем картина жазу үшін суретшіге қолайлы жағдай туғызады. Батырдың жеке дара ерекшелігі айқын көрсетіледі, мінез құлқы мен жан дүниесі ашыла түседі.

Қазіргі халқымыздың тарихынан орын алатын ерекше тұлғалар туралы материалдар табылып, олардың портреттері жасалынып жатқан кезеңде ауызша сипаттаумен салынатын портреттер жазушы М.Қаназ көрсеткендей нақты дәйектемелерге негізделгені орынды.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Ералин Қ. Сөзбен сипаттау арқылы салынған портрет

Ауызша портрет салу үдерісі материал жинау, портрет суретін салу, портрет ұқсастығын табу, кейіпкердің көркем образын жазу сияқты бірнеше кезеңдерді қамтиды.

Бірінші кезеңде суретші кейіпкердің замандастарымен, туған туыстарымен сұхбаттасып картинаға қажетті материалдар жинайды. Мұнан соң жеке тұлғаның бас көрінісінің, кеуде мүсінінің, аяқ қолының, жалпы денесінің даралық ерекшеліктерін зерттеледі. Ал ең соңында бас көрінісіндегі көз, құлақ, мұрын, ауыз, сақал, мұрт, т.б. ерекшеліктері анықталады. Зерттеу соңында оның киген киімдері мен оның безендіруіне көңіл аударылады.

Ауызша портрет салудың екінші кезеңі жинақталған материалдар нақтыланып, сарапталып, бас формасының бірнеше бөліктерден (көз, мұрын,

құлақ, ауыз, т.б.) біріктірілген көрінісі шығарылады. Олардың конструкциялық құрылымы тұрғызылып, жарық пен көлеңке, штрихтар немесе бояу мүмкіндіктері арқылы портреттің реалистік тұрпаттағы жобасы салынады.

Мұнан соңғы үшінші кезең салынған жоба портреттің нұсқамен ұқсастығын зерттеуге арналады. Бұл кезеңде суретші кейіпкерді көзі көргендердің елестету жобасымен, жаңа портреттің ұқсастығына талдау жасалады. Жаңа портрет нұсқасы жеке дара тұлғаны көзі көргендердің барлығына тегіс көрсетіледі. Олар ұқсастықтары мен ұқсамайтын жерлері туралы өз пікірлерін айтады. Суреткер осы мәліметтерді негізге ала отырып портретке өзгерістер енгізеді. Жұмыстың соңында суретші портреттің соңғы нұсқасын көз көргендерге қайта көрсетеді. Міне осындай түзету, өңдеу, толықтыру жұмыстарының бірнеше қайталану нәтижесінде нұсқа мен адам портретінің нақты дәлдігіне көз жеткізіледі. Осыдан соң суретші картинадағы кейіпкердің образын көркемдеуге көшеді.

Төртінші кезең, ауызша сипаттау арқылы салынған кейіпкердің көркем образын жасау, жауапты шығармашылық іс-әрекет. Жеке тұлғаның көркем образын жасау барысында, оның қоғамда, адамзат өмірінде атқарған қызметі, мінез-құлқы, жеке даралық қасиеттері зерттеледі. Бұл зерттеу бағытында сол адамды көзі көргендердің айтқандары, хатқа түскен материалдар мен сипаттамалар тағы да сарапталады. Алынған мәліметтер тұлғаның жеке даралық көркем образын жасаудың негізі болып табылады. Қолдағы бар материалдардың ішіндегі тұлғаның ерекше белгісін даралап алып шығып, оны айрықша әсерлеп көрсетуге баса назар аударылады. Бұл бағытта көркем образ жасау үшін суретшіге шығармашылық ізденіс пен композициялық шешімнің орны ерекше екенін халық суретшілерінің еңбектерінен көруге болады.

Портрет жанрындағы көркем образ жасаудың ерекше бір әдісі кейіпкердің жан дүниесі мен іс-әрекеттерін ашатын мәліметтерді картина фонында беру. Қазақстанның халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің салған «Амангелді Иманов» портреті осынлай сөз бен ізденістің нәтижесінде салынған

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Ералин Қ. Сөзбен сипаттау арқылы салынған портрет

шығарма. Амангелді батырдың көзі тірісінде фотобейнесі қалмаған. Бірақ Әбілхан аға оның суретін салу үшін ізденіс жасаған кезде, батырды көзі көргендер көп болған. «Амангелді Иманов» портретінде батырдың киімі, қару жарағы, картина фонында бейнеленген сарбаздары оның өмірі мен іс әрекетінен хабар береді, бұлар кейіпкердің көркем образын ашуға септігін тигізетін композициялық бөлшектер.

Қазақстанның халық суретші Молдахмет Кенбаевтың «Құрманғазы» портретінде күйшінің ұзын сақалы, қолындағы домбырасы, картина фонында бейнеленген қазақтың самал ескен сары даласы кейіпкердің көркем образын ашуда маңызды орын алатын ерекше белгілер.

Кейіпкер образын сомдауда көркемдік шешімдер маңызды орын алады.

Композициядағы көркемдік шешімді қабылдауда кейіпкер, аспан мен жер қатынастары ерекше. Сондықтан суретші кейіпкер образын ашуда аспан мен жердің байланысын айқындай түсіп, оған деген кейіпкердің қатысына мән беріп қарайды.

Кейде картинада аспанды бейнелеуге көп орын беріліп, жерді суреттеуге аз мән беріледі, кейде осыған қарама-қарсы жерге көп орын беріліп, аспанға аз ғана орын беріледі. Бұл көркемдік шешімдер кейіпкер образын сомдаумен тығыз байланысты. Мысалы, суретші диханның образын жасауда жерді көрсетуге картинадан көп орын берілсе, электромонтердің бейнесін жазуда аспанды бейнелеуге баса назар аударылады. Суретшінің мұндай шешім қабылдауы картинада нені басымырақ көрсеткісі келгендігіне байланысты анықталады. Суретші осы сияқты кешкі аспанды көрсеткісі келсе картина жазықтығының үстінгі жағынан молырық орын қалдырылып, ал таулардың көрінісін беру үшін картинаның төменгі бөлігінен артығырақ кеңістік береді. Бұл да бір кейіпкер образын ашуда қолданылатын суреткердің көркемдік шешімінің бір бағыты болып танылады.

Кейіпкердің образын ашуда суретші бояу түстерін ұтымды қолдануға ерекше мән береді. Мысалы кеңес бейнелеу өнерінде суретші Нағымбек Нұрмухамедовтың жазған «Тоқаш Бөкин отряды» атты картинасы бар. Картинада аттылы әскерлер, құм дала көріністері бейнеленген. Олардың өмірдегі шынайы түстері жасыл көк, ашық сары болғанымен, картина шешіміндегі барлық заттар мен құбылыстар түгелімен қызыл түстердің басымдылығына құрылған. Мұндай шешімнің себебі суреткер сол кездегі революцияның халық пен ел өмірінде еткен әсері, қызылдар үстемдік құрған тарихи кезеңді көрсетуді мақсат тұтқандығы. Қызыл түс революцияның символдық түсі. Суреткер қызыл түстердің бірлігіне басымдық бере отырып бұл көріністегі кезең революция кезеңі екендігіне назар аударған.

Кейіпкердің көркем портретін жазуда графика шығармаларының мүмкіндігі ерекше. Қазақстанның халық суретшісі Евгений Сидоркиннің «М.Әуезовтың Абай жолы романын оқығанда» атты картинасында кейіпкерлердің портреттері топтастырып берілген. Графика шығармасындағы

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Ералин Қ. Сөзбен сипаттау арқылы салынған портрет

композициялық орталықта М.Әуезовтың портреті басты көркемдік элемент ретінде орын алған. Оның жан жағында қатар-қатар тұрған роман кейіпкерлерін көруге болады. Картина фонында қазақ халқының сан ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерінің әсем бейнелері көз тартады. Бұлар роман мазмұнында сипатталған ел өмірі мен халықтың тұрмыс салтын бейнелейтін жазушының жазбаларын елестетеді.

Кейіпкердің көркем образдық портретін жазуда мүсін шығармаларының мүмкіндіктері орасан зор. Мүсін өнері кеңістіктегі кейіпкердің көркем бейнесін жан жағынан көруге мүмкіндік береді. Қазақ бейнелеу өнерінің алғашқы нұсқалары болып табылатын балбал тастардың өзінен біз жауынгер,

ана, аттылы адам бейнелерінің өзі жан жағынын көруге лайықтап жасалғандығын анық байқауымызға болады. Қазақ бейнелеу өнерінде ел тұлғалары Әл-фарабидің, Шоқан Уәлихановтың, Абай Құнанбаевтың, Ыбырай Алтынсариннің, Жазылбек Қуанышбаевтың, Бауыржан Момышұлының Қажымұхан Мұңайтбасовтың портреттері жасалған. Бейнелеу өнерінде әсірелеу әдісі көркем образ жасаудың бір бағыты. Әсіресе мүсіншілер кейіпкердің көркем образын жасауда әсірелеуге мән береді. Олар батырды кең жауырынды, алып кеуделі, биік бойлы, айбатты етіп көрсете отырып көз тартып, көңіл аударатын әсем көріністерге жетуге ұмтылады. Әдетте, мүсіндік ескерткіштер биік тұғырға орнатылады. Бйік тұғырға орнатылған портреттік мүсін кейіпкер образын онанда асқақтатып көрсетеді. Сондықтан бұл да бір көркем образ жасаудағы суретшінің қолданатын көркемдік әдісінің бірі болып табылады.

Қорыта айтқанда, ауызша портрет өмірде болған, бірақ фотобейнесі қалмаған, ауызша немесе жазбаша сипаттау мен нақты деректер негізінде айқындалған ерекше тарихи тұлғаның көркем образы. Тарихи тұлғалардың ауызша сипаттау негізінде жазылған портреттері мектеп оқушылары мен студент жастарға тарихи танымдық білім беретін, эстетикалық отаншылдық рухта тәрбие беретін және жеке дара тұлға ретінде қалыптастыратын мүмкіндігі бар өнер шығармалары болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Ералин Қ.* Қазақстан бейнелеу өнері. Түркістан: Тұран. 2009. -224 б.
2. *Қаназ М.* Жанқожа батырдың бізге жеткен бейнесі бар ма?// Егемен Қазақстан. 2011 ж. 28 қыркүйек, -11 б.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

#### **Ж.САДЫҚОВ**

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

#### **Ш.ЮЛДАШЕВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

#### **СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (дүниетану пәнінің негізінде)**

В статье рассматриваются основные направления организации, особенности, формы и виды внеклассных работ в начальных классах общеобразовательных школ на основе предмета познание мира.

This article deals with the main directions of organizing, peculiarities, forms and types of out of

class activities at primary classes of comprehensive school on the base of the world cognition subject.

Оқыту - білім берудің негізгі жолы болып табылады. Оқыту мұғалім мен оқушының біріккен іс-әрекеттері, сондықтан да ол екі жақты бір текті үдеріс. Мұғалім оқушыларға білім беріп, іскерлікке, дағдыға үйретеді, ал оқушы таным міндеттерін түсініп, дағдыны игереді. Оқыту үдерісінде оқушыларға теориялық білім мен тәрбие беру бір-бірімен параллелді түрде ұштастырыла жүргізіледі. Тәрбие негізін қалайтын, оқушылардың білімін кеңейтіп, өз қабілетін танып білуге үлес қосатын оқытудың түрі – сыныптан тыс оқыту.

Сыныптан тыс оқыту мұғалімнің ұйымдастыру шеберлігімен іске асатын болғандықтан тақырыпқа сай жоспар жасалса жұмыс нәтижелі болмақ.

Мектепке жүктеліп отырған осындай жауапты міндеттің орындалуы мұғалімнің жеке басына, оның жалпы білімі мен сыныптан тыс түрлі көпшілік қоғамдық жұмыстарды және жеке оқушылармен жүргізілетін жұмыстарды да ұйымдастыра алуына байланысты. Өйткені осы айтылғандардың орындалуы және олардың бір-бірімен үйлесімді жүргізілуі оқушының жан-жақты дамуына жол ашады [1].

Қазіргі таңда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру арқылы жалпыға бірдей орта білім беру мазмұнында біраз өзгерістер оқушыларға өзіндік жұмыстар арқылы оқыту үдерісіндегі білім, білік, дағдыны ары қарай жетілдіру мәселесі; бірте-бірте 2014 жылдан бастап 12 жылдық оқыту жүйесіне көшу; Білім мазмұнын әлемдік оқыту жүйесіне теңестіру, сонымен бірге қазақ халқының ұлттық ерекшелігін ескере оқытудың маңызы артуда [2].

Оқушылардың білімін дамыту жолдарының бірі ретінде сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру мәселелерін Р.Ж.Қоянбаев [3], З.Абилова [4], К.Б.Бозжанова [5], Е.Омар [6], С.Нұрмағанбетов [7] т.б. зерттеу еңбектерінде қарастырады.

Сыныптан тыс оқытуды ұйымдастырудың бірнеше формалары бар: Олар: оқу-саяхат, топ-серуен, үйірме, клуб жұмысы, ертеңгілік, т.б. жатады.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Садықов Ж., Юлдашева Ш. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктері

Оқу-саяхат пәндер бойынша жоспарланып, мектептің жалпы іс жоспарына кіреді. Саяхат ұйымдастыру үшін түрлі объектілер пайдаланылады. Оларға музей, көрме, табиғат, өндіріс жатады.

Оқу-саяхат оқытудың дидактикалық және политехникалық принциптерін іске асырады, оқушылардың техникалық ой-өрісін кеңейтеді, өсімдіктер дүниесін, тірі организмдерді зерттеуге мүмкіндік туғызады, танымдық ынтасын дамытады. Оқу саяхатының түрлері:

- кіріспе саяхат- жаңа тақырыпты (оқу материалдарын) түсіндіру алдында оқушылардың қажетті білімді жинастыруы;

- кезектегі саяхат - ұзақ мерзімде оқушылардың үлкен тақырыппен жұмыс істеуі, кейбір мәселелерді иллюстрациялау;
- қорытынды саяхат - курстық белгілі тарауы аяқталғаннан кейін өтілген оқу материалдарын тереңдету және бекіту мақсатында өткізіледі.

Саяхатты өткізу үшін жоспар жасалады, онда мынадай мәселелер басшылыққа алынады:

- Саяхаттың мақсаты мен объектісі.
- Оқушылармен алдын-ала объектіге байланысты түрлі жұмыстар жүргізіледі; әңгіме, бақылау, тәжірибе, т.б.
- Саяхат барысында істелетін жұмыстар: бақылау, өлшеу, сурет салу, есептеу, жазып алу, объектіні толық қарау.
- Оқушыларды бірнеше топқа бөліп, оларға нақты тапсырмалар беру.
- Мысалы, бірінші топ – бақылау, өлшеу, екінші топ – сурет салу, сызу, үшінші топ – есептеу, жазып алу жұмыстарын орындайды.

- Кіріспе сабақта мұғалім оқушыларды саяхат жоспарымен таныстырады, олармен ұйымдастыру мәселелерін талқылайды.

Бастауыш мектепте дүниетану пәнінің негізінде сыныптан тыс саяхат сабағы ұйымдастырылады. Мысалы рухани қаламыз Түркістанның көрікті жерлеріне саяхат:

- Қ.А.Ясауи кесенесіне;
- Жеңіс саябағына;
- Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ғимараттарына;
- Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ботаникалық бау-бақшасына;
- Этномузейге;
- Драматеатрға;
- Н.Төрөқұлов музейіне;
- Б.Саттарханов атындағы спорт кешеніне, т.б.

Шымкент қаласы бойынша:

- Дендропаркке;
- Ипподромға;
- ҰОС ардагерлеріне арналған мемориалдық кешенге;
- Ш.Қалдаяқов атындағы гүлзарға;

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012  
Садықов Ж., Юлдашева Ш. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктері

- Облыстық филармонияға;
- Облыстық опера-балет театрына;
- Қазақстан тәуелсіздігі саябағына;
- Ордабасы алаңындағы Тәуелсіздік мемориалдық кешеніне, т.б.

Топ-серуен жұмысының мақсаты – оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, теориялық және практикалық білімдерін ұштастыру, оқушылардың білімін жалпылау және жүйелеу.

Топ-серуеннен кейін оқушыларға міндетті түрде төмендегідей сұрақтар қойып, топ-серуен нәтижесін қорытындылау керек. Сұрақтар мына түрде болғаны жөн: Бүгінгі топ-серуеннен қандай әсер алдың? Қандай білім, білік,

дағды қалыптастырдың? Сыныптан тыс үйірменің еңбек тәрбиесін іске асыруда тәрбиелік мүмкіндігі зор. Сондай-ақ оқу әрекетінің кез-келген мазмұнына қызығушылықты арттыру үшін оқушылардың пәнге деген білім деңгейін қалыптастыру қажет.

Сыныптан тыс жұмыстың ұйымдастырушы директордың тікелей басшылығымен жалпы мектеп ұжымы қызметінің әр түрлі бағыттары бойынша жалпы тәрбие жұмысын ұйымдастыратын сынып жетекшілерінің, мұғалімдердің көмегімен барлық оқушыларды сабақтан тыс уақытта алуан түрлі қоғамдық пайдалы істерге тартуға, олардың өздерінің бос уақыттарын мазмұнды өткізуіне күш салады. Сыныптан тыс жұмыстың жоспарын жасау бүкіл мұғалімдер ұжымының ісі болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларымен мұндай топ-серуендер ұйымдастыру мүмкіндіктері өте көп және алуан түрлі болып келеді. «Суды қорғау», «Ауыл байлығы», «Ауаның ластануы», «Жер-ғарыш денесі» т.б тақырыптар мысал бола алады. Осы тақырыптардың негізінде Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің ботаникалық бау-бақшасына саяхат ұйымдастыруға болады. Топ-серуен түрлері:

- 1) Табиғаттың ерекшеліктерін бақылау, зерттеу, дем алу;
- 2) Топ серуеннің нәтижесінен ерекше ләззат алу;
- 3) Мерекелік күндерде топ-серуен ұйымдастыру;
- 4) Қаланың көрікті жерлерін аралау.

Мектепте сабақтан тыс уақытта ұйымдастырылатын оқушылар қызметінің жекелеген түрлері жөнінде бағдарламалар үлкен көмек көрсетеді. Оқушылар өндіріс бригадаларына алуан түрлі үйірмелерге, секциялар, спорт клубтары, көркемөнер ұжымдарына, өлкетану музейлеріне, еңбек және демалыс лагерьлеріне топ-серуендерін жасайды.

Үйірме жұмысының мақсаты - сабаққа қарағанда бағыты, мазмұны, ұйымдастыру тәсілі мен уақыт өлшемі тұрғысынан өзіндік ерекшеліктері бар. Олар оқушылардың қызығушылығы мен пәндерге бейімділігін дамытуда және тапсырылған жұмыстарды нәтижелі орындау қолайлы жағдайлар туғызып отырады. Сонымен қатар оқытудың өмірмен байланысын камтамасыз ету, пәнаралық байланысты нығайтуға ықпалын тигізеді.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Сабықов Ж., Юлдашева Ш. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктері

Жеке және сыныптан тыс үйірме жұмысын жүргізуде оқушылар арасында оқу топтары құрылады. Олар жекелеген тапсырмаларды орындайды. Мысалы: бөлме өсімдіктерін күту, гербарий, коллекцияларды құрастырады және т.б. жұмыстар орындалады. Жұмыс үдерісінде балалардың ынтасы, белгілі бір бейімділіктері анықталады. Дәл осы кезде оқушылардың ортасынан актив қалыптасады. Мұғалім өзінің көп қырлы жұмысында активке сүйене алады. Бірынғай мақсаттағы неғұрлым ұйымдасқан топтар үйірмеге айналуы мүмкін. Үйірме-ерікті ұйым.

Үйірменің мүшесі ретінде оқушы күні бұрын жасалған белгілі бір ережелерді сақтауы тиіс.

Үйірменің әрбір мүшесі:

1. Белгілі бір тақырып бойынша жұмыс істейді;
2. Жоспар бойынша жұмыс жүргізіледі;
3. Жұмысты ақырына дейін жеткізеді;
4. Бақылаулар мен тәжірибелер күнделігін жүргізеді;
5. Үйірме сабақтарына тиянақты қатысады және үйірме жетекшісінің тапсырмасын орындап отырады;
6. Істелген жұмыс туралы үйірме алдында есеп береді;
7. Үйірмеге қажетті материалдар мен жабдықтарды дайындауға белсене қатысады.
8. Оқушылар ұжымының алдында істелген жұмыс туралы есеп береді.

Бұған қосымша оқушылардың осы бағытта жүргізілетін жұмыстары мен үйірмелер мен клубтардың маңызы аса зор болып табылады. Клуб жұмыстары оқушыларды қоғамдық іс-әрекетке еліктіреді, үйретеді олардың арасында ғылыми көзқарастарды насихаттайды, қоғамға қарсы теріс пікірлер мен қылықтарды қолдаушыларға тежеуіш ықпал жасайды.

Клуб жұмыстарын жаппай жұмыстар толықтырады. Оқушылар сыныптан тыс ұйымдастырылған жұмыстарға қызығушылық пен үлкен тәрбиелік мәні бар көптеген шараларға белсенді қатысады және оларды тікелей бақылай отырып ұйымдастырады. Мысалы: мұндай жұмыстарға жататындар:

"Құстар күні", "Орман күні", "Бақ атасы", "Еңбек мерекесі", т.б. жатады.

Ертеңгілік - жұмыстың мақсаты, оқушылардың дербес қабілеттерін және қызығушылықтарын анықтайтын тәрбиелік жұмыстардың бір түріне жатады.

Дүниетану пәнінде, сабақтан тыс уақытта ұйымдастырылатын жұмыстардың ең қажеттісі ертеңгілік кештер болып табылады. Себебі: ертеңгілік кештер оқушылардың дүниетанымын қалыптастырады. Дүниетаным бұл - объективті дүниеге және ондағы адамдарға, қоршаған ортаға, шындыққа, іс-әрекет принциптері мен құндылықтарға тікелей қатысты.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Садықов Ж., Юлдашева Ш. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктері

Бастауыш сынып оқушылары табиғаттың құбылыстары туралы, адамның табиғатпен қарым-қатынасы туралы өзара әрекеттесуінде ғылыми білімнің бастапқы негіздерін ертеңгілік кештерде игереді.

Мұғалім - ғылыми дүниетаным иесі және оны жүзеге асырушы. Жалпы оқушының айналадағы қоршаған дүниені танудағы жәрдемшісі.

Әр түрлі сыныптық және сыныптан тыс ұйымдастырылған ертеңгілік кештер оқушылардың дүниетанымын дамытудың бірден-бір қажетті құралы болып саналады. Мұндай жұмыстар арқылы оқушылардың қоғамдық өмірге ынтасы артып, көзқарасы қалыптасады. Ертеңгілік кештер тиімді нәтиже беруі



үшін, ең бастысы оқушылардан көптеп дайындықты қажет етеді, екіншіден, оқушылар өздерін емін-еркін ұстауы, өз ойларын тиянақты әрі толық жеткізе білуі тиіс, үшіншіден, тікелей мұғалімнің іскерлігіне, шеберлігіне байланысты болады. Сыныптан тыс жұмыстарды жүргізуде ертеңгілік кештердің маңызы өте зор болып табылады. Мұнда балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларды ұйымшылдыққа баулуды басты мақсат етіп қояды. Ертеңгілік кештер де қазақ ақындарының жазған өлеңдерінен музыкалы- әдеби монтаж жасалып балалардың әрқайсысына тақпақтар, әнмен айтылатын өлеңдер, тиісті ролдер болініп беріледі.

Қорытындылай келе, оқыту барысында оқушылардың сыныпта алған білімін дамытып, оны ары қарай жетілдіруде сыныптан тыс жұмыстардың маңызы зор. Сыныптан тыс жұмыстардың оқушылардың белсенділігін арттыруда, өзіндік көзқарасының қалыптасуында, білімін жетілдіруде бірден – бір маңызды тәрбие құралы екендігін көреміз. Сыныптан тыс жұмыстарды дұрыс ұйымдастырған жағдайда оқушылар бойында ұйымдастырушылық, белсенділік дамиды. Бағалы моральдық қасиеттер қалыптасады. Белсенді өмір сүру негізі салынады. Осыған орай оқушы бағдарламада белгіленген білімді игеріп қана қоймай, жан – жақты ізденіп, ой - өрісін дамытады. Сыныптан тыс оқыту оқу мен тәрбие саласындағы барлық жұмыстарды әрі дамытып, жалғастыру мақсатын көздейді. Оны жүзеге асыру жолында мұғалім ең озық әдістерді тандап алып, оны іс жүзінде пайдалана білуі қажет. Бұл шаралардың бәрі мұғалімнен көп ізденісті күтеді. Сыныптан тыс оқытуды жүйелі түрде ұйымдастыру, адам тәрбиесіне айтарлықтай үлес қоса алады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Бөлеев Қ.* Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде жеке тұлғаға ұлттық тәрбие берудің кешенді бағдарламасы. –Тараз: ТарМПИ, 2011. -75 б.
2. *Бөлеев Қ., Бөлеева Л.Қ.* Болашақ мұғалімдерді 12 жылдық мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беруге дайындау тұжырымдамасы. Тараз: ТарМПИ, 2011. 10 б.
3. *Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М.* Педагогика. - А.: Атамұра, 2002.
4. *Абилова З.* Оқушыларға кластан тыс жұмыстарда эстетикалық тәрбие беру. –А.: Рауан, 1976.
5. *Бозжанова К.Б.* Оқушылармен кластан және мектептен тыс жұмыстар жүйесі. /16-лекция/. – А.: Мектеп, 1980.
6. *Омар Е.О.* Қазақстандағы мектептен тыс мекемелердің қалыптасуы және дамуы (1917-1990 жж.) п.ғ.д. дисс. автореф. Алматы, 2002.
7. *Нұрмағанбетов С., Очинникова Р.* Мектептегі кластан тыс жұмыстар. – А.: Мектеп, 1969.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

#### Ү.МЕЛДЕБЕКОВА

педагогика ғылымдарының кандидаты,  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доцент м.а.

#### А.ТҮРДИЕВА

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

#### МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ТӘРБИЕШІ МІНДЕТІ

Мақалада мектепке дейінгі мекемелердегі бала тәрбиесімен айналысатын тәрбиешілердің маңызды істегі міндеттері жайлы мәселелер қарастырылған.

The article deals with the problems of duties of educators and the importance of their jobs in pre - school establishments.

Қазіргі қоғам жан-жақты білімді де білікті, мәдени ой-өрісі өсіп жетілген, ұлттық салт-сананы бойына сіңіріп өскен жаңа адамды тәрбиелеуді бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кірудің маңызды алғы шарттарының бірі ретінде қарастыруда. Бұл өз кезегінде отбасы мен балабақша қызметкерлеріне орасан зор жауапкершілік жүктеп отыр.

Сондықтан да баланы мектепке дейінгі мекемелерде даярлау үздіксіз білім беру жүйесіндегі маңызы мен өзектілігі ерекше мәселелердің бірі болып саналады. Мектепке дейінгі мекемелердегі топ тәрбиешісінің балалармен қарым-қатынасы тұлғалық бағдар негізіне құрылуға тиіс, ол әр баланы құрметтеу және адамгершілікпен қарым-қатынас жасауды көздейді. Мақсаты - баланың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету. Тәрбиеші балалардың оң мінезі мен әрекетін қолдай отырып, бір-біріне жағымды қатынасты ұйымдастыру, топта өзін-өзі емін-еркін сезінуіне жағдай жасау қажет. Олардың бойындағы өзіндік бейім қабілеттеріне сүйене отырып, мектепке оқуға қажет болатын дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыруды, дамытуды мақсат етеді. Ол үшін мынандай жұмыс формаларын пайдалануға болады:

- сабақтарды шағын топтармен өткізу;
- әр баламен жеке жұмыс жүргізуге басым көңіл бөлу;
- ерекше қабілетті және бұрын балабақшаға қамтылған балалармен арнайы жұмыс жүргізу;
- тәрбиешінің балалармен пікір алмасуы (баланың өз көзқарасын, пікірін батыл айта білуіне, өз шешімінің дұрыстығын дәлелдеуіне мүмкіндік туғызу мақсатында);
- балалардың іс-әрекетін қатаң шектеуден бас тарту;
- педагог пен балалар арасындағы қарым-қатынастың құқылы серіктестікке құрылуы және т.б. [1].

Тәрбиеші тәрбие арқылы баланың түрлі іс-әрекеттерін тиімді етіп, оның жақсы дамуына қажетті материалдарды іріктеп алады, айналадағы табиғи және әлеуметтік ортаға көзқарасын дамытады.

Осы тұрғыдан келгенде тәрбие аға ұрпақтың жаңа ұрпаққа қоғамдық

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Мелдбекова Ү., Тұрдиева А. Мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбиеші міндеті

тарихи тәжірибені беру процесі, жаңа ұрпақты өмірге, еңбекке дайындау арқылы қоғамның алға қарай дамуын қамтамасыз ететін процесс. Сонымен, тәрбие бала дамуын бағыттайды, басқарады, сондықтан да ол - баланы қалыптастырудағы негізгі күш. Тәрбие негізгі күш болғандықтан, оның жетімсіздігі, әлсіздігі баланың қалыптасуына кері әсер етеді.

Тәрбиешінің ең бастапқы формалары педагогтың балалармен мазмұнды қатынасында, жан-жақты іс-әрекетінде, қоғамдық өмірдің құбылыстарымен танысу кезінде, балаларға арналған шығармалармен, суретшілер туындыларымен танысу негізінде іске асады. Мұндай мақсатқа бағытталған

педагогтық жұмыс еңбек сүйгіштікке, ізгілікке, ұжымдық пен патриотизм бастамасына тәрбиелеуге, көп дүниені өз қолымен жасай алу және жасалған дүниеге қуана білуді дамытуға, үлкендер еңбегінің нәтижесін бағалауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды. Балаларда ортақ пайдалы жұмысты істеуге тырысу, бірге ойнау, бір нәрсемен шұғылданду, ортақ мақсат қою және оны жүзеге асыру ісіне өздері қатысуға талпыныс пайда болады. Мұның бәрі де баланың жеке басының қоғамдық бағытын анықтайды, оның өмірге белсенді ұстанымын бірте-бірте қалыптастырады.

Балабақшадағы оқыту-тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс- әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді.

Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани-адамгершілік дамуы балабақша мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін, өзіндік ерекше жағдайлар жасалады. Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбекте еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай-ақ ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар қалыптасады.

Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелену, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қатынас. Атақты педагог Сухомлинский: « Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады.

Тәрбиенің негізгі мақсаты-дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу.

Көрнекті педагог В. Сухомлинский « Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», - дейді. Демек, балаға жан-жақты терең

А.Я сауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Мелдебекова Ү., Тұрдиева А. Мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбиеші міндеті

білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы-өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар

жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің:

-балалардың сөздік қорларын дамыту;

-жаңа сөздерді меңгерту;

-үйреген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады [2].

Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын молайтуда ойын, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын- баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, тандап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Күллі ғажайыптың ішіндегі ең тамашасы - жақсы тәрбиеленген адам. Сәбиді жоғары деңгейдегі білім мен адамгершілікке баулитын тәрбиешінің бойында барлық асыл қасиеттердің табылуы тиіс. Өйткені, тәрбиеші бала болмысын, жүзін көріп түзелер айна іспетті. Бала қабілетінің ашылуы үшін тәрбиеші жаңашыл, білімді, іскер, қабілетті, жауакершілік сезімді, жаңа технологияны толық меңгерген, өз ісінің шебері болуы керек:

Бала қабілеті ашылуы үшін:

1. Тәрбиеші білімін ұдайы жетілдіріп, кәсіби шеберлігін шыңдауы тиіс.
2. Бала білімі мен қабілетіне сеніммен қарау керек.
3. Баланы ақпарат, жаңалықпен қамтамасыз етіп отыру қажет.
4. Ата-анамен тығыз байланыс орнағаны жөн.
5. Баланы өмірге бейімдеуде дәл, дұрыс бағыт беріп, жеке ерекшелігіне көңіл бөлінуі керек [3].

Мектепке дейінгі тәрбиеленушілерде педагогикалық процестер барысында баланың көңіл-күйін анықтап, психологиялық мотивтерді туындатып,

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Мелдбекова Ү., Тұрдиева А. Мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбиеші міндеті

жағымды мінез- құлық дағдыларын қалыптастыру көзделеді. Психологиялық жаттығулар баланы үлкендермен және достарымен қарым- қатынас мәдениетіне тәрбиелеп, өз пікірлерін айтып жеткізе білуге көмектеседі. Ойын жаттығулар арқылы баланың білімділік дағдыларын күнделікті іс-әрекетте қолдана білу мүмкіндіктері қарастырылады.

Баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беру мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымының бірлескен өзара тығыз байланыста болуы. Білім беру жүйесінің негізгі мақсаты- тұлғаны оқыту, тәрбиелеу, дамыту. Бұл мақсаттар

өзара тығыз байланыста болғанда ғана нәтижелі болады. Баланы өмірге дайындау үшін дамытудың маңызы ерекше. Даму барысы:

1. Зердесін дамыту;
2. Эмоциясы мен сезімдерін дамыту;
3. Күрт қиыншылықтарға төтеп бере алуын дамыту;
4. Өзіне-өзінің сенімділігін,өзін-өзі қабылдау, жақсы көруді дамыту;
5. Танымдық үрдісін дамыту;
6. Өзін-өзі алып жүре алуын, дербестігін дамыту;
7. Өзін-өзі көрсете алуына,өзін-өзі жетілдіруге ынтасын дамыту [4].

Мектепке дейінгі бала тәрбиесімен айналысатын педагогтар мен тәрбиешілер, ата-аналар балалармен жылдың қай мезгілінде болмасын далаға шығып, серуендегенде, әртүрлі ойын ойнағанда осы ойланту әдісіне баса көңіл бөлуі қажет. Бала бойына ерекше әсер етіп тұрткі болатын айналадағы өлі және тірі табиғаттардың сан түрлі құбылыстары.

Тәрбиеші - мектепке дейінгі ұйымдарда бала тәрбиесін жүзеге асырушы басты тұлға. Тәрбиеші жоғары арнаулы білімді, кәсіби біліктілігі жоғары, педагогикалық шеберлігі шындалған, қоғамдық-саяси қызметтерге белсене арласа алатын, педагогикалық ұжымда беделді, отбасымен тығыз қарым-қатынас жасай алатын тұлға болуы тиіс. Оның ұйымда еңбек ұжымының береке-бірлігін сақтай алуы, бойында іскерлік және дара қасиеттері болуы, шығармашылық ізденісте болуы, тәрбие процесінің тиімділігін арттыруға көмектесуі және әріптестерінің педагогикалық шеберлігін жетілдіруге ықпал жасай алуы тиіс.

Тәрбиеші өмірдегі барлық материалдың және рухани байлық үлкен адамдардың еңбегімен жасалғанын, оны өздері күнделікті өмірде пайдаланып жүргендерін нақты мысалдар келтіріп түсіндіреді. Үлкендердің білімі, еңбегі біздің шаттың өмірімізді нағтамасыз етіп отырғанын, өсіресе өзін қоршаған адамдардың: тәрбиешінің, дәрігердің, күтушінің, аспазшының, даяшылардың еңбегін айтып, оларды бағалауды және үлкендерді қалай құрметтеу, сыйлау керектігін үйретеді. Кейде балалар үлкендерді сыйлау керек екенін біле тұрса да, оны орындамайды, себебі бала білімін, тәртібін, іс-әрекетін байланыстыра алмайды, өзін жақсы алып жүргісі келеді, бірақ оны қалай орындауды білмейді, ал кейде баланың қызығушылығы сана тұрақтылығын басып кетеді, кейде бала сөзі мен ісін бірлікте алып жүре алмайды. Әрине,

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Мелдбекова Ү., Тұрдиева А. Мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбиеші міндеті

баланың білімі бірден оның мінез-құлқы мен тәртібіне айналмайды, оған ұзақ уақыт дағдылану, үйрену керек, тәрбиеші осыларды шыдамдылықпен қалыптастырғаны абзал.

Ұлы Абай Құнанбаев «Адамның ерекше қасиеттері - ақыл-ой, сана-сезім, ішкі жан дүниесі жоғары, кәсіби-дәрежелі, шығармашыл ұстаздан қалыптасады» деп тегін айтпаған. Сондықтан, баланың бойындағы ерекше қасиетті, шығармашылық қабілетті ашу - тәрбиешіге жүктелер жауапты

міндет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Демесинова Қ.Н.* Мектепалды даярлық топтарында тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру //Мектепалды даярлық, 2009, №4.
2. *Қудьярова Ә.Х.* Бала қабілетін ашу - тәрбиешіге жүктелер жауапты міндет //Мектепалды даярлық, 2009, №3.
3. *Адилова Т.Ш.* Білікті баланы білімді маман тәрбиелейді //Отбасы және балабақша, 2010, №4.
4. *Жұмабекова Ф.Н.* Мектепке дейінгі педагогика. -Астана, 2009.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

XX

**С.Ш.ӘЛІМБЕКОВА**

педагогика ғылымдарының кандидаты  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

**«ТЕХНОЛОГИЯ» ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ  
ЭСТЕТИКАЛЫҚ САПАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ БАҒДАРЛЫ  
ІС-ӘРЕКЕТТЕР**

Мақалада мектептегі технология пәнін оқыту арқылы оқушылардың эстетикалық сапасын қалыптастыру мәселесінің қарастырылғаны жөнінде айтылады.

The article deals with some of activities of forming aesthetic quality of students in teaching 'technology'.

Егемен еліміздің болашағы үшін жастарға өркениеттің даму деңгейіне сәйкес білім және тәрбие беруді қазақ этнопедагогикасы негізінде жүзеге асыру мақсатында бірқатар зерттеулер жүргізілді (С.Қалиев, Ө.Табылдиев, Қ.Бөлеев, С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова, т.б.), сондай-ақ олардың нәтижелері мектеп практикасына ендірілді. Қазақ этнопедагогикасы республикамыздағы саяси, әлеуметтік, экономикалық қайта құрудың шеңберінде білім беру жүйесін ұлттық талап тұрғысынан өзгертуге негіз қалауда. Бүгінгі мектеп түлектерін ұлттық сипатта тәрбиелеудегі құралдар жүйесі этнопедагогикалық тұрғыдан сұрыпталып, жалпы педагогикалық тәжірибеде халқымыздың ғасырлар бойына жинақтаған құнды қасиеттерін жастардың бойына сіңіруді және мәдениетіне, мәдени іс-әрекетіне баулу егемен еліміздің тұсында толық мәнді жүзеге асыруға бағдарлануда.

Егемен еліміздің алғашқы жылдарының өзінде жарық көрген Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері оқушыларын еңбекке тәрбиелеу мен оқыту тұжырымдамасында: "...еңбекке дайындау ісіндегі тағы бір өзекті кемшілік қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан қосалқы көркем өнерін, халық зергерлерінің мұрасын, малшаруашылығын үйрету кеңінен өріс алған жоқ" - деп біздің мектеп өміріндегі білім берудегі кемшін тұстарымызды көрсеткен болатын [1]. Бұл мәселе жастарымызды мектептің еңбекке дайындау бағытында қазіргі таңда да жеткілікті, оңтайлы шешімін табуы тиіс міндет ретінде қарастырылуда.

Мектептегі еңбекке дайындау бағыты адамның кәсіптік іс-әрекетінің бес типі бойынша анықталған және олардың элементтері бағдарламаның мазмұнына енгізілген. 5-9-сыныптар үшін "Технология" оқу пәні бағдарламасына сәйкес төмендегідей тақырыптарды атап көрсетуге болады.

1. Сәндік-қолданбалы өнер элементтері негізіндегі көркем қолөнер технологиясы.
2. Тігін бұйымдарының сән үлгілері.
3. Тамақ әзірлеу технологиясы.
4. Үй мәдениеті. Тұрмыстағы техника [2; 3].

Технология оқу пәні адамның қоғамдағы функцияларына сәйкес технологиялық мәдениетін (еңбек, графика, дизайндық, ақпараттық, кәсіп-

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Әлімбаева С.Ш. «Технология» пәнін оқытудағы жеке тұлғаның эстетикалық сапасын...

керлік, адами қатынастар, экологиялық, үй-тұрмыс, тұтынушылық; жобалау) қалыптастыруды қамтиды [4]. Адамның іс-әрекеті мен технологиялық мәдениеті құраушыларын қамтыған «Технология» пәні бағдарламасындағы негізгі өзгешелік ұлттық ерекшеліктерді, қарапайым өнер элементтерін оқыту болып табылады.

"Өнер – өмір шындығын көркем образдар жүйесі арқылы бейнелейтін

қоғамдық сана мен адам іс-әрекетінің өзіне тән ерекшеліктерімен дараланатын формасы. Көркем образдар құрылымының ерекшеліктеріне қарай өнер туындылары бірнеше түрге бөлінеді. ...кең мағынасында өнер ұғымына, технологиялық және эстетикалық жақтарынан аса шеберлікпен орындалатын адамның практикалық қызметінің барлық түрлері жатады" - делінген Қазақ Совет энциклопедиясында [5]. Бұл берілген анықтама тұрғысынан қарастырғанда өнер дене және ақыл-ой еңбектерінің жоғары жетістігі деуге болады.

Өнердің шынайы мәнінің дінгегі – сұлулық, әсемдік болып табылады. Сұлулық, әсемдік адамды ерекше бір жан ләззатына бөлейтін сезім тудырап қасиет. Соның нәтижесінде, өнер көңіл-күйді, сезімді білдіреді, соларға тікелей байланысты. Өнер адамды имандылыққа, жан дүниесімен біртұтас нұрлануға бастайды. Өнердің басты мақсаты – қандай да бір жетілу, кемелдену үлгісін, мұратын (идеалын) беру әрі содан адамды талпындыру, құштар ету [6].

Сондай-ақ Қазақ Совет энциклопедиясында: “Сән және қолданбалы өнер (декоративно-прикладное искусство) – сән өнерінің бір саласы. Сән және қолданбалы өнер негізінен тұрмысқа қажетті көркем және жиһаздық заттарды өндіретін творчество түрлерінің басын құрайды. ... Сән және қолданбалы өнер (ДПИ) туындылары материалына (металл, керамика, ағаш, тоқыма), жасалу әдісіне (көркем оймыш, шекіме, әсем жазба, кесте, көркем құйма, интарсия т.б.) орай екі түрге жіктеледі”- деп мазмұндалған [7].

Сәндік-қолданбалы өнер (сәнді-қолданбалы өнер) – (латынша *decorae* - әшекейлеу (украшать)) - адамдардың көркем іс-әрекетінің ерекше саласы, практикалық мақсат үшін арналған өнімдері эстетикалық мақсатты пішінді шешіммен органикалық үйлесімділікке негізделген [8].

Сондықтан сәндік-қолданбалы өнерді өнердің мәнерлі түріне жатқызу қабылданған. Сәндік-қолданбалы өнер шығармаларының көркем мәнерлілігі олардың жоғары-эмоционалдылығы сұңғаттылығы мен бояуында болып табылады. Сәндік-қолданбалы өнердегі ішкі түр топтамасы: материалдық, технологиялық, функционалдық принциптер бойынша жүргізіледі. Өзінің таңдалған негізіне байланысты оны: керамика, мата (текстиль), жиһаз, ыдыс-аяқ, бояма (роспись), ою (резьба) және т.б. мамандандырылған салаларға бөледі. Сәндік-қолданбалы өнерде адамның көркем іс-әрекеті дайын немесе дәстүрлі бұйымдарда жүзеге асырылады [9]. Сәндік-қолданбалы өнерде материалдарды әрлеу, ою, бояма және т.б. көркемдік іс-әрекет орындалады.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Әлімбаева С.Ш. «Технология» пәнін оқытудағы жеке тұлғаның эстетикалық сапасын...

Халқымыз еңбек пен өнерді егіз деп қараған. Қолөнер шеберлігін мал бағып, егін салып, аң аулау кәсібінен артық санамаса, кем санамаған. Қазақ шаруашысының қолөнері өзінің күнделікті өмір тіршілігімен, тұтыну қажетімен тығыз ұштасып жатады. Оның ішінде ішер асы да, киер киімі де, баспанасы да малдың өнімімен байланысты болғандықтан, қолөнері де сол мал өнімін өңдеуге, ұқсатуға арналған. Жүн иіріп, өрмек тоқу, киіз басып, үй



жабу, ою ойып, сырмақ, түс киіз, өрнектеу, тері илеп, бас киім мен сырт киім тігу қыздар, әйелдер үшін ерекше өнер болып саналған. Сол себепті де “Шебердің қолы ортақ”, “Өнер – таусылмас азық, жұтамас байлық”, “Ісмердің байлығы – қолында, кемеңгердің байлығы - жолында”, “Ел өнерге бой ұрады”, “Өнерлінің қолы – алтын” деген мақал-мәтелдер сол пікірді дәлелдейді [10].

Қазақ халқы ұл-қызын 13–15 жасқа дейін өмірге дайындап, білгенін үйретіп шығаруға тырысқан. Яғни, қазақ халқы қыздары мен балаларының тәрбиесіне, эстетикалық көзқарасының дамуына үлкен мән бергені байқалады. Қазақ халқы қыздар мен ер балаларды сәндік – қолданбалы қолөнерге үйрете отырып, әсемдікті, сұлулықты түсініп, өмірді өнегелі етуге, қоршаған ортаның түрі мен бояуын қабылдай білуге қалыптастырады. Осы ежелден қалыптасқан қолөнер кәсібі, оның сан-алуан түрлері, әдіс-тәсілдері мен амал- жолдары ұрпақтан-ұрпаққа үзіліссіз беріліп келеді. Көркемдік өнер мен халық шеберлерінің туындысы бүгінгі жастарымызға үлгі және халықтың ғасырлар бойы жинаған көркемдік тәжірибесінің сарқылмас көзі болып отыр.

Халқымыздың сұлулыққа ұмтылуы оның еңбек тәрбиесімен үйлесімдікте болуы өмірлік тәжірибесінен көрініс алған. Осыған байланысты Ә.Табылдиев “Сәндік өнерді үйрету, халық дәстүрінде негізінен, еңбек тәрбиесімен ұштастырылып жүргізіледі. Ішік, тон, қамзол, шекпен, желек, желеткі, саптама етік, шалбар, қынамалы бешпет пішу және оны ою-өрнекпен безендіріп тігу өнері – көркемдік тәрбиенің нәтижелерін бейнелейді” – деп атап көрсетеді [11]. Бұлар өз кезегінде эстетикалық қабылдау мен талғам, сезім қалыптастырудың негізін қалайды.

М.Жұмабаевтың қазақ мектептерінің мұғалімдеріне арналған «Педагогика» атты еңбегінде дене, ақыл – ой, эстетикалық тәрбие және жан (рухани) тәрбиесі қарастырылып, ана тіліндегі мектептерде балаларға тәрбие берудің жолдары, түрлері мен әдістері көрсетіледі. Ол мұғалімдерге, тәрбиешілерге, ата-аналарға айналадағы дүниені қабылдаудың ұстанымдары мен заңдары, байқампаздықты, есте ұстаудың барлық түрлерін дамыту, жағымды қасиеттерді, ерік-жігерді, мінез-құлықты шыңдау, әсемдікке, әдемілікке, мейірімділікке, жалпы адамзаттық мұраттарға ұмтылысты қалыптастыру туралы ақыл берген. Аталған еңбекте жан көріністерінің бірлігі, сыртқы сезім, яки көңіл көріністері, әсерлеулері, көру, есту, сыйпау сезімі, иіскеу, тату, ой қиялы, ойлау сезімдері жөнінде, ең бастысы, адам

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Әлімбаева С.Ш. «Технология» пәнін оқытудағы жеке тұлғаның эстетикалық сапасын...

үшін ең қымбаты – сұлулық (эстетика) сезімдері жайында құнды ой-пікірлерін ұсынады [12].

«Ұлттық мәдениет пен өнер және қолөнер негізінде жастарға жан-жақты эстетикалық тәрбие берудің бір бөлігі - эстетикалық мәдениетті қалыптастыру; сұлулыққа, тазалыққа үйрету; мәдениеттілікке баулу; адамзат

қоғамына бұрын – соңды жасалған мәдени мұраны жүйелі меңгертуге, жалпы әлемдік рухани игіліктерді бағалай білуге тәрбиелеу жөнінде ой-пікірлердің нормативтік құжаттарда көрініс табуы қуантарлық іс деп білуіміз керек. Осыған орай, жас ұрпаққа ұлттық сипатты тәрбие беру, олардың бойларына ұлтымыздың мәдени мұрасына деген құрмет сезімін сіңіре отырып, оны эстетикалық сапасын қалыптастыру ісі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр.

Өнердің эстетикалық тәрбие беру мүмкіндіктерінің мол екендігі белгілі. Эстетикалық тәрбиенің өзіндік ерекшелігі оның тұлғаға тікелей емес, жанама түрде әсер етуі, яғни эстетикалық тәрбиеде тұлға көркемөнер туындыларынан ой түйіп, солардан алған эстетикалық әсер нәтижесінде таза өзінің қалауына жол таңдайды. Эстетикалық тәрбиелі жан жүріп-тұруында, киінуінде жөн-жосықсыз әрекеттер болмайды. Эстетикалық тәрбие жастар бойына талғампаздық қасиетін дарытады. Оның қалыптасуы жөнінде В.П.Беспальконың мазмұндауын басшылыққа алу қажет. Өнерге баулу, яғни оқу еңбек объектілеріндегі бейнелердің дүниетаным көрінісін; еңбек объектілерінің көркем формасын, эстетикалық сипатын, үлкендерден мектептік жеке тұлғаның эстетикалық сапасын қалыптастыруды көздейді. Ал эстетикалық сапа жеке тұлғаның әлеуметтік негізгі қасиеті болып табылады [13].

Жеке тұлғаның эстетикалық сапасының негізгі қасиеттерін (олардың көріністерін) төмендегідей беруге болады: эстетикалық қабылдау (түсі, формасы, мағынасы (ойы)), эстетикалық талғамы (бағалаудағы тағайындау позициясы), эстетикалық сезімі (жауапкершілігі, әсерленушілігі), эстетикалық іс-әрекеті (көркемдік белсенділігі, көркем шығармашылығы), эстетикалық өнегелігі (өнер адамдарына, өнер шығармаларына, табиғатқа қатынасы). Бұл жеке тұлғаның эстетикалық сапасының бастапқы қасиетіне ықпал етуге, қасиеттің көрінуіне тәлімгерлердің дайындығы болуы тиіс.

Қазіргі кезде сәндік-қолданбалы қолөнер арқылы жастардың эстетикалық сапасын қалыптастыру қоғамды дамытудың бірден-бір құралына айналып отыр. Сондықтан да оны іске асыру қоғам үшін маңызды алғы шарттардың бірі болып есептеледі.

Технология пәні негізінен оқу-интеллектуалдық, практикалық іскерліктердің орны ерекше. Ал, оқу-интеллектуалдық іскерліктер - ұғымдарды, заңдылықтарды, қорытындыларды, талдап қорытуларды қалыптастыру үшін логикалық ойлау тәсілдерін игеру бойынша әрекеттер жүйесі. Практикалық іскерліктер алған теориялық мағлұматты тәжірибеде

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Әлімбаева С.Ш. «Технология» пәнін оқытудағы жеке тұлғаның эстетикалық сапасын...

жүзеге асырудағы іс-әрекеттер жүйесі. Оқу-интеллектуалдық іскерліктерді танымдық әрекеттер құрайды. Оларды:

а) қабылдау әрекеттері (байқау, ажырату, тану, есту; сипап сезу, көру, есту, дәм сезу, иіс сезу бойынша белгілер көрінісінің дәрежесін анықтау және т.б.);

б) елестету әрекеттері (объектіні ойша түзу, осының негізінде болашақ өнертапқыштар, тиімді ұсыныс жасаушылар дүниеге келеді);

в) логикалық әрекеттер (талқылау, қорытынды шығару) деп ажыратуға болады.

Практикалық іскерліктерді негізінен дене қозғалыс әрекеттері (алу, қою, сығымдау, орын ауыстыру, күшті азайту немесе көбейту және т.б.) құрайды. Практикалық іскерліктер эстетикалық іс-әрекет негіздерін қалайды, оның ішінде көркем белсенділік пен шығармашылықтың кеңінен жүзеге асуына ықпал етеді [14].

Көркем бұйым дайындаудың технологиялық үдерісін әзірлеу тіптен қарапайым емес болып келетіндіктен оқушылардың көздері жетуі үшін технологтың орындайтын функциясы жөнінде іс-әрекет реттілігі зерделенеді. Мұнда оқушы негізгі өндеуден бөлек, бұйымды көркем өндеу түрлерін кешенді зерделейді және оны практикада жүзеге асыру жағын қарастырады.

Оқушыларды қолөнерге, сәндік-қолданбалы өнерге баулу барысында эстетикалық сапаға қатысты болжамды қалыптастырылатын білім, іскерлік және жеке тұлғалық қасиеттердің төмендегідей түрлерін атап көрсетуге болады: эстетикалық сапа қалыптастырудағы негізгі ұғымдар мен түсініктер (бұйымның сыртқы белгілері мен қасиеті (түрі, рең, түсі, т.с.); өңдеу тәсілдері (жазық бетті, көлемді денені, т.б.); әрлеу жұмыстарының түрлері, әрлеу материалдары мен құралдары, әрлеу тәсілдері; эстетикалық іс-әрекеттер (бұйымның сәндік белгілері мен көркемдік мазмұны бойынша басқа материалдардан ажырату; болашақ көркем бұйымға сәйкес біріктірудің тәсілін таңдау және оны орындау; әрлеу материалдарын, құралдарын таңдау, әрілеу жұмыстарын орындау); оқушы іс-әрекеттегі жеке тұлғалық эстетикалық сапалық қасиеттерінің сипаты (байқағыштығы, қабілеттілігі, ұқыптылығы, көз өлшемі, қол ептілігі, қозғалыс координациясы, ұйымдастырушылығы, ұзақ уақыттық көрнекі-бейнелі есі, тапсырманы орындау кезіндегі дәлдік, ұстамдылық, зейін, жинақылығы, ойлау есі, талғампаздығы).

Сондай-ақ, оқушылардың эстетикалық сапасын қалыптастыруда мұғалім қолөнер бұйымдарын таңдау талаптарын назарда ұстауы тиіс.

1. Қолөнер түрінің және қолөнер бұйымдарының мектеп бағдарламаларына сәйкестігі. Мұнда бұйым негізі технологиялық операциялар мен көркем өндеу түрлерін қамтуы тиіс.

2. Қолөнер бұйымдарын дайындау үдерісі тәрбиелеу мен дамыту функциясын атқаруы. Оқушыларда эстетикалық сапа мен технологиялық

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Әлімбаева С.Ш. «Технология» пәнін оқытудағы жеке тұлғаның эстетикалық сапасын...

мәдениетті кешенді қалыптастыруға бағдарлануы.

3. Оқу-тәрбие үдеріс үшін қолөнері мен қолөнер бұйымдарының педагогикалық мақсаты мен қоғамдық (жеке тұлғалық эстетикалық сапаны қамтыған) мақсаттылығының үйлесімділігі.

4. Қолөнері, қолөнер бұйымдарының оқушы шығармашылығы бастамасын дамытуы. Технологиялық мәдениетін дамытуға сәйкестілігі.

Оқушылардың эстетикалық сапасын қалыптастыруда технология пәні мазмұнындағы «Жоба» тақырыбының рөлі мен орны ерекше мәнге ие.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларын еңбекке тәрбиелеу мен оқыту тұжырымдамасы //Қазақстан мұғалімі. – Алматы. - 1993. 18 ақпан.
2. Технология. Жалпы орта білім беретін мектептің 5-7 сыныптарына арналған бағдарламалар. – Алматы: РОНД, 2003. – 36 б.
3. Технология. Жалпы орта білім беретін мектептердің 8-9 сыныптарына арналған бағдарламалар. – Алматы, 2004. – 16 б.
4. *Ортаев Б.Т.* Болашақ еңбек пәні мұғалімдерін оқушыларды қолөнерге баулуда политехникалық бағыттылықты жүзеге асыруға даярлаудың дидактикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... дисс. – Шымкент, 2002. - 140 б.
5. Қазақ Совет Энциклопедиясы. XI том. -Алматы, 1976. - 591 б.
6. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті. Ғылыми мақалалар жинағы. –Алматы: Зият пресс, 2004 – 160 б.
7. Қазақ Совет Энциклопедиясы. -Алматы, II том, 1976. - 591 б.
8. Краткий словарь по эстетике: Кн. для учителя /Под ред. М.Ф.Овсянникова. -М.: Просвещение, 1983. - 223 с.
9. Краткий словарь по эстетике: Кн. для учителя /Под ред. М.Ф.Овсянникова. -М.: Просвещение, 1983. - 223 с.
10. *Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С.К.* Қазақ тәлім-тәрбиесі: Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. – 352 б.
11. *Табылдиев Ә.* Қазақ этнопедагогикасы: Оқу құралы. –Алматы: Санат, 2001. – 320 б.
12. *Жұмабаев М.* Педагогика. –Алматы, 1992. -241 б.
13. *Беспалько В.П.* Слагаемые педагогической технологии. –М.: Педагогика, 1989. - 192 с.
14. *Климов Е.А.* Как выбрать профессию: кн. для учащихся. –М.: Просвещение, 1984. – 160 с.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

**Т.А.ДАНИЯРОВ**

кандидат педагогических наук, доцент  
МКТУ им. А.Ясауи

**Ж.Б.УАЛШЕРОВ**

учитель средней школы Келинтобе №193

## ВАЛЕОЛОГИЧЕСКИЙ ПРОЦЕСС В ПЕДАГОГИКЕ КАК ФАКТОР ВОСПИТАНИЯ ЛИЧНОСТИ

Мақалада тұлғаның рухани және физикалық мүмкіндіктерін ашу жайлы оқушының адамгершілік негіздері мен салауатты өмір салтын қалыптастыру жайы қарастырылады.

Healthy life of schoolchildren directly depends on spiritual and physical possibilities of personality, on strengthening valeological and social direction of personality, on unique demands of upbringing influences and principles, coordination of actions of participants: teachers, doctors, and psychologists.

Только здоровый человек способен полностью использовать энергетические ресурсы своего организма и проявить способности. Здоровье же человека напрямую зависит от физической культуры и от того образа жизни, который он ведет. И не случайно одной из задач образования Республики Казахстан является «раскрытие духовных и физических возможностей личности, формирование основ нравственности и здорового образа жизни».

Чувство здоровья как шестое чувство надо воспитывать в себе, и делать это лучше всего с детства – с возраста, наиболее пригодного как физиологически, так и психологически для процесса обучения.

В проекте Концепции среднего образования Республики Казахстан с 12-летним сроком обучения отмечаются факторы, обуславливающие необходимость увеличения сроков обучения. Этим фактором (таким как смена парадигмы образования, социализация школьников, снижение социальной напряженности, повышение качества обучения, мирового опыта, признания отечественных аттестатов за рубежом) уделяется внимание сохранению здоровья школьников. Отмечается, что в современной школе наблюдается ухудшение здоровья детей. Из-за перегруженности учебного плана нарушаются санитарно-гигиенические нормы ежедневной учебной нагрузки учащихся [1].

Комплексное осуществление воспитательного валеологического процесса в школе предусматривает органическую и динамическую связь всех сторон воспитания личности. Гигиена труда, нравственное и интеллектуальное здоровье, красота, физические упражнения настолько тесно связаны, что изменения одного из компонентов вызывает изменение других, но в их единстве возможно гармоническое развитие личности школьника. Отсюда следует, что для формирования личности школьника в единстве его физических и духовных сил требуется усиление валеологической и социальной направленности личности. Валеологическая

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Данияров Т.Ә., Уалиеров Ж.Б. Валеологический процесс в педагогике как фактор воспитания личности

направленность – это отношение к своему здоровью, психологические установки и убеждения, саморегуляция эмоционально-волевой сферы, чувственное осознание себя в мире природы, социальная направленность, мировоззрение, ценностная ориентация, отношение к деятельности, мотивы,

отношение к сверстникам и взрослым, отношение к себе, самооценка, уровень притязаний, профессиональная ориентация и интересы, склонности и т.д. [2]. Но валеологическая направленность личности не состоится без создания благоприятных условий в школе, отсюда вытекает необходимость комплексного сочетания педагогической деятельности с деятельностью медиков, психологов, физиологов. Существенное значение при этом приобретает систематическая оценка здоровья школьников. Всеми участниками валеологического процесса, где определение психического, физического, нравственно-интеллектуального состояния здоровья школьника предполагает:

- разработка методов диагностики состояния здорового школьника;
- определение оптимального содержания, форм и методов формирования здорового образа жизни школьника [3].

В формировании здорового образа жизни у учащихся особую значимость приобретает преемственность воспитательных влияний. Первоначальные представления о гигиене, закаливании детей получают еще в дошкольных учреждениях, расширяют и совершенствуют их от ступени к ступени шаг за шагом в школе, на уроках валеологии и в процессе осуществления программ «здоровья в учебно-воспитательном процессе».

Принцип единства требований и координации действий всех участников педагогического процесса нацеливает на реализацию единых требований всех воспитывающих звеньев в школе, в семье. Только координированное действие всех звеньев процесса: педагогического, медицинского, психологического, физического – позволит добиться эффективности и действенности формирования физической, интеллектуальной, психической и нравственно здоровой личности.

В формировании здорового образа жизни школьника значительная роль отводится школьному психологу. Самое главное – необходимо совместными усилиями психолога и педагогического коллектива понять особенности ребенка в воспитании возрастных, половых, индивидуальных особенностей, взаимоотношений со взрослыми и на этой основе определить программу дальнейшей работы с ним, а именно:

- развитие в учебно-воспитательном процессе индивидуальных особенностей каждого возрастного периода;
- создание благоприятного психологического климата для развития детей, что определяется, прежде всего, продуктивным общением, гуманными взаимоотношениями, доброжелательным межличностным взаимодействием

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Данияров Т.Ә., Уалиеров Ж.Б. Валеологический процесс в педагогике как фактор воспитания личности

ребенка и взрослых;

- профессиональное взаимодействие психолога с педагогами-валеологами, обеспечение их необходимыми методиками, консультирование по полученным результатам.

Основной задачей психолога в системе валеологической работы является максимальное воздействие на школьников, обеспечивающее к окончанию школы сформированность психологической подготовки к самоопределению в самостоятельной взрослой жизни. Эта задача решается посредством принципа индивидуального подхода к учащимся. Под индивидуальными особенностями личности в психологии принято понимать такие особенности, которые отличают данную личность от другой. Каждому человеку присущи определенные индивидуально-типологические особенности: темперамент личности, обусловленный типом нервной системы человека и характеризующий его природную организацию, активность, подвижность или легкость, приспособляемость к изменяющимся условиям, уравновешенность поведения.

Задача психолога заключается в том, чтобы найти индивидуальные, специфические для каждого ребенка способы оптимального развития его интересов, способностей личности в целом, возможностей в самовоспитании и самоорганизации, в том числе и в здоровом образе жизни.

Для решения этих задач школьный психолог должен уметь диагностировать различные стороны развития личности и оказывать помощь педагогам-валеологам определять причины трудностей в обучении, конфликтов в общении, нарушений межличностных отношений со взрослыми и сверстниками. Важно с учителями-предметниками выяснить причины, лежащие в основе неуспеваемости.

Психологу совместно с педагогом-валеологом необходимо создавать такие условия, чтобы не только выяснять причину трудностей, но и помогать ребенку в их преодолении, а именно:

- выявлять интересы, способности, склонности детей, что дает возможность обеспечить индивидуальный подход в обучении и воспитании;
- особое внимание уделять переходным этапам в жизни ребенка (поступление в школу, переход из начальной школы в среднюю и т.д.).

Для анализа психологических, социальных и поведенческих факторов учащихся валеологические службы изучают состояние физического, интеллектуального, нравственного и психического здоровья, проводя диагностику социально-психологической характеристики личности, работоспособности, утомляемости и т.д., анализы заболеваемости на сколиоз и другие заболевания. Определив эти характеристики, служба дает информацию учителям-предметникам, которые строят свою работу с учетом индивидуальных особенностей, а также интеллектуального, физического, нравственного, психологического здоровья учащихся. Такая информация

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Данияров Т.Ә., Уалиеров Ж.Б. Валеологический процесс в педагогике как фактор воспитания личности

имеет активно побуждающую направленность, призывает педколлектив к поиску путей и средств формирования и восстановления здоровья

учащегося, повышает ответственность каждого за состояние здоровья своих воспитанников.

Таким образом, нами сделан вывод о том, что учителя всех специальностей должны овладеть валеологической грамотностью. Валеологическая грамотность, компетентность в понимании физического и психологического состояния школьников учителями-предметниками явилась одной из предпосылок создания системы школьной валеологической службы.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. *Доскин В.А.* Влияние некоторых факторов внешней среды на здоровье школьников. – М.: Медицина, 1988. – 189 с.
2. *Лисицын Ю.П.* Здоровье населения и современная теория медицины. –М.: Медицина, 1982. – 326 с.
3. *Чумаков Б.Н.* Валеология // Валеология. – М., 1997. – 245 с.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

**Б.Т.ОРТАЕВ**

педагогика ғылымдарының докторы, доцент

**Қ.АБДУЛЛАЕВА**



## ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖОБАЛАУДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Мақалада оқыту үдерісі үшін маңызды оқушының жеке басына қатысты факторлар, оқушыға ақпараттың берілуі мен оны қабылдауы, мұғалім тарапынан оқушыға қойылатын бағаның ықпалы және оларды оқыту технологиясын жобалауда басшылыққа алу мәселелері қарастырылады.

This article touches on the main factors concerning students, giving and getting information, evaluating them and taking all these aspects into consideration in designing teaching technology.

Білім беру жүйесі құрылымдарының өз жұмыстарын дұрыс ұйымдастыруы, ел тізгінін болашақта ұстайтын сауатты тұлға даярлауға негіз болатыны, елдің экономикасын, халықтың өмір сүру жағдайын жақсартатыны даусыз. Ал, сапалы білім беру жоспарлы, нәтижелі етіп ұйымдастырылған оқу-тәрбие үдерісіне байланысты. Оқушыларды оқу-тәрбие үдерісінде тәрбиелеу, дамыту және кәсіптік бағдар беру міндеттері көп жағдайда кешенді түрде жоспарланып, жүзеге асырылуы мүмкін. Сондықтан да әрбір оқыту үдерісін жан-жақты ойластырып алып ұйымдастырған орынды болады.

Оқушылардың оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың тиімділігі көбіне оның тәрбие, дамыту және кәсіптік бағдар беру міндеттерін сәтті шешумен анықталады. Бұл негізінен пән мұғалімдерінің даярлығына да байланысты. Қазіргі кезеңде жоспарлы, нәтижелі оқытуды жүзеге асыру оқыту технологиясына байланысты болып табылуда. Себебі, «оқыту технологиясы, оқушыларды қалай нәтижелі етіп оқытамын?»- деген сұрағын шешуге бағытталатыны белгілі. Сондықтан да оқушылардың сабақ барысында назарға алынуы үшін, оқушыға қатысты мәселелердің негізгілерін білу шарт. Оларды психологиялық, педагогикалық еңбектерге сәйкес [1, 2, 3] төмендегіше мазмұндауға болады.

1. Оқушы жеке тұлға қасиеттеріне байланысты төрт тобы басты мәнге ие, олар:

1) Бағыттылығы: сенімі, дүниетанымы, идеалы, қызығушылығы (Бағыттылық дегенде, қандай да бір мақсатқа бағытталған ойдың, қызығушылықтың топтастырылуын түсінеміз). Жеке адам психологиясының неге бағытталғандығын көрсететін негізгі компоненттердің бірі – адамның дүниетанымы мен сенімі. Дүниетаным – адамның табиғат, қоғамдық өмір туралы білімдерінің жүйесі. Адамзаттың сан ғасырлық тарихында адамгершілік пен имандылықтың ұлы қозғаушы күші – сенім. Сенім жоғалған жерде тіршіліктің, мәні де шамалы. Сенім – адамның білімінің негізінде туындайды. Ол өзінің сенімін қандай бір жағдай болмасын оны

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Ортаев Б.Т., Абдуллаева К. Оқыту технологиясын жобалаудағы кейбір мәселелер

қорғауға және өзінің сенімінен таймауға, қарым-қатынас жасауға тырысады. Идеал – іс-әрекеттің жоғары мақсаты, ұмтылыс.

2) Тәжірибесі (адамның даярлығы, оның білімі, дағдысы, іскерлігі мен әдеті).

3) Психикалық үдерістері (қабылдау, ойлау, түйсік, зейін, ес, ерік, сезім, эмоция, сенсомоторика). Психика - өмір дамуының белгілі сатысында пайда болатын және шындықты белсенді формада бейнелейтін жоғары ұйымдасқан материяның қасиеті. Қабылдау – материалдық дүние құбылыстары мен оның заттарын көру, есіту, сезіну және басқа бейнелер арқылы адамның санасынан сыртқа тарайтын психикалық үдеріс. Түйсіну – адам танымының алғашқы сатысы, ішкі және сыртқы материалдық ортаның заттары мен құбылыстарының жеке қасиеттерін бейнелей көрсету. Зейін – психикалық іс-әрекеттің объектіге бағытталуы мен шоғырлануы. Ес – көкейге тоқу, орнықтыру және кейін елестету арқылы жеке адамның тәжірибесін көре білу. Сезім дегеніміз (толғаныстар) - әлеуметтік және табиғи өмірдің сан алуаын жақтарына эмоциялық қатынас. Сенсорика - сезімдік таным элементтерінің: түйсінулердің, қабылдаулардың, түсініктердің жиынтығы.

4) Темперамент (адамның жоғары жүйке қызметінің типологиялық негіздері, жеке тұлғаның жас және жыныстық қасиеттері және патологиялық өзгерісі). Жүйке жүйесі қасиеттерінің көп кездесетін комбинациясы – сангвиник, флегматик, холерик және меланхолик темпераменттері.

Темперамент – жүйке жүйесінің тума қасиеттерінен, туындайтын адамның жеке өзгешеліктерінің бірі. Ол адамдардың эмоциялық қозғалысынан, қимыл қозғалысынан, жалпы белсенділігінен жақсы байқалады. Темперамент – организмнің физиологиялық өзгешеліктерімен, әсіресе, жоғары жүйке қызметінің тума қасиеттерімен шарттас психикалық құбылыс. Темперамент адамның жалпы қозғалысынан да (мәселен, біреулер шапшаң қозғалады, тез қимылдайды, енді біреулер жай қимылдап, асықпай істейді), психиканың күші мен тереңдігінен де (мәселен, біреу өжет, алғыр болса, екінші біреу керісінше, сылбыр, жігерсіз болады), адамның көңіл-күйінің ерекшеліктерінен де (салмақты, тұрақты, жеңіл, тұрақсыз т. б) эмоция сезімдерінен де (біреу сабырлы, екінші біреу күйгелек т.б.) жақсы байқалып отырады. Темперамент ерекшеліктері төмендегіше сипатталады: сангвиник темперамент – еті тірі, әрекеттік қозуы, белсенділігі, тез өзгермелі әрекет жағдайында жігерлі, жағдайдың ұдайы жаңаруын қажет етеді, бірсарындылық жалықтырады; меланхолик темперамент – психикалық үдерістердің жүруі жай, олардың әлсіздігі, жоғары сезімталдығы, жоғары әсерленуші, ішкі әсерлер кезінде шаршауы жоғары; флегматик темперамент – жайбасар, асықпаушылық, бірқалыпты, сабырлы, қозу әлсіз, сыртқы әрекетке қозуы әлсіз, т.б.; холерик темперамент – мимикасы, әрекеті тез, тез қозғалғыш, ұшқалақ, тез қозады, кейде ұстай алмайды; барлық психикалық

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Ортаев Б.Т., Абдуллаева Қ. Оқыту технологиясын жобалаудағы кейбір мәселелер

үдерістері холерик темперамент адамдарда тез және интенсивті жүреді. Оқушы темпераменті оқыту үдерісінде назарға алынады.

2. Оқушыға оқу материалының берілуі. Материалдың берілуі оқушы танымына және осы оқу материалын қайта өңдеу психикасына сәйкес келмеуі мүмкін және оның себептері әр алуан болады. Мұнда, мұғалім төмендегідей оқыту әдістерін жүзеге асыруды ойластырады:

1) Оқу материалдарын ауызша мазмұндау (еңбек құралдарының құрылысы мен жұмыс істеу принципін, технологиялық үдерістердің ғылыми мәнін түсіндіру, өндіріс, кәсіп туралы және т. б. баяндау).

2) Әңгіме (білімді тексеру үшін және оқушыға жаңа мағлұматтарды хабарлау үшін).

3) Оқу демонстрациясы (оқып үйренетін механизмдер мен машиналарды, үлгілерді және т.б., кинофильмдерді, диафильмдерді және диапозитивтерді көрсету, техникалық құжаттармен таныстыру, еңбек тәсілдері мен операцияларын көрсету және т. б.; интерактивті тақтаны пайдалану, т.с.с.).

4) Оқушылардың білім, іскерлік және дағдыларын бағалау және тексеру әдістері (ауызша сұрақтар, практикалық бақылау жұмыстары, біліктілік емтихандар және т. б.).

Бұл әдістердің жиынтығы оқушыларға білімді жеткізу үшін ғана емес, сондай-ақ мектеп оқушыларында дүниетанымды қалыптастыру үшін, жеке тұлғаны жан-жақты жетілдіру мен оларда өнегелілікті, адамгершілікті тәрбиелеуі мүмкін.

Оқу материалының мазмұнына, оқушылардың жас ерекшеліктеріне, олардың дайындық деңгейіне және нақты оқу мүмкіндіктеріне байланысты мұғалім біріне-бірі үйлестірілген әр түрлі оқыту әдістерін пайдалануды жоспарлайды. Мұнда дедуктивті немесе индуктивті баяндау тәсілдері оқыту технологиясын құрастыруда мұғалім назарында болады.

3. Энергия қоры. Оқушы өзіне энергия қорын жинақтайды. Егер энергия қоры жоқ болса, онда ақпаратты меңгеру үдерісі тиімсіз жүреді. Қарапайым психикалық энергияның қайнар көзі тамақтану, демалыс, ұйқы, демалу, физикалық әрекеттер және т.б. Сондықтан да оқушы энергиясының қоры толықтығы қамтамасыз етілуі тиіс.

4. Оқушының оқуға деген мотивациясы. Егер ол (мотивация) жоқ болған жағдайда оқу-тәрбие үдерісіндегі оқушының оқу жұмыстарын орындауы әрекет түрінде қалуы мүмкін, яғни оқушының мотивациясының жоқ болуы оқу үлгерімінің төмендеуіне әкеліп соқтырады.

Ал мотив, оқу іс-әрекетінің негізгі құраушы элементі болып табылады. Сондықтан да, мұнда мотив іс-әрекет үшін негізгі буын ғана емес, іс-әрекет, оқушының жалпы оқу жұмыстары үшін басымдыққа ие болады.

Іс-әрекеттің құрылымын В.И.Смирнов мынадай жүйеде қарастыруды ұсынады: іс-әрекет- мұқтаждық – мотив – мақсат – шарттар – міндет – әрекет операция. Адам іс-әрекетінің құрылымын В.Г.Крысько: іс - әрекет – мотив –

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Ортаев Б.Т., Абуллаева Қ. Оқыту технологиясын жобалаудағы кейбір мәселелер

әрекет - мақсат – интериоризация – экстериоризация - операция деген тізбек түрінде зерттеуді дұрыс деп санайды. Бұл жүйелердің қателігін М.Құдайқұлов іс-әрекеттен бастауы таным философиясына сәйкес келмейтіндігі, себебі қажеттілік тумай одан ешуақытта да әрекет жасалмайтынын айтады [2.48-49]. Сондай-ақ педагог ғалым бірінші зерттеушінің қателігі ретінде міндет іс-әрекеттің орындалу шартының алдында болуы керек деп біледі.

5. Оқушының ақпаратты қабылдауы. Оқушылардың сабақты түсінбеу, үлгермеу себептерінің бірі тақтадан немесе мұғалімнен алынатын ақпараттың қабылданатын қашықтыққа сәйкес келмеуінен, яғни есту немесе көруі төмен болады. Оқушылар материалды көрмейді немесе естімейді. Оның себептерінің бірі дәрігерлік байқаудың сапасыздығы, оқушының көзілдірік немесе есту аппаратын тағуға қарсылық білдіруі. Оны мұғалім байқамайды және бірінші партаға отырғызбайды. Кейде ол материалды оқушының түсінбеу себептерінен болуы мүмкін: арнайы терминдерді түсінбейді; мұғалімнің пайдаланған сөзі оқушының семантикалық өрісіне сәйкес емес; оқу материалы баяндалатын тілді оқушы нашар білуі және т.б.

Сондай-ақ мұнда, таным үдерісі жөніндегі мәселелер назарда болғаны абзал. Профессор М.Құдайқұлов ғылыми зерттеулердегі іс-әрекет жөніндегі мәселелерді зерделеп және өзінің пайымдауымен оны төмендегідей жинақты етіп сызбада ұсынады (Сурет 1) [2. 23].



Сурет 1. Таным үдерісінің психологиялық және философиялық формаларының құрылымдық байланысы (профессор М.Ә.Құдайқұловтың еңбегі бойынша)

Сондай-ақ мұнда, оқушының ерік-жігері назардан тыс қалмауы тиіс. Ерік-жігердің жеткілікті емес дамуы оқушының қиындықты жеңуіне мүмкіндік бермейді және оқу материалын меңгеру кезінде жалқаулықтың пайда болуына негіз қалайды.

Оқушылардың оқу танымдық қызметі белгілі бір теорияға сүйенеді

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Ортаев Б.Т., Абдуллаева Қ. Оқыту технологиясын жобалаудағы кейбір мәселелер

(В.В.Давыдов, П.Я.Гальперин т.б.). Теорияларға сүйене отырып, оқушының берілген материалды меңгеру алгоритмін де жасауға болады және бұл алгоритм оқушының мемлекеттік стандарт деңгейінде білім алуына кепілдік бере алады.

6. Оқушының оқу іскерліктері. Оқу іскерліктерін теориялық оқу мен практикалық іс-әрекеттерге сәйкес бөлуге болады. Оқушының теориялық оқуға байланысты оқу іс-әрекеттерінің нәтижелілігі оның есте ұстау, түсіну және сөйлем түрінде қалыптастыру, яғни көпшілік алдында оқу материалын баяндауға байланысты. Қазіргі уақытқа дейін мектепте оқушылар осы саладағы жинақталған технологияларды пайдалануды жеткілікті үйренбеуде. Бұл жекелеген оқушылардың оқуға деген ықыласының төмендеуінің бірден бір себебі.

Оқушының оқу іскерліктері төмендегідей оқу әдістерін:

- 1) Жаттығуды (ақыл-ой, қозғалыс, аралас);
- 2) Оқу экспериментін (лабораториялық-практикалық жұмыстар);
- 3) Оқу-өндірістік жұмыстарды;
- 4) Есептерді шешуді (техникалық, технологиялық, экономикалық есептерді);
- 5) Техникалық құжаттармен жұмыс жасауды (оқу, құрастыру, схема және сызбаларды, техникалық және нұсқау карталарды және т.б. қолдану);

6) Ғылыми-техникалық әдебиеттермен жұмыс жасауды (анықтамалықтармен, оқу құралдарымен, техника бойынша жалпыға түсінікті кітаптармен және т. б.) жүзеге асыруға шарттар жасайды.

Педагогикалық технологияларда оқушы іс-әрекетінің (мұғалім іс-әрекетімен қатар) жобаланатыны педагог ғалымдар тарапынан кеңінен қарастырылған. Белгілі ғалым Ж.Қараев «Педагогикалық технология деп нақты өмірлік тәжірибеде іске асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасын айтады. Ал күнделікті сабақ өткізуге арналған мұғалімнің жоспарын технология ретінде қабылдауға болмайды», - дейді [4.3]. Педагог ғалымның ойынша (нақты және ұғынықты болу үшін) оқу үдерісін (Опр) мынадай формуламен өрнектеуге болады:

$Опр = Ы (ынта) + Тқ (танымдық қызмет) + Б (басқару)$ . Баланың (немесе оқушының) мұндағы танымдық қызметі төмендегідей өрнекпен анықталады:  $Тқ = \text{ӘБН} + \text{ОРә} + \text{Ан} + \text{Тә} + \text{ТҮЗә}$  (Бұл жердегі ӘБН - әрекеттердің бағдарлық негіздері, ОРә - орындау әрекеттері, Ан – аралық нәтиже, Тә - тексеру әрекеті, ТҮЗә - түзету енгізу әрекеті).

Білім берудің әлсіз буындарының бірі – оқу үдерісін басқару. Өйткені мұнда, басқару мұғалімнің аралық және қорытынды бақылауынан ғана тұрады, ал оқушының өзін-өзі басқаруы мен қадағалауы кері байланыстың әлсіздігінен өте нашар жүреді. Жаңа технологияда бұл кемшілік жойылады, себебі мұнда басқарудың белгілі бір алгоритмдері жасалады. Сондықтан да, атап көрсетілген компоненттерді (оқушының жеке тұлғалық сапасына және оқыту үдерісіне қатысты) пайдалану үлкен жетістіктерге жеткізеді.

7. Оқушының оқу жұмыстарына мұғалімнің бағасы. Бағдарламалық талаптарды орындау деңгейі (теориялық және практикалық) оқушы бағасының критерийін анықтайды. Бағаның объективті қойылмауы да оқушының оқуға

деген ықпалын білдіреді.

Оқушыға қойылған бағаның объективті қойылмауы, яғни оқушы білімін, іскерлігін төмен бағалау баланың оқуға деген ынта-ықыласын «құм» етуі де мүмкін. Екінші жағынан бағаны жоғары қою, оның қадір-қасиетін кетіреді. Сондықтан да бағалауды ғылыми негізде жүзеге асыру талабының орындалуы шарт деп білу қажет.

Осы айтылғандар оқушылардың оқу іс-әрекеттерінің нәтижелілігіне негіз қалайды. Дегенмен де, оқушының оқу жұмыстары барысындағы іс-әрекеттерін оқыту технологиясында қамтып, оны жобалауда жүзеге асыруда негізінен оқу әдістері мен психикалық үдерістер ішіндегі логикалық тәсілдер басты мәнге ие.

Қорыта айтқанда, оқушылардың білім сапасын оқыту технологиясы тұрғысынан қамтамасыз етуде оқушы тарапынан орындалатын іс-әрекеттер мен оқытудағы оқушыға тән ішкі және сыртқы факторлар өзара байланысты. Оның ішінде төмендегілерді атап көрсетуге болады:

1. Оқушының интеллектуалдық сферасының белсенділігі;
2. Ішкі энергиясының толық мәнділігі;
3. Мотивацияның болуы (оның ішінде ішкі және сыртқы ықпалдан болатын);
4. Еріктік компоненттердің күшті болуы;
5. Оқушылардың оқу іскерліктерін меңгеруі (әрбір сыныпқа тән) және олар оқу-тәрбие міндетті түрде назарға алынуы қажеттілік болып табылады.

Оқыту технологиясын құрастыруда, оқушы іс-әрекеттерін (оқу жұмыстарын, логикалық тәсілдерін, т.с.с. жүзеге асыру) назарға алу: оқытуды дұрыс жобалауға және оны нәтижелі ұйымдастыруға; оқытуды басқаруға мол мүмкіндіктер жасайды.

Жоғарыдағы айтылғандар, өз кезегінде оқушыларды деңгейлеп, даралап оқытуды ұйымдастыруға алып келеді.

Сондай-ақ, оқыту технологиясын құрастыруда мұғалімнің іс-әрекеттері де оқушының оқу-іс-әрекетімен сабақтастығын сақтайды. Оқыту әдістеріне қатыстыларының ішінен мұғалім тарапынан ақпараттардың дәл, айқын, түсінікті берілуін, бағаның объективті жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге бағдар береді.

Оқу-тәрбие үдерісінің нәтижелілігі негізінен оқыту технологиясын құрастырудағы оқушы мен оның іс-әрекетінің мұғалім дайындығында дұрыс жобалануына байланысты.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Кыверялг А.А.* Методы исследования в профессиональной педагогике. –Таллин: Валгус. 1980. – 333 с.
2. *Құдайқұлов М.Ә.* ж.б. Нарықтық педагогика негіздері: студенттер мен мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік құрал. - Алматы, 2007. – 276 б.
3. *Колеченко А.К.* Энциклопедия педагогических технологий: Пособие для преподавателей. –СПб.: КАРО, 2002.
4. *Аманкелдиев Ә.* Педагогикаға да технология қажет // Зерде. -1994. -№5, 3-4 б.

**Т.А.ДАНИЯРОВ**

педагогика ғылымдарының кандидаты,  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

**Т.С.ҚАРЫНБАЕВ**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**БОЛАШАҚ АКТЕРЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДА ДАЙЫНДАУ -  
КЕЛЕШЕК ҰРПАҚТЫ РУХЫ БИІК ТҰЛҒА РЕТІНДЕ  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕПІЛІ**

В статье рассматриваются оценка будущих актеров и наших будущих поколений, подготовка их по педагогическому направлению к духовному развитию.

This article considers the degree of spiritual development and emotional charm of personality as a result of the formation of its teaching acting.

Педагогикалық әртістік шеберлік ұғымы мазмұнын анықтауда «педагогикалық техника» ұғымына мән беріледі. Оқытушы әр сөзін орынды айтуы тиіс, оның жүріс-тұрысы, қимыл-қозғалысы, отырып-тұруы оқушыларға эстетикалық талаптар деңгейінде болуы керек. Демек, бұл актер сомдаған бейненің көрерменге қимыл-қозғалысы мен сөйлеу мәнерінің мақамы анық, таза, көркем, түсінікті жеткізілуі, бұл «актерлік өнер» мамандығындағы оқытылатын актер шеберлігі, сахна тілі, сахна қозғалысы сияқты пәндер мазмұнындағы шарттармен үйлеседі.

Педагогикалық тәсіл - болашақ актердің өзінің рухани құндылықтарын үйлесімді, терең және нақты жағдайда көрсетуге мүмкіндік беретін біртұтас педагогикалық үдерісте оң нәтижелерге қол жеткізуге бағыттайтын біліктер жиынтығы.

Педагогикалық қарым-қатынас икемділігі, сөйлеу техникасы мен мәдениеті (дыбыстау, тыныс алу, дауыс мәнері, дауыс ырғағы, сөйлеу мәдениеті, т.б.). сезім мен қатынастарды мәнерлі көрсетуі (ымдау, пантомимика, мұғалімінің жалпы сыртқы көрінісі), болашақ актердің психикалық жағдайын кәсіби өзіндік реттеуі (өзін-өзі бақылау, шыдамдылық т.с.с.) педагогикалық әртістік шеберлік элементтері болып саналады.

Педагогикалық әртістік шеберлікті меңгерген актердің міндеті - аудиторияға эмоциялды ықпал ету, олардың үн қосуына, белгілі сезімдік үдерістерге себепкер болуы, өмірді және ондағы өнердің мәнін терең қабылдауына ықпалы; олардың ой-санасын белсендіру мен жан-жүрегін шабыттандыру, өзіне деген сенімді нығайту, өзінің мәдениетке қарым-қатынасы мен сезімдерін дамыту арқылы шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағдар беру.

Педагогикалық әртістік шеберлікті меңгерген актердің негізгі мақсаты - оқушының өзін-өзі дамыту ұстанымын, қоршаған ортаға бейімділігі мен толеранттылығының қалыптасуына ықпал ету; жалпы - оқу-тәрбие үдерісіне, барлық іс-шараларға белсенділігін арттыру, эстетикалық бағдары мен

талғамының жоғары үлгісіне талаптандыру.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Данияров Т.А., Қарынбаев Т.С. Болашақ актерларды педагогикалық тұрғыда дайындау - келешек...

Педагогикалық әртістік шеберлікті меңгерген актердің негізгі жанры-тапсырмалар топтамасы арқылы эмоциялық толыққандылық пен бірлескен түрде жұмыс нәтижесінің шығармашылық еркіндігін қалыптастыру [1].

Педагогикалық әртістік шеберлікті меңгерген актердің еңбегінің басты нәтижесі - шығармашылық үдерісті белсендіру, білім мен біліктілікті меңгеру деңгейін арттыру арқылы шығармашыл тұлғаның қалыптасуы.

Болашақ актердің педагогикалық әртістік шеберлікті меңгеру құрылымын былайша қарастыруға болады:

1. Сезімдік әртістік шеберлігі - актердің мәдениеті, эмоциялылығы, қиялдау ұшқырлығы, сезімдік нәзіктігі мен бейнелі ойлауы, креативті шешім қабылдауы, педагог пен студенттің өзара әрекетінің; шығармашылық бағдары және оған талаптануы, өзін-өзі мәдениетті ұстауы т.б.

2. Іс-әрекеттік әртістік шеберлік - педагогикалық шеберлік техникасын меңгеруі, пәндік мазмұнға өзінің қарым-қатынасын білдіруі, іс-әрекетті эмоциялық сипатта жүзеге асыруы, оқушылардың шығармашылық деңгейін көтеруі, сабақтың шебер режиссурасын құрастырады.

Актердің ғылыми, абстрактілі материалдарға өмірлік құбылыстарды сабақтастыруы, ал ғылыми шешімдерді қоғамдық мәнділік сипатта, одан әлеуметтік мәселелерді көруі және оны оқытылатын материалға құнды қарым-қатынасын құру шеберлігі педагогикалық әртістік шеберліктің танылуына, өнегелі әсер қалыптастыруға негіз болады.

Осылайша, педагогикалық қарым-қатынас үдерісінде кәсіби әртістік шеберлікті қалыптастыру келесі міндеттерді орындауға мүмкіндік береді:

- оқытушы студенттің танымдық мотивациясын арттыруға жағдай жасай келе, пәндік мазмұнды эмоциялық қабылдауымен сабақтастырады. Бұл болашақ актердің педагогикалық әртістік шеберлігін қалыптастыруда өте тиімді бағдар болып табылады;

- педагогикалық әртістік шеберлікті меңгерген актерлер мәдениетті, пікірді объективті қабылдауға және түсінуге, қарым-қатынаста шыдамдылық таныта алады;

- шығармашылық көңіл-күйге ынталандыру, шығармашылық белсенділігін қалыптастыру; сыртқы және ішкі жеке көріністердің үйлесімін ықпалдастыра отырып, эмоциялық қанағат алуға үйретуге жағдай жасайды.

С.Ұзақбаева, Қ.Шалғынбаева: «Жаңа тұрпаттағы, адамгершілігі жоғары адамды тәрбиелеу, жан-жақты дамыған жеке адамды қалыптастыру бүгінгі қоғам құртылысының аса маңызды буыны» деп өз пікірлерін білдіре келе, болашақ маман даярлаудағы педагогикалық шеберлікті қалыптастыру талаптарының ішінде адамгершілік мәселесіне басты назар аудару қажеттігін негіздейді [2].

Қ.Байқуатұлы: «Негізгі мақсат әрбір студенттің мүмкіндігіне қарай,



оқыту барысында белгілі бір өсу үдерісіне, жетістік дәрежесіне қолайлы

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Данияров Т.А., Қарынбаев Т.С. Болашақ актерларды педагогикалық тұрғыда дайындау - келешек ...

шығармалар арқылы, қолайлы жағдай туғызу», - дейді [3].

Қорыта келе, болашақ актерлерді дайындау келешек ұрпағымыздың рухы биік тұлға болып жетілуіне, қоршаған ортаны көркемде әсем қабылдауына, ұлттық мәдени құндылықтарымызды бағалап қастерлеуге бағыттауға мүмкіндік береді. Ал, білім беру мен тәрбиелеу - ақыл-ой мен мәдени дамудың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған үздіксіз педагогикалық үдеріс. Кәсіби педагогикалық әртістік шеберліктің мүмкіндіктерін меңгерген болашақ актердің өзіндік ерекшеліктері мен шығармашыл тұлға болып қалыптасуы басым болары сөзсіз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұмбаев М. Педагогика. Алматы: Аналі, 1992. 152 б.
2. Ұзақбаева С.А., Шалғынбаева Қ. С.Торайғыровтың педагогикалық көзқарастары. Алматы: Білім, 1998. 117 б.
3. Байқұтұлы Қ. Актер - әншіге дауыс қою, репертуар жүйелеудегі -максат // ҚР Ғылым және білім министрлігі Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық академиясы «Мәдениет пен өнер дәстүрінің әлем кеңістігіндегі сабақтастығы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция мақалалар жинағы. –Алматы, 2008. 24-25 сәуір. Б. 201-203.

**А.А.МІНДЕТБАЕВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

**Б.Ы.ЕСҚАРАЕВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистр-оқытушысы

**БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН МЕКТЕПТІҢ ДЕНЕ  
ТӘРБИЕСІ ПӘНІНДЕ КОМПЬЮТЕР ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУҒА  
ДАЯРЛАУ**

**В статье рассматриваются задачи подготовки будущих учителей информатиков в применении компьютерных средств на уроке физической культуры.**

**The article considers the problems of training future of computer science teachers in application of computer units at a physical training lesson.**

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында «Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады» - делінген. Осы міндеттерді жүзеге асыруда, біріншіден педагогтың кәсіби білімін арттыру, яғни ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кәсіби іс-әрекетінде қолдану арқылы біліктілігін жетілдіру керек.

Ақпараттандырудың негізгі міндеттерінің бірі – мектепте компьютерлерді оқыту құралы ретінде қолдану болып табылады. Осы жағдайда мектептің информатика мұғаліміне көптеген талаптар қойылады.

Мектептегі информатика мұғалімін пән мұғалімі ғана емес, бірінші кезекте мектептегі педагогикалық қызметті ақпараттандырудың ұйымдастырушысы ретінде де қарау керек. Әрине, информатика мұғалімінің жұмысы үшін қажетті барлық білімді игеру мүмкін емес, бірақ үздіксіз өз білімін жетілдіру арқылы ақпараттың жылдам дамуымен қатар информатика мұғалімі де көштен қалмай отыруы керек.

Қазіргі заманғы кез келген мамандар үшін ең маңызды талап – білімін үздіксіз жаңарту болса, ал информатика мұғалімі үшін айқындаушы қабілетінің болуы талап етіледі. Яғни мектептің информатика пәні мұғалімі басқа пән мұғалімдерінің сабақтарында компьютерді пайдалану ісіне тікелей көмек беруі тиіс. Осы бағытта мектептің дене тәрбиесі пәнінде компьютер құралдарын қалай қолдануға болады деген сұрақ туындауы мүмкін. Біз осы мәселе төңірегінде көптеген зерттеулер жүргізе бастадық. Енді аздап осы мәселеге тоқталайық.

Оқу процесінде, оның ішінде дене тәрбиесі пәнінде, компьютерлік технологияларды қолдану мүмкіндіктеріне қарағанда, қазіргі заманғы

компьютерлік құралдардың функционалдық мүмкіндіктері қарқынды дамуда.

Дене тәрбиесі сабағында компьютерді қолдану технологиясын жүзеге

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Міндетбаева А.А., Есқараева Б.Ы. Болашақ информатика мұғалімдерін мектептің дене тәрбиесі...

асыруда келесі принципті басшылыққа алу керек: білім мен білікті қалыптастыру дәстүрлі технологияларды қолдануда мүмкін болмай, компьютер арқылы мүмкін болатын жағдайда ғана компьютер құралдарын қолдану керек.

Компьютер ақпараттарды алу мүмкіндігін кеңейтеді. Түстер, сызба-кестелер, мультипликация, дыбыстар - барлық қазіргі заманғы бейнетехнологиялық жабдықтарды қолдану білім берудің негізгі жабдығын құруға мүмкіндік береді.

Дене тәрбиесі сабағында компьютерді қолдану оқушылардың теориялық мәліметтерді жедел меңгеру қабілетінің артуына әсер етеді.

Бәрінен бұрын, сабақта компьютерді қолдану әдістемесі басқаша орын алады: мұғалім үшін бірінші кезекте оқу материалын қалай айту емес, қалай көрсету керек деген мәселе тұрады.

Сабақтың жоспары да басқаша құрылуы мүмкін: педагог сабақтың компьютер қолданатын кейбір жеке элементтерін арнайы ойластыруы, дәстүрлі және интерактивті оқыту құрылғыларының интеграциясын қарастыруы, сабақ кезінде оқушылардың танымдық жұмыс жасау әрекеттерін басқару әдістерін жүргізуі керек.

Басты назар аударарлық жағдайлар:

- Күнделікті сабақтарда көрнекі түрде көрсету үшін қиындық тудыратын түрлі спорттық процестерді (жүгіру, секіру және т.б. қозғалыс әрекеттері) тиімді үлгіде көрсету;
- дене тәрбиесі сабағында көрнекі құралдардың кемшіліктерін техника көмегімен болдырмау;
- қозғалыс әрекеттерінің техникасы туралы оқушыда дұрыс көзқарас қалыптастыру үшін компьютерді қолдану.

Орта мектептерде дене тәрбиесі пәнінің барлық курсы оқыту кезінде оқушыларға спорттық-компьютерлік дағдылар мен машықтарды қалыптастырудың бірнеше кезеңдерін бөліп көрсетуге болады.

**I кезең – визуальды (5-7 сыныптар)** – оқушылардың әйгілі спортшылардың қозғалыс әрекеті техникасын көруі, шолуы және элементтерден біртұтас қозғалыс әрекеттерін меңгеруі қарастырылады.

Бұл жаттығулар абстрактілі (дерексіз), бейнелі ойларды дамытуға әсер етеді. Оқушылар жеке элементтерден біртұтас қозғалыс әрекеттерін құрастыру мүмкіндігіне ие болады, теориялық білімдерін жаттығуларды орындау бойынша тәжірибеде сәтті қолдануға мүмкіндік алады.

**II кезең – техникалық (8-9 сыныптар)** – қозғалыс әрекеттерін, жаттығуларын түсіру үшін бейнеаппаратураларды (бейнекамера,

фотоаппарат, ұялы телефон) қолдану, содан соң оны «Кадрлық қозғалыс» бағдарламасында өңдеу және оқыту ұйғарылады.

Оқушылардың бейне құрылғылармен және ДК жұмыс жүргізу машықта-

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Миндетбаева А.А., Есқараева Б.Ы. Болашақ информатика мұғалімдерін мектептің дене тәрбиесі...  
XX

ры, аналитикалық ой-танымдары дамиды, балалар қозғаушы күштер техникасын детальды оқу мүмкіндігіне ие болады.

**III – аналитикалық кезеңде (10-11 сыныптар)** – жоғары сынып оқушылары берілген мәліметтерден сараптама жасау негізінде шешім қабылдауды, белгілі шарттарға (сабақ, жарыс, қарсыласу белсенділігі) қатысты қозғалыс күшін ұйымдастыруды үйренеді, оларда адекватты өзін-өзі бағалау жүйесі қалыптасады.

Дене тәрбиесі сабағында оқушылар түрлі компьютерлік технологияларды: «Flash», интернет бағдарламаларын игереді.

Компьютерді сабақтың барлық кезеңінде қолдануға болады. Жаңа материалды оқыту кезінде мұғалім оқу процесін ұйымдастырады, жетекшілік жасайды, бағыт береді және үйлестіреді, ал материалды оның орнына компьютер «түсіндіреді». Сабақты біршама мазмұнды және қызықты ететін дыбыс және мәтін көмегімен оқушылар қозғалыс әрекеті жөнінде мағлұмат, көрініс алады және қозғалыстар тізбегін модельдеуді үйренеді.

Білімді бекіту кезеңінде компьютер дәстүрлі сабақ мәселелерін шешуге мүмкіндік береді: білім деңгейінің жекелей есебін алуға, сондай-ақ әрбір нақты жағдайда алынған дағдылар мен машықтарды түзетуге мүмкіндік береді.

Қайталау кезеңінде компьютер арқылы оқушылар әр түрлі проблемалық ситуацияларды шешеді. Нәтижесінде танымдық ой еңбегіне барлық оқушылар қатыстырылады. Олардың материалды игерудегі өзіндік жұмыс жүргізу деңгейін мұғалім реттейді.

Бақылау формасына өзіндік бақылау, өзара бақылау, алған білімдерін тәжірибеде қолдану жатады.

Үй тапсырмасы есебінде әр оқушы қозғаушы әрекеттердің элементтер жинағын (жүгіру, секіру және т.б.) алу мүмкін, яғни ол алынған материалдың негізінде тұтас спорттық композиция құруы тиіс.

Жұмысты бағдарламаның барлық бөлімдері бойынша компьютерлік құралдарды қолдану онтайлы бөлінетін тақырыпты (бөлімді) оқытудың тақырыптық – сабақ жоспарын құрудан бастау керек. Ол үшін төмендегілер есепке алынады:

- оқытылатын материалдың мазмұны;
- негізгі қолданылатын педагогикалық технология;
- сабаққа қойылатын классикалық талаптар (логикалық қорытынды, әдістердің көп түрлілігі және т.б.);

Компьютерді қолдана отырып, нақты сабақ жоспарын құру үшін мұғалім тақырыптық жоспарды басшылыққа ала отырып, сабақтың әдісі мен

міндетіне қатысты сабақ мақсатын анықтайды. Дәстүрлі оқытумен салыстырғандағы компьютерлік құралды қолданудың біртұтастығы анықталады. Одан соң сабақтың конспект-жоспары құрылады.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Міндетбаева А.А., Есқараева Б.БІ. Болашақ информатика мұғалімдерін мектептің дене тәрбиесі...  
:XXX

Компьютерді қолдану арқылы сабаққа дайындық кезінде мұғалім алдына төмендегі міндеттер қойылады:

- бағдарлама өнімінің мәліметтерін және ақпараттық ресурстарды педагогикалық көзқарас тұрғысынан бағалау және қарастыру;
- дене тәрбиесі пәні бойынша бағдарлама бөлімдеріне қатысты тапсырмалар тізбегін құру.

Сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану оқыту процесі деңгейінің артуына әсер етеді. Егер АКТ өте сирек қолданылса, онда оның әрбір қолданылуы ерекше жағдайға айналады да, оқыту материалының оқушы дағдысы мен жүйесіне кедергі келтіретін эмоционалды әсерлерінің жоғарылауына алып келеді. Керісінше, оны әр сабақ қатарынан өтетін жиі қолдану оқушының сабаққа деген қызығушылығын жоғалтады.

Дәстүрлі АКТ-ны оқу процесінде қолдану деңгейі оқушылардың жас ерекшеліктері мен олардың танымдық қабілетінің дамуына байланысты анықталады. Дұрысы, дене тәрбиесі сабағында ассоциативті ойлауды бекіту мен оқытылатын қозғалыс әрекеттерін көру арқылы бейнелік көзқарас орнату үшін бағдарламаның әрбір бөлімін басынан бастап ақпараттық-коммуникативтік технология (АКТ) бойынша оқыту.

АКТ-ны қолдану тиімділігі сабақ кезеңдеріне де байланысты. Оқытудың басында АКТ сабақтың ұйымдастыру кезеңінде қолданылса, білімді тексеру немесе бекіту кезінде, сабақтың қорытынды кезеңінде және үй тапсырмасын тексеру ретінде де қолданылуы мүмкін.

Қорыта айтқанда, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды мектеп пәндерінде пайдалану ісінде жетекші қызмет атқаратын пән мұғалімі мен информатика пәні мұғалімі болғандықтан, болашақ информатика мұғалімдерін кәсіби даярлау қызметінде студенттерді мектептің кез келген пәнінде компьютер құралдарын қолдана білу әдісіне үйрету керек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Красильникова В.А. Информационные и коммуникационные технологии в образовании. - Оренбург –ГОУ ОГУ, 2006. – 235 с.
2. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. /Под ред. Полат Е.С. - М.: Академия. - 2001. – 272 с.
3. Таран А. Возможности компьютерных технологий на уроке физкультуры //Спорт в школе, №7, - 2009 г.
4. Богданов В.М., Пономарев В.С., Соловов А.В. Информационные технологии обучения в преподавании физической культуры. //Теория и практика физической культуры, №8, 2001.

**Н.А.ЖУНИСОВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистр-оқытушысы

**СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРДІ ОҚУШЫЛАРҒА ОҚЫТУДА БОЛАШАҚ  
МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІПТІК ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ  
МҮМКІНДІКТЕРІ**

В данной статье рассматриваются вопросы профессиональной подготовки будущих преподавателей общеобразовательных школ обучающихся учеников декоративно-прикладному искусству.

This article discusses the problems of professional training of future teachers of secondary schools teaching students to decorative and applied art.

Болашақ мұғалімдердің педагогикалық білімін арттыру мәселесі қазіргі таңда кәсіптік білім мекемелері үшін ерекше маңызға ие болып келеді. Мұның өзі соңғы жылдары біздің қоғамда орын алған, бүкіл білім беру жүйесіне тікелей қатысты әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен байланысты болып отыр.

Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді сәндік-қолданбалы өнерді оқушыларға үйрету барысындағы білім беру моделінің жаңа бағыттарының бірі – болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау болып табылады.

Осы себепті Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Жоғары білімді дамытудың негізгі үдерісі мамандар даярлау сапасын арттыру қарқыны ғылыми-зерттеу іс-әрекетімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік сала мен экономиканың қажеттіліктерімен тығыз байланысы, білім беру және ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады» - деп атап көрсетілген [1].

Мектепте оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне үйретуде шығармашылығын дамытуды басқару мұғалімнен педагогикалық іс-әрекет түріне тиісті дайындығы болуын талап етеді [2].

Ол іс-әрекеттің мазмұнына мыналар енеді: оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне үйретудің мақсаты мен нәтижелерін жобалау; сәндік-қолданбалы өнеріне үйретудің мазмұнын, әдістерін, құралдары мен формаларын іріктеу мен моделдеу; оқушылардың сәндік-қолданбалы өнері шығармашылығын дамытудың жеке бағдарламаларын (бағыттарын) құрастыру; шығармашылық іс-әрекет барысында жоспарлау мен мониторинг жүргізу және т.б.

Оқушылардың сәндік-қолданбалы өнері шығармашылығын дамыту міндеттерін шешуге болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың құрылымы, мазмұны мен шарттарын жетілдіру тетіктерін теориялық ой еңбегінен өткізу,

әзірлеу мен негіздеу үшін Қазақстандағы білім беру жүйесін дамытудың негізгі үдерістеріне талдау жасап көрелік.

Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауда педагогикалық білім беруді дамытудың жетекші үдерістері қатарына оның үздіксіздік, ізгіліктендіру мен

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Жунисова Н.А. Сәндік-қолданбалы өнерді оқушыларға оқытуда болашақ мұғалімдердің кәсіптік...  
XX

гуманитарландыру, демократияландыру, интеграцияландыру және т.б. қасиеттері жатады.

Үздіксіз білім беру мәселесі педагогикалық теориямен практикада баяғыдан-ақ берік енгізілген. Жалпы алғанда, үздіксіз білім беру ұғымы мынаған келіп негізделеді: адамның білімі қазіргі таңда белгілі бір кезеңде, мәселен, жалпы білім беретін немесе кәсіптік мектепті бітірген соң аяқталып қалмайды, керісінше бүкіл өмір бойына жалғасып отырады.

Болашақ мұғалімнің оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне үйретуде үздіксіз педагогикалық білім алуының маңызы мынадан көрінеді: кәсіби даярлық кезеңінде оның бойына педагогикалық тәжірибенің шынайы жағдайларында қажетті білімдер мен дағдыларды өз бетінше алуға мүмкіндік беретін қабілеттерді қалыптастыру; өзінің кәсіптік-шығармашылық әлеуетін жетілдіру; оқушылардың мектепте технологиялық білім алу жағдайлары мен мазмұнын дамытуға ықпал ету. Мұндай жағдайларда болашақ мұғалімнің жетекші кәсіптік қасиеттеріне мыналар жатады: шығармашылық ойлауын дамыту; кәсіби белсенділік; ақпаратпен жұмыс істеудің әдіснамалық білімдері мен тәсілдерін меңгеру; іс-әрекеттің жаңа түрлерін меңгеруге дайындығы мен қабілеттілігі; кәсіби-тұлғалық даму мен жетілуге деген қажеттілік[3].

Оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне үйретуде болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын жетілдірудің басты заманауи үдерістерінің бірі педагогикалық білім беруді ізгілендіру болып табылады, ол өз пәнінің құралдары арқылы оқушыны тәрбиелеу мен дамытуға, оқытудың заманауи формалары, әдістері мен құралдарын жүзеге асыруға кәсіптік деңгейде дайын болып келетін болашақ маманның субъектілік дамуы мен өзін-өзі дамытуын қарастырады [4].

Ізгілендіру бағытында педагогикалық білім беруді дамыту тұлғаға бағдарланған ұстаным негізінде, педагогтарды кәсіби даярлаудың мақсаттарын, мазмұнын және шарттарын жетілдіруден көрінеді. Оларды жүзеге асыру бітірушінің кең мәдени, ғылыми-техникалық және шығармашылық әлеуетке ие тұлға ретінде кәсіби қалыптасуын қамтамасыз етеді.

*Білімді гуманитарландыру* ізгіліктендірудің құралы бола отырып, ең алдымен, педагогикалық білім берудің мазмұндық сипатын өзгертуге қатысты болып келеді. Мұнда оқу жоспары құрылымындағы гуманитарлық пәндердің үлесі ұлғайтылмауы ескеріліп тұрған жоқ, өйткені олардың саны барлық кезде сападан артып түсе бермейді. Көбіне студенттерді мәдениетке, өзінің кәсіби және шығармашылық әлеуетін, педагогикалық тұлғааралық қатынаста, педагогикалық іс-әрекетте өз орнын тануға әкелетін алуан түрлі ғылыми элементтерді, категориялар мен деректерді енгізу арқылы оқу пәндерінің мазмұнын жетілдіруді қарастырады.

*Білімді демократияландыру педагогикалық үдеріске қатысушылардың барлығының, ең алдымен, студенттердің құқықтарын кеңейту ретінде қарастырылады. Бұл оларға оқу курстарын, оқудың жеке жолдары мен тәсілдерін ұсыну мен еркін таңдаудан көрінеді (жеке, экстернат, қашықтықтан оқыту және т.б.). Кәсіби оқыту ісі жүргізілетін мамандықтарды таңдауда маман даярлау*

*А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012*

*Жунисова Н.А. Сәндік-қолданбалы өнерді оқушыларға оқытуда болашақ мұғалімдердің кәсіптік...*

ерекшелігіне сәйкес жеке білім бағдарламалары мен оқу жоспарын құруда оқу орнының құқықтары едәуір кеңейеді.

*Интеграция* қазіргі таңда әлеуметтік жүйелердің, оның ішінде білім жүйесінің даму заңдылығына айналды. «Интеграция» ұғымы әлдебір жекелерді бүтінге біріктіру, жеке дифференциалданған элементтерді бүтінге байланыстырылған жағдайы, сонымен қатар осындай жағдайға әкелетін үдеріс ретінде түсіндіріледі.

Педагогикалық теория мен практикада әдіске ерекше мән беріледі өйткені, атап айтқанда, әдіс өз бойына білім берудің тиісті стратегиялық доктриналарын жүзеге асыратын әдіснамалық бағдарларын жинақтайды. Қазақстандағы педагогикалық білімнің қазіргі даму үдерістеріне жасалған талдау оқушылардың сәндік-қолданбалы өнерін дамыту іс-әрекетіне болашақ мұғалімдерді даярлаудың мазмұны мен шарттарын жетілдірудің негізгі тәсілдері туралы жалпы түсінік қалыптастыруға көмектеседі [5].

Сонымен, жүргізілген талдау оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне үйрету іс-әрекетіне болашақ мұғалімді сапалы даярлау үшін, нормативтік-құқықтық негіздердің жеткіліксіз екендігін айқындауға мүмкіндік берді. Мұның өзі мамандық бойынша негізгі білім бағдарламаларын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін тиісті құжаттар жиынтығын құрауды талап етеді, сонымен қатар педагогикалық іс-әрекеттің көрсетілген аспектісінде болашақ мұғалімдері кәсіби даярлаудың сапалы нәтижелеріне кепілдік береді. Бұл құжаттарды атап көрсететін болсақ:

- болашақ мұғалімнің кәсіби сипаттамасы, оған оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне үйрету саласында маман ретінде қойылатын талаптар енеді;

- көрсетілген аспектіде болашақ сәндік-қолданбалы өнері мұғалімін кәсіби даярлау моделі, яғни күтілетін нәтижені сипаттаушы негізгі параметрлерді анықтайтын әрі негіздейтін, сонымен қатар осы нәтижеге педагогикалық білімнің түрлі деңгейі мен сатыларына жету жолдарын суреттейтін модель;

- оқу жоспарының моделі, мұның құрылымында студенттердің қалауына қарай оқу пәндері мен курстардың арнайы дамытушы блогы өзіндік ерекшелікке ие;

- оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне үйретуде маман ретінде болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау мен шығармашылығын қалыптастыруға қолдау көрсететін, мамандық бойынша негізгі кәсіптік білім беру бағдарламасын кешенді оқу-бағдарламалық және оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету (оқу пәндері, аттестаттау үдерістері, іс-тәжірибенің барлық түрлері);

- студенттердің кәсіби және шығармашылық даму мониторингінің технологиялық моделі, ол оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне баулу аспектісінде олардың кәсіби қасиеттерін қалыптастыру деңгейінің жағдайын



қадағалау мен түзетудің критерийлері мен көрсеткіштерін және бақылау-бағалау шараларының жүйесін суреттейді.

Жалпы білім беретін мектепте мұғалімнің оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне үйретуге даярлығын технологиялық қамтамасыз ету бойынша

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Жунисова Н.А. Сәндік-қолданбалы өнерді оқушыларға оқытуда болашақ мұғалімдердің кәсіптік...

көрсетілген мәселелер келесі іс-әрекет бағыттарының маңыздылығын анықтап берді:

- оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне үйретуге болашақ мұғалімдерді даярлаудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес, мұғалімдердің педагогикалық білім мазмұнын, әдістерін, құралдарын және формаларын түзетуге мүмкіндік беретін тұжырымдамалық негізгі және базалық педагогикалық технологияларды таңдау;

- болашақ маманды даярлаудың мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, мамандық бойынша оқу пәндерін дидактикалық және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету;

- көрсетілген аспектіде болашақ мұғалімнің кәсіптік және шығармашылық бағалау критерийлерін әзірлеу;

- болашақ мамандарды жоғары оқу орындарында кәсіби даярлау барысында бақылау-бағалау шараларын жүзеге асыру құралын әзірлеу.

Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау барысында жоғары оқу орындары педагогтарының рөлі зор маңызға ие. Сондықтан педагогтардың кәсіби-мәдени, интеллектуалды және кәсіби-шығармашылық әлеует деңгейі оқушыларды сәндік-қолданбалы өнеріне үйрету іс-әрекетіне студенттердің кәсіби даярлығын қалыптастыруда шешілетін педагогикалық міндеттер төменде көрсетілгенге сәйкес болуы керек: *біріншіден*, оқушыларды сәндік-қолданбалы өнерге үйретумен, оқушыларды сәндік-қолданбалы өнерге үйрету бойынша іс-әрекет пен функциялардың негізгі түрлерінің негізделуі, *екіншіден*, әрбір педагогикалық іс-әрекет түріне сәйкес келетін біліктіліктер жиынтығының анықталуы, олардың қалыптасу деңгейін бағалау критерийлерін және бақылау-бағалау шараларына қойылатын талаптардың әзірленуі, *үшіншіден*, оқушыларды сәндік-қолданбалы өнерге үйрету іс-әрекетіне даярлау барысында студенттердің оқу-танымдық және оқу-шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру жағдайына қойылатын талаптардың нақтылануы.

Кредиттік жүйенің енгізілуіне байланысты білім берудің құрылымы, әдістері біршама өзгерді, оның ерекшелігі – болашақ мамандардың өз бетінше ізденуіне, білімдерін түрлі білім көздерімен толықтыруларына, ақпараттық технологияны жиі пайдалануларына, қарым-қатынас құзыреттіліктерін қалыптастыруға негіз болып отыр.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы //Қазақстан жоғары мектебі. – 2004. - №1.
2. Райымкулова А.Д. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері арқылы оқушылардың технологиялық мәдениетін қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дисс. - Шымкент, 2009.- 149 б.

3. Технология профессионально-личностного развития будущего учителя, его готовности к организации воспитательного процесса в образовательном учреждении: Научно-методические рекомендации /под рук. В.А. Сластенина. - М.: Новый учебник, 2003. - 176 с.
4. Әбдіганпарова Ұ.М., Ұзақбаева С.А. Қазақ сәндік-қолданбалы өнерін білім беру жүйесінде пайдалану тұжырымдамасы. - Алматы, 2007. – 23 б.
5. Овечкин В.П. Технологическое образование школьников: основания реформирования, сущность, подходы к реализации: монография. - Ижевск: УдГУ, 1998. - 44 с.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

XX

**У.Н.АДЫРБЕКОВА**

преподаватель МКТУ им. А.Ясауи

### **ОСОБЕННОСТИ ПИТАНИЯ ЮНЫХ СПОРТСМЕНОВ**

**Бұл мақалада жасөспірім спортшылардың тамақтану ерекшеліктері қарастырылады.**

**This article considers the peculiarities of young sportsmen’s nutrition.**

Здоровый ребенок – главная проблема ближайшего и отдаленного будущего любой страны, так как весь потенциал и экономический, и творческий, все перспективы социального и экономического развития, высокого уровня жизни, науки и культуры – все это является итогом достигнутого детьми уровня здоровья, физической и интеллектуальной их работоспособности.

Спортивная наука всегда уделяла особое внимание вопросам не только повышения профессионального мастерства будущего контингента национальных команд, но и сохранения здоровья детей и подростков, занимающихся спортом. Анализ теоретических знаний, практических достижений и рекомендаций указывает на тесную и неразрывную связь проблем питания юных и взрослых спортсменов. Поэтому тема, рассматриваемая в настоящей работе, актуальна для всех возрастных категорий спортсменов, как профессионалов, так и любителей [1].

Питание юного спортсмена, как и питание любого здорового взрослого человека, преследует основную цель – это обеспечение организма необходимым количеством энергии и незаменимыми факторами пищи. Кроме этого, питание рассматривается как активный фактор, способствующий сохранению здоровья и профилактике заболеваний и должно способствовать обеспечению естественных процессов роста и развития. Вследствие функциональной незрелости центральной нервной системы и ряда других органов и систем, высокой напряженности обменных процессов, растущий организм ребенка быстро реагирует на недостаток или избыток в питании тех или иных пищевых веществ изменением важнейших функций – нарушением физического и психического развития, расстройством деятельности органов, несущих основную функциональную нагрузку по обеспечению гомеостаза, ослаблением естественного и приобретенного иммунитета [2]. В современных условиях роль питания значительно повышается в связи с влиянием на формирование растущего организма таких социальных факторов, как резкое ускорение темпа жизни, увеличение объема получаемой познавательной информации, изменение условий воспитания в семье, вовлечение в занятия физической культурой и спортом [3].

Сегодня питание юных спортсменов можно понимать как процесс, в

котором важны многие его составляющие: физиологические и биохимические механизмы усвоения пищи; гигиенические и санитарные (экологические) нормативы; меняющиеся потребности и нормы питания в зависимости от видов спорта, этапов подготовки и соревнований, роста и развития; психологические, поведенческие реакции; вопросы этики и эстетики; культурная и информационная среда обитания и, наконец, социально-экономические условия.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Адырбекова У.Н. Особенности питания юных спортсменов

Так например, в спортивных классах общеобразовательных школ изучалось фактическое питание 15-17-летних школьников. Оценку фактического питания проводили анкетно-опросным методом. Количество пищи во время интервью оценивали с помощью альбомов с фотографиями различных по размеру порций блюд и продуктов. Расчет пищевого состава среднесуточного рациона питания проводился по компьютерной программе с учетом потерь нутриентов при холодной и тепловой кулинарной обработке продуктов [4].

Среднесуточные энергозатраты учащихся определяли на основании хронометража отдельных видов деятельности с использованием общепринятых энергетических эквивалентов [5]. Результаты исследований энергетического обмена показали, что энергетические затраты юных спортсменов значительно выше, чем у их сверстников, не занимающихся спортом и составляют 34-38% от общего расхода энергии за сутки. При этом следует учитывать, что спортивную деятельность характеризуют интенсивность и неравномерность энергозатрат, часто сочетающихся с нервно-психическими нагрузками, которые могут существенно увеличивать их величину. Проведенные расчеты позволили установить потребность в энергии, составляющую в среднем 3056,78 ккал в день для девушек и 3763,86 ккал в день для юношей.

**Г.Б.ЕРНАЗАРОВ**

кандидат юридических наук,  
старший преподаватель МКТУ им. А.Ясауи

### **ПРЕСТУПНОСТЬ И ЕЁ ВИДЫ КАК ОБЪЕКТ ПРОФИЛАКТИЧЕСКОГО ВОЗДЕЙСТВИЯ**

Мақалада қылмыс және оның түрлері алдын алу нысаны ретінде қарастырылады.

This article deals with the criminality and its types as on object of preventive influence.



По мнению А.Г.Аванесова, преступность представляет собой социально-правовое, исторически изменчивое негативное массовое явление, которое складывается из всей совокупности совершаемых в определенный период преступлений, имеющих количественные (состояние, динамика) и качественные (структура и характер преступности) показатели [1.68-69].

Указанное понятие преступности доминирует в науке криминологии, но наряду с определением преступности, как социального явления она рассматривается и через иные родовые понятия, такие как:

- состояние и параметры общества;
- социальная система;
- социальный процесс;
- побочный продукт цивилизации;
- показатель социальной патологии и т.д.

Несмотря на существенные различия перечисленных родовых понятий, характеризующих преступность, ее видовые отличительные признаки: социальность, изменчивость, массовость, совокупность деяний и др., как правило, совпадают. Данная тенденция более значима для криминологии, как науки, чем различия абстрактных родовых понятий. Известно, что преступность, в первую очередь, явление социальное. Данный тезис означает, что преступность обусловлена не биологической природой человека, хотя последняя может оказывать определенные криминогенные влияния на генезис преступного поведения, а природой и содержанием общественных отношений и противоречий [2. 45-46].

Преступность имеет историческое происхождение. Она причинно связана с общественными явлениями и процессами. Ее уровень и характер в различных социально-экономических системах и в разных странах серьезно коррелирует с конкретными обстоятельствами жизнедеятельности членов общества. Конкретные формы (виды) преступности определяются обществом и государством. В разных культурах имеются разные подходы к пониманию преступного и не преступного поведения [3.98].

Изменения показателей преступности во времени (по годам) и в пространстве (по территориям) в пределах одного государства зависят от соответствующих конкретных условий существования индивидов общества. Преступность представляет собой общественно опасный продукт их социальной жизни и деятельности, причиняет вред обществу и контроль над ней требует главным образом применения социальных мер. Именно они обуславливают

А.Я саун университетини хабаршысы, №1, 2012

Ерназаров Г.Б. Преступность и её виды как объект профилактического воздействия

результаты процесса контроля над преступностью и только ими в достаточной мере располагает общество [4.76].

Преступность явление не только социальное, но и правовое. И хотя право также является социальной категорией, указание на правовой характер преступности носит не просто дополнительный, но принципиальный характер. Данное указание логично вытекает из древнего и общепризнанного принципа «*nullum crimen sine lege*» (от лат. слова «нет преступления без указания в

законе»), который закреплен в правовых системах большинства стран мира, в т.ч. и в ч. 2 ст. 9 УК Республики Казахстан [5.4].

Преступность также рассматривается, как разновидность отклоняющегося поведения. Последнее существует объективно, независимо от того, признано оно уголовно наказуемым или нет. Но только криминализация его особо опасных форм в уголовном законе делает определенные виды отклоняющегося поведения преступными, а преступность становится конкретным правовым явлением. При отступлении от принципа законности преступность утрачивает этот основополагающий признак. Поэтому она не может рассматриваться, как любое поведение, отклоняющееся от общепринятых моральных, религиозных и иных норм и установок, существующих в том или ином обществе, хотя последнее может и должно изучаться в связи с преступностью [6.112].

Преступность является исторически изменчивым явлением. В связи с изменениями культурных, идеологических, организационно-управленческих, научно-технических и иных объективных условий существования общества, качественно и количественно меняется преступность. Вместе с тем идет процесс криминализации и декриминализации определенных форм преступного поведения.

Например, в Особенную часть УК Республики Казахстан включена ст. 227 «Неправомерный доступ к компьютерной информации, создание, использование и распространение вредоносных программ для ЭВМ», ст. 227-1 «Неправомерное изменение идентификационного кода абонентского устройства сотовой связи, устройства идентификации абонента, а также создание, использование, распространение программ для изменения идентификационного кода абонентского устройства» и др.

Таких нововведений в уголовном законодательстве много и они оказали определенное влияние на количественные и качественные показатели преступности. И хотя исчезновение и появление деяний есть лишь властная декриминализация или криминализация реально существующих форм человеческого поведения, данный процесс по большей части объективно задан.

Анализ уголовно-правовых сдвигов показывает, что они главным образом были детерминированы существенными изменениями социально-экономических, политических и иных условий. Вместе с тем некоторые изменения были вызваны субъективными причинами, связанными с коллизионными особенностями уголовной политики Республики Казахстан.

В процессе развития и продвижения к цели построения демократического и правового общества деятельность правоохранительных органов в сфере охраны

*А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012*

*Ерназаров Г.Б. Преступность и её виды как объект профилактического воздействия*

правопорядка, искоренения посягательств на охраняемые законом социальные ценности, претерпевает значительные изменения. По этому поводу Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев отмечал, что «...конечной целью должно стать построение сильного демократического государства и гражданского общества с устойчивой рыночной экономикой, открытой внешней политикой. Только такое общество может гарантировать достойную жизнь народа Казахстана, его права и свободу» [7.39]. Важнейшее из этих изменений состоит в

том, что меры уголовного наказания, которые выступали на более ранних этапах развития общества республики в качестве основной формы борьбы с преступностью, во все возрастающей степени начинают сочетаться с мерами профилактики преступлений.

Сужение сферы применения уголовного наказания и соответственное расширение сферы применения профилактических мер непосредственно вытекает из научно-теоретических и практических положений о преступности и путях ее преодоления. В трудах ученых криминологов содержится ряд глубоких мыслей о сущности профилактики преступлений и ее месте в решении важных социальных задач, затрагивающих как интересы общества, так и интересы его членов.

Уместно здесь отметить, что важный урок, который мы должны извлечь, - это научиться жить и трудиться по закону, научиться через закон защищать свои права и свободы, неукоснительно исполнять свои обязанности. Надо научиться уважительно относиться к правам, свободам и интересам других людей. Надо добиваться, чтобы восторжествовала власть закона, а неукоснительное его соблюдение стало обязанностью каждого.

Таким образом, многие ученые видят в уголовном наказании крайнюю меру, применения которой следует по возможности избегать. Такой подход к наказанию естественно вытекает из представления о преступнике как о человеке, который, несмотря на вред, причиненный его неправомерными действиями социальным ценностям, отнюдь не потерян для общества. Государство должно видеть и в нарушителе человека, живую частицу общества к голосу которого должен прислушиваться суд, члена общества, исполняющего общественные функции, главу семьи, существование которой священно, и, наконец, самое главное – гражданина государства.

Вместе с тем, общество не в состоянии реально осуществлять профилактику преступлений, поскольку корни преступности представляют собой необходимый элемент самих основ его устройства и функционирования. Должно быть, есть что-то негативное в самой сердцевине такой социальной системы, которая увеличивает свое богатство, но при этом не уменьшает причины и условия, в которой преступность растет даже быстрее, чем численность населения.

Образно выразил эту точку зрения американский криминолог Танненбаум, «...преступление вечно - вечно, как общество... Лучше смотреть в лицо фактам, что преступность не может быть уничтожена, кроме как в несуществующей утопии. Преступление – вечное явление, как болезнь, как умопомешательство и

*А.Я саун университетини хабаршысы, №1, 2012*

*Ерназаров Г.Б. Преступность и её виды как объект профилактического воздействия*

смерть. Оно вечно цветет, как весна, и неизменно появляется, как зима» [8.8-9].

Преступность представляет собой исторически обусловленное, социально-негативное явление. Она возникла на определенном этапе развития человечества, и будет существовать, пока существует общество.

Рассматривая причины преступности и иных антиобщественных проявлений на современном этапе развития государства, надо иметь в виду следующее,

«...неправильно видеть во всех этих уродливых явлениях одни лишь «пережитки прошлого» в сознании и поведении людей. Причины многих из этих «болячек» следует искать и в сегодняшней практике, в просчетах тех или иных работников, в реальных проблемах и трудностях нашего развития, в недостатках воспитательной деятельности. Тем не менее, само построение подлинного демократического, правового общества знаменует решающий поворот к борьбе с преступностью, как массового явления. С устранением главных причин эксцессы неизбежно начнут уменьшаться.

На всем протяжении истории государств генеральной тенденцией динамики преступности было ее количественное сокращение и качественное «смягчение», выражающееся в снижении удельного веса наиболее опасных деяний. Особенно заметно уменьшилось число самых тяжких преступлений, таких как бандитизм, убийство из корыстных побуждений и некоторые другие виды.

Формирование объективных условий постепенного «вытеснения» преступности из жизни общества явилось основой выдвижения профилактики преступлений на авансцену всей системы мер борьбы с антиобщественными проявлениями.

Конечно, необходимость в применении мер уголовного наказания еще не отпала, но в то же время «наряду с применением мер наказания, предусмотренных законами, у нас проявляется все большая забота о профилактике преступлений, о том, как их предупредить, не допустить.

В уголовно-правовой и криминологической литературе зачастую рассматривается преступление вообще, безотносительно к особенностям тех или иных конкретных противоправных деяний. Такой подход допустим, поскольку всем преступлениям присущи некоторые общие свойства – все они общественно опасны, запрещены законом, совершаются вменяемыми лицами, достигшими определенного возраста и т.д. Иными словами, между всеми преступлениями имеется достаточное сходство, чтобы анализировать их как однородную в определенном смысле совокупность человеческих поступков.

Вместе с тем, нельзя не видеть, что отдельные категории преступлений резко различаются между собой по целому ряду важных признаков: степени общественной опасности, объекту преступного посягательства, психическому отношению субъекта к деянию и др. Существование такого рода различий имеет первостепенное значение с точки зрения обеспечения надлежащей эффективности профилактической деятельности. Главной задачей этой деятельности является воздействие на социальные процессы и явления, порождающие преступления или способствующие их совершению, устранение либо ослабление их криминогенного действия, перестройка поведения лиц, от

А.Я са у н и в е р с и т е т и н и ь х а б а р ш ы с ы, №1, 2012

Ерназаров Г.Б. Преступность и её виды как объект профилактического воздействия

которых можно ожидать совершения уголовно-наказуемых деяний.

Между тем нельзя рассматривать процессы и явления, способствующие существованию преступности в нашем обществе, как некую однородную совокупность. Одни из этих явлений и процессов относятся к демографической сфере, другие – к материально-экономической, идеологической, социально-психологической, организационной сферам и т.д. Характер, объем,

интенсивность криминогенного их воздействия существенно различаются в зависимости от генезиса и содержания этих процессов и явлений.

Детерминанты преступности различаются между собой не только по сферам социальной деятельности, к которым они принадлежат, но и по своему уровню. Главные из них (например, некоторые масштабные экономические проблемы) лежат на макросоциальном уровне, неглавные (например, негативные воздействия, падающие на личность в семье или иных малых социальных группах) – на микросоциальном уровне.

Как невозможно создать панацею – лекарство, которое избавляет от любого недуга, так невозможно изобрести меры, которые были бы одинаково эффективными для профилактики преступлений, порождаемых разнохарактерными явлениями. Оздоровление обстановки в родительской семье наверняка окажется полезным, чтобы удержать от совершения преступления 14-летнего подростка, но будет заведомо бесполезным в индивидуальной профилактической работе с 40-летним рецидивистом.

Точно так же, технические средства профилактики преступлений (охранная сигнализация и т. п.), незаменимые для предотвращения краж, бессмысленны в профилактике хулиганства или, допустим, изнасилований.

Из сказанного вытекает, что успех решения задач, возникающих в ходе организации и осуществления профилактики преступлений, непосредственно зависит от того, насколько дифференцированными будут профилактические меры, в какой степени субъектами профилактики будут учтены природа, состояние, динамика, основные особенности тех социальных процессов и явлений, на которые эти меры должны воздействовать. Обеспечение же надлежащей дифференцированности профилактических мер мыслимо только на базе правильного, научно обоснованного выделения отдельных категорий преступлений. Другими словами, необходима классификация преступлений, т.е. распределение их на взаимосвязанные классы согласно наиболее существенным признакам, присущим объектам данного рода.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. *Аванесов Г.А.* Криминология. Учебник. - М., 1984.
2. *Аванесов Г.А.* Криминология, прогностика, управление. - М., 1982.
3. *Алексеев А.И.* Индивидуальная профилактика рецидива преступлений. - М., 1975.
4. *Аванесов Г.А.* Криминология и социальная профилактика. - М., 1980.
5. Уголовный кодекс Республики Казахстан. Учебно-практическое пособие. – Алматы: НОРМА-К, 2011.
6. *Алексеев А.И., Солопанов Ю.В.* Профилактика рецидива преступлений. - М., 1980.
7. *Назарбаев Н.А.* Казахстан: национальная независимость, экономика, политика, идеология. - Алматы: Казахстан. 1996.
8. *Кузнецов Н.Ф.* Преступление и преступность. - М., 1969.

А.Я сауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

«Болон процесі және Қазақстанның білім беру жүйесіндегі реформалар» атты  
Халықаралық семинарға ұсынылған материалдар

**Т.П.РАИМБЕРДИЕВ**

техника ғылымдарының докторы, профессор

**Ә.Т.МЕЙІРБЕКОВ**

техника ғылымдарының кандидаты, доцент

**М.ЖУМАБАЕВ**

физика-математика ғылымдарының докторы, профессор

**Р.О.МЕЙРБЕКОВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

**БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ  
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ  
БІРІ – КОМПЬЮТЕРЛІ-МАТРИЦАЛЫҚ ӘДІС**

Қазіргі таңда оқыту үдерісіндегі ең маңызды мәселелердің бірі – студент білімін әділ бағалау болып отыр. Мемлекеттік білім стандартының ендірілуіне байланысты енді оқытудың нәтижесіне, оның сапасын анықтауға бұрынғыдан да гөрі баса назар аудару қажеттілігі туындауда. Оқыту нәтижесін тексеру әдіс-тәсілдерінің уақыт өткен сайын күрделене түсетіндігін, оның жаңа компоненттермен толығынын өмір көрсетіп отыр. Кейінгі жылдары баспасөз беттерінде студенттердің оқу пәнінен алатын базалық білімінің мүмкін және міндетті деңгейлері, олардың дайындық дәрежесіне қойылатын талаптар, сол талаптардың жүзеге асуын анықтайтын сұрақтар мен тапсырмалар үлгілері жариялануда.

Қазіргі оқыту үдерісінде білімді бақылаудың кең тараған түрі – бағдарламалық тексеру немесе дидактикалық тест. Тесттің тиімділігі – аз уақытта көп нәтиже жинақтау, шапшаңдығы және нәтижелілігі. Сондай-ақ, тестті техникалық жағынан тиімді етуде компьютерлендірілген тәсілдері де тәжірибеде қолданылуда.

Тест тапсырмаларын жасауда олардың нақты дәлдікпен құрылуын қадағалау керек. Тест сұрақтары анық, айқын, дәл, екі ұдайы пікір тудырмайтындай болуы керек. Қазіргі уақытта тестілеу технологиясының екі түрі: матрицалық және компьютерлік түрлері жиі қолданылуда. Дәстүрлі бақылау жүйесімен салыстырғанда компьютерлік бақылау түрінің артықшылығы көп. Білімді тексерудің компьютерлік түрінің артықшылығы – тез өзгерту икемділігі, уақытты шектеу, өлшеу, үнемдеу, тартымды ету, нәтижесін графикалық формада тез әрі жүйелі алу. Компьютерлік бақылау жүйесінің өзіндік ерекшеліктері:

1. тексеруге кететін уақытты үнемдеу;
2. автоматтық жүйенің дәлдігі, объективтілігі;
3. бағаның автоматты түрде қойылуы;

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Раимбердиев Т.П., Мейірбеков Ә.Т., Жумабаев М., Мейірбекова Р.О. Бағалау жүйесіндегі жаңа...

4. динамикалылығы мен дұрыс-бұрыс еместігін бірден нақтылау мүмкіншілігі;

5. үлгерім диаграммасын графикалық түрде жасау икемділігі.

А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде студент білімін бақылауда түрлі бағдарламалар арқылы жасалған компьютерлік тестілеу

жүйесі қолдануда. Студенттің алған білімі бойынша қалыптасқан дағдысы мен біліктілік деңгейін саралау, сонымен бірге кәсіби құзіретін анықтауда компьютерлі – матрицалық әдісті қолдану оқыту үдерісінің барлық этаптарын жүйелі бақылауды қамтамасыз ететіндігі айқын. Қолданылған бақылау әдісінің компьютерлі-матрицалық деп аталуының себебі – біз бақылау кезінде бақылау әдісінің екі түрі: компьютерлік және матрицалық түрін қатар, бірлікте қолданылуында. Компьютерлік әдіс – емтихан нәтижесін тексеруде уақытты үнемдеу, емтихан қорытындысының әділ, әрі нақты бағалануын қамтамасыз етеді. Ал, матрицалық әдіс – студенттің сұрақты еркін меңгеруіне, өз жауабын ойлана отырып белгілеуіне, жауаптарын қайта тексеріп шығуына мүмкіндік тудырады. Аталған екі әдістің тиімді жақтары біріктіріле отырып, бақылау түрінің жаңа компьютерлі-матрицалық жүйесі жасалынды.

Компьютерлі-матрицалық әдіс өзіндік бақылау, өзара бақылау, қадағалау, талдау, өзіндік талдау, қателерді түзету, рефлексия, бағалау, өзіндік бағалау сияқты процестерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының №2 тармақшасында үлгерімді ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау білім алушылардың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын және кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізіледі делінген [1]. Студент білімін бақылаудың аралық және қорытынды емтихандары жазбаша, ауызша және тест түрінде жүргізіледі. Сондай-ақ, емтихандарды кешенді тест түрінде де жүргізуге болады. Емтиханды кешенді тест түрінде өткізу ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылы 7 қыркүйекте шыққан №481 бұйрығында да қарастырылған [2]. Кейбір мамандықтар бойынша мемлекеттік емтиханды қабылдау 2006-2007 оқу жылында университетте компьютерлік-матрица әдіспен өткізілді.

А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде ағымдық және қорытынды емтихандарды өткізуде мынадай бақылау түрлері қолданылуда:

1. Компьютерлі – матрица
2. Компьютерлі – жазбаша
3. Компьютерлі – ауызша

Кафедрада, одан соң факультет кеңесінде емтихан қабылдаудың түрі таңдалынып, бекітіледі. Сессия уақытынан бір ай бұрын емтихан кестесі жасалынады. Емтихан сұрақтары пәннің типтік бағдарламасына сай жасалынып, компьютер базасына 1 ай бұрын ендіріледі. Емтихан сұрақтарының сапалы болуын қамтамасыз ету мақсатында емтихан сұрақтары алдын-ала кафедра мәжілісінде талқыланып, бекітіледі. Тест сұрақтары деңгей бойынша жеңілден-

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Раимбердиев Т.П., Мейірбеков Ә.Т., Жумабаев М., Мейірбекова Р.О. Бағалау жүйесіндегі жаңа...

ауырға қарай бірнеше деңгейде жасалынады. Мысалы, I жеңіл деңгей – 40%, II орта деңгей – 30%, III жоғары деңгей – 30%, яғни емтихан кезінде студенттерге берілетін сұрақтар бірнеше деңгейден жоғарыдағы пайыздық мөлшерге сәйкес беріледі. Талқыланып, бекітілген емтихан сұрақтары компьютер базасына

ендірілмес бұрын оны растайтын емтихан паспорты дайындалады. Емтихан паспортында емтихан сұрақтарына қатысты барлық мәліметтер көрсетіледі. Тест сұрақтарын дайындау, тексеру, бекіту, базаға ендіруге қатысты жұмыстардың барлығын кафедра меңгерушісі басшылыққа алып, жауапкершілікпен атқарады. Емтиханды өткізу рәсіміне қатысы жоқ бөгде адамдар офис регистраторының рұқсатынсыз емтиханға қатыса алмайды. Компьютер базасында студенттер контингенті туралы мәліметтер толығымен ендіріледі.

Компьютерлі-матрицалық бақылау түрінің ерекшелігі – бұл жерде студент пен оқытушы арасында тікелей байланыс болмайды.

*Компьютер-матрицалық әдісімен жұмыс жасау ретін келтірейік*

1. Компьютер базасында студенттер контингенті туралы мәліметтер толығымен ендіріледі. Бұл мәліметтерге деканат жауапты. Деканат әдіскері бұл мәліметтерді емтиханға 1 ай қалғанда тексереді. Студенттер жайлы мәліметтердің дұрыстығына деканат әдіскері жауапты.

2. Кафедра мәжілісінде қаралып, бекітілген тест (аралық немесе мемлекеттік, қорытынды бақылау) сұрақтары емтиханнан 1 ай бұрын компьютер базасына енгізіледі.

3. Компьютер бағдарламасының дұрыс жұмыс істей алатындығын тексеру, техникалық ақаулықтарды болдырмауды қамтамасыз ету мақсатында пән оқытушысы емтиханға 1 күн қалғанда компьютер базасына барып, оның жұмыс істеуге қабілеттілігін тексереді.

4. Емтихан сұрақтарының дұрыс жауабы, соңғы студент емтиханға кіргеннен кейін компьютер базасына енгізіледі. Тест сұрақтарының дұрыс жауабының кілтінің таралып кетпеуіне автор (оқытушы) жауапты.

5. Компьютерге аты-жөнін, тобын, емтихан өткізетін пәні туралы мәліметтерді енгізеді. Осы мәліметтер негізінде компьютер автоматты түрде принтерден студенттің аты-жөні кодпен жазылған қағазға алдын-ала ендірілген тест сұрақтарының ішінен әр сұраққа бес жауабы бар (40 немесе 50 т.б) тест сұрақтарын, жауап беру парағына шығарып береді. Компьютер тест сұрақтардың әр студентке әр түрлі вариантпен берілуіне мүмкіндік тудырады.

6. Студент қағазға шығарылған жауап беру парағындағы тест сұрақтарын емтихан тапсыруға бөлінген уақытқа сәйкес (ҚР Білім және ғылым министрлігінің негізгі ережесі) аудиторияда отырып, белгілейді.

7. Студент жауап парағындағы барлық сұрақтарына жауап беріп біткен соң, нәтижесін компьютерге өзі ендіреді. Ал, өзі белгілеген жауап парағын комиссияға тексеруге береді.

8. Компьютер топ студенттерінің жауап парақтары енгізіліп біткеннен соң емтихан тізбесін шығарады.

9. Комиссияның тест парақтарын тексеру нәтижесінің, компьютердің

*А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012*

*Раимбердиев Т.П., Мейірбеков Ә.Т., Жумабаев М., Мейірбекова Р.О. Бағалау жүйесіндегі жаңа...*

белгілеген жауап парағымен сәйкестігі тексеріліп, емтихан тізбесіне балымен оқытушы қолы қойылады.

10. Бақылау комиссиясының мүшесі емтихан технологиясының барлық қойылған талаптарға сай өтілуіне бақылау жасайды.





Қазақ бейнелеу өнері өзіндік тарихы бар – дүниені көру, түсіну бақылау, байқау негізінде бейнелейтін көркем бейнесін жасайтын халық өнерінің бір саласы. Бейнелеу өнерінің тарихы адамзат тарихымен қатар басталған. Қазақ халқының бейнелеу өнері ертеден белгілі. Бұл күнде кәсіби дәрежеге жеткен қазақ бейнелеу өнерінің кескіндеме мен графика, мүсін, халықтық қолданбалы өнер түрлері дамудың сара жолына түскен. Оның барлық түрлері мен жанрлары өркен жайған.

Қазақ халқының бейнелеу өнері шығармаларының көркемдік ерекшеліктері туралы Г.Сарықұлова, М.Ғабитова, Н.Нұрмұханбетов, Ө.Көпбасынова, И.Рыбакова, А.Вандаровская, К.Ли, Ш.Тұяқбаева сынды өнер зерттеуші ғалымдар қазақ бейнелеу өнерінің даңқты шеберлері Ө.Қастеев, А.Ғалымбаева, Қ.Телжанов, М.Кенбаев, С.Мәмбеев, Х.Наурызбаев, Г.Исмайлова, Е.Сидоркин, Н.Нұрмұханбетов, С.Романов шығармаларына көркемдік тұрғыда талдау жасаған, ұлттық бейнелеу өнерін графика, кескіндеме, мүсін, сәндік қолданбалы өнер түрлеріне бөліп жіктеген. Осы аталған бейнелеу өнері түрлерін тарихи, тұрмыстық, портрет, пейзаж, анималистік жанрларға бөліп қарастырған. Қазақ бейнелеу өнерін бұлай етіп түрлерге, жанрларға бөліп жіктеу, еліміздің бейнелеу шығармаларын танып білуге қолайлы мүмкіндік туғызады.

Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнеріне кіретін бұйымдардың көркемдік ерекшеліктері туралы Ө.Марғұланның, Ө.Тәжімұратовтың, С.Қасимановтың, Х.Арғынбаевтың, Ш.Тоқтабаеваның, М.Мұхановтың, С.Төленбаевтың, Ө.Жәнібековтың, Т.Бәсеновтың, Қ.Әмірғазиннің еңбектерінде бағалы мәліметтер берілген. Ол шығармаларда көркем бұйымдардың формалары мен тұрмыстағы қолданылуына баса назар аударылған. Сонымен қатар колөнер бұйымдарын сәндік, безендіру, интерьерге көрік беру, сыйлық ретінде ұсынудың мәні көрсетілген. Бұйымдардың жасалуы, формасы, ою өрнектері, түр-түстерінің үйлесімділігі сан ғасырлар бойы ұрақтан-ұрпаққа жалғасып, белгілі бір дәуірден, келесі бір дәуірге жалғасып отырған. Сондықтан колөнердегі дәстүр сабақтастығын колөнер бұйымдарындағы көркемдік көрсеткіштердің бірі ретінде танылған.

Қазақстан бейнелеу өнері Тәуелсіз Қазақстан тұсында ұлттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде халықтың рухани тәрбиесіне, эстетикалық сұранысына қызмет етіп келеді. Тәуелсіз Қазақстан кезіндегі бейнелеу өнері еліміздің қоғамдық даму кезеңдерімен тығыз байланысты өсіп, бейнелеу мазмұны толығып, формасы өзгеріп отырды, қазіргі кезеңде егеменді ел өмірін бейнелейтін өнер ретінде қалыптасу мен даму үстінде.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Ералин Қ. Тәуелсіз Қазақстан бейнелеу өнеріндегі көркемдік дәстүр жалғастығы мен жаңа бағыттар

Еліміздің тәуелсіздігі кезеңіндегі бейнелеу өнерін зерттеу нәтижелері оның мынандай көркемдік дәстүр жалғастығы мен бағыттарын анықтауға мүмкіндік туғызды:

*Бірінші бағыт. Мемлекеттік рәзімдер мен ұлттық валютаның өмірге*

келуі, олардың қоғамдық өмірдегі кең түрдегі қолданысы. Мемлекеттік рәміздер болып табылатын жалау мен гербтің көркемдік шешімін табуға Ш.Ниязбеков, Ш.Уәлихановтар шығармашылық ізденістер жасады. Мемлекеттік рәзімдерде ұлттық құндылықтарды бейнелеуге назар аударатын суретші Т.Дүзелханов ұлттық валютаның безендіру суреттерін салды. Мемлекеттік рәзімдер мен ұлттық валютаның өмірге келуі, қазақ бейнелеу өнерінің дамуына тәуелсіздік тұсында қосылған ерекше үлес болды.

*Екінші бағыт. Ел бірлігі, халықтар достығы тақырыптарына арналған қала көшелерін безендіруге бағытталған монументалдық дизайнерлік графикалық шығармалардың кең көлемде дамуы.* Қазақстан бейнелеу өнерінің дамуында безендірудің бір саласы болып табылатын көлемді дизайнерлік саяси плакаттармен қала көшелері мен елді мекендерді безендіру жұмыстары қарқынды дамыды. Елбасының саясатын, Егеменді Қазақстанның өркендеуін, болашақ мұраттарын халыққа паш ететін монументтік саяси көркем туындылар жасауға суретшілер ерекше назар аударуда.

*Үшінші бағыт, ұлттық салт-дәстүрлер көріністерін бейнелеу шығармашылығының жалғасуы.* Ұлттық салт-дәстүрлерді бейнелейтін халық суретшілері Ә.Қастеев, А.Ғалымбаева, Қ.Телжанов, М.Кенбаев бастаған реалистік көркемдік бейнелеу тәуелсіздік тұсында қалыптасып дами түсті. Бұл бағытта суретшілер Қ.Закиров, Е.Төлепбай, Б.Түлкеев, Қ.Нұрбековтер аға буын суретшілердің салт-дәстүр көріністерін бейнелеушілік дәстүрін жаңашылдық мазмұнмен жалғастырып көрнекті туындыларды өмірге әкелді.

*Төртінші бағыт даңықты мүсіншілер бастаған мүсін өнеріндегі портрет жанры мен көлемді мүсін жасаудағы өнер сабақтастығын кейінгі ұрпақ мүсіншілерінің жалғастыруы болды.* Мүсіншілер Х.Наурызбаев, Т.Досмағанбетов, Е.Мергенов, Р.Ахметов бастаған мүсін өнерін Е.Сергебаев, А.Әйнеков, А.Тұрсыновтар жалғастырып ел тұлғаларының көркем мүсіндерін жасады. Олар халық батырлары Райымбек, Қапал, Ақпан, Бөгенбай, Наурызбайлардың, Абылай мен Тәуке хандардың Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің монументалдық көркемдік мүсіндерін өмірге әкелді. Қазақ елінің бірлігі мен тұтастығын сақтап қалған халық батырларының, ел билерінің ескерткіштері мен көлемді мүсіндерін жасау тәуелсіз Қазақстан тұсындағы қазақ бейнелеу өнеріндегі өзіндік дара бағыт болып қалыптасуда.

*Бесінші бағыт. Зергерлік бұйымдардың көлемді мүсіндерімен қалалардағы гүлзарлар мен алаңдардың безендірілуі.* Ұлттық қолөнердің басым саласының бірі болып табылатын зергерлік өнер бұйымдары сырға, сақина, білезік, шашбаудың көлемді мүсін түріндегі формаларымен безендіру

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Ералин Қ. Тәуелсіз Қазақстан бейнелеу өнеріндегі көркемдік дәстүр жалғастығы мен жана бағыттар

жұмыстары Астана, Алматы, Шымкент, Қарағанды қалаларында қарқынды дамып келеді. Олар қала көркіне ерекше сән беріп, оның ұлттық сипатын айқындауға қызмет етуде. Мұндай колөнер бұйымдарының ортақ ерекшелігі бұйым бойынан барлық түс пен бояу табылатындығы, көк, қызыл, сары, ақ,

түстердің бәрі де, сол ортадағы сәулет өнерімен өзара үйлесіп тұратындығы, бір де біреуі орынсыз қолданылмайтындығы. Қазіргі кезде мұндай көркемдік безендіру мен дизайндық шешімі табылған қымыз торсық, ожау, тегене сияқты ұлттық ыдыс аяқтардың, түрлі қыш бұйымдардың көлемді мүсіндік шешімдері қала көркіне сән беруі, ұлттық бейнелеу өнеріндегі жаңа бір бағыт ретінде анықталады.

*Алтыншы бағыт киіз басу, кесте тігу, батик жазу мен гобелен тоқуда жаңа технологиялардың кең көлемде қолданылу арқылы кескіндеме мен графикаға ұқсас жазықтық бетіндегі орындалатын көркем шығармашылық еңбек жасау дәстүрінің пайда болуы.* Қолданбалы өнердің халық шеберлері мен кәсіби шеберлері кесте тігу, гобелен тоқу, батик жазумен қатар киіз басу технологияларын қолдана отырып, кескіндеме мен графикаға жақын көркем шығармашылық еңбек жасау қалыптаса бастады. Жас суретшілер С.Рүстемова, Е.Әбішовалар жартастағы таңбалар, балбал тастардың бейнесінен құралған композициясын киіз бетіне ою арқылы түсіруі өнердегі бір жаңашылдық технология ретінде назар аударады. Бұл жерде қазақ бейнелеу өнеріндегі соңғы кездегі қарқында дамып келе батик техникасының дамуына үлес қосып келе жатқан К.Жапалова шығармашылығы бейнелеудегі өзіндік қолтаңбаны танытады. Суретшінің «Сыңғырлаған сырғалар», «Махаббат әуені», «Туған өлке», «Жердің бата беруі», «Жұмақ», «Өмір діңгегі», «Шаңырақ», «Егеменді ел» шығармалары кескіндеме мен графика шығармаларынан кем түспейтін айқын құрылымды, композициялық бейнелі, түрлі түстердің үйлесімділігі табылған мата бетіне жазылған көркем шығарма ретінде қабылданады.

Кесте қазақ өнерінің ерекше бір саласы. Халқымыздың қолөнерінде орамал, беторамал, перде жастық тысы, дастархан, алжапқыш жиектерін және киім кешек жағасы мен етек жеңін ою-өрнекпен кестелеп жатады. Осы аталмыш өнерді бүгінгі күнмен ұштастырып, көркемсурет саласына жүйелеп, оны әлемдік деңгейдегі өнердің жаңа үлкен бір бағытына айналдырған суретші Зейнелхан Мұхамеджан. Халқымыздың ою-өрнекпен әшекейлейтін кесте өнері өз миссиясын орындап болғандықтан, оны жаңа сапаға, үлкен өнер деңгейіне көтеру үшін, суретші өте көп ізденген. Бүгінде аталмыш өнердің нақты жүйесін тапқан суретші ұлы даланы – қазақ даласын көркем бейнелеуді негізгі парызым деп біледі. Суреткер көшпенділер философиясын өзек қыла жүріп, ұлттық салт-дәстүрімізді әспеттейді. Ол халық ауыз әдебиетті мен ақын өлеңдерінде, роман, повесть, хикаяттарда шебер жазылған мөлдір дүниелер тақырыбына композиция

*А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012*

*Ералин К. Тәуелсіз Қазақстан бейнелеу өнеріндегі көркемдік дәстүр жалғастығы мен жаңа бағыттар*

құрастыруға машықтанған. Мысалы, оның «Күнді айналу» деген еңбегі бар. Бір қарағанда, жай ғана үш атты күн көзін айналып шауып бара жатқан сияқты. Бірақ суретші бұл еңбегімен біріншіден, күннің адам өмірі үшін аса маңыздылығын бейнелесе, екіншіден, жердің оны айналуы, қозғалыс бар жерде ғана өмір бар екендігін сан қырлы бояулар арқылы кестелеген. Қазіргі

кезде суретші З.Мұхамеджанның көркемдік дәстүрін кестешілер А.Мұқанжанов, С.Бажиров, С.Ырысбековтер жалғастыруда.

*Жетінші бағыт, қолөнер саласынан ұлттық салт-дәстүрге, халықтың көркем мәдениетіне бірігетін тақырыптарды қозғаған, саналуан көркемдік сыйлық бұйымдардың дамуы мен қалыптасуы.* Бұл бағытта кәсіби қолөнер шебері Ғ.Иляевтің, Қ.Тыныбековтың, Ф.Зауырбекованың көркемдік өнер дәстүрін жалғастырған М.Бекеновтің, Б.Рабатовтың, М.Қасымбековтың, Т.Мұхаттың, С.Смағұловтың шығармалары назар аударады.

*Сегізінші бағыт, кескіндеме мен графика шығармаларындағы бейнелеу тұспалы, кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін ашып, заттар мен құбылыс сипатын әлемдік кеңістік пен уақыт өлшемдері тұрғысынан көрсету, пәлсафалық мән беру, әсемдік сезімді қозғау, қарапайым көріністердің өзі арқылы үлкен ой айту болып табылады.* Бұл бағытта өзіндік ерекше қолтаңбасымен танылған суретшілер Е.Төлепбай, Ж.Қайрамбаев М.Әли шығармашылығы дараланып шығады. Қазақ бейнелеу өнеріндегі белгілі суретші Е.Төлепбайдың «Көкпар», «Құрбылар» картиналары халықтық, салт-дәстүрлік сипатымен, өнерде бұл кезге дейінгі болмаған образ жасаудың жаңашылдығымен өнертанушылардан әділ бағасын алған шығармалар. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында басталған бұл көркемдік бағыт қазақ бейнелеу өнері дамуындағы өзіндік ерекшелігі бар, жаңаша көркемдік композициялық құрылымымен, жазу стилімен, көркем образ жасауда жаңашылдық танытқан алғашқы еңбектің бірі ретінде қабылданады. Ал Ж.Қайрамбаев – табиғатқа етене жақын суретші. Картиналарында ауыл тіршілігі, дала суреттері жиі бейнеленеді. Суретші шығармаларынан қазақтың барлық ауылына ортақ дүниелер байқалады. Қазақтың кең даласы секілді суретшінің қиялы да шексіз. Ж.Қайрамбаевтың шығармаларында түстер маңызды рөл атқарады. Өз туындыларында жарық пен қараңғы түстерді қатар қолдануынан, суретшінің өмір құбылыстарына деген пәлсафалық астарды, ой толғауын аңғару қиын емес. «Бетпе-бет» шығармасында қарагер мен ақбоз аттың жекпе-жегіндегі ақ пен қара түстің қатарласа келген реңінен, өмірдегі жақсылық пен жамандық қатар жүргенмен басты назар өнегелі өріске бағытталатынын аңғаруға болады. Ал бір қарағанда таныс бейнені елестететін, сонысымен де жүрекке жол табатын «Жолаушы» картинасы өмірде жарық пен қараңғының, жақсы мен жаманның қатарласа жүретінін еске түсіретін.

*Тоғызыншы бағыт, кескіндеме мен графика суретшілерінің еңбектерінде абстракциялық шығармалардың пайда болуы мен оның қазіргі*

*А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012*

*Ералин Қ. Тәуелсіз Қазақстан бейнелеу өнеріндегі көркемдік дәстүр жалғастығы мен жаңа бағыттар*

*кезде дамуы болып табылады.* Қазақстан бейнелеу өнерінде Ш.Тулешов, А.Есенбаев, С.Нарынбетов, К.Батырбаев, У.Шанов, сынды суретшілер өзіндік дара қолтаңбасы бар суретшілер ретінде бағаланады. Халықтың назарына ұсынылған абстракциялық нақты көркем образдар жасаудың

өзіндік ерекшелігі көрсететін шығармалар ретінде танылады. Осы туындыларды өмірге әкелген суретшілер қазақ бейнелеу өнерінде жаңа көркемдік бағытты айқындаған өнер адамдары ретінде бағаланады. Бұл келтірілген деректер Тәуелсіз Қазақстан бейнелеу өнері ел өмірін бейнелейтін өзіндік ерекшелігі бар өнер ретінде қалыптасу мен даму үстінде екендігін дәлелдейді.

*Оныншы бағыт, жаратылыстың тылсым сырлары мен адамзаттың ізгі мұраттарын белгілермен, ою-өрнектермен абстракциялық бейнелеу шығармашылығы.* «Дауа» атты эко-этно дизайн студиясын басқаратын суретші Б.Талқанбаев шығармашылығы осындай ізденіс бағытты құрайды. Оның туындыларының тақырыптары 13 циклдан тұрады, олар: «Он сегіз мың ғалам», «Қазығұрт», «Ғайып ерен», «Қырық шілтен», «Баба түкті шашаты әзиз», «Ақтас әулие», «Жаңғырық», «Жаңару», «Жаңғыру», «Қорқыт ата», «Өмір өзен», «Жұлдыздар жолы», «Жиырма бірінші ғасыр», т.б. Суретші Б.Талқанбаев жер мен жеті қабат аспан, ғарыш кеңістігі арасындағы байланысты, жаратушының жердегі пендесіне жолдаған ізгілік мұраттарын абстракциялық ұғым шеңберінде бейнелейтін қыл қалам шебері. Ол өзінің әр шығармасын Құран аяттарымен, Құран сөзімен байланыстырып отырады. Суретшінің ой шексіздігін білдіретін ғарыш, жер, күн, ай үндестігі мен үйлесімділігін абсолюттік шындықты, әсемдік болмыс деңгейінде көрсету суреткердің басты нысанасы. Кескіндемешінің жүйрік қиялы мен көкірек көзінің, ойлау жүйесінің бөлек сипатын бірден байқататын суреттері оны көріп тұрған жанды тылсымына тартып, тереңіне үңілдіруге бейім.

Тәуелсіз Қазақстан бейнелеу өнеріндегі көркемдік дәстүр жалғастығы мен бағыттарын зерттеу нәтижелері жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуге, олардың әсемдік талғамын арттыруға, дүниетанымын қалыптастырудағы тәлім-тәрбиелік мәнінің орасан зор екендігін айғақтайды. Еліміздің тәуелсіздігі тұсындағы бейнелеу өнерін зерттеу, болашақ мұғалімдерді өнер арқылы көркемдік білім мен тәрбие беруге арнайы дайындау қажеттігін көрсетеді. Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін өнер арқылы көркемдік білім мен тәрбие беруге дайындаудың басты мүмкіндігі осы мәселені шешуге арналған арнайы курс ұйымдастырудың педагогикалық жағдайларын іздестіруге жол ашады.

Тәуелсіз Қазақстан бейнелеу өнері мәселелері бойынша арнайы курсты оқытудың негізгі міндеті бейнелеу өнері мен сызу мамандығында оқитын болашақ бейнелеу өнері мұғаліміне қажетті өнертанымдық дайындық мазмұнымен, формасымен, әдіс-тәсілдерімен таныстыру, өнертанымдық білімді, дағдыларды оларға меңгертумен сипатталады. Тәуелсіз Қазақстан

*А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012*

*Ералин Қ. Тәуелсіз Қазақстан бейнелеу өнеріндегі көркемдік дәстүр жалғастығы мен жаңа бағыттар*

бейнелеу өнеріндегі көркемдік дәстүр жалғастығы мен бағыттарын зерттеу нәтижелері оны оқытудың бағдарламасын жасап оны белгілі тақырыптарға бөлуге болатындығын анықтайды.

Бірінші тақырып бойынша Мемлекеттік рәзімдер мен ұлттық валютаның

өмірге келуі, олардың қоғамдық өмірдегі кең түрдегі қолданысы туралы материалдар беріледі. Мемлекеттік рәміздер жасауға Ш.Ниязбеков, Ш.Уәлихановтар қосқан үлесі, ұлттық валютаның суретін салған суретші Т.Дүзелхановтың қазақ бейнелеу өнерінің дамуына қосқан үлесі жайлы талдаулар жасалады.

Екінші тақырып бойынша ел бірлігі, халықтар достығы тақырыптарына арналған қала көшелерін безендіретін монументальдік дизайнерлік графикалық шығармалар туралы материалдар беріледі. Қазақстан бейнелеу өнерінің дамуында безендірудің бір саласы көлемді дизайнерлік саяси плакаттар, қала көшелері мен елді мекендерді безендіру жұмыстарының қарқынды дамуы, монументтік саяси көркем шығармалар дүниеге келіп дамуы жайлы әңгіме қозғалады.

Үшінші тақырып бойынша ұлттық салт-дәстүрлер көріністерін бейнелеу шығармашылығының жалғасуы туралы материалдар беріледі. Ұлттық салт-дәстүрлерді бейнелейтін реалистік көркемдік бейнелеу дәстүрінің Тәуелсіз Қазақстан кезеңінде қалыптасып дамуы, суретшілер А.Тұрсынов, Қ.Закиров, Е.Төлепбай, Б.Тұлкеев, Қ.Нұрбековтердің салт дәстүр көріністерін бейнелеу дәстүрін жалғастыратын көрнекті туындылары жайлы әңгіме қозғалады.

Төртінші тақырып бойынша. даңықты мүсіншілер бастаған мүсін өнеріндегі портрет жанры мен монументальдық көлемді мүсін жасаудағы өнер сабақтастығын кейінгі ұрпақ мүсіншілерінің жалғастыруы туралы материалдар беріледі. Қазақстанның мүсіншілері Х.Наурызбаев, Т.Досмағанбетов, Е.Мергенов, Р.Ахметов, Е.Сергебаев, А.Әйнеков, А.Тұрсыновтардың станоктық және монументтік шығармашылығы, халық батырлары Райымбек, Қапал, Ақпан, Бөгенбай, Наурызбайлардың, Абылай мен Тәуке хандардың Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің көлемді мүсіндерінің көркемдік ерекшеліктері жайлы талдаулар жасалады.

Бесінші тақырып бойынша, зергерлік бұйымдардың монументтік мүсіндерімен қалалардағы гүлзарлар мен алаңдардың көркемделуі туралы материалдар беріледі. Ұлттық зергерлік өнер бұйымдары сырға, сақина, білезік, шашбаудың көлемді мүсін түріндегі формаларымен безендіру жұмыстарының соңғы кезде қарқынды дамуы, қаланың көркемдік безендіруі мен дизайндық шешімін табуда ұлттық қыш, зергерлік бұйымдарының, ыдыс аяқтардың көлемді мүсіндік шешімдері жайлы сараптама жасалады.

Алтыншы тақырып бойынша, киіз басу мен тоқыма саласында кесте тоқу, түкті кесте, батик, киіз басу, гобелен, т.б. тоқуда жаңа технологиялардың кең көлемде қолданылуы туралы материалдар беріледі.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Ералин Қ. Тәуелсіз Қазақстан бейнелеу өнеріндегі көркемдік дәстүр жалғастығы мен жаңа бағыттар

Қолданбалы өнердің халық шеберлері мен кәсіби шеберлерінің кесте тігу, гобелен тоқу, түкті кесте тоқу, батик жазу, киіз басу технологияларын қолдана отырып, жазықтық бетіне кескіндеме мен графикаға жақын көркем шығармашылық еңбек жасау жолдары әңгімеленеді. Суретші К.Жапалова

шығармашылығы бойынша «Сыңғырлаған сырғалар», «Махаббат әуені», «Туған өлке», «Жердің бата беруі», «Жұмақ», «Өмір дінгегі», «Шыңырақ», «Егеменді ел» атты шығармаларының мата бетіне жазылған көркем шығарма ретінде сараланады.

Жетінші тақырып бойынша, кескіндемеден графикадан және қолөнер саласынан австрактылық шығармалар мен сыйлық бұйымдардың дамуы мен қалыптасуы туралы материалдар беріледі. Кәсіби қолөнер шеберлері Ғ.Иляевтің, Қ.Тыныбековтың, Ф.Зауырбекованың көркемдік өнер дәстүрін жалғастырған, шеберлер М.Бекеновтің, Б.Рабатовтың, М.Қасымбековтың, Т.Мұхаттың, С.Смағұловтың шығармалары жайлы өнертанымдық талдаулар жасалады.

Сегізінші тақырып бойынша кескіндеме мен графика шығармаларында кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін ашып бейнелеу, заттар мен құбылыс сипатын әлемдік кеңістік пен уақыт өлшемдері тұрғысынан қараудағы өзіндік ерекше қолтаңбасымен танылған суретшілер туралы материалдар беріледі. Суретші Е.Төлепбаевтың «Көкпар», «Құрбылар» картиналары мен олардың халықшылдық сипаты, образ жасау жаңашылдығы, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында жазылған бұл картиналардың қазақ бейнелеу өнері дамуындағы өзіндік ерекшелігі, Ж.Қайрамбаев картиналарындағы ауыл тіршілігі, дала көріністері, түстердің символдық мәні, оның туындыларында жарық пен қараңғы түстердің қатар қолданылуы жайлы айтылады. Суретші картинасындағы философиялық астар, «Бетпе-бет», «Жолаушы» картиналарының көркемдік ерекшеліктері жайлы, екі суретшінің шығармашылық ұқсастығы мен айырмашылығы жайлы салыстырмалы талдаулар жасалады.

Қорытындылай айтқанда Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі бейнелеу өнеріндегі көркемдік дәстүр жалғастығы мен жаңа бағыттарын болашақ бейнелеу өнері мұғалімдеріне оқыту, болашақ ұстаздардың мектеп оқушыларына көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие беруге деген даярлықтарын арттыра түсетіндігін тәжірибе көрсетті.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

XXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXX

**Ғ.К.ОРМАНОВА**

педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

**БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН КРЕДИТТІК  
ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ ШАРТТАРЫ**



XXI ғасырда қоғам мен мемлекеттің дамуының негізгі шарты – білім болып табылатыны дәлелденді. Оған білімді халықаралық деңгейде дамытуға бағытталған реформалар, соның ішінде Болон үдерісінің қарқынды дамуы мысал бола алады. Қазақстандағы білім беру саласында болып жатқан өзгерістер әлемдік деңгейдегі жаңашыл бастамалармен сәйкес келіп отыр.

Зерттеулеріміздің нәтижесі кредиттік оқыту жүйесі жағдайында танымдық іс-әрекетін қалыптастыру болашақ маманның жеке тұлғасының қалыптасуына, психологиялық механизмдер арқылы оң әсерлері бар рефлексия нәтижесінде өз іс-әрекетіне жауапкершілік, өз болашағына және қоғам өміріндегі құндылықтар мен дұрыс ғылыми көзқарастарының қалыптасуына мүмкіндік беретінін көрсетті.

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді теориялық зерделеу мен жоғары оқу орындарындағы тәжірибелік жұмыстарымыз физика-техникалық пәндерді оқыту үдерісінде болашақ техника мамандарының танымдық іс-әрекеттерін кредиттік оқыту жүйесі жағдайында қалыптастырудың құрылымдық моделін жасауға мүмкіндік берді (Сурет 1).

Моделді негізге ала отырып, кредиттік оқыту жүйесі жағдайында болашақ техника мамандарының танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыру деңгейін анықтауға болады, оларға мыналар жатады: төмен, орта, жоғары.

*Төмен деңгей:* сабаққа қатысуы нашар, физика-техникалық пәндерге қызығушылық танытпайды, оның танымдық іс-әрекетті қалыптастырудағы маңыздылығын түсінбейді, пәннің өз мамандықтарына керек екенін аса түсінбейді, физика-техникалық пәндердің мәнін, мүмкіндіктерін білмейді, білімі нашар, өзіндік жұмыстарды орындауға немқұрайды қарайды.

*Орта деңгей:* сабаққа қатысуы жақсы, студенттер физика-техникалық пәндердің танымдық іс-әрекетті қалыптастырудағы қажеттілігін жете түсінбейді, оны меңгеруде біршама қызығушылық танытады, білуге талпынады, пәннің өз мамандықтарына керек екенін түсінеді, физика-техникалық пәндердің мәнін, мүмкіндіктерін оқытушының көмегімен қабылдайды, физика-техникалық пәндерден білімі орнықсыз, өзіндік жұмыс тапсырмаларын өздері толық орындай алмайды.

*Жоғары деңгей:* сабаққа ұдайы қатысады, студенттер физика-техникалық пәндердің танымдық іс-әрекетті қалыптастырудағы қажеттілігін терең түсінеді, оны меңгеруде тұрақты қызығушылық танытады, пәннің өз мамандықтарына керек екенін жақсы түсінеді физика-техникалық пәндердің мәнін, мүмкіндіктерін жақсы түсінеді, физика-техникалық пәндерден білімі жоғары, өзіндік жұмыстарды жоғары деңгейде орындай алады.

А.Я сауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Орманова Ф.К. Болашақ мамандардың танымдық іс-әрекетін кредиттік оқыту жүйесі жағдайында...





Сурет 1. Болашақ мамандардың танымдық іс-әрекетін кредиттік оқыту жүйесі жағдайында қалыптастырудың құрылымдық моделі

А.Я са у н и в е р с и т е т і н і ь х а б а р ш ы с ы, №1, 2012

Орманова Ғ.К. Болашақ мамандардың танымдық іс-әрекетін кредиттік оқыту жүйесі жағдайында...  
XXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXXX

Зерттеу проблемасын теориялық талдау мен педагогикалық тәжірибені зерттеудің нәтижесінде кредиттік оқыту жүйесі жағдайында болашақ мамандардың танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыру моделіне сәйкес болашақ техника мамандарының танымдық іс-әрекетін қалыптастыру үшін пәнді оқыту

мақсаты, мазмұны, технологиясына, танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыру әдістері мен қағидаларына сүйене отырып, төмендегідей педагогикалық шарттардың, яғни күтілетін нәтижеге жетуді қамтамасыз ететін сыртқы талаптардың, жүйелі және кешенді түрде орындалуы қажет екендігі анықталды:

*1. Оқу үдерісінің қажетті ресурстармен қамтамасыз етілуі: а) материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілуі* (оқу орнының материалдық-техникалық базасының талапқа сай жабдықталуы (зертханалар, кітапхана қоры, жабдықталған аудиториялар, интерактивті тақталар, компьютер, интернет), аудиториялардың пән бойынша әр түрлі сабақ түрлерін жүргізуге лайықтылығы және оның қызметтерінің студентке қолайлы болуы; оқу үдерісінде инновациялық технологиялардың қолдануы (студенттің түрлі ақпарат көздеріне қолы жетуіне мүмкіндік беретін және электронды оқыту құралдарын қолдануға оңтайлы жағдай жасайтын техникалық құралдардың жиынтығы); ә) *ақпараттық тұрғыда қамтамасыз етілуіне байланысты шарттар*: барлық оқу пәндерінен оқу-әдістемелік және оқу, дидактикалық материалдардың болуы, кітапхананың қажетті әдебиеттермен қамтамасыз етілуі; әр пән бойынша білім алушы оқу курсының баспа және электронды түрде сипаттамасы болуы, студенттердің өзіндік жұмыстың мазмұны мен өткізу мерзімі, өз бетімен игеру деңгейін бақылаудың формалары мен құралдары көрсетілген қажетті оқу-әдістемелік кешенмен, анықтамалық материалдармен, оқулықтармен қамтамасыз етілуі;

*б) студенттердің аудиториялық және өзіндік жұмыс көлемінің бөліну сәйкестілігі*: студенттердің аудиториядағы және өзіндік жұмысының көлемінің дұрыс үйлесімі (санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес 6 сағат аудиториялық, 3-4 сағат өзіндік жұмыс, барлығы 9-10 сағаттан аспауы тиіс); студенттің барлық оқу пәндерінен алған тапсырмалары мен СӨЖ жүктемесінің үйлесімді, тиімді болуы; оқытушының оқытудың формаларын, түрлерін оңтайлы түрде таңдап, оның күрделілігін анықтауда студенттің уақытын, орындау мүмкіндігін, қамтылуын ескеруі олардың танымдық іс-әрекеттерінің қалыптасу нәтижесіне үлкен әсер етеді. *в) оқу үдерісін ұйымдастыруға қатысатын адамдарға байланысты шарттар*: ұйымдастыруға байланысты факторлар (оқу бөлімі, деканат, кафедраның оқу үдерісін ұйымдастыруы, түрлі қызмет бөлімінің дұрыс тиімді қызмет етуі: мысалы, сабақ кестесін жасайтын диспетчерлік қызмет, кітапхана, оқу корпусындағы асхана қызметі т.б.); эдвайзерлер мен тьюторлардың дұрыс таңдалуы, офис регистраторының дұрыс қызметі; кредиттік оқыту негізінде оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға оқытушылардың даяр болуы;

*2. Әдістемелік тұрғыдан студенттің танымдық іс-әрекетін қалыптастыру үшін аудиториядағы және одан тыс өзіндік жұмыс түрлерінің дұрыс ұйымдастырылуы*: пән бойынша білім алушының өзіндік жұмысты орындауға қажетті оқу-әдістемелік кешенмен, оқулықтармен, әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуі; студенттер өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындауы үшін

**А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012**

*Орманова Ф.К. Болашақ мамандардың танымдық іс-әрекетін кредиттік оқыту жүйесі жағдайында...*

олар әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етіліп, орындалуына әдістемелік нұсқау беріліп, типтік міндеттерді шешу үлгілері келтіріліп, оқу-әдістемелік әдебиеттер көрсетілуі тиіс; оқу үдерісін, өзіндік жұмысты ұйымдастыруды тиімді қолдану

үшін жаңа ақпараттық технологиялардың қолданылуы; пән тапсырмаларының мазмұны пәнді оқыту мақсаты мен міндеттеріне сай, келешекте өз мамандығында қолдануына жарайтындай, студенттің білім деңгейіне сәйкес бірнеше деңгейге лайық жасалынып, оны орындай алатындай болуы; пәннің мақсаты мен міндеттеріне, ерекшелігіне, күрделілігіне және практикалық сұранысына, студенттің мамандығына сәйкес оқытушы жаңа педагогикалық технологияларды, аудиториядағы және одан тыс өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастырудың әр алуан түрлері мен формаларын, әдіс-тәсілдерін тиімді қолдануы; студентті ақпаратты іздеуге, интерпретация жасай білуге және талдау жасай білуге үйрететіндей тапсырмалар жүйесі жасалуы тиіс.

3. *Студенттің оқытушымен қарым-қатынас үдерісінде студенттің белсенділігін, өздігімен білім алуға ұмтылысын, ынтасын, қызығушылығын арттыру жұмыстарын ұйымдастыру:* іскер ойындар, топтық зерттеу жобалары, пәнаралық курстық жұмыстар сияқты ұйымдасқан жұмыс түрлері жасалынып, оқу үдерісіне ендірілуі тиіс. Студент білімінің түрлі деңгейлерін ескере отырып жасалынған тапсырмалар студенттерді ойлауға, талдауға, мақсат қоя білуге, оның шешімін таба білуге, шығармашылық жұмыс жасауға ынталандыратындай болуы қажет. Оқу үдерісінің тиімділігін және оны орындауға студенттің ынталылығын арттыруда дидактикалық құралдарды, жаңа ақпараттық технологияларды, телекоммуникацияларды қолданудың танымдық іс-әрекетті қалыптастырудағы маңызы зор.

4. *Студенттің пәнге қызығу мотивациясы:* физика-техникалық пәндер бойынша танымдық іс-әрекетті қалыптастырудың психологиялық шарттары; «Оқытушы-студент» арақатынасында өзара түсіністіктің болуы; «студент-оқытушы» кері байланысының жүйесі жасалып, ендірілуі; оқытушының өз пәнін оқытуға кәсіби құзыреттілігі; студенттің оқуына оң мотивация туғызу; студенттің демалысы мен тұрмысының жағдайларын жақсарту және түрлі субъективті факторлар.

5. *Оқу үдерісін шығармашылық деңгейге көтеру мақсатында студентті қажетті әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету:* оқу барысында студенттер кітаппен жұмыс істеуді, бірнеше әдебиеттен керектісін таңдай білуді, түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуді үйренуі тиіс. Оқу орнының кітапханасында қажетті оқу әдебиеттерінің қорының, электрондық оқу құралдары мен электронды оқыту бағдарламаларының және қазіргі таңдағы бірден-бір жедел ақпарат көздерінің бірі Интернеттің болуы, оқу үдерісінің компьютерленуі студенттің өздігінен білім алуына, өзіндік бақылау жасауына, өз бетімен ақпарат көздерімен жұмыс істеуіне, уақытын үнемдеуіне жағдай жасайды. Сондықтан мазмұнын динамикалық түрде өзгертуге және соңғы ғылыми жаңалықтармен жаңартуға болатын, әрі қолданысқа икемді, қаржы жағынан тиімді, қазір жаппай жасалып, кеңінен қолданыс тауып жатқан электрондық басылымдардың студенттердің танымдық іс-әрекетін өз бетімен қалыптастырудағы маңызы зор.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Орманова Ф.К. Болашақ мамандардың танымдық іс-әрекетін кредиттік оқыту жүйесі жағдайында...

6. *Студенттің танымдық іс-әрекетін қалыптастыру үшін оқу үдерісін, аудиториядағы және одан тыс өзіндік жұмыс түрлерін тиімді ұйымдастыру шараларын бақылау:* әр сабақтың мақсаты айқын, түсінікті, оның көлемі мен

мазмұны пәннің оқу мақсатына сай, студентті орындауға ынталандыратындай және оны орындауға студенттің жағдайы мен мүмкіндігі болуы тиіс. Оқу тапсырмалары дайын үлгі бойынша орындау емес, алған білімді жаңа жағдаятта қолдануды, жаңадан өздігінен білім алуды қажет ететіндей, студенттің танымдық қабілеттерін арттыратындай болуы қажет. Студенттердің өзіндік жұмыстары жүйелі, жоспарлы түрде график бойынша жүруі, міндетті түрде бақыланып, бағасы қорытынды бағаға кіріп, объективті және айқын болуы керек.

Оқу үдерісіне мониторинг жасауда кеткен кемшіліктерді дер кезінде түзетуге, оқытушы мен студент тұлғасының дамуына, білім сапасын арттыруға оң ықпал етеді. Ол өзіндік бақылаумен бірігіп, тұлғалық, шығармашылық және дамытушылық сипатта болуы және ол болашақ маманның өзіне қажетті және пайдалы болуы тиіс; оқыту нәтижесін бақылау және тиімділеу мониторингінде ақпараттық тестілеу технологиялары, рейтинг бақылаулар, коллоквиум және бақылаудың басқа түрлері орнымен қолдануы тиіс.

Кредиттік оқыту жүйесі жағдайында оқу үдерісін ұйымдастыру мәселесінің педагогикалық теория мен практикадағы жағдайы осы мәселені зерттеуге теориялық негіз болған алғышарттарды анықтауға мүмкіндік берді. Болон үдерісіне қосылу еліміздің ұлттық білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер жасауға әкелді, Қазақстандық білім берудің жаңа мүмкіндіктері ашылды. Дәстүрлі оқыту формалары мен өмірдің талабы арасындағы алшақтықты, маманның тиімді кәсіби әрекет жасауына қажетті ғылыми білімнің көлемінің ұдайы артуы мен мамандардың нақты даярлануы арасындағы сәйкессіздікті жоятын және толыққанды білімді қалыптастыруға, өздік жұмыс пен өзіндік білім алу дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін оқыту жүйесінің қажеттігі айқындалды.

Болашақ мамандардың танымдық іс-әрекетін кредиттік оқыту жүйесіне сай қалыптастыру оқу үдерісінің кредиттік технология қағидаларына негізделіп дұрыс ұйымдастырылуына, педагогикалық шарттардың кешенді және жүйелі түрде орындалуына, білімнің мазмұны мен сипатына, оқу үдерісінің логикасына, оның орындалу нәтижесіне оқытушының құзыреттілігі мен студенттің мотивациясына тікелей тәуелді болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Орманова Г.К.* Болашақ мамандардың танымдық іс-әрекетін кредиттік оқыту жүйесі жағдайында қалыптастыру. П.ғ.к. ...дисс. - Түркістан, 2010. -Б.45-60.
2. *Беркімбаев К.М., Орманова Г.К.* Өзіндік жұмыс арқылы болашақ техника мамандарының танымдық іс-әрекетін кредиттік оқыту негізінде қалыптастыру. //Қазақстанның ғылыми әлемі. Халықаралық ғылыми журнал. №5, -Б.90-95. Шымкент: 2009.
3. *Омарова Р.С.* Жоғары оқу орындарында студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. П.ғ.к. ...дисс. - Алматы, 2002.
4. *Орманова Г.К.* Опыт использования современных технологий обучения для организации самостоятельной работы по физике студентов, обучающихся по кредитной системе. Международная научно-практическая конференция «Аманжоловские чтения-2007», Усть-Каменогорск, -2007. -С.313-319

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

**Е.С.АБДРАМАНОВ**

тарих ғылымдарының кандидаты  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

## **ЖАЛПЫ ЕУРОПАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ – АУЫЛДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ ІСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Білім беру жүйесінің дамуы - әлемдегі өрлеудің ең басты қозғаушы күші болып табылады. Білім халықтың ең үлкен қазынасы десек, сол білімнің бастауы - мектеп. Мектептің жастарға білім мен тәрбие берудегі негізгі мақсаты - олардың жан-жақты дамуына жағдай жасау, адамзат баласының қол жеткізген жетістіктері мен рухани, мәдени байлықтарын жастардың бойына сіңіру, елжандылыққа, ұлтжандылыққа, адамгершілікке, кішіпейілділікке, әлемдік мәдениетке тәрбиелеу, әрбір баланы таза жүректі, өнер мен ғылымға құштар азамат болуға баулу, олардың ішкі рухани әлеміне, парасаттылығы мен білімдарлығына үңіле отырып, егемен еліміз үшін жаңа рухтағы азамат даярлау жолына бастама жасау болып табылады.

Мектеп жас ұрпақты бар жақсылыққа, ізгілікке уағыздайды, ұстаздар бала жүрегіне адамгершіліктің дәнін егеді, ұлағат көрсетіп, ұлылыққа үндейді. Мектеп оқушыға тек белгілі бір дәрежеде білім беріп қана қоймай, сонымен қатар өресі биік жеке тұлғаны тәрбиелеуге, ұлттық және әлемдік мәдениетті бойына сіңіруіне, адамгершілік қасиеті мен дүниетанымының қалыптасуына мұрындық болады.

2006/2007-2010/2011 оқу жылдары аралығында Қазақстанның ауылды жерінде мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер саны 40-қа кеміген, оның ішінде 131 бастауыш мектеп және 6 негізгі мектеп қысқарған, ал орта мектептер керісінше, 48 санға артқан.

Бастауыш және негізгі мектептердің қысқарып, орта мектептердің ауылды жерде өсуі, ауыл балаларының сапалы білім алуына дұрыс көңіл бөліне бастап келе жатқандығының айғағы болса керек. Алайда, еліміздің шалғай аудандарында мектеп жасындағы 14 мың бала тұратын 544 елді мекенде мектеп тіптен жоқ, соған қарамастан шағын мектептерді жабу науқаны әлі де тоқталар емес.

Сайып келгенде, осы келеңсіз жағдайдың барлығы жергілікті қазақ халқының аянышты жай-күйін барынша елемеуге тырысқан кеңестік тоталитарлық тәртіптің әбестік әлеуметтік-экономикалық саясатының салдары болып табылады. Негізінен мал шаруашылығын кәсіп еткен халқымыз шалғай және халық аз қоныстанған елді мекендерде тұруға мәжбүр болды, қазір ол жерлер туралы “болашағы жоқ” деген түсінік қалыптасып, тұрғылықты халқы жаппай ірі елді мекендерге көшіп жатыр.

Бүгінде еліміздің білім беру саласында бірқатар әлеуметтік-мәдени жаңарулар байқалады. Қазақ жерінде білім беру жүйесі қалыптасқан кезеңнен бастап ауыл мектептері мен ондағы оқушылар саны қалаға қарағанда әлдеқайда басым болатын, дегенмен өткен ғасырдың аяғына қарай

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Абдраманов Е.С. Жалпы еуропалық білім беру кеңістігінде - ауылдағы оқу-ағарту ісінің мәселелері

орын алған қиын-қыстау кезеңде жағдай біршама өзгерді. Егер, 1980/81 оқу жылының басында ауыл оқушылары қала оқушыларынан 399,9 мыңға артық болса, 1989/90 оқу жылы 51,1 мыңға, 1996/97 оқу жылы 10,5 мың балаға ғана басым болды. 1997/98 оқу жылынан бастап елімізде қала оқушыларының саны алғаш рет ауыл оқушыларынан бірден 35,9 мың балаға басып озды. 1999/2000 оқу жылы бұл арақатынас 112,1 мың оқушыға жетті.

Жағдайдың былай өрбуін келесі оқиғалармен байланыстыруға болады. Біріншіден, өткен ғасырдың 90-шы жылдарының соңына қарай қала тұрғындарының саны ауыл тұрғындарына қарағанда едәуір артып, бүгінде қала тұрғындары елімізде басым көпшілікті құрап отыр; екіншіден, білім беру басқармаларының тікелей нұсқауымен іске асырылған болашағы жоқ ауыл мектептерін “оңтайландыру” бағдарламасы, сайып келгенде ауыл мектептерінің санын қысқартуға бағытталды. Осындай іс-шаралардың нәтижесінде бастауыш және негізгі мектептердің, әдетте қазақ тілінде білім беретін оқу орындарының жабылғаны байқалды.

Тек, 2007/2008 оқу жылынан бастап ауыл оқушыларының саны қала оқушыларына қарағанда қайта арта бастады. 2010/2011 оқу жылы бұл арақатынас 86,3 мың балаға жетті. Мұның басты себебі, кейінгі жылдары ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған бірқатар мемлекеттік бағдарламалардың жемісті жүзеге асуымен, ауылдың қайта жандана бастауымен түсіндіруге болады.

Бүгінде, ұстаздың кәсіби деңгейі, оның білімі мен біліктілігі, шығармашылық еңбекке қатысы маңызды рөл атқарады. Оқушының рухани әлемі мен қоршаған ортаға көзқарасының қалай қалыптасатыны тікелей ұстазға байланысты, себебі ол жанама түрде болса да ауыл жастары мен жалпы ауыл тұрғындарының әлеуметтік-мәдени дамуына әсер етеді. Қазіргі кезде ауыл мұғалімдерінің басым көпшілігі жоғары білімді мамандар. 2000/01 оқу жылы ауыл мектептерінде дәріс беріп жүрген 152410 ұстаздың 98095-і, яғни 64,4% жоғары білімді мұғалімдер екені анықталды.

Дегенмен, бұқаралық ақпарат құралдарында ауыл мұғалімдерінің сапалық деңгейі мен олардың өз уақытында тиісінше біліктілігін жетілдірмей жүре беретініне қатысты көптеген сыни мақалалар жарық көруде. Мәселен, “Оңтүстік Қазақстан” газетінің тілшісі Сабырбек Олжабай: “Республикалық пән олимпиадаларында жүлделі болып, мерейі үстем болған ауыл оқушыларымыз саусақпен санарлық қана. Аудандарда білім беру жүйесі ойдағыдай жұмыс істемейді. Мұғалімдер жан-жақты ізденбейді. Ескі, көнерген, қолданудан әлдеқайда қалып қойған әдістемелік нұсқаулармен жұмыс істеуде,” - деп жазады. Төлеби аудандық білім бөлімі әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Жақсыбай Үсенов керісінше, ауыл мұғалімдерін арашалап: “Мұғалімнің жұмысын бұрын-соңды болмаған дәрежеге дейін қиындатып жіберді. Мектептегі баланың тәртібі, оның сабаққа қатысуына

А.Я сауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Абдраманов Е.С. Жалпы еуропалық білім беру кеңістігінде - ауылдағы оқу-ағарту ісінің мәселелері

мұғалім жауап береді. Осындай қосымша жұмыстар мұғалімнің шығармашылықпен айналысуына кедергі келтіріп отыр,” - деп қынжылады.

Бүгінде, ауылдық халыққа білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық жағдайы сын көтермейді. Оңтүстік Қазақстан облысында мектептердің 60% типтік емес жобала салынған ғимараттарда орналасқан, оның 2% апатты жағдайда тұр. Бірқатар мектептерде жылу жүйесі, су құбыры, сыртқа су шығаратын құбырлар жүйесі, спорт кешендері, еңбек шеберханасы мен оқушылар асханасы салынбаған. Оңтүстік Қазақстан облысының ауылды жерінде тұратын оқушылардың 37,4% және Жамбыл облысындағы ауыл оқушыларының 31,6% екінші және үшінші ауысымда оқуға мәжбүр.

Ауыл мектептерінде оқу сапасы мен оқушылардың білім деңгейі бүгінгі күннің талабына сай келе бермейді. Оңтүстік Қазақстан облыстық білім беру департаменті бастығының орынбасары Рахима Қожамжарова: “Мектептерге лицензия беруді нақты ереже бойынша өткізетін болсақ, облыстағы 934 мектептің бірде-біреуіне лицензия берілмес еді, өйткені біздің мектептеріміз оның талаптарына сай емес,” - деп мәлімдеме жасады.

Білім беру мекемелерінің негізгі материалдық-техникалық базасы өткен ғасырдың 1950-80 жылдары жасақталғанын ескерсек, бүгінде олар қайта жаңартуды немесе кешенді жөндеуді қажет етеді. Ауыл мектептерінде лабораториялық заттар мен оқу-көрнекі құралдары әбден ескірген. Дегенмен, кейінгі жылдары бұл мәселені шешу үшін мемлекет тарапынан «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы қолға алынып, оның аясында бірқатар жұмыстар атқарылды.

Орта мектептегі келеңсіздіктің едәуір бөлігі материалдық жетімсіздіктен туындайды. Қашан да жасампаздықтың жаршысы ретінде бағаланатын мұғалім еңбегін бағалаудың күрт төмендеуі, олардың жаңа экономикалық қатынастар жағдайында әлеуметтік мәртебесінің құнсыздануы, оқушыға сапалы білім беруіне кеселін тигізбей қоймады.

Қалай десек те, ел келешегі саналатын жас ұрпаққа білім беру ісіндегі көп түйткілді уақыт оздыра бермей шешуді өмір талабы алға тартып отыр. Ендеше, ауыл мектептеріндегі оқу-әдістемелік жұмыстарды түбірімен жаңарту, оқытудың жаңа технологиясын оқу процесіне енгізу, оқытудың жаңа әдістемелері негізінде дайындалған, мектеп оқушыларына және мұғалімдерге арналған жаңа типтегі оқулықтар мен оқу құралдарын сапалы әзірлеп, уақыт күттірмей оқу бағдарламасына ендіру қажет.

Еліміздегі негізгі жұмысшы тапты ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтін еңбекші-шаруалар тобы құрайды. Республиканың ауылды жеріндегі ауыл қожалықтарына қажетті жұмысшы мамандарды, негізінен, аудан орталықтарында орын тепкен бастапқы кәсіптік білім беру мекемелері қамтамасыз етеді.



Республиканың ауылды жерінде ең алғашқы кәсіптік-техникалық оқу орындары өткен ғасырдың 50-шы жылдары пайда болды. Ол кезде, олар бірнеше мамандық бойынша ғана мамандар даярлайтын. Уақыт өте келе бұл оқу орындарының саны да, ондағы оқушылардың қатары да айтарлықтай толысты. Қазіргі кезде Оңтүстік Қазақстан облысында 8718 баланы қамтыған 21 және Жамбыл облысында 1,9 мың баланы қамтыған 17 кәсіптік-техникалық оқу орындары бар. Айта кететін бір нәрсе, бұл оқу орындарының басым көпшілігі аудан орталықтары мен халықтардың тығыз қоныстанған елді мекендерінде орналасқан. Олар халық шаруашылығы саласына қажетті 46 мамандық бойынша жұмысшыларды даярлап жатыр.

Кәсіптік-техникалық білім беру ісінде қазіргі заманғы жаңа құралдарды қолдану үлкен рөл атқаратыны түсінікті. Бірақ бұл оқу орындарының материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі заман талабына сай еместігі байқалады. Кейбір колледждерде осы уақытқа дейін өткен ғасыр басындағы технологияларға сүйене отырып дәріс беретіні жасырын емес.

Өкінішке орай, кәсіптік-техникалық оқу орындары жұмысшы мамандарды өнеркәсіп мекемелерінің сұранысын ескермей дайындайды. Олар әзірлеп жатқан жұмысшылар осыдан он-жиырма жыл бұрын дайындаған мамандықтары бойынша оқытылып жүр, ал қазіргі заман талабы мамандарды ауыл шаруашылығы саласында жаңа ғылыми-техникалық прогреске сәйкес оқытуды қажет етеді.

Сонымен, елімізде берілетін білім деңгейін әлемдегі өркениетті, алдыңғы қатарлы дамыған елдерде қабылданған стандарттарға сәйкестендіріп, сапалы білім мен саналы тәрбие беруге көшу уақыт күттірмейтін іс. Білім беру жүйесін жетілдіру, жалпы білім беретін мектеп пен кәсіптік-техникалық оқу орындарының санын арттыру, ауыл мәдениетін дамытудың ең басты қозғаушы күші болмақ.

**Б.Қ.МҰХАМЕДЖАНОВ**  
педагогика ғылымдарының докторы, профессор

**Т.Ә.ДАНИЯРОВ**  
педагогика ғылымдарының кандидаты  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

**Т.С.ҚАРЫНБАЕВ**  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

### **МОДУЛЬДІК ОҚУ – ТҮТАС ҰДАЙЫ ДАМЫП ОТЫРАТЫН ЖҮЙЕ**

Модульдік оқудың мотивтік-мақсаткерлік құрылымдық жүйесінің әсер ету ерекшелігін талдау - педагогиканың негізгі категорияларын да алдынала болжау, мақсаткерлік, мақсатқа жету т.б. әрі қарай жетілдіру және зерттей түсу қажеттілігін көрсетті. Философияда модульдің негізгі категориясы мақсаткерлік – екі бағытта қарастырылады. Біріншісі, мақсаткерлік проблемасы адам қызметінің практикалық және танымдық заңдылығы болса, екіншіден, ол мақсатқа бағытталған және мақсатқа сәйкестілік ретінде табиғат пен қоғамға шындықпен қараудың педагогикалық жүйесі болып табылады. Модульдік оқу процесінде мақсаткерлік негізгі педагогикалық категория ретінде болашақ нәтиженің, іс-қимылдың, белгілі қызметтің қортындысы және реттеуші ретінде әсер етеді. З.В.Знак пен В.И.Бактинскийдің пікірлерінше – мақсаткерлік белгілі бір қызметтің немес іс-қимылдың мазмұнын қалыптастырады. Модульдегі мақсаткерлік жеке тұлғаның бағалы бағдарламасын сипаттайды және оның белгілі бір нәтижеге жетуін айқындайды. Р.Р.Бибрихтің дәлелдеуінше, жеке тұлғаның әрбір жаңа мақсаткерлігі - оның мотивациялық бағытын өзгерте отырып, өз алдына одан да күрделі жаңа күрделі мақсат қоюға мүмкіндік жасайды - мұны іс-қимылдың көкейкестілігі дейді [1].

Сөйтіп, адамның саналы іс-қимылы белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған. Ал мақсаткерлікті анықтау, оған жету, сол ретте программа жасау, қажетті құралды таңдау – адам қызметінің оңтайлы қырымен саналады. Осының барлығының жиынтығы модульде – алгоритмдік мақсаткерлік болып есептеледі

Алгоритмдік мақсатқа жетудің негізгі белгілері:

1. Мақсаткерлікті таңдау және анықтау және оны іске асыру үшін ұсыну.

Бұл мақсатқа жетудің бірінші компоненті. Сондай-ақ, мұндай іс-қимылдың ерекшелігіне сәйкес айлалы мақсаткерлікті анықтау.

2. Мақсаткерлікке сәйкес ұсынылған нәтижеге жетудің жолдарын анықтау, бұл мақсатқа жетудің екінші компоненті. Алға қойған мақсатқа жетудің жолдарын анықтау үшін мына факторларды зерттеу қажет. Ол:

- Мақсаткерліктегі ортаның немесе заттың критерийлік өлшемі және көрсеткіші.

*А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012*

*Мұхамеджанов Б.Қ., Данияров Т.Ә., Қарынбаев Т.С. Модульдік оқу – тұтас ұдайы дамып отыратын жүйе*

- Оқу процесінің формасы және қарастырылған әр түрлі әдістемелілігі.
- Оқушылар мен педагогтың біріккен іс-қимылы және қызметі.

3. Күткен нәтижені - қорытындыны анықтау мақсатқа жетудің үшінші компоненті (бұл оқушылардың мақсатқа жету жолында ұсынылған тәрбиелік сипатын көрсетеді). Сондай-ақ, нәтижелік, тәрбиелік, үлгерімділік, оқу сапалылығы, іс-қимылдың оңтайлы дамушылығы, коллективтің бірлігі, татулығы. Жеке тұлғаның – оқушының ұсынылған мақсатқа жетуге сәйкес дамуы, тәрбиелілігі, білім алуы. Демек, мақсатқа жету модулі - мақсат қоя білуге үйретеді. Оқушылардың және студенттердің негізгі мақсаты - сапалы білім алуы мен саналы тәртібін қамтамасыз етеді.

Мақсатқа сәйкестілік технологиясы – модульдік жүйенің белгілі бір бөлігі ретінде төмендегіше сипатталады:

1. Мақсаткерліктің иерархиялығы;
2. Мақсаткерліктің оқу-тәрбие құралына бағыныштылығы;
3. Мақсаткерліктің ерекшелігі мен арнаулы қасиеттілігі және бірізділігі;
4. Мақсаткерліктің модификациялық мүмкіндігі.

Модульдік оқу – тұтас ұдайы дамып отыратын жүйе. Модульдік оқудың принциптері: жалпы заңдылыққа сүйенеді. Бұл заңдылықтар педагогикалық, философиялық, психологиялық, социологиялық ғылымның негіздерінде айқындалған. Демек, ғалым – П.А.Юцявиченнің "Модульдік оқудың теориясы мен практикасы" атты еңбегінде модульдік оқудың принциптері және оның оқыту методологиясы жалпы дидактикалық принциптермен тұтасып жатады және сол негізде қолданылады.

Оқытудың мазмұны модульдік бір тұтастылықты шешуге арналып, құрылады және модульдік блокты анықтайтын белгілі бір мазмұны көрініп және айқындалып тұруы шарт. Бұл принцип бұрын қолданылып жүрген программалап оқытудың жүйесіне жақын және сонымен ұштасып жатады. Мұның бір айырмашылығы, белгілі бір дидактикалық мақсатты модульдік негізде шешуге арналған.

**Динамикалық принципі.** Әлеуметтік тапсырыс немесе экономикалық сұраныс бойынша модульдің маңызында елеулі өзгерістердің болуы. Бұл принципті жүзеге асыруда модульдік оқытудың құрылысы мынандай деңгейде белгіленеді:

1. Модульдің әрбір элементінің мазмұны жаңа материалдармен толықтырылады немесе мүлде жаңа материалға ауыстырылады.
2. Модульдік оқудың формасы, оның әрбір элементін тез ауыстыра алатындай формада жасалуы тиіс.

**Іс-қимыл әдістемелік принципі.** Бұл әдіс арқылы оқушылар нағыз білім алып шығуы тиіс. Принциптің негізгі мақсаты – оқытудың мақсаткерлігін айқындайды. Бұл принцип оқудың мотивациялылығын толықтыра түсуге арналған. Демек, мотивациялық оқуды айқындай түседі.

**Саналы түрде игеру принципі.** Студенттердің оқытудың болашағын саналы түрде түсінуі. Саналы меңгерудің қалыптасуы мотивациялық оқудың жүйелілігін туғызады. Саналылық пен қызығушылықты ұдайы дамытып отырады.


**Әдістемелік түрлендірудің жан-жақтылық принципі.** Студенттердің танымдық әрекетіндегі кәсіптік-ақпаратты мазмұнды және дүниетанымдық мазмұнды жетілдіру. Бұл педагогтың да танымдық қабілетін қалыптастырады. Тиімділігі көптеген факторларға байланысты. Ол оқу материалын оқушылардың және студенттердің жас ерекшеліктеріне сәйкес келуін қалайды.

**Біртұтастық - бірегейлік принципі.** Бұл оқушылар мен студенттердің берік және өзара түсінушілік арақатынасын талап етеді. Көбінесе, бұл модульдік программа негізінде шешіледі. Бұл принцип модульдік оқудың бір тұтастығын айқындайды және бұл тұтастықты түсінудің жаңа сатысына көтерілуге мүмкіндік жасайды, Демек, модульдік принциптің барлығы бірдей оқудағы модульдың құрылысының ерекшелігін айқындай отырып, оның дидактикалық принциптермен ұштасып, астарласып жатқанын көрсетеді.

Модульдік оқу жүйесінің тиімділігі, нәтижесі, көбінесе қолданылатын материалдың сапасына байланысты. Сондықтан модульдік оқудың ең басты міндеті, модульдік негізде сапалы модульдік түрлендіру жүйесін ұдайы жасап отыру. Модульдің тағы бір ерекшелігі пәнаралық байланысты ұдайы жетілдіріп отыру, педагогика курсының мазмұнын түрлендіріп отыру және белгілі модульдік жүйені жасау болып табылады. Модульдік жүйе арқылы ірі блоктар жасау да оның басты принциптерінің бірі. Оқып, зерттеп отырған модульдың жүйелілігі және оның дидактикалық мақсатқа жету жолындағы ерекшеліктері модульдік оқудың сапасын көтеретін басты факторлар туғызады. Бұл үшін модульдік блоқты оқу мен оқытудың сапалылығын, жүйелілігін, бірізділігін, тұрақтылығын сақтауға көмектесетін жағдайлар – модульдік орта жасауға көмектеседі [2].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Морева Н.А.* Педагогика среднего профессионального образования. Учебное пособие для студентов педагогических вузов. -М.: Академия, 1999.
2. *Конаржевский Ю.А.* Анализ урока. - М.: Педагогический поиск, 2000.



**B.B.KENDZHAYEVA**

Candidate of pedagogical sciences  
Senior-teacher of IKTU by H.A.Yassawi

### **THE INTERNET AS A TEACHING AND LEARNING TOOL**

The use of the Internet is widespread in numerous fields and domains, without a doubt, it also carries great potential for educational use, specifically second and foreign language education.

Technology and foreign language education are no stranger to one another. In the sixties and seventies, language laboratories were being installed in numerous educational settings. The traditional language laboratory was comprised of a series of booths, each providing a cassette deck, and accompanying microphone and headphone. Teachers monitored their students' interactions by using a central control panel.

While the computer is now used in some form or another in most language classrooms, and is considered standard equipment, the Internet is also gradually being introduced in the second language classroom as teachers become more familiar with it. The Internet is a confederation of thousands of computers from various sectors of society such as education, business, government and the military.

It is a worldwide network of computers that interact on a standardized set of protocols which act independently of particular computer operating systems, allowing for a variety of access methods to the Internet.

It can be used to both exchange information through electronic mail, newsgroups, listservs, professional on-line discussion groups, and so forth, as well as to retrieve information on a variety of topics through the World Wide Web.

The Internet has been used by some language instructors in creative ways - one of these innovations being use of electronic mail (e-mail), a specific feature of the Internet. Overall, e-mail can encourage students to use computers in realistic, authentic situations in order to develop communicative and thinking skills. E-mail is easy to use and even teachers intimidated by computers can quickly become adept at using e-mail with their students. Furthermore, even timid or inhibited students can benefit from the meaningful interaction and communication e-mail makes possible.

Chat rooms can also be carried out through e-mail. In this situation, two or more individuals can "talk" on-line about various topics or issues. For instance, language learners can be paired up and can be given a debatable topic to discuss. Such experiences once again stimulate authentic communication and assist students in developing specific communication skills such as arguing, persuading, or defending a particular point. Listservs from around the world can offer news and discussion groups in the target language providing another source of authentic input and interaction. Cononelos and Oliva (1993) organized e-mail exchanges between entire classes of students in order to generate discussion, improve writing

skills, and promote peer interaction. In this particular project, advanced level

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Kendzhayeva B.B. The Internet as a Teaching and Learning Tool

Italian students employed e-mail newsgroups to improve both their writing, as well as their knowledge of contemporary Italian society. In this manner, the teaching of culture was also facilitated through the immediate feedback and contact of L2 speakers who were interested in informing others about their culture.

In addition to the communication benefits of the Internet, the Internet can also be used to retrieve and access information. The World Wide Web is therefore a virtual library at one's fingertips; it is a readily available world of information for the language learner. While the Internet offers numerous benefits to the language learner, a few such possibilities are examined here, in the context of language learning.

Perhaps, one of the most essential pedagogical principles of language teaching is one that emphasizes the study of language in a cultural context. I, along with many other language instructors believe that language and culture are inextricable and interdependent. Understanding the culture of the target language enhances understanding of the language. To this end, the Internet is a valuable resource to both language teachers and learners. As discussed previously, e-mail on the Internet allows language learners to communicate with native speakers. In this manner, the Internet facilitates the use of the specific language in an authentic setting. The Internet can also be used to acquire information from language resources for a variety of purposes. For example, students can access current information from countries around the world. They can obtain geographical, historical, social/cultural, economic, and political information from the countries in which the target language is spoken. Students can read web versions of daily newspapers and same-day news reports from sources. Such experiences can allow learners to participate in the culture of the target language, which in turn can enable them to further learn how cultural background influences one's view of the world.

The use of the Internet has also been shown to promote higher order thinking skills. A language teacher, for example, may instruct learners to search for specific information. Searching the Web requires logic skills. Once information has been obtained, the results must be reviewed which requires scanning, discarding, and evaluative judgment on part of the learner. The information must be put together to make a complete and coherent whole which entails the synthesis process. Such an endeavor permits students to practice reading skills and strategies. The Internet also promotes literacy for authentic purposes, as stated previously. In addition to being a supplement to reading materials, especially current information, when students are exploring the Net, they are essentially exploring the real world.

Lastly, the Internet provides supplemental language activities which can provide students with additional practice in specific areas of language learning. These include reading tests and comprehension questions, grammar exercises, pronunciation exercises possible through the available multimedia capabilities, cloze tests, vocabulary exercises, and so forth. Students can search the Web for

such sites, or teachers may recommend specific sites on the Web.

А.Я сауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Kendzhayeva B.B. The Internet as a Teaching and Learning Tool

The more enthusiastic and more knowledgeable language teachers are, the more successfully they can implement Internet in the language classroom.

With its advantages and disadvantages, the internet has significant effects on communicating, teaching and learning. Thus, both teachers and learners should have the chance of internet accessibility, experience and familiarity with its functions in educational life. For this purpose, before using the internet in second language learning and teaching activities, teachers and learners should be instructed. This is a must to use it in language classrooms efficiently. On the other hand, it should be known that the internet is not sufficient itself to teach and learn a second language. In other words, it cannot include all teaching and learning activities and be replaced the real teaching and learning environment, such as language classroom and real-life communication. As a result, it is only a tool for educational activities. With its advantages and disadvantages, the internet has significant effects on communicating, teaching and learning. Thus, both teachers and learners should have the chance of internet accessibility, experience and familiarity with its functions in educational life. For this purpose, before using the internet in second language learning and teaching activities, teachers and learners should be instructed. This is a must to use it in language classrooms efficiently. On the other hand, it should be known that the internet is not sufficient itself to teach and learn a second language. In other words, it cannot include all teaching and learning activities and be replaced the real teaching and learning environment, such as language classroom and real-life communication. As a result, it is only a tool for educational activities.

#### REFERENCES

1. *Cononelos T. & Oliva M.* (1993). Using computer networks to enhance foreign language/ culture education. *Foreign Language Annals*, 26(4), 527-534.
2. *Davis B. & Chang Ye Ling.* (1994/95). Long distance collaboration with on-line conferencing. *TESOL Journal*, 4(2), 28-31.
3. *Jensen R.* (1993). The technology of the future is already here. *Academe*, 8-13.
4. *Kroonenberg N.* (1994/95). Developing communicative and thinking skills via electronic mail. *TESOL Journal*, 4(2), 24-27.
5. *Lewis P.H.* (1994, August 9). Who's the coolest Internet Provider? *The New York Times*, p. 12.

**Г.Ж.АЗРЕТБЕРГЕНОВА**

А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯ  
ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ТИІМДІЛІГІ**

Қазақстан Республикасындағы қоғамдық өзгерістердің ауқымдылығы, күрделілігі білім беру саласына оның ішінде жоғары оқу орындарында білім беру стратегияларына өзгерістер енгізу, қазіргі кезеңдегі ақпараттық технологияларды қолдана отырып, өзгертуді талап етеді.

Қазіргі жоғарғы оқу орындарындағы кредиттік технологиялық білім беру жүйесі білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті қолдану арқылы, білім алушының пәндерді таңдауы және реттілікпен оқуын дербес жоспарлауы негізінде оқытуға бағытталған.

Қазақстандағы білім беру жүйесінде кредиттік оқыту технологиясы үдерісін қалыптастыру жаңа оқыту үлгілеріне, мазмұнына, технологияларына, түрлері мен әдістерін пайдалану арқылы ерекшеленеді. Жоғарғы оқу орнында сапалы білім берудің негізгі даму деңгейі қоғамды ақпараттандыру технологиясын қарқынды дамыту аясында жүзеге асырылуда.

Европалық елдердің сынақ бірлігіне көшу мақсаты бұл, алдымен халықаралық «тұнықтық» жетістігі, қазіргі кездегі білім жүйесінің сыйысымдылығы мен дербес елдердің біліктілігін сақтау арқылы және білім беру саясатында жоғарғы оқу орындарының білім беруде кеңінен қолданылуда. 19 маусым 1999 жылы жоғары білімнің бірыңғай құрылымын енгізу үшін Болон декларациясы қабылданды, оған 29 ел қол қойды. Барлық ұлттық жүйелерде, жоғары білім жүйесінің сынақтық бірлігін енгізу үшін European Credit Transfer System (ECTS) немесе басқа ECTS жүйесімен бірігіп, қайта сынақтауды қамтамасыз ететін, сондай-ақ жинақтаушы қызметін, және де академиялық оқу кепілдігін шет елде тану туралы шешім қабылдану (1999 ж. ECTS 1062 европалық жоғары оқу орындарына енгізілді).

Қазақстанда кредиттік оқу жүйесіне байланысты 2007 жылы 15 тамызда «Білім туралы» жаңа заң қабылданды, осы заңда «кредиттік оқыту технологиясы» ұғымы заңнамада анықталған. Осы заңның 11 бабында 9 п. білім жүйесі мәселелерінің бірі болып оқытуда жаңа технологияларды тиімді пайдалану және енгізу, сонымен қатар кредиттік, дистанциялық, ақпараттық-коммуникациялық оқыту кәсіби білімнің қоғамда және еңбек нарығында болып жатқан өзгерістер қажеттілігіне тез үйлесуге мүмкіндік туғызатыны белгілінген.

Кредиттік оқыту технологиясы – бұл білім беру технологиясы, өз



бетімен білім алу деңгейін көтеру және дара негізінде шығармашылық білімді меңгеру, оқу процесін және білім көлемін кредит негізінде есепке

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Азретбергенова Г.Ж. Экономикалық пәндерді оқытудағы кредиттік технология жүйесінің ерекшеліктері...

алуды, білім беруді таңдап алған траекториясын регламенттеу болып табылады.

Қазақстан – Европалық білім беру кеңістігінде толық құқықты мүше болып танылған Орталық Азиядағы бірінші мемлекет. 2010 жылдың наурыз айында Қазақстанда білім беру Болон декларациясына қол қойды ЖОО-дарында білім беру кредиттік жүйеге негізделді. Қазақстан мемлекеттік бюджеттен 2011 жылы білім саласына бөлген қаржы 898,8 млрд. теңгені құрады .

Жоғары оқу орнының басты мақсаты - алдыңғы қатарлы жастар тәрбиелеу, адамзаттың мәдени және өнегелік деңгейі мен оның ой-өрісін арттыру, жоғары білімді маман иелерін қазіргі заман талабына сай дайындап, нарыққа білімді экономистерді.

Жоғары білім - маманға іскерлік және дағды ғана беріп қоймай, оны жеке тұлға ретінде қалыптастырады, кредиттік технология бойынша білім алған әрбір студент әлемнің кез келген жерінде алған білімді, қабілетті маман екен көрсете білуі қажет.

Бүгінгі таңдағы кредиттік оқыту технологиясын экономика мамандықтарын оқытудағы көкейкесті мәселелері - әлемдік білім беру кеңістігіне сай бейімдеп білім алу, кәсіби қалыптастырудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың әдістері мен ұйымдастыру түрлерін өзгерту, білім көлемін біріздендіру, экономиканы оқытуды дараландыру ,білім алушылардың оқудағы шынайы жетістіктерін тиімді бақылаумен өзіндік жұмысының рөлі мен тиімділігін күшейту.

Қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіз ізденімпаздыққа баулуды көздеу.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беру және оның шығармашылық, рухани және тәни күш қуатын жетілдіру, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына жағдай жасау міндеті көзделгенін ескерсек, болашақ мамандарды жаңашылдыққа даярлауымыз керек.

«XXI ғасырда білім беру ісін дамыта білмеген мемлекет құрдымға кетері хақ. Сондықтан біз болашақта жоғары технологиялық және білікті өнеркәсіп мамандарының шоғырын қалыптастыруымыз қажет. Бұл орайда, Қазақстандағы жоғары оқу орындарының міндеті - әлемдік стандартқа сай білім беру, ал олардан алынған дипломдар дүние жүзі мойындайтындай болуы қажет. Біз әрбір Қазақстан азаматтарының дұрыс мүмкіндіктермен

жоғары білім алуына кепілдік беруіміз қажет», - деп Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында ерекше атап көрсетті.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Азретбергенова Г.Ж. Экономикалық пәндерді оқытудағы кредиттік технология жүйесінің ерекшеліктері...

Қазіргі кезеңдегі жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлау ісін кредиттік оқыту технологиясына негіздеу, оның мазмұны мен құрылымын өзгертуді ғана талап етпей, сонымен қоса оның бүкіл бағдар бағытын түбегейлі жетілдіруді талап етеді. Кредиттік оқыту технологиясы білім берудің барлық деңгейлерінде қазіргі кезеңдегі экономист мамандар даярлау барысындағы индустралды-инновациялық дамудың үдерісінде маман бола алатындай етіп дайындау үшін, экономика мамандығының студентіне сапалы білім беруде, өзінің мамандығын жетік меңгеруі үшін, әлемдік деңгейдегі ақпараттық технологиялардың жаңа жетістіктерін оқу үрдісіне кеңінен қолдану арқылы қол жеткізуге болады. Қай саладан болса да өз мамандығының шебері, өздігінен ізденуге мүмкіндігі бар, кәсіби бағыттылығы жоғары маман даярлау мәселесі қазіргі заманның басты талабына айналды.

Жоғарғы оқу орнының оқу үдерісін ақпараттық көздермен: оқу құралы, оқулықтар, оқу пәндері бойынша әдістемелік құралдар және әзірленімдер, көп таратылатын материалдар және өзіндік жұмыстар туралы нұсқаулықтар, электронды оқулықтар мен желілік білім ресурстарына қол жетімділікті толық көлемде қамтамасыз еткен жағдайда білім алушының сапалы білім алуына жол ашылады. Сапалы білімнің алғышарттары қалыптасқан кезеңде білім алушының қызығушылығы артып, білімге деген құштарлығы өсіп, нәтижесінде нарыққа білгір де сапалы, жан-жақты маманданған экономист ұсына аламыз.

Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру барысында оқу үдерісінде білім алушының өзіндік жұмыстармен ерекше жұмыс жасап, экономист мамандығына білім алушы жалпы теориямен практиканы ұштастыра білуге зор мүмкіндік туындады.

Сол себептен де кәсіби бағыттылықты қалыптастыруда өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру негізгі мәселелерінің бірі ретінде қарастырылуы керек. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру арқылы олардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыруға болады.

Білім алушыларға (студент, магистрант және докторанат) кәсіби бағыттылықты қалыптастыруда білім беру үрдісінде олардың өзіндік жұмыстарын өз дәрежесінде орындау арқылы кәсіби біліктілігін ұштауға үлкен серпін береді.

Өзіндік жұмыс үнемі оқытушының жол сілтеуімен, басшылық жасауымен ғана орындалуы тиіс емес, кредиттік технология негізінде білім беруде тиімді жаңа технологиялар тұрғысынан алғанда бүгінгі студенттің, ертеңгі маманның жеке тұлғалық және кәсіптік бағыттылығын қалыптастыратындай деңгейге көтерілуі оның түрлерін, ұйымдастырылу жолдарын, қолданылатын әдістерді, олардың беретін нәтижесін теориялық және практикалық тұстарын жан-жақты зерттеуді және зерттеу нәтижелерін тәжірибеде қолдану мүмкіндіктерін қарастырады.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында білім берудің кредиттік жүйеге

көшуімен байланысты студенттердің шығармашылық әрекетін, білімді өздігінен ізденіс арқылы табудың жолын, жалпы педагогикалық принциптерді басшылыққа алу біліктіліктерін көтеру мәселесі қойылып отырғандықтан, білім беруді

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Азретбергенова Г.Ж. Экономикалық пәндерді оқытудағы кредиттік технология жүйесінің ерекшеліктері...

ұйымдастырушы оқытушы мен білім алушы студенттер арасындағы қарым-қатынас мүлдем басқаша жаңа деңгейге көтерілді. Осы бағытта оқыту әдістері мен оқу әрекеттері түрленіп, өзіндік жұмыстың құрылымы да, мазмұны да, оны ұйымдастырудың мақсаты да кешенді түрде кредиттік білім беру жүйесіне өзгертілді.

Қазіргі кезеңдегі қоғамның сұранысына қарай жаңа экономист мамандығын дайындау барсында, қоғамда қалыптасқан, әлемдік деңгейдегі экономистерге қойылатын талаптарға сай болатындай етіп, мамандарды шығару үшін, кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру тиімді әдіс-тәсілдер арқылы тәжірибеге ендірілсе, онда бүгінгі қоғамға қызмет ететін білікті және бәсекеге қабілетті экономист мамандары даярланады.

Кредиттік оқу жүйесінде оқу үдерісін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету материалдық-техникалық және ақпараттық базаның талапқа сай болуы, СӨЖ көлемінің нормативті талаптарға сәйкес болуы, студенттердің аудиториядан тыс жұмыс әдістемесін ұйымдастыру, студенттің оқытушымен қарым-қатынас үдерісінде белсенділігін, қызығушылығын және өздігімен білім алуға ұмтылысын арттыру жұмыстарын ұйымдастыру, болашақ экономистің пәнге қызығуға ынталандыру, оқу үдерісін шығармашылық үдеріске айналдыру мақсатында болашақ экономистердің қажетті әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету, ОБСӨЖ-ын және СӨЖ-ын тиімді ұйымдастыру шараларын бақылау өзіндік жұмыс арқылы студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастырады.

Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыруда білім алушының жеке оқу жоспарын қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз ететін элективтік пәндер каталогын енгізілген таңдауы бойынша енгізілген пәндерді қалауы бойынша таңдау мүмкіндігімен ерекшеленеді.

Элективтік пәндер белгілі бір кредит шеңберінде және ЖОО-ның енгізетін таңдауы бойынша жасалады.

Кредиттік білім беру жүйесінде қазіргі кезеңдегі ең маңызды жүзеге асыратын іс-шараның негізі модульдік білім беру бағдарламасын қалыптастыру. Мамандық бойынша міндетті модульге мамандық негізін құрайтын және кәсіптік құзыреттерді қалыптастыруға жекеленген пәндер циклынан тұрады.

Экономист мамандықтарына жоба ретінде оқу бағдарламасының сабақтастығын қамтамасыз ететін бір пәннің әртүрлі деңгейлерін білдіретін мәнделес пәндерден жасауға болады.

Қазіргі оқытылып жатқан экономика мамандығына «Микроэкономика» және «Макроэкономика» пәндерін біріктіріп бір модуль жасауға негіз бар. Себебі екі пәнде қарастырылатын мәселелер сабақтас.

Микроэкономика курсы экономикалық негізгі пәндердің бірі болып табылады және бұл пән барлық экономист мамандарды дайындауда міндетті

түрде оқытылуы тиіс.

Әсіресе қазіргі кезде, Қазақстан Республикасының экономикасы дамыған нарықтық экономика деп танылған уақытта студенттертөмендегідей түсініктерді оқып білуі қажет:

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Азретбергенова Г.Ж. Экономикалық пәндерді оқытудағы кредиттік технология жүйесінің ерекшеліктері...

1. Нарық, нарықтағы зерттеліп отырған тауардың бағасы және оның сұраныс пен ұсыныс көлеміне әсер етуі, тепе-теңділік жағдайы, мемлекет тарапынан тауардың бағасын реттеудің, салық салудың және дотация берудің нарықтағы тепе-теңділікке әсер етуін;

2. Жеке экономикалық элементтердің, соның ішінде жеке шаруашылықтар мен фирмалардың, белгілі өндіріс салалары мен нарықтардың, шектеулі ресурстарды дұрыс пайдалану үшін альтернативті шешімдер қабылдаудағы іс әрекеттерін;

3. Сонымен қатар студенттерге микроэкономика тәсілдерін, модельдерін экономикада шешуші құрал ретінде қалай қолдануға болатынын түсіндіру.

Макроэкономика XX ғасырдың ортасында экономикалық теория ілімінен бөлініп шықты. Макроэкономикалық талдау ұлттық экономиканың біртұтас жүйе ретінде іс-әрекетін талдауға бағытталған. Макроэкономикада ұлттық табысты, жұмыссыздық деңгейін, инфляция қарқынын, елдің мемлекеттік бюджеті мен төлем балансының жағдайын, экономикалық өсу қарқынын анықтайтын факторлар зерттеледі.

Макроэкономика пәнін оқудың негізгі мақсаты болып, студенттерді интенсивті түрде қазіргі заманғы макроэкономикалық талдаудың негізгі қағидаларын үйретуге бағыттау болып табылады.

Студенттердің экономика саласындағы алған білімдерін микро және макро деңгейде біріктіре біліп, табысты пайдалануы болып табылады. Макроэкономика экономиканы біртұтас жүйе ретінде зерттейді.

Макроэкономика курсына студенттер экономикада орын алатын үрдістерді түсінуге қажет білімдерді алуы керек: баға не себептен өседі, өндіріс неге құлдырайды, не себептен жұмыссыздық орын алады және т.б.

Қазір елдегі орын алып отырған өзгерістердің барысында экономисттерді дайындау олардың макроэкономикалық талдау қағидаларын игеруін талап етеді.

Сонымен қатар ұқсас пәндерді бір модульге біріктіру мақсатында экономика мамандығында оқытылатын «Өндірісті ұйымдастыру» және «Кәсіпорын экономикасы» пәндерді біріктіріп бір модульге айналдыруға болады.

Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсеке қабілеттілігінің деңгейін арттыру қажеттілігі туындап отырған жағдайда адам капиталын ұтымды түрде қалыптастыру, дамыту және оны пайдалану өзекті мәселенің бірі болып отырғаны белгілі. Экономикаға әсер ету жағынан адам капиталының басқа ресурстарға қарағанда ең маңызды және пәрменді рөл атқаратыны мәлім. Яғни, экономиканың инновациялық дамуы, өндірістің экономикалық тиімділігінің артуы, ғылым, техника саласындағы және елдің әлеуметтік-экономикалық өміріндегі жетістіктерге қол жеткізу көбінде адам капиталына байланысты болып отыр.

Кредиттік оқыту технологиясының ерекшелігі оқу материалын жүйелі

бақылап, сапалы меңгертіп қадағалау.

Кредиттік оқыту жүйесін ЖОО-да жетілдіру, Қазақстандағы білімнің еуропалық деңгейге жетуіне жетелейді және қоғам дамуының маңызды көрсеткіші, сондықтан барлық елдің міндеті білімді сапалы, бәсекелесті ету.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

**Г.Д.ҚОШАНОВА**

педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

**Н.И.БАЙТЕРЕКОВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

### **БОЛАШАҚ ФИЛОЛОГИЯ САЛАСЫ МАМАНДАРЫН АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНЫП ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ**

**В данной статье рассматривается методика использования инфокоммуникационных технологий в обучении будущих специалистов-филологов.**

**This article deals methods of using info-communication technology teaching future specialists philologists.**

Компьютерді және басқа да ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану дағдыларын меңгеру қазіргі өмірдің ажырамас бөлшегіне айналып отыр.

Сондықтан, бүгінгі таңда оқытушылардың алдында тұрған міндет: табысты және тиімді әрекетке дайын, өзінің пікірін білдіруге және өзінің іс-әрекеті мен өмір сүріп отырған қоғам үшін жауапкершілігін түсінуге қабілетті, отбасындағы, қоғамдағы, еңбек ұжымындағы әлеуметтік ролін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру.

Болашақ филолог мамандардың біліктіліктеріне қоятын талаптарды атап айтсақ:

✓ Ұйымдастырушы-басқарушылық: әр түрлі деңгейде шетел тілінен білім берудің мазмұнын жоспарлау, оқу мен білім үдерісін жүргізу және ұйымдастыру жолдарын анықтау, дүние танымы мен ойлау қабілеті дамыған, бірнеше елдің мәдениетін меңгерген тұлғаны тәрбиелеу;

✓ Тәжірибелік-зерттеушілік: ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді оқу, шетел тілі білімін меңгерудің озат тәжірибесімен танысып, оны қорыту, олардың нәтижесін оқу үдерісінде қолдану;

✓ Оқу-технологиялық: ақпарат сауаттылығы, оқу үдерісінде жаңа технологияларды (оның ішінде шетел тілдерін оқытудың мультимедиялық құралдарды) қолдану және оларды игеру.

Қазіргі кезде ақпараттық мәдениет жалпы мәдениеттің өте бір маңызды бөлігі болып отыр. Ақпараттық мәдениетті ақпараттық үдерістерді ұйымдастырудың жеткілікті деңгейі ретінде, адамдардың

ақпаратпен алмасуын қанағаттандыру деңгейі ретінде, ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу, беру және пайдалану тиімділігі деңгейі ретінде қарастыруға болады [1].

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-нің филология саласы мамандықтары студенттерінің филологиялық информатика арнайы курсының оқу

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Қошанова Г.Д., Байтерекова Н.И. Болашақ филология саласы мамандарын ақпараттық-коммуникациялық...

барысындағы қолданбалы бағдарламаларды меңгеру деңгейлері салыстырылды.

“Филологиялық информатика” элективті курсының мақсаты:

✓ филология саласы студенттеріне түрлі ақпараттық жүйелерде қолданбалы бағдарламаларда жұмыс жасап, өңдеп, өз мамандықтарында кеңінен пайдалана алуы тиіс;

✓ электронды оқу құралдарын: электронды оқулықтарды, электронды сөздіктерді, электронды пошта т.б. қолдана алуы;

✓ HTML тілінде бағдарлама жасай алу.

Бұлар тәжірибе нәтижелерінің ақиқаттығын жеткілікті дәрежеде талдауға қолданылады.

Кесте-1- «Филологиялық информатика» элективті курсының жоспары (бір оқу жылына-1 кредит)


| № | Элективті курстың тақырыптары                                                                          |
|---|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | АКТ-ды пайдалану қажеттіліктері                                                                        |
| 2 | Мультимедиялық материалдарды жіктеу                                                                    |
| 3 | АКТ-ды дайындау, қолдану мен тәсілдері                                                                 |
| 4 | Өзіндік жұмыс тапсырмаларын (курстық және дипломдық жұмыстар) дайындауда АКТ мүмкіндіктерін пайдалану. |
| 5 | АКТ жасау технологиялары                                                                               |

Студенттерді ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға дайындау оның кәсіби іс-әрекетіне дайындығының бір көрінісі болып табылады. Болашақ филология саласы мамандарының АКТ пайдалану арқылы білімі мен біліктіліктерін қалыптастыру компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері мен жүзеге асыру формалары белгіленген құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды (Сурет 1).

Болашақ филология саласы мамандарының ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануды қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі (1- сурет).

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

~~~~~  
*Қошанова Г.Д., Байтерекова Н.И.* Болашақ филология саласы мамандарын ақпараттық-коммуникациялық...  
:XX



А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Қошанова Г.Д., Байтерекова Н.И. Болашақ филология саласы мамандарын ақпараттық-коммуникациялық...



Филология саласы мамандарын оқытуда АКТ пайдаланып оқыту – жоғары технологиялар мүмкіндіктерін қолдану ғана емес, сонымен қатар, педагогикалық қажеттілікті қазіргі гуманитарлық білім беру кеңістігінде дамыту екені анық. Атап айтқанда: тілді оқыту тиімділігі мен қолайлылығын жоғарылату қажеттілігі, сөйлесу әрекетінде коммуникативті құзырлылықты қалыптастыруды іске асыру.

Қазіргі заманғы жоғары мектептерде филолог мамандарын оқытуды өзгерту (модернизациялау) перспективті дидактикалық құралдар тобын дамытумен байланысты, яғни оған: электронды мультимедиялық құралдар, компьютерлеу мен компьютерлік желіде телекоммуникация, интерактивті видео, сондай-ақ, қазіргі электронды техника қорымен оқытуды жабдықтау кіреді.

Бұдан шығатын нәрсе, жаңа педагогикалық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану арқылы филология саласы мамандарын оқытуда коммуникативтілікті қалыптастыру және қолайлықты көтеру қазіргі білім беру практикасын инновациялау үдерісі болып табылады.

Ю.С.Брановский [2] бұл байланысты «педагогикада информатиканың негізгі мәселесінің бірі ақпараттық орта мәселелерін үйренуді қабылдау болып табылады» деп көрсетеді.

Ақпараттық қоғам жағдайында болашақ педагог мамандардың ақпараттық-коммуникациялық құзырлығын қалыптастыру көрсеткіштері төмендегідей:

- ✓ білім беру жүйесінің әлемдік ақпараттық кеңістікке саналы түрде енуін қамтамасыз ету;
- ✓ ақпараттардың шексіз көлемі мен осы ақпараттарды аналитикалық түрде өңдеуді қамтамасыз етуге даярлау;
- ✓ ақпараттық ортада жеке тұлғаның шығармашылық сапасын дамыту мен қалыптастыру және өзіндік ақпараттық ортаны құру дағдыларын қалыптастыру;
- ✓ ақпараттық ортада коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру;
- ✓ ақпараттық ортада өзара байланыс қызметтерін қалыптастыру;
- ✓ ақпараттық ортада ақпаратты алу, таңдау, сақтау, қабылдау, түрлендіру, жіберу және бір-бірімен сабақтастыру мәдениеттерін қалыптастыру;
- ✓ интерактивтік телекоммуникациялық технологияларды (Интернет, қашықтықтан оқыту және т.б.) қолдануға даярлау;
- ✓ ақпараттық-білімдік ортаны модельдеу мен жобалау қабілетін қалыптастыру және осы дағдыны өзіндік кәсіби қызметтеріне қолдануға даярлау.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Қошанова Г.Д., Байтерекова Н.И. Болашақ филология саласы мамандарын ақпараттық-коммуникациялық...

Қорыта келе, заманауи ақпараттандыру ғасырының маманын соның ішінде, филолог мамандарын дайындауда компьютерлік-ақпараттық мәдениетін жетілдіру мақсатында инновациялық-ақпараттық технологияларды меңгеру үшін, шығармашылық пен зерттеушілік даярлығын қалыптастыруға бағытталған оқу бағдарламаларын, электронды оқулықтар мен электронды оқу құралдары, CASE технологиялары көптеп дайындалып оқыту үдерісіне ендірілсе, студенттердің танымдық іс-әрекеттерін дамытып, оқуға деген қызығушылығын арттырады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Беркімбаев К.М.* Болашақ экология мамандарын кәсіби даярлаудағы информатикалық пәндерді оқыту үдерісінің педагогикалық жүйесі: док.дисс. – Түркістан, 2006. – 300 б.
2. *Брановский Ю.С.* Введение в педагогическую информатику. Учебн. пособ. -Ставрополь: СГПУ, 1995. -206 с.



педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

**А.МҰСАБЕКОВА**

№1 А.Байтұрсынов атындағы орта мектеп оқытушысы (Түркістан)

## **ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚ – ОҚЫТУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ**

Еліміздің даму деңгейі болашақ мұғалімдерге берілетін білім сапасымен айқындалатыны белгілі. Сондықтан да қазіргі таңда оқытудың жаңа технологиясы тек сипаттама түрінде ғана емес, шынайы проблемалық негізде болуға тиісті. Оқыту үрдісінің түрлері мен әдістерін жетілдіруде жаңашыл-педагогтардың озық дидактикалық идеяларында «нені оқыту?», «қалай оқыту?», «сапасы қандай?» деген сияқты мәселелерді шешуге бағытталған көптеген жаңаша жұмыстарын көруге болады. Олар: тірек сигналдары (В.Ф.Шаталов), ерік таңдау (Р.Штейнер), оза оқыту (С.Н.Лысенкова), ірі блоктар (П.Эрдниев), дамыта оқыту (Л.В.Занков), жақында даму аймағы (Л.С.Выготский), пәнішілік интеграция (В.И.Загвязинский), жүйелілік тұрғыда оқыту технологиясы (Т.Т.Галиев), компьютерлік технология (В.К.Дьяченко) т.б.

Мұндай педагогикалық технологиялар әр түрлі жолдармен жүзеге асырылып жатқанын байқаймыз: білім беруді ізгілендіру, модульдік оқыту, компьютерлік оқыту технологиясы, проблемалық оқыту, электрондық оқулықпен оқыту, кредиттік оқыту технологиясы, өздігінен дамыту, бағдарлап, деңгейлеп, саралап оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, ойын түрінде оқыту, ынтымақтастық педагогикасы.

Оқу үдерісінде электрондық оқулық оқыту, тәрбиелеу, дамыту және білім мазмұнын меңгерудің диагностикалау құралы мен объектісі бола алады. Оқу процесінде электрондық оқулықты пайдаланудың екі бағытын айқындасақ:

1. Білім, біліктілік және дағдыларды меңгеру әртүрлі міндеттерді шешу дағдыларын қалыптастыруда электрондық оқулықты қолдану мүмкіндіктерін айқындайды.

2. Электрондық оқулықтар оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруды арттырудың қуатты құралы бола алады.

Жоғарыда талданған зерттеулерде негізінен ЭО-ты құрудың мынадай әр түрлі мәселелерін қарастыруға арналған: ЭО-ның блоктары мен компоненттері, технологиялық ерекшеліктері мен дидактикалық тиімділігі, білім мен дағдылардың жүйесі, басқару тәсілдері, экрандық материалдарды сараптау, тапсырмалар мен есептеулерді құру, диагностикамен бақылау жүргізу, тестілеу мен анкеталық сұрақтар алу, әдебиеттерді пайдалану, педагогикалық дизайнды қолдану, ЭО-ны құрудың педагогикалық жүйесі т.б.

Физика сабақтарында «Электрондық оқулықтарды» пайдалану студенттердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Осы уақытқа дейінгі білім беру саласындағы дәстүрлі оқыту жүйесі бойынша тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Сарыбаева Ә.Х., Мұсабекова А. Электрондық оқулық - оқыту тиімділігін арттыру құралы

қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру ғасырында электрондық оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Мұғалімнің алдына қойған мақсаты - білім сапасын арттыру, студенттерге жан-жақты білім беру. Әрбір мұғалім өз пәнін жақсы меңгерумен қатар, сабақтарында жаңа ақпараттық технологияны қолдана алуы тиіс. Ол оқу сапасын, студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырады. Электрондық оқулық арқылы білім беріп, оны оқу үдерісіне енгізу, оқу жүйесін жаңа бір сатыға көтеруге ықпалын тигізеді [1].

Осыған орай, «Молекулалық физика» бөлімі тарауларындағы құбылыстар мен процестерді компьютерді пайдаланып оқыту үшін электрондық оқулық жасақтадық.

Біз жасаған электрондық оқулықты тиімді пайдаланудың жолдарын мынадай тақырыптарды оқытудан байқауға болады.

*Көлемі өзгерген кезде дененің істейтін жұмысы.*

Компьютер дисплейінен берілген дененің жанасатын денелермен өзара әсерін оның сол денелерге түсіретін қысымы арқылы көрсетуге болады. Қысым арқылы газдың ыдыс қабырғаларымен, сондай-ақ қатты немесе сұйық дененің өзін қоршаған ортамен (мәселен, газбен) әрекеттесуін қарастыруға болады. Өзара әсерлесу күштері түскен нүктелердің орын ауыстыруы дене көлемінің өзгеруімен қосарласа жүреді. Демек, берілген дененің сыртқы денелерге қатысты істелетін жұмысын қысым мен дененің көлемінің өзгерісі арқылы өрнектеуге болады. Осы өрнекті анықтау үшін экрандағы көріністі қарастырдық (1-сурет).

Берілген дененің жанасатын денелермен өзара әсерін оның сол денелерге түсіретін қысымы арқылы көрсетуге болады. Қысым арқылы газдың ыдыс қабырғаларымен, сондай-ақ қатты немесе сұйық дененің өзін қоршаған ортамен (мәселен, газбен) әрекеттесуін қарастыруға болады. Өз ара әсерлесу күштері түскен нүктелердің орын ауыстыруы дене көлемінің өзгеруімен қосарласа жүреді. Демек, берілген дененің сыртқы денелерге қатысты істелетін жұмысын қысым мен дененің көлемінің өзгерісі арқылы өрнектеуге болады. Осы өрнекті анықтау үшін мына мысалды қарастырайық.



1-сурет. Көлемі өзгерген кезде дененің істейтін жұмысының экрандағы бейнесі

Тығыз енгізілген, әрі жеңіл қозғалатын поршеньмен жабылған цилиндрлі ыдыстағы газды алайық. Егер қайсыбір себептермен газ ұлғаятын болса, онда ол поршеньнің қозғалысына жұмыс жасайды. Газдың, поршеньді  $\Delta h$  кесіндіге орын ауыстырғанда істейтін элементар жұмысы мынаған тең:  $\Delta' A = f\Delta h$ ,

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Сарыбаева Ә.Х., Мұсабекова А. Электрондық оқулық - оқыту тиімділігін арттыру құралы

мұндағы  $f$  – газ тарапынан поршеньге түсірілетін күш. Осы күшті газдың  $p$  қысымының поршеньнің  $S$  ауданына көбейтіндісімен алмастырып, мынаны аламыз:  $\Delta' A = pS\Delta h$ .

Алайда  $S\Delta h$  дегеніміз газ көлемінің өсімшесі  $\Delta V$ . Сондықтан элементар жұмыстың өрнегін төмендегі түрде жазуға болады:  $\Delta' A = p\Delta V$ . (1)

(9) теңдеудегі  $\Delta' A$  шамасының алгебралық шама болатындығы сөзсіз. Шынында да, газ сығылған кезде  $\Delta h$  орын ауыстырудың және газ тарапынан поршеньге әсер ететін  $f$  күштің бағыты қарама-қарсы болады. Сондықтан  $\Delta' A$  элементар жұмысы теріс таңбалы болады. Бұл жағдайда көлемнің  $\Delta V$  өсімшесі де теріс таңбалы болады. Сөйтіп (1) формула газ көлемінің кез келген өзгерістері кезінде жұмыстың дұрыс өрнегін береді.

Егер де газдың қысымы тұрақты болып қалатын болса (олай болу үшін осыған сәйкес температура да өзгеруі тиіс), онда көлемді  $V_1$  мәнінен  $V_2$  мәніне дейін өзгерткен кездегі істелген жұмыс мынаған тең болады:

$$A_{12} = p(V_2 - V_1) \quad (2)$$

Егер де көлем өзгерген кезде қысым тұрақты болмаса, онда (1) формуласы тек  $\Delta V$  –ның өте азғантай жеткілікті аз мәндері үшін ғана орындалады. Бұл жағдайда көлемнің өзгерісінің шекті мәндері үшін істелген жұмысты (1)-түріндегі элементар жұмыстардың қосындысы ретінде, яғни интегралдау жолымен есептеуге болады:

$$A_{12} = \int_{V_1}^{V_2} p dV \quad (3)$$

Жоғарыда жұмысқа арналған өрнекті қатты, сұйық және газ тәрізді денелердің көлемдерінің кез келген өзгерістеріне қолдануға болады. Осы айтылғанның дұрыстығына көз жеткізу үшін, тағы бір мысал қарастырайық. Дененің барлық нүктелеріне бірдей  $p$  қысым түсіретін сұйық немесе газ түріндегі ортаға батырылған кез келген формадағы қатты денені алайық. Дене бетінің әрбір элементар  $\Delta S_i$  учаскелері әр түрлі  $\Delta h_i$  орын ауыстыру алатындай ұлғаяды деп есептейік. Сонда  $i$  –учаске  $p\Delta S_i\Delta h_i$  –қа тең болатын  $\Delta' A_i$  жұмыс істейді. Дененің істейтін жұмысын жеке учаскелердің жұмыстарының қосындысы ретінде табуға болады:

$$\Delta' A = \sum \Delta' A_i = \sum p\Delta S_i\Delta h_i$$

Дененің бетінің барлық учаскелері үшін бірдей  $p$  қысымды қосынды белгісінің сыртына шығарып және  $\sum \Delta S_i\Delta h_i$  –тың дене көлемінің  $\Delta V$  өсімшесін беретінін ескеріп,  $\Delta' A = p\Delta V$  деп жаза аламыз, яғни жалпы жағдайда (9) формулаға келеміз.

Дененің көлемінің өзгеру процесін  $(p, V)$  диаграммасымен кескіндейік.

$\Delta A = p_i \Delta V_i$  элементар жұмысқа графиктің штрихталған жолағы сәйкес келеді.  $V$  осімен,  $p = f(V)$  қисығымен және  $V_1$  мен  $V_2$  түзулерімен шектелген ауданның сан жағынан көлемнің  $V_1$  мәнінен  $V_2$  мәніне дейін өзгерген кезде істелген жұмысқа тең болатындығы айқын.

(1) өрнегін пайдаланып (дифференциалдарға өту арқылы), термодинамиканың бірінші бастамасының (2) теңдеуін төмендегіше жазуға болатындығына назар аударайық:  $dQ = dU + pdV$ . (4)

*Температура.* Тақырыпты түсіндіруді температура ұғымының анықтамасына төмендегідей пікірлер арқылы келуге болады. Егер бір-біріне жанасқан бірнеше дене жылулық тепе-тең күйде тұрған болса, яғни жылу беру арқылы энергиямен алмаспаса, онда мұндай денелердің температурасы бірдей болады деп есептейміз. Денелер арасындағы жылу контактісін орнатқан кезде, олардың біреуі жылу берілу арқылы, екіншісіне энергиясын берсе, онда бірінші дененің температурасы екіншісінен жоғары болып есептеледі. Денелердің көлемі, электр кедергісі және т.с.с бірқатар қасиеттері температураға тәуелді болады. Осы қасиеттердің кез келгенін температураның сандық анықтамасын жасауға болатындығын экрандағы модельден түсіндіруге болады (2-сурет).

Температура ұғымының анықтамасына төмендегідей пікірлер арқылы келуге болады. Егер бір-біріне жанасқан бірнеше дене жылулық тепе-тең күйде тұрған болса, яғни жылу беру арқылы энергиямен алмаспаса, онда мұндай денелердің температурасы бірдей болады деп есептейміз. Денелер арасындағы жылу контактісін орнатқан кезде, олардың біреуі жылу берілу арқылы, екіншісіне энергиясын берсе, онда бірінші дененің температурасы екіншісінен жоғары болып есептеледі. Денелердің көлемі, электр кедергісі және т.с.с бірқатар қасиеттері температураға тәуелді болады. Осы қасиеттердің кез келгенін температураның сандық анықтамасын жасауға болады.

Температураны өлшеуге арналған денені (термометрлік денені) ери бастаған мұзбен жылулық тепе- теңдікке келтіріп, осы жағдайдағы оның температурасын  $0^\circ$  деп алайық та, дененің температурасын өлшеу үшін пайдаланғымыз келіп отырған дене қасиетін (температуралық белгісін) санмен сипаттайық. Дененің осындай белгісі ретінде оның көлемі таңдап алынсын дейік. Оның  $0^\circ$  – тағы мәні  $V_0$  болсын. Бұдан кейін осы денені атмосфералық қысымда қайнап жатқан сумен жылулық тепе-теңдікке келтіріп, оның осы күйдегі температурасын  $100^\circ$  – қа теңестіріп, осыған сәйкес оның  $V_{100}$  көлемін анықтайық. Біздің таңдап алған температуралық белгіміз (қарастырылып отырған мысалда – көлем) температурамен сызықты түрде өзгереді де термометриялық дененің көлемі  $V$  болатын осы күйдің температурасын

$$t^\circ = \frac{V - V_0}{V_{100} - V_0} 100^\circ \quad (5)$$

деп жазуымызға болады.

Осылайша анықталған температуралық Цельсий шкаласы деп аталатыны белгілі. (5)–ке ұқсас қатысты, температураны өлшеуге көлем емес, қандай да бір басқа температуралық белгі алынатын жағдай үшін жазуға болады.



2-сурет. Температура тақырыбының монитордағы көрінісі

Термометрді осы айтылған тәсілмен градуирлеп, оны температураны өлшеуге пайдалануға болады, ол үшін термометрді температурасын өлшегіміз келіп отырған денемен жылулық тепе-теңдікке келтіріп, көлемнің өзгерісіне есептеу жүргіземіз.

Табиғаты түрліше термометриялық денелерді (мәселен, сынап пен спирт) немесе әр түрлі температуралық белгілерді (мәселен, көлем мен электр кедегісі) пайдаланатын термометрлерді салыстырған кезде, осы термометрлердің көрсетулері,  $0^\circ$  және  $100^\circ$  болғанда градуирлегендіктен, осы температуралардағы көрсетулері бірдей болмайтындығы байқалды. Осыдан, температура шкаласын бір мәнді анықтау үшін, градуирлеу тәсілімен қатар, термометриялық дене мен температуралық белгіні де таңдап алу жайында келісіп алу қажет. Келесі параграфта температураның эмпириялық шкаласы деп аталатын шкаланы тағайындаған кезде осы айтылғандарды қалай таңдау керек екендігі жайлы сөз болады. Термодинамиканың екінші бастамасының негізінде термометриялық дененің қасиетіне тәуелсіз болатын температуралық шкаланы тағайындауға болатындығы жайлы алда сөз болатындығын айта кетейік. Бұл шкала температураның абсолют шкаласы деп аталады [2].

Молекулалық физика курсы оқытуда кездесетін құбылысты түсіндіруде электрондық оқулықтарды қолдану әрі білім негізі, әрі көрнекіліктің бір түрі және де оқыту әдісі болып табылады. Ол субъективті жаңашылдығы бар заңдарды, құбылыстарды ашуға қызмет етеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сахатова А. Ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану //Математика және физика. - Алматы, 2005, №1. –Б. 6-7.
2. Савельев И.В. Жалпы физика курсы. Алматы: Мектеп, 1987. 456 б.



**A.S.SAIFUTDINOVA**

Candidate of philological sciences

H.A.Yassawi IKTU

### **CONTEMPORARY STATE AND PROBLEMS OF RESEARCH UNIVERSITIES IN BRITAIN AND AMERICA**

The British Association for the Advancement of Science was founded in 1831, and at that time almost every serious scientist in Britain belonged to it [1, p.23-25]. There were so few of them that most of the year's work in a given branch of science could be discussed in a few days. In fact it merited title of "Parliament of Science" which is still bestowed on it by some newspapers.

Since then the situation has completely changed. At present there are a number of societies, for example the Royal Astronomical Society, the Chemical Society, the Genetical Society, the Geological Society and the Physiological Society which are composed of scientists only. Finally there is the Royal Society of London for Improving Natural Knowledge. This has 384 scientific fellows, 49 foreign members, and 15 British fellows. When it was founded nearly 300 years ago, it included every scientist in England, and many others, such as Samuel Pepys, who were interested in science. But now it only includes a small Fraction of scientists, and its discussions are less lively than those of the societies concerned with individual sciences. On the other hand, the British Association is concerned with matters other than science. It has sections devoted to psychology, which is still only partially scientific, and to education and economics, which in this country at any rate hardly so at all. So it has fallen away from its former scientific spirit to a certain extent.

But except for the Royal Society, the scientific societies have not the money to subsidize research. This is done by universities, the government, industrial firms, and endowed bodies. There is no organization of on a national scale. Some of the government and industrial research is secret, and therefore of no value to science. For science means knowledge.

The British Association is able to spare a few hundred pounds yearly for grants in aid of research. But its main function now is discussion. New results are generally announced at meetings of smaller societies, and the public hears very little of them. Both in Russia and in Scandinavia the press has far better scientific news than in Britain.

If science is to advance in this country as it should, it is necessary to have more democracy in the laboratories, also more democratic control of expenditure on research. This will only be possible if the people are educated in science, and they are at present deliberately kept in the dark. For a knowledge of science leads to a realization of the huge amount of knowledge which could be applied to the public benefit if industry, agriculture and transport were organized for use and not for profit.



If to speak about American's research universities system, it has long been the envy of the world. The strength and excellence of its infrastructure has contributed enormously to American's economic growth and improved quality of life. Its basic research efforts have advanced the knowledge base which in turn has driven their technological progress over the last half century, and its educational efforts have produced a strong American work force. But the world as we have known it is undergoing major changes.

With the end of the Cold War has come a dynamic shift in emphasis from defense to civilian concerns. More and more the United States is competing in an expanding global marketplace. This changing environment is posing many new challenges and expectations for their institutions of higher education, including a great fiscal impact, and it has caused universities to come under heightened public scrutiny.

They show society that they can produce broad-based graduates who are able to solve today's pressing national needs, among them environmental protection, better health care, alternate means of transportation, industrial productivity, and improved manufacturing processes.

Universities can accomplish this goal by developing a holistic approach to education through integrating education and research – the two are inseparable fostering more effective partnerships with industry and government agencies to better respond to strategic research opportunities, and by continuously emphasizing quality and excellence in everything they do.

Here is American's research universities are its treasured institutions.

Research universities attract the best and brightest faculty. Such faculty are highly dedicated individuals who innovate and lead frontier research efforts, who demonstrate excellence in teaching, and who show excellence in community service. Who better to teach their students, engaging them in discovery, development and application processes, and motivating them to aspire to greater achievements.

Research universities engage in creative multidisciplinary research projects, further increasing the range and number of opportunities undergraduate and graduate students have for supervised research.

But it is not only students enrolled at the university who benefit from exposure to first-rate research, working alongside world-class faculty. Research universities also simulate and fire the imaginations of those in the educational pipeline – American's K-12 students and their teachers [2. p. 59-62].

As the deans of UCSB's College of Engineering, I am listening to government, industry and the public, they want to see in new graduate – quality, excellence and teamwork ability. They have undertaken here a major reevaluation of their curriculum and are implementing a new freshman year sequence that

integrates oral and written communication, computing skills and engineering concepts.

А.Я саун университетінің хабаршысы, №1, 2012

.....  
Saifutdinova A.S. Contemporary State and Problems of Research Universities in Britain and America  
.....

They have initiated a new mechanical engineering design thrust, one that increases hands-on real-world experience by emphasizing synthesis and the fundamentals of design and manufacture. They also have started a new undergraduate research seminar series to further broaden student experience.

They already are an information society. The need for an increasingly technologically oriented work force for the 21<sup>st</sup> century, competent in computing, mathematics and information technology, certainly will not diminish.

If the research university is abandoned which has provided much of knowledge base and education infrastructure, how future generations of workers can be trained? How will tomorrow's problems be solved?

How will tomorrow's needed technologies be developed? We need research universities that are strong and vital more now than ever before.

On the agenda of reforming of higher education in Kazakhstan there is also such a topical item of research universities forming. So the experience of such developed countries as Great Britain and the USA will be of great importance for our state. In this respect we should do first steps in formation of research universities, beginning from establishing contacts with foreign universities as partners due to Bologna process.

**Б.М.ОМАР**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистр-оқытушысы

### **ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

Қазіргі таңдағы ғылыми техникалық прогресс пен өркениетті даму дәуіріне бет бұру кезеңінде жаңа қоғамға лайықты саналы, білімді жеке тұлғаны қалыптастыру бүгінгі қоғамның алдында тұрған негізгі міндет. Сондықтан, қандайда бір мемлекеттің білім жүйесінің халықаралық деңгейдегі кредиттік жүйеге өтуінің маңызы ерекше.

Кредиттік жүйе алғаш рет Америка Құрама Штатында пайда болды. Оның негізін 1870 жылдары Гарвард университетінің Президенті, белгілі Американдық білім қайраткері Чарльз Элиот салып, «кредит-сағат» ұғымын қоғамға енгізген болатын. Бұл жүйе алғашында пәндер көлемі жүйесінің шешуін өлшеуші «кредит сағат» болып енгізілді. 1892 жылдан бастап «кредиттік-сағаттық» жүйенің екінші кезеңі басталып, осы кезде АҚШ-тың ұлттық білім комитеті университет, колледж, мектеп топтарын жақсарту мақсатында, оқу бағдарламаларын стандарттауда «кредит» ұғымын тек университет пен колледждерде ғана емес, орта мектептерде де енгізе бастады [1.2-3].

Европалық елдердің сынақ бірлігіне көшу мақсаты бұл, алдымен халықаралық «тұнықтық» жетістігі, қазіргі кездегі білім жүйесінің дауы мен дербес елдердің біліктілігін сақтау, көтеру арқылы білім беру саясатында оқу орындарының білім беру облысында да сақталды.

1999 жылы 19 маусымда жоғары білімнің бірыңғай құрылымын енгізу үшін Болон декларациясы қабылданған болатын. Оған 29 ел қол қойды. Барлық ұлттық жүйелерде, жоғары білім жүйесінің сынақтық бірлігін енгізу үшін European Credit Transfer System (ECTS) немесе басқа, ECTS жүйесімен бірігіп, қайта сынақтауды қамтамасыз ететін, сондай-ақ жинақтаушы қызметін, және де академиялық оқу кепілдігін шет елде тану туралы шешім қабылдану (1999 ж. ECTS 1062 европалық жоғары оқу орындарына енгізілді) [2.8-9].

Осы заманда болып жатқан интеграциялық құбылыстар қоғам тіршілігінің барлық жағына өз әсерін тигізді. Халықаралық процестермен қатар жүруге ниеттелген мемлекет қазіргі кезде қалыптасқан барлық ғылымдандырудың көріністеріне тікелей назар аударды деуге болады. Соңғы 10-15 жылда шетел мемлекеттерінің білім жүйесінде жоғары деңгейдегі қарыштық даму жағдайы жүзеге асып жатқаны бәрімізге белгілі. Әрбір мемлекеттің қоғам өмірінде ғылыми, мәдени, экономикалық, саяси

жүйелеріндегі қалыптасқан ескі көзқарастар түбегейлі өзгеріске ұшырады [3.11-12].

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Омар Б.М. Қазіргі кезеңдегі кредиттік технологияны оқытудың маңызы

Кеңес Одағының ыдырауы және жаңа тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы жаңа білім жүйесінің дамуындағы ізденістерге әкелді. Әлемде танылған батыс елдерінің экономикалық, әлеуметтік прогрестері Қазақстан үшін үлкен бағдар болды. Әрине, оқу бітіруші түлектер бәсекелестік қабілеттілігімен білім беру кеңестігінің таңдауында оқушыға дербестік беру, оқытудың деңгейін көтеру, еңбек сұранысына бағдарланған, оқу бағдарламаларының жоспарлауын икемді ғана болуы мүмкін, әлемдік білім беру көрсеткендей қазіргі білім талаптарына кредиттік оқыту технологиясы сай келді [4.19-20].

Кредиттік оқыту технологиясы оқытудың бағытсыз жүйесі – оқу процесінің ұйымдастыру тәсілін белгілейтін оқушыларға белгіленген шегінің (құрауыш қалауы және оқытудың қосымша түрлері бойынша) білім беру процесінің жеке жоспарлау мүмкіндігі болады. Қатаң жүйеде, белгіленген көлемде, оқыту логикасына сәйкес, белгіленген мерзімде білімдік кәсіптік бағдарлама пәндерін оқушыларға оқытатындығын бағытты оқыту жүйесі жобалайды.

Біздің республикамыздың жоғары оқу орындарында кредиттік жүйені енгізуде шетел мемлекеттерінің тәжірибесі мен халықаралық тәжірибенің маңызы өте зор. Солай болғандықтан, осы технология Қазақстанның жоғары оқу орындарында белсенді жұмыс еткендіктен отандық тәжірибені оқу мәнді болады, одан басқа да аймақтық жоғары оқу орындарының жинақталған тәжірибесін есепке ала отырып, консультация және әдістемелік көмек көрсету қажет [5.17-18].

Қазақстан Республикасында кредиттік оқу жүйесі XIX ғасырдың 90-шы жылдарының ортасынан біртіндеп қалыптаса бастады. Елімізде 2007 жылы 15 тамызда «Білім туралы» жаңа заң қабылданды. Осы заңның 11 бабында білім жүйесі мәселелерінің бірі болып оқытуда жаңа технологияларды тиімді пайдалану және енгізу, сонымен қатар кредиттік, дистанциялық, ақпараттық-коммуникациялық оқыту кәсіби білімнің қоғамда және еңбек нарығында болып жатқан өзгерістер қажеттілігіне тез үйлесуге мүмкіндік туғызатыны атап көрсетілген. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын іске асыру мақсатында №66-шы «кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі» әзірленген және бекітілген. Кредиттік оқыту технологиясы — бұл білім беру технологиясы, өз бетімен білім алу деңгейін көтеру және дара негізінде шығармашылық білімді меңгеру, оқу процесін және білім көлемін кредит негізінде есепке алуды, білім беруді таңдап алған траекториясын регламенттеу болып табылады [6.15-16].

Кредиттік оқыту жүйесі бойынша бір академиялық сағат ұғымы барабарлық өзгерістерге ұшырайды, дәрістік, практикалық (семинарлық) сабақтар 1 байланыс сағатқа (50 минутқа) немесе студиялық оқыту 1,

байланыс сағатқа (75 минутқа) немесе лабораториялық және дене тәрбиесі сабақтары 2 байланыс сағатқа (100 минутқа), сонымен қатар барлық оқу практикалар түрлері 1 байланыс сағатқа (50 минутқа), барлық педагогикалық

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Омар Б.М. Қазіргі кезеңдегі кредиттік технологияны оқытудың маңызы

практикалар түрлері 2 байланыс сағатқа (100 минутқа), барлық өндірістік практикалар түрлері 5 байланыс сағатқа (250 минутқа) тең.

Оқуды аяқтау үшін студент құрауыш бойынша міндетті түрде белгілі мөлшерде кредит алуы керек:

- міндетті түрде;
- таңдау бойынша;

Оқушы (студент) өзінің білім беру бағдарламасын тәлімгер – кеңесші (эдвайзер) – көп тәжірибесі бар оқытушы арқылы жасайды. Оқу пәндерін меңгеруге көмек көрсету үшін тьюторлар (оқытушылар) ұсынылады. Тьютордың міндеті – оқушының (студенттің) оқу әрекетінің барысын қадағалау және оқушыға (студентке) өтілген оқудың барынша толық көлемде оқытушыға кері қайтарылуы. Яғни, 15 апта бойы өтілген сабақты меңгеріп, оқытушыға айтып беру, сондай-ақ кредитін өтеп беру болып табылады. Топтық консультациялар өткізу (оқу процесінің ішінде). Оқу процесін іске асыру үшін оқытушының және оқушының әр пән бойынша формалар мен құралдары, баспа және электрондық түрде курсты бейнелейтін, оқушылардың (СӨЖ) өз бетімен игеру деңгейін бақылайтын, олардың өткізу мерзімі мен мазмұнын көрсететін оқу-әдістемелік кешені болуы қажет. Студенттің өздік жұмысының жоғары тиімділігін қамтамасыз ету үшін, мазмұны мен оларды өткізу мерзімі көрсетілген оқушының басшылығымен студенттердің өздік жұмысын қабылдайды [7.3-4].

Анықтамалық – жолсілтемеге келесі міндеттер енгізіледі:

- Студенттің құқығы мен міндеті;
- Оқу кезеңіндегі жұмыс жоспары;
- GPA орта балынан есеп айырысу әдістемесі;
- Қорытынды мемлекеттік аттестаттауға қойылатын талаптар.

Оқу пәні бойынша оқу әдістемелік кешені мыналардан тұрады:

- Әр пән бойынша силабус – бағдарламаларды оқытудан;
- Практикалық (семинарлық) сабақтардың жоспарынан;
- Студенттің өзіндік жұмысы бойынша тапсырмаларынан;
- Студенттің оқытушы басшылығымен орындалатын өзіндік жұмысы

бойынша тапсырмаларынан;

- Және тағы басқалардан тұрады.

Оқу сабақтарын оқыту белсенді шығармашылық формаларда (кейс - сатылар, тренингтер, пікірталастар, дөңгелек үстелдер, семинарлар және т.т.) өткізу керек. Оқу пәні бойынша білімді бақылау формасы - емтихан болады. Білімдері көп балды әріптік жүйе бойынша бағаланады. Қорытынды

аттестаттауды өткізу формасы дипломдық жұмысты қорғау немесе мемлекеттік емтихандарды тапсыру болады[8. 13-14].

Оқу процесінің негізгі кезеңін жоспарлауда техникалық және кәсіби білімді кредиттік оқыту жүйесіне ауысуды ұйымдастыруда, осы бағытта

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Омар Б.М. Қазіргі кезеңдегі кредиттік технологияны оқытудың маңызы

кемшіліктерді талдай отырып, сөзсіз қиыншылықтар туындайтынын айта кету керек:

- Бірінші кезеңде кредиттік оқыту технологиясын енгізу арқылы осы салада нормативтік-құқықтық құжаттарды оқыту, қызметкерлер құрамын осы технология бойынша жұмыс істеуге үйрету, лауазымдық міндеттерді және спецификаны есепке ала отырып, кредиттік технология бойынша біліктілігін арттыру курсы әзірлеу қажет;

- Екінші кезең жалпыға бірдей мемлекеттік стандартқа сәйкес әзірленген типтік оқу жоспарларын зерттеу болады. Типтік оқу жоспары оқу процесінің құрылымы мен мазмұнын регламенттейтін негізгі құжат болады (техникалық және кәсіби білім үшін кредиттік технологияның сәйкестігіне жаңа мемлекеттік жалпыға бірдей стандарттарды әзірлеу қажет).

- Үшінші кезеңде академиялық күнтізбені бекіту болады. Айта кету керек, академиялық күнтізбе дәстүрлі оқу процесінің кестесінен ерекшелуі болып келеді. Оның ерекшелігі академиялық күнтізбеде оқу-бақылау шаралары ғана емес, сонымен қатар мерекелік күндер де міндетті түрде көрсетіледі. Студенттер шетел оқу орындарында жеке пәндерден білім алғысы келсе, олар демалыс кезеңі туралы ғана ақпаратты біліп қана қоймай, сонымен қатар басқа да демалыс күндерін, ұлттық мерекелерді де білулеріне болады.

- Төртінші кезеңде оқу процесін жоспарлауда элективтік пәндер тізімдемесі жасалынып, барлық оқу пәндер тізбесі беріледі. Бұл білім беруде нақты бағдарламаларды таңдап алуға мүмкіндік береді. Яғни оқушы (студент) пәнді таңдап алуға құқылы. Пәнді таңдап алған оқушы (студент) кредиттер жинай алады. Сондықтан, дұрыс білім беру кеңестігін құру үшін, барлық техникалық және кәсіби білім оқу орындары кредиттік технологияға көшуге тиісті);

- Бесінші кезеңде оқушылар (студенттер) ұсынылған элективтік пәндер негізінде жеке оқу жоспарын құрастырады. Жеке оқу жоспары әрбір оқушының бөлек білім алу траекториясын анықтап, эдвайзер көмегімен белгіленген тәртіппен тіркеу бөлімшесінде әр оқу жылына оқушының өзімен оқу пәндеріне алдын ала жазылу бойынша қалыптасады;

- Алтыншы кезеңде оқу процесіне енген барлық оқу-бақылау шараларының кешені мен бар оқу пәндерін толық көрсететін жұмыс оқу жоспарын құрастырады. Мамандықтар бойынша жеке оқу жоспары барлық жеке жоспарлардың бірігуі болып табылады.

- Қорытынды кезеңде оқу сабақтарының кестесі жасалады.

Кредиттік технология бойынша оқу процесін жоспарлау кезеңдерін талдай отырып, біз оның жағымды жағдайы мен артықшылығын да көреміз. Тек оқытушының ғана емес, оқушылардың да академиялық еркіндіктерін

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Омар Б.М. Қазіргі кезеңдегі кредиттік технологияны оқытудың маңызы

кеңейту; оқушылармен пәндерді таңдау (50%-ға дейін) оқытушының жағынан кең спектр ұсыныстарын таңдау болып келеді. Бұл екі жақтың да жауапкершілігін тудырады, осының нәтижесінде оқу процесі тең дәрежелі адамдар сұхбатына айналады[9. 9-10].

Кредиттік оқыту жүйесін іске асырудың жеке жұмысын ұйымдастыру болады. Кредиттік оқыту технологиясының келесі позитивтік жағы – оқу материалын жүйелі бақылап, сапалы меңгертіп қадағалау. Позитивтік жағын айта отырып, біз бір қатар мәселелерді шешуіміз қажет және кредиттік оқыту технологиясына ауыртпалықсыз көшуге мүмкіндік туады. Сонымен қатар, қазіргі заманның білім талабы білім беру технологиясын белсенді енгізуге болады. Білім - бұл қоғамдық дамудың маңызды көрсеткіші, сондықтан барлық елдің міндеті оны сапалы, бәсекелестік ету болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Өмірбаев С.М.* Кредиттік оқыту жүйесі: принциптер мен концепциялардың маңызы. // Білім. Ғылыми-педагогикалық журнал. Алматы, 2006. №29.
2. *Медеуов Е.У.* Кредиттік оқыту жүйесі: өту қиыншылықтары. И.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті. 2006.
3. *Өмірбаев С.М.* Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы 27.07.2007 ж. // Білім. Ғылыми-педагогикалық журнал. Алматы, 2006. № 29.
4. *Қаланова Ш.М., Өмірбаев С.М.* Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына кредиттік оқыту технологиясын енгізу туралы. Жоғары кәсіби білімге сынақтар өлшемдерінің жүйесін енгізудің мәселесі: Бүкілресейлік кеңестің мағлұматтары. 23 сәуір, 2003 ж., Мәскеу, В.Н. Чистохвалова — М., 2003.
5. *Әбдігапарова С.Б., Ахметова Г.К., Ибатуллин С.Р., Құсаинов А.А., Мырзалиев Б.А., Өмірбаев С.М.* Қазақстандағы кредиттік оқыту жүйесінің негізі. Алматы, 2004.
6. «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың ережесі». №566 24.11.2007 ж.
7. *Ильясова М.Т.* О роли кредитной технологии в совершенствовании учебного процесса в вузе // Қазақстан Республикасында жоғары білім беру сапасын жетілдіру және дамыту перспективаларының өзекті мәселелері: Жоғары оқу орын арал, ғыл.-әдіст. конф. материалдары. 16 наурыз, 2004. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2004.
8. *Цанова О.А.* Кредиттік жүйе. Біліктілігін арттыру курстарының лекция материалдары. Кредиттік оқыту технологиясы. Астана, 2009.
9. *Мырзалиева Б.А.* Кредитная система обучения: опыт внедрения, проблемы и перспективы. /Под общей редакцией. Шымкент: Ғасыр – Ш, 2005.





технологиясын ендіру және оқыту жүйесін жетілдіру әлемдік жоғары білім беру тәжірибесін, оның ішінде еуропалық аймақтағы жоғары білімге қатысты біліктіліктерді тану туралы Лиссабон Конвенциясы және жоғары білімнің еуропалық аймағы туралы Болон декларациясы сияқты материалдарды зерттеуді қажет етеді [2,3]. Еліміздің Лиссабон Конвенциясына қол қоюы, Болон үдерісіне қосылуы ұлттық білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер жасауға әкелді. Бұл заң арқылы Қазақстанда білім берудің жаңа мүмкіндіктері ашылды:

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Орманова Ф.К., Фазилова А. Кредиттік оқыту жүйесінің болашақ мамандарды даярлаудағы мүмкіндіктері

- болашақ мамандарға өздері қалаған жерде білім алу мүмкіндігін беру;
- жоғары білім берудің бағдарламалары мен формаларының оқытудың барлық түрлерінде қолдануы (күндізгі, кешкі, қашықтықтан оқыту, сырттай);
- кез келген басқа ұлттық білім беру жүйесімен сәйкес келуі;
- халықаралық сынақ ауысымын жасау мүмкіндігі;
- дипломдардың жалпыевропалық дипломдарға сәйкес келуі [4].

Болон үдерісі жоғары білім берудің жалпыевропалық кеңістігін қалыптастыруға байланысты міндеттерді шешуге тікелей байланысты болып табылады. Зерттеу барысында Болон үдерісі жайлы құжаттармен танысудан оның еуропалық және ресейлік жоғары білім беру жүйесін түбегейлі өзгертуге ықпалы туралы еңбектерден кредиттік оқыту жүйесін қабылдауға объективті жағдайлар мен себептердің болғаны анықталды. Бұл елдердің ұлттық білім беру жүйелерінде өзгерістер жасауға жалпы әлемдік беталыстар мен Еуропадағы қалыптасқан жағдайлар себепкер болды.

Кәсіби маман даярлау жүйесінде өзгерістер жасау қажеттігінің себебі барлық дамыған елдердің экономикасындағы түбегейлі өзгерістерге байланысты болып табылады. Жұмыс берушілер тек жоғары кәсіби білімді маманды ғана емес, жаңаша, түрлі күрделі кәсіби-өндірістік проблемалар туғанда шығармашылықпен шешім қабылдай алатын және мекеменің жұмысына бірден кірісіп кетуге практикалық дағдысы бар, стандартты емес түрде ойлайтын жастарды жұмысқа алуға тырысады. Өндіріспен байланыспаған білім жүйесінің практикалық жұмысқа дағдысы бар маман дайындай алмайтынын өмір көрсетіп отыр. Бұл жағдайдан шығудың бірден-бір жолы ЖОО-ның ғылыммен ықпалдастығы болып табылады. Алайда қазіргі қоғамда мекемедегі жұмыс маманнан кәсіби білім мен білікке қоса басқа да құзыреттіліктерді: компьютерде үш деңгейде (өңдеушілік, желілік, кәсіби бағдарламалар) жұмыс істей білуді, кемінде бір шет тілін білуді, маркетинг негіздерін, психологиялық әдістемелерді, менеджерлік дағдыларды игеруді талап етеді. Мұның бәрін ЖОО қабырғасындағы болашақ маманның ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында қамту мүмкін емес. Сондықтан студентті болашақ кәсібіне жан-жақты дайындау үшін мақсатты түрде жұмыстар жүргізу керек. Сол себепті дәстүрлі оқыту формалары мен өмірдің талабы арасындағы алшақтықты, маманның тиімді кәсіби әрекет жасауына қажетті ғылыми білімнің көлемі ұдайы артуы мен мамандардың нақты даярлануы арасындағы алшақтықты жоятын және толыққанды білімді қалыптастыруға, өздік жұмыс пен өзіндік білім алу дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін оқыту жүйесі қажет болды.

Еуропадағы жағдайларға байланысты білім беру саласындағы өзгерістердің жасалуына мынадай төрт түрлі себеп болды, олардың үшеуі білім беру саласы бойынша Еуропаның АҚШ-тан мына көрсеткіштер бойынша артта қалуына байланысты: елдегі шетелден келіп оқитын студенттердің санының аздығы жағынан (АҚШ-та 500 мыңнан астам, ол барлық еуропалық елдерде оқитын шетел студенттерінің санынан артық, олардың оқуынан АҚШ-қа жылына 5-10 млрд. доллар аралығында кіріс түседі); жоғары білімі бар дайындалған мамандар санының екі есе аздығы; ғылымның дамуы, ғылыми

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Орманова Ф.К., Фазилова А. Кредиттік оқыту жүйесінің болашақ мамандарды даярлаудағы мүмкіндіктері

потенциалды дамыту қарқындылығы және оның қаржыландыруы жағынан (ғылым- мен экономиканы дамытудың маңызды факторы); төртіншісі – еуроодаққа кірген елдердің өз потенциалдарын біртұтас экономикалық механизмге біріктіруге деген ұмтылысы. Ол үшін басқа елдердегі білім жүйелерінің деңгейлерін жақындату, соның нәтижесінде Еуропа университетінің бітірушісі Еуропаның кез келген елінде жұмыс істей алатындай шаралар жасау қажет болды [5].

Болон үдерісінің мазмұны мынадай *мақсаттардан* тұрады:

– жаппай қабылданатын және салыстыруға келетін ғылыми дәрежелер жүйесін бекіту;

– айқын салыстыруға келетін, дипломдарға қосымшалар (бітірушілердің еңбекке орналасуын қамтамасыз ету жоғары білім беру жүйесінің бәсекелестігін арттыру үшін) берілетін дәрежелердің жүйесін қолдану;

– жоғары білім беру жүйесінің екі сатылы: базалық және дипломнан кейінгі жүйесін ендіру; бірінші сатыны аяқтаған соң алатын дәреже еуропаның еңбек рыногінде біліктіліктің жеткілікті деңгейі болып танылады;

– студенттердің икемділігін арттыру құралы ретінде ECTS-тің аналогы болып табылатын кредиттер жүйесін қабылдау. Қабылдайтын оқу орны таныған жағдайда кредиттер жоғары білімнің барлық сатысында (үздіксіз білімді қоса) әрекет етеді;

– икемділікті ынталандыру және студенттер мен оқытушылардың, зерттеушілер мен білім беру менеджерлерінің еркін ауысуына жағдай жасау;

– салыстыруға келетін өлшемдер мен әдіснамаларды жасау мақсатында сапаны қамтамасыз ету (бақылау) саласында еуропалық ынтымақтастықты дамыту;

– ЖОО басқаруда студенттердің рөлін арттыру, оқыту сапасын бақылауға студенттерді қатыстыру;

– жоғары білімді, әсіресе, білім беру бағдарламаларын жобалау, ғылыми зерттеулер сияқты және т.б. салаларда еуропалық өлшеуді күшейту;

– әлеуметтік ынтымақтастықты арттыру және ЖОО-ның оны күшейтуге жауаптылығы;

– ғылым мен білім берудің ықпалдасуын күшейту;

– Еуропаның әлемге ашықтығы, өмір бойы оқу проблемасына көңіл бөлудің артуы.

Яғни, Болон үдерісінің мақсаты – бітірушілердің еңбекке орналасу қабілеттілігін арттыру, азаматтардың еуропалық жоғары мектептің бәсекеге

қабілеттілігін арттыру үшін 2010 жылға дейін еуропалық білім беру кеңістігін құру болып табылады. Болон үдерісіне қатысушылар (1999 жылы 29 ел, 2003 жылдан бастап 40 ел) өздеріндегі жоғары білім жүйелерін бірыңғай жалпыеуропалық стандартқа келтіруге міндеттеме алды. Білім беру саласының мамандары мен зерттеушілері бұл жобаға әртүрлі тұрғыдан қарайды: бірі жақтаса, енді бірі қарсы. Оның кемшілігінің бірі ретінде бүкіл білім беру жүйесін емес, тек жоғары білім жүйесін реформалауды ұсынатынын атайды. Жақтаушылар оның жақсы жақтары ретінде білім берудің бірыңғайлы болуын,

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Орманова Ғ.К., Фазилова А. Кредиттік оқыту жүйесінің болашақ мамандарды даярлаудағы мүмкіндіктері

бүкіл Еуропада танылатын білім туралы бірыңғай құжаттың болуын, студенттер мен оқытушылардың басқа ел және оқу орнына ауысуына мүмкіндік берілуі деп анықтаса, қарсылары өз білім жүйелерінің негіздерінен айырылып қаламыз деп қауіптенеді.

Кезкелген шетелдік білім беру үлгісін қандай болса да сол қалпында өзгеріссіз қолдануға болмайды. Кезкелген мемлекеттің, ұлттық білім беру жүйесінің өзіндік менталитеті бар, білім беру жүйесінің жинақталған озық тәжірибесі, педагогикасындағы қалыптасқан дәстүрлері мен ұстанымдары бар. Отандық педагогикада басты орынға тұлғаны, оны жан-жақты дамыту, жас және жеке бас ерекшеліктерін ескеруді, шығармашылық қабілеттерін дамытуды қояды. Білім беруде басты назар тек жоғары білікті мамандарды дайындауға ғана емес, адамгершілігі жоғары, ізгілікті тұлғаны қалыптастырумен қатар қойылады. Шетел университеттерінде көп жыл еңбек еткен ғалымдар ондағы білім жүйесімен салыстыра келе, отандық университеттік білімнің артықшылықтары ретінде бізде іргелі білім беруге баса көңіл бөлінетінін, кең профильді мамандар даярланатынын да атап өтеді.

Ресей зерттеушілерінің пікірінше, Болон үдерісі жаһандандудың белгісі болғандықтан, Ресей оның мүмкіндіктері мен ауқымды келешегіне мүдделі болып отыр. Болон үдерісіне бейімделу жоғары білім беруді жетілдіруге, Ресей мен Еуроодақ арасындағы ықпалдасуды күшейтеді. Бұл үдеріске қарсы тұру стагнация мен оқшаулануға әкеп соғады. Білім беру саласын жетілдіруде ұлттық білім берудегі дәстүрлерді сақтай отырып, екі жақты мүддені де ескеру қажет деп санайды.

Болон үдерісіне қатысты әр алуан пікірлерді, еңбектерді талдай келе, мынандай қорытынды жасауға болады: жаһандану жағдайында Болон үдерісі – объективті қажеттілік және Еуроодақпен ықпалдасудың нақты жолы. Сондықтан қоғамның маңызды бір жүйесі болып табылатын жоғары білім жүйесінің реформасы алдын ала жан-жақты және тыңғылықты түрде зерттеліп, ғылыми негіздемеге жүйелі түрде сүйеніп, шетелдік тәжірибені талдап, отандық білім берудің іргелі құндылықтарын сақтай отырып дайындалуы тиіс.

Болон декларациясының негізгі міндеттерінде айтылған мақсаттарға жету үшін оның тетіктері ретінде кредиттік жүйеге, еуропалық сынақ ауыстыру жүйесіне (ECTS) және жалпыеуропалық дипломдардың Қосымшасына ерекше мән беріледі. Бұл тетіктердің ұлттық және халықаралық деңгейлерде ендірілуі мен қолданылуы ашық жалпыеуропалық білім беру кеңістігін қалыптастырудың

тиімді тәсілі болып табылады. Жоғары кәсіптік білім беру әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде білім берудің бағдарламаларын игеруді бағалаудың кредиттік жүйесін қолдануға негізделген [6].

Кредиттік оқыту жүйесінің негізгі ерекшелігі – жеке пәндер бойынша студенттер мен оқытушылардың еңбегін бағалау үшін сынақ бірлігінің (немесе кредиттер жүйесінің) енгізілуі. Ал оқу пәндерін студенттердің меңгеруін бағалау үшін міндетті түрде балдық-рейтингтік жүйе қолданылады.

Кредиттік оқыту жүйесі – ерекшелену, білім беру траекториясының таңдамалылығы және білім ауқымын кредиттер түрінде есепке алу негізінде өз

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Орманова Г.К., Фазилова А. Кредиттік оқыту жүйесінің болашақ мамандарды даярлаудағы мүмкіндіктері

бегінше білім алу және білімді шығармашылықпен игеру деңгейін арттыруға бағытталған білім беру жүйесі.

Кредиттік оқыту технологиясы пән сабақтарын жекелей жоспарлау негізінде өздігінен білім алудың және ерекшелену арқылы білімді шығармашылықпен игеру арқылы оқу үдерісін ұйымдастырудың ерекше тәсілі болып табылады. Ол әлемдік стандартқа сай білім беруді қамтамасыз етуге, сапалы білім беру арқылы біліктілігі жоғары және еңбек нарығында бәсекелестікке кезкелген жағдайда дайын мамандарды даярлауға мүмкіндік береді.

Бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау өлшемінің көрсеткіштері жоғары оқу орны түлегінің динамикалық өзгеретін ортаға тез бейімделе алуы, түлектің жаңа мамандықтарды меңгеруге уақыт пен күш шығармай еңбек ете алатын сабақтас салалардың саны, дұрыс басқару шешімдерін қабылдау қабілеті және жүйелі түрде басқару дағдысының болуымен анықталады.

Қазақстанның жоғары оқу орындарында кредиттік жүйенің ендірілуі әлемдік білім беру саласындағы беталыстарды ескеруді, шет елдердегі бұл жүйенің тәжірибесін зерттеуді және жинақтауды қажет етеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы //Жоғары мектеп. – 2004. № 1. Б. 5-8.
2. Конвенция о признании квалификаций, относящихся к высшему образованию в европейском регионе. Лиссабон, Португалия, 11.04.1997 год // [www.rc.edu.ru](http://www.rc.edu.ru).
3. Зона европейского высшего образования. Совместное заявление европейских министров образования. Болонья, Италия, 19 июня 1999 г. // [www.bologna.eu](http://www.bologna.eu).
4. Қазақстан Республикасының «Еуропа аймағындағы жоғары білімге қатысты біліктілікті тану туралы» Конвенцияны ратификациялау туралы Заңы. № 202-І. 13.12.1997 ж.
5. Кулекеев Ж.А., Пивень Г.Г., Нургужин М.Р., Каланова Ш.М., Падиарова И.П. Системы менеджмента качества организаций высшего профессионального образования. Теория и практика. – Караганда: Издательство КарГТУ, 2004. – 356 с.
6. Орманова Г.К. Болашақ мамандардың танымдық іс-әрекетін кредиттік оқыту жүйесі жағдайында қалыптастыру. П.ғ.к. ...дисс. - Түркістан, 2010. -Б.45-60.

**Ә.Х.САРЫБАЕВА**

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

**И.Б.УСЕМБАЕВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистр-оқытушысы

**Ф.МЫҢБАЕВА**

№1 А.Байтұрсынов атындағы орта мектеп мұғалімі (Түркістан)

### **«МОЛЕКУЛАЛЫҚ ФИЗИКА» КУРСЫНАН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚТЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында «Әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің дамуын талдау, онда кредиттік білім беру жүйесіне негізделген, кадрлар даярлаудың үш сатылы моделінің кең тарағанын көрсетеді. Оқу үдерісін ұйымдастырудың дәстүрлі жүйесінің орнына оқытудың кредиттік жүйесі енгізіледі, ол оқытындардың өз бетінше белсенді жұмыс істеуін ынталандырады, жеке білім бағытын таңдаудың болуын, ұтқырлығын, бакалаврлардың, магистранттардың және докторанттардың академиялық еркіндігінің үлкен дәрежесін қамтамасыз етеді, білім туралы құжаттардың әлемдік білім беру кеңістігінде танылуына әсер етеді» делінген. Болашақ мұғалімдерді үш сатылы модель жағдайында кредиттік оқыту жүйесі негізінде дайындау – оқу үдерісіне жаңа ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану, білім беру бағдарламаларына сәйкес электрондық оқулық басылымдарымен қамтамасыз етуді талап етеді.

Қазіргі уақытта кредиттік оқыту жүйесінің ережесіне сәйкес «оқу сабақтарының басым бөлігі белсенді шығармашылық нысанда жүргізілуі тиіс (кейс-стади, іскер ойындар, тренингтер, диспуттар, дөңгелек үстелдер, семинарлар)» [1].

Кредиттік оқыту технологиясында студенттердің шығармашылық бағытта, өзіндік жұмыстарын орындауда пән саласы бойынша даярланған электрондық оқулықтарды қолданудың ерекше маңызы бар.

Сонымен қатар, болашақ физика мұғалімдерінің кредиттік жүйе бойынша білімдерін бақылау мен бағалау рейтингілік жүйеде іске асатындықтан аудиторлық, практикалық, зертханалық сабақтарда студент тек белсенді түрде

қатысуы арқылы ғана тиісті бағаға (балға) жетеді. Мысалы, «Молекулалық физика» пәнін оқытуда осы пәннен дайындалған электрондық оқулықты пайдаланудың тиімділігі байқалды. Электрондық оқулықты пайдаланып, студент кез келген уақытта сабаққа дайындала алады. Сонымен қатар, зертханалық жұмыстарды орындау барысында да біздің арнайы зертханалардағы компьютердегі виртуальдық зертханалардың да көмегімен орындай алады. ОБСӨЖ оқытушы мен студенттің бірге орындайтын жұмысы болғандықтан оны өткізу формасын оқытушы өзі таңдайды оны: тренинг, дискуссия, іскерлік немесе дидактикалық ойындар, миға шабуыл, кейс құрастыру, топ болып сұрақтарға талдау жасау арқылы өткізген тиімді.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Сарыбаева Ә.Х., Усембаева И.Б., Мыңбаева Ф. «Молекулалық физика» курсынан электрондық оқулықты...

Сонымен, қорыта айтқанда, бұл көрсеткіштер жаңа жүйенің біз көре білген тиімді жақтары. Олар:

- студенттің өз еркімен, өз бетінше ізденуі;
- студент қолында силлабустың болуы;
- бағалауда студенттің күнделікті сұралатыны, яғни оның әркез белсенділігі;
- болашақ мамандығына қажетті пәндердің негізгілерін студенттің өзі таңдауы, яғни қалауы бойынша оқуы.

Мұнымен жаңа технологияны толық меңгердік деп айтуға болмайды. Болашақта жоғары оқу орыны тұтас осы жүйеге көшетін болса, біздегі оқу-материалдық, техникалық базаның жеткіліксіздігін айта кету керек. Ал біздің студенттерімізге де білім кеңістігіндегі іргелі елдердің студенттерімен тең түсуі үшін, бізге әлі де оқу-әдістемелік тұрғыдан үлкен дайындықтар қажет.

Сонымен, оқу үрдісінің тиімділігін арттыру үшін, дәстүрлі және кредиттік оқыту жүйесінде электрондық оқулықтарды пайдалану қажет.

Электронды оқулықтың бір артықшылығы, студент компьютер лабораториясында сабақтан тыс уақытта жұмыс істей алады немесе үйінде өз компьютерінде дайындала алады. Қажет болған кезде, студент өзінің жеке жоспары бойынша оқытушының бақылауымен жұмыс істеуіне болады.

Сонымен, оқу үрдісінің тиімділігін арттыру үшін, кредиттік оқыту жүйесінде электрондық оқулықтарды пайдалану қажет.

Электронды оқулықтың бір артықшылығы, студент компьютер лабораториясында сабақтан тыс уақытта жұмыс істей алады немесе үйінде өз компьютерінде дайындала алады. Қажет болған кезде, студент өзінің жеке жоспары бойынша оқытушының бақылауымен жұмыс істеуіне болады.

Электрондық оқулықты пайдалану болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын және оқу үдерісін жетілдіруде міндетті компоненті болып табылады. Сондықтан да кез келген деңгейдегі білім беруде мұғалім даярлау үшін олардың болашақ кәсіби әрекетінде электрондық оқулықты қолдану қажет.

Электрондық оқулықтармен оқыту, оларды жетілдіруге қажетті жағдайларды құру, өңдеу және ендіру, жаңаны дәстүрлі әдіспен қиылыстырудың жолдарын іздеу психологиялық-педагогикалық, оқу-әдістемелік проблемаларды шешуді талап етеді. Оларды әр түрлі бағыттар қатарында ажыратуға болады:

- оқу үдерісіне электрондық оқулықты ендіру проблемасын шешу үшін

бірыңғай ғылыми-әдістемелік комплексті жетілдіру;

– практикалық іс-әрекетте электрондық оқулықты пайдаланудың әдістемесін жасау;

– электрондық оқулықпен оқытатын болашақ мұғалімдерді даярлау және оны оқу процесіне ендіру;

– жоғары оқу орындарын материалдық-техникалық жабдықтау;

– қажетті әдістемелік қамтамасыздандыруды іздеу, өңдеу және құру.

Осыған орай, студенттерге «Молекулалық физика» бөлімі тарауларындағы

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Сарыбаева Ә.Х., Усембаева И.Б., Мыңбаева Ф. «Молекулалық физика» курсынан электрондық оқулықты...

құбылыстар мен процестерді компьютерді пайдаланып оқыту үшін электрондық оқулық жасақтадық.

Біз жасаған электрондық оқулықты тиімді пайдаланудың жолдарын мынадай тақырыптарды оқытудың байқауға болады.

*Термодинамиканың бірінші бастамасы және оны изопроцестерге қолдану.*

Экрандағы көріністе ішкі энергия негізінен екі түрлі процестің: дененің  $A$  жұмыс істеуі мен денеге берілген  $Q$  жылу мөлшерінің есебінен өзгере алады. Жұмыс істеу системаға әсер етуші сыртқы денелердің орын ауыстыруымен қоса жүреді. Осыған орай монитордағы динамикалық компьютерлік модельдерден термодинамиканың бірінші бастамасын изохоралық, изобаралық, изотермалық, адиабаталық процестердің өту құбылыстарын нақты көрсетіп, түсіндіруге болады (1,2,3,4-суреттер).

Ішкі энергия негізінен екі түрлі процестің: дененің  $A$  жұмыс істеуі мен денеге берілген  $Q$  жылу мөлшерінің есебінен өзгере алады. Жұмыс істеу системаға әсер етуші сыртқы денелердің орын ауыстыруымен қоса жүреді. Мәселен, ыдыстағы газды жауып тұрған поршень орын ауыстыра отырып қозғалған кезде газ  $A$  жұмыс істеді. Ньютонның үшінші заңы бойынша бұл кезде газ да жұмыс жасайды:  $A = -A'$

Денеге жылу беру сыртқы денелердің орын ауыстыруымен тәуелді емес, демек, денеге жасалған микроскопиялық (яғни, денені құрайтын барлық молекулаларға қатысты) жұмысқа да тәуелді емес. Ішкі энергияның бұл жағдайдағы өзгерісі ыстығырақ дененің жеке молекулаларының салқынырақ дененің молекулаларына қарсы істеген жұмысының әсерінен болады. Бұл жағдайда энергия сәуле шығару арқылы да беріле алады. Бір денеден екінші денеге энергияның берілуіне әкелетін микроскопиялық (яғни түгел денені емес, тек оның жеке молекулаларын ғана қамтитын) процестердің жиынтығы жылу берілу деп аталады.

Бір дененің екінші денеге беретін энергия мөлшерінің дененің бір-біріне істететін  $A$  жұмысы арқылы анықталатыны тәрізді, бір денеден екінші денеге жылу берілу арқылы берілетін энергия мөлшері, дененің алатын  $Q$  жылу мөлшері арқылы анықталады. Сонымен, системаның ішкі энергиясының өсімшесі системаға істелген  $A'$  жұмыс пен системаға берілген жылудың қосындысына тең, системаға берілген жылудың қосындысына тең болуы тиіс:

$$U_2 - U_1 = Q + A' \quad (5)$$

Мұндағы  $U_1$  және  $U_2$  – системаның ішкі энергиясының бастапқы және ақырғы мәндері.

Әдетте, сыртқы денелердің системаға істелген  $A$  жұмысының орнына системаның сыртқы денелерге істеген  $A$  ( $-A'$  жұмысқа тең) жұмысын алады.  $A'$  орнына  $-A$  - ны қойып және де (5)- теңдеуді  $Q$  -ға қатысты шешіп,  $Q = U_2 - U_1 + A$  (6) түрге келтіруге болады. (6) теңдеуі энергияның сақталу

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Сарыбаева Ә.Х., Усманбаева И.Б., Мыңбаева Ф. «Молекулалық физика» курсынан электрондық оқулықты...

заңын өрнектейді, әрі термодинамиканың бірінші заңының (бастамасының) мазмұны болып табылады. Оны сөзбен төмендегіше айтуға болады: *системаға берілген жылу мөлшері системаның ішкі энергиясының өсімшесіне және системаның сыртқы денелерде атқаратын жұмысына жұмсалады.*

Бұл айтылғаннан, жылу берілген кезде әрқашан да системаның ішкі энергиясы артады екен деп түсінуге болмайды. Системаға жылу берілгенмен де оның энергиясы артпай, кеміуі мүмкін ( $U_2 < U_1$ ). Бұл жағдайда (6) бойынша  $A)Q$  немесе система жұмысты алынған  $Q$  жылу есебінен де, кеміуі  $U_1 - U_2$  –ге тең ішкі энергияның қоры есебінен де істеуі мүмкін. Сондай-ақ (6) теңдеудегі  $Q$  мен  $A$  шамаларының алгебралық екендігін ескеру керек ( $Q < 0$  системаның жылу алмай, жылуды беретіндігін білдіреді).

(6) теңдеуден жылу мөлшерінің жұмыс немесе энергия өлшенетін бірліктермен өлшенетіндігін көруге болады. СИ системасында жылу мөлшерінің бірлігі – джоуль болып табылады.

Системаның істеген жұмысын немесе системаның алған жылуын есептеген кезде қарастырылып отырған процесті әдетте әрқайсысы системаның параметрлерінің азғантай ғана (шектік жағдайда шексіз аз шамаға ) өзгеруіне сәйкес келетін бірнеше жай элементар процестерге бөлуге тура келеді. (6)теңдеуі элементар процесс үшін  $\Delta'Q = \Delta U + \Delta'A$  (7) түрінде жазылады, мұндағы  $\Delta'Q$  –элементар жылу мөлшері,  $\Delta A'$ - элементар жұмыс және  $\Delta U$  - осы элементар процесс кезіндегі системаның ішкі энергиясының өсімшесі.

$\Delta'Q$  –және  $\Delta'A$  –ны  $Q$  және  $A$  шамаларының өсімшесі ретінде санауға болмайтындығын ескерген жөн. Бір күйден екінші күйге өтуге сәйкес келетін  $\sum \Delta f$  системаның өту жолына тәуелсіз болатын, яғни  $f$  шамасы күй функциясы болатын жағдайда элементар процеске сәйкес келетін қандай да бір шамасын осы шаманың өсімшесі деп қарауға болады. Күй функциясын айтқанда оның әрбір күйдегі «қоры» жайында айтуға болады. Мәселен, әр түрлі күй жағдайларындағы системаның ішкі энергиясының қоры жайында айтуға болады.

Алда көрегініміздей, системаның істеген жұмысы мен системаның алған жылу мөлшерінің шамасы системаның бір күйден екінші күйге өту жолына тәуелді болады. Демек,  $Q$  да,  $A$  да күй функциясы емес, сондықтан да



системаның әр түрлі күй жағдайларындағы жылуының немесе жұмысының қоры жайлы айтуға болмайды.

Сонымен,  $A$  және  $Q$  шамаларының алдындағы  $\Delta$  символы  $U$  шамасының алдындағы  $\Delta$  символынан басқаша мағына береді. Осы жағдайды баса көрсету үшін, бірінші жағдайдағы  $\Delta$  штрихпен белгіленеді.  $\Delta U$  символы ішкі энергияның өсімшесін білдіреді, ал  $\Delta'Q$  және  $\Delta'A$  символдары жылу мен жұмыстың өсімшесі емес, элементар жылу және элементар жұмыс мөлшерлерін білдіреді [2].

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Сарыбаева Ә.Х., Усембаева И.Б., Мыңбаева Ф. «Молекулалық физика» курсынан электрондық оқулықты...



1-сурет. Изохоралық процестің монитордағы көрінісі



2-сурет. Изотермиялық процестің көрінісі



3-сурет. Изобаралық процестің монитордағы көрінісі

## Адиабаталық процесс



4-сурет. Адиабаталық процестің экрандағы көрінісі

А.Я сауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Сарыбаева Ә.Х., Усембаева И.Б., Мыңбаева Ф. «Молекулалық физика» курсынан электрондық оқулықты...

Сабақ кезінде электрондық оқулықтарды қолдану мұғалімге молекулалық физика курсынан физикалық ұғымдардың мәнін тереңірек ашуға, қазіргі кездегі физикалық тәжірибелік негізімен таныстыруға, физикалық құбылыстар мен процестерді зерттеу әдістерін толығырақ ашуға, білім жүйесін ғылыми зерттеу әдістерімен тығыз байланыстыра отырып хабарлауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, теориялық материалдарды түсіндіру кезінде электрондық оқулықтарды қолдану өтіліп отырған материалды терең түсінуге, онда баяндалатын құбылыстардың физикалық мәнін, сырын ашуға, шығармашылықпен ойлауға итермелейді.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Андасова Б.З. Кредиттік оқыту жүйесі бойынша болашақ экономистердің өздік жұмысын ұйымдастырудың педагогикалық шарттары. пед.ғыл.канд....дис.:.13.00.08. –Астана: ЕуразияГИ, 2007. –134.
2. Савельев И.В. Жалпы физика курсы. Алматы: Мектеп, 1987. 456.

**Г.ҚОШАНОВА**

педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

**І.КЕРІМБЕК**

«Түркістан Ахмет Ясауи» кәсіби колледжінің оқытушысы

### **ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ**

Еліміздің нарықтық экономикаға өтуі оның барлық өміріне дерлік әсерін тигізді. Соның ішінде ғылым мен білім де нарықтық экономиканың әсерін сезінді. Сондықтан да фундаментальды пәндерге де экономикалық қажеттіліктің көзқарасымен сын көзбен қарау керек. Оның ішінде математика да бар. Қазіргі кезде математиканың классикалық бөлімдерін Қазақстанның экономикасының өзгерістерін ескере отырып, қайта қарап шығу қажеттілігі туындап отыр.

Техника мен экономиканың сұраныстарына байланысты оптимизациялау әдістері соңғы кездері дамудың жаңа қарқынын алды. Қазіргі уақытта жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оптимизациялау әдістері бойынша бірқатар жұмыстар басшылыққа алынған. Заманауи оптимизациялау әдістерінің барлық арсеналын қарапайым математикалық біліммен оқырманға қарапайым және нақты мысалдармен жеткізетін құралдарға қажеттілік сезілуде.

Microsoft Excel электрондық кестесінің мүмкіндігі көп, әрі көп қырлы. Excel-дің жұмыстарының түрлі салаларда қарапайым және күрделі есептеулерде: математикада, физикада, инженерлік ғылымдарда, экономикада, түрлі технологияларда жүргізілетіндігін білетінбіз. Бірақ, мұнымен қатар Excel электрондық кестесін пайдалану есептеулері басқару процесіндегі тиімдендіруде де жүзеге асырылуда.

Бұл жұмыс Excel-ді оптимизациялаудың негізгі әдістері мен құралдарын нақты мысалдармен қарапайым, әрі түсінікті етіп шығаруға болатындығын көрсету үшін арналған. Жұмыстың мақсаты – оптимизациялау әдістерінің маңызды бір бөлімімен таныстыру.

*Программалау* – бұл ресурстарды орналастыру процесі. *Математикалық программалау* – ол программалаудың проблемаларын шешу үшін математикалық модельдер мен әдістерді пайдалану. Егер зерттеу мақсаты мен ресурстың шектелуін айнымалылар арасында сызықтық байланыс арқылы санмен көрсетуге болатын болса, онда математикалық программалаудың бұл

бөлімі сәйкесінше *сызықтық программалау* деп аталады.

**Мысал 1.** *Кәсіпорынның шығындарын оптимизациялау есебін шешу.*

Кәсіпорын әр аптаның әр түрлі күнінде әр түрлі санды қызметкерлерді талап ететін апталық график бойынша жұмыс істейді. Қажетті жұмысшылардың саны кестеде көрсетілген.

Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі	Жексенбі
13	14	16	18	22	20	19

Қызметкерлерді бес күндік жұмыс күнмен пайдалануға болады (Демалыс күндері – кез келген екі күн қатарынан, апталық жалақысы – 500 теңге) және алты күндік жұмыс аптасы (демалыс-сенбі немесе жексенбі, апталық жалақысы –

А.Я сауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Қошанова Г., Керімбек І. Экономикалық есептерді шешуде инновациялық технологияларды пайдалану

700 теңге, яғни алтыншы жұмыс күні екі есе ставкамен төленеді).

Сонымен қатар, екі күн демалыс болатын жұмыс кестесінің барлық варианттары қолданылу керек (бұл егер, бір жұмысшы ауырып қалған жағдайда ауыстыратын басқа адамның болуын қамтамасыз етеді).

Кәсіпорынның айлық жалақысына кететін минимал шығындарды қамтамасыз ететін жұмыс графигін құрастыру қажет.

3-мысал: Жұмыс графигі										
Бескүндік жұмысшылар үшін тиімді жұмыс графигін таңдап алу қажет										
График	Демалыс күндері	Жұмысшылар	Вс	Пн	Вт	Ср	Чт	Пт	Сб	Сб
A	Жексенбі, дүйсенбі	4	0	0	1	1	1	1	1	1
B	Дүйсенбі, сейсенбі	4	1	0	0	1	1	1	1	1
B	Сейсенбі, сәрсенбі	4	1	1	0	0	1	1	1	1
Г	Сәрсенбі, бейсенбі	6	1	1	1	0	0	1	1	1
Д	Бейсенбі, жұма	6	1	1	1	1	0	0	1	1
Е	Жұма, сенбі	4	1	1	1	1	1	0	1	1
Ж	Сенбі, жексенбі	4	0	1	1	1	1	1	1	0
Всего:			32	24	24	24	22	20	22	28
Барлығы:			22	17	13	14	15	18	24	
Жұмысшының күндік жалақысы			500р.							
Жалпы апталық жалақысы:			16 000р.							

Сурет 1. Кәсіпорынның айлық жалақысына кететін минимал шығындарды қамтамасыз ететін жұмыс графигін құрастырғанда пайда болған нәтиже.

**Мысал 2.** (Ресурстарды пайдалану туралы есеп) Кәсіпорын  $X$  және  $Y$  2 өнім түрін шығарады. 1 кг  $X$  өнім 2 кг  $A$  ресурсты, 3 кг  $B$  ресурсты талап етеді де, 5 теңге пайда келтіреді. 1 кг  $Y$   $A$  ресурсынан 7 кг және 3 кг  $B$  ресурсынан 10 теңге пайда келтіреді. Ресурстың ( $A$ ) қорлар қосындысы 70 кг және 50 кг. Пайда максимал мән қабылдау үшін өндірістің көлемі қандай болуы керек?

Өнеркәсіп  $X$  өнімнен  $x$  кг,  $Y$  өнімінен  $y$  кг өндіретін болсын. Онда жалпы пайда көлемі  $F=5x+10y$  (мақсат функция). Біз  $2x+7y \leq 70$  шектеуінде ( $A$  ресурсты) және  $3x+9y \leq 50$  ( $B$  ресурсты) мақсат функцияның максимумын табуымыз керек. Әрине,  $x, y \geq 0$  болғанда. Онда есебіміз болады:  $F=5x+10y \rightarrow \max$ .

$$\begin{cases} 2x + 7y \leq 70, \\ 3x + 9y \leq 50, \\ x, y \geq 0. \end{cases}$$

**Айнымалылар**

X	17
Y	0
<b>мақсат функция</b>	
5x+10y	83
<b>шектеулер</b>	
2x+7y<=70	33
3x+9y<=50	50
x	17
y	0

Кесте 1. Ресурстарды пайдалануда табыс максимал мән қабылдау үшін өндірістің көлемінің нәтижесі.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Қошанова Г., Керімбек І. Экономикалық есептерді шешуде инновациялық технологияларды пайдалану

Ресурстарды пайдалануда табыс максимал мән қабылдау үшін өндірістің көлемінің нәтижесі 1-кестеде бейнеленген.

Excel-де *Шешім іздеу* (Поиск решения) қосымша мүмкіндік беретін командасы бар. Ол әсіресе сызықтық программалау есебін шығаруға үлкен мүмкіндіктер береді.

Егер шектеулер жүйесі тек қарапайым теңсіздіктен тұратын болса, онда ол – сызықтық программалаудың *стандартты есебі* болады. Егер шектеулер жүйесі тек теңдіктен тұратын болса, онда ол – сызықтық программалаудың *канондық есебі* болады.

Стандартты есептен канондыққа өту жаңа теріс айнымалылардың қосылуымен (*негізгі емес айнымалылар*) «≤» таңбасы бар теңсіздіктер үшін «+», «≥» таңбасы бар теңсіздіктер үшін «-» таңбасымен жүзеге асырылады.

Шектеулер жүйесі *дөңес жиын* болып табылатын *шешімнің мүмкін болатын облысын* береді, (кез келген екі нүктемен бірге оларды қосатын сызықтары болады).

Әрине, компьютерлер сызықтық программалау есебін тез, әрі нақты шығарып береді. Мұндай есептерді қолмен шығарудың не керегі бар, егер компьютерден шешім алу осындай оңай болатын болса деген сұрақ тууы мүмкін. Бірақ, бұл мәннің дәл қалай шығуын түсіну маңыздырақ. Әйтпесе, компьютер - кенеттен жауап шығаратын қара жәшік емес пе?

Негізгі процестің басты түсінігі (нәтижелерді интерпретация жасағандай есептің қойылымында да) - ол шүбә келтірмейтін керемет жетістік. Компьютердің көмегінсіз мұндай есептерді шығара алғанда да мұндай мәндерге қол жеткізуге болады. Бірақ, іс жүзінде сызықтық программалау есебін компьютермен шешудің артықшылығы бұл процестің тездігі мен дәлдігінде болып отыр.

Сызықтық программалау факторлардың және айнымалалар санының көп болған жағдайында оптималды шешім табуға мүмкіндік береді. Ол әсіресе оптималды материалдар табуға, ситуациядағы өндірістің әлеуеті мен еңбектер комбинациясын іздегенде, барлық байланыстар сызықты болып оның бұдан кейінгі жағдайы белгілі және мүмкін болатын комбинациялар көп түрлі болғанда



баласы, әсіресе келешек ұрпақтың жөн сілтеушісі – ұстаздар қауымы қай кезде де адал еңбекпен маңдайын терлетпейінше, жүрегі барынша таза болмайынша, бойындағы бар білімі мен жүрегінің жылуын шәкірттеріне арнамайынша, қанша қуалап, соңынан жүгіргенімен шын бақытқа қол жеткізуі мүмкін емес. Адал да өнімді еңбек болған кезде ғана бақыт ұстазды өзі іздеп табады. Ұзақ жылғы педагогтық тәжірибе нәтижесі маған осыны ұғындырды.

Түсіне білген адамға, ұстаздықтан ауыр, ұстаздықтан қиын, ұстаздықтан қызық жұмыс жоқ. Ауырлығы мен қиындығы – үнемі және әрдайым жан- жақты ізденіс үстінде жүретіндігі, жұмысының кеңсе немесе аудиторияда қалып қоймай өзімен бірге үйге келетіндігі, соған сәйкес күнделікті, аптасына, айына, тоқсанына, жылына өзгелерге есеп беріп отыратындығы болса, қызығы – соншалықты шырылдап, жанын аямай еткен еңбегі еленіп, нәтижесі көрініп,

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Оспанова Б.О. Интербелсенді сабақ өткізу әдістемесі

шәкірттері нағыз білім иесі екендіктерін дәлелдеп, қоғамнан өз орындарын тауып жатқаны, қызық болатыны - берген сапалы сабақтары, тақырыпты меңгерту барысында талапқа сай етіп жасалған көрнекіліктері, әдістемелік тұрғыдан тәжірибе алмасу мақсатында өткізген күнделікті және арнайы өткізген ашық сабақтары әріптестері арасында қызу талқыға түсіп, «жоғары деңгейде өтті» деп бағалануы, ең бастысы – шәкірттеріне білімді ұстаз ретінде танылып, әрбір сабағын асыға күтетіндей деңгейге жетуі болмақ. Әрбір ұстаз үшін бұдан асқан бақыт болмас, сірә. Бірақ кейде осынау «ұстаз» деген ұлағатты сөзге ие жандар, сол биік талап тұрғысынан көрінбей жататын кездеріміз де болып жатады, оған әрине, ешкім де емес, тек өзіміз ғана кінәліміз. Бізді әйгілі етер ұлылығымыздың негізі де, осалдығымызды көрсетер тұсымыз да осы жерден басталады.

Еңбек ететін оқу орнында алғашында бәріміз бірдей тосырқай қараған оқытудың жаңаша формасы – кредиттік технология жүйесімен егжей-тегжейлі таныса келе, тіпті ұзақ уақыт күткен сағынышымыздай сезініп, дәріс алатын шәкірттеріміздің де жылы қабылдағанын ұғындық. Себебі, кәсібін сүйетін әрбір оқытушының тыныш, жайбарақат отыра алмайтыны, үнемі ізденіс үстінде жүретіні белгілі. Сондықтан, лекция, семинар сабақтарының теориялық мәгіні, бақылау сұрақтары, күнтібелік-тақырыптық жоспары, студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ), оқытушы басшылығымен орындалатын өзіндік жұмыс (ОБСӨЖ), оқулықтар мен веб-сайттар тізімі, т.б. қажетті деген мәселелер талапқа сай қамтылып, студент игілігі үшін алдын-ала дайындалып, бекітіп беру үшін университет басшылығына өткізіледі. Жыл сайын жаңа оқу жылы басталғанда бір немесе екі семестрге жететін оқу материалымен бекітілген кешен, силабустар әрбір студентке таратылып, қажет болған жағдайда электронды нұсқасы да беріледі. Осынша мол дүниемен студент келесі сабаққа да дайын деген сөз. Бір пәннің бар қазынасы мен байлығын шәкіртіне ұстатқан оқытушы аудиторияда қолын қусырып қарап отырмайтыны тағы белгілі, студентке қиындық туған сәтте көмегі дайын, қойылған сұрақтарға жауап береді, сұрақ қою арқылы олардың білім деңгейін анықтайды. Осы жерде әрбір оқытушының жеке интеллектісі қалыптасады. Педагогтық әдісі мен әдіскерлігі шындала түседі, сабақ барысында

оқытушы мен студент байланысы бұрынғыдан да артады, студенттердің еркіндігі, білсем, үйренсем деген талпынысы күшейе түседі. Ертеңгі жеке тұлғаның қалыптасуында бұның бәрі үлкен рөл атқарады.

Практикалық сабақтарды меңгерудің алғашқы кезеңінде сабақтың мәні, мақсаты, зерттеу объектісі, пәнаралық байланысы, қарастыратын негізгі мәселелері жайлы айтылады. Кредиттік оқыту жүйесінің, заман талабына сай, оқытудың озық үлгілерінің басты талаптарына тоқталып, өркениетті елдің бәсекелестікке қабілетті ұрпағының білімге ұмтылуы үшін тек оқудың аздық ететіні, өзіндік іздену қажеттігі, сонымен қоса, әрбір студенттің қолына берілген силлабус, оқу-әдістемелік кешенді сол пән бойынша өзінің бағдаршамы ретінде қабылдау қажеттігіне назар аударылады. Білім жинақтау жолында, әрбір тақырыпты толық меңгеру үшін оқытушының қолына ұстатқан дүниесі қажетті

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Оспанова Б.О. Интербелсенді сабақ өткізу әдістемесі

дереккөз болатынын естеріне салынады. Пәнді терең меңгерту барысында қолданылатын бұл тәсіл бес параметрді қамтитын талаптардан тұрады:

1. Үй тапсырмасын кешеннен т.б. көздерден оқу, конспектілеу, түсінік айту. Бұл әдіс – студенттің өзін-өзі басқарып, мақсатты жұмыс жасауына, тақырыпты түсініп, еркін меңгеруіне көмектеседі, тиянақты білім жинақтауына жол ашады. Бұл параметр бойынша студенттің сөйлей алуы, сөздік қоры, тақырыпты ғылыми тілмен баяндай білуі, өз бетінше ізденіс жасай білу деңгейі басты назарға алынады..

2. Үй тапсырмасы бойынша бес кеспе сұрағын (карточка) дайындау. Тақырыпты түсінген студентке бес сұрақ дайындау түк те қиындық тудырмайды, қайта жинақылыққа тәрбиеленеді, тақырыпты оқыған, білетін адам аудиторияны ұйыстырып, «ашса алақанында, жұмса жұдырығында» ұстай біледі. Өзі сабақ айтып болады да, тездетіп бес кеспе сұрағын студенттерге таратады, олардың ауызша жауабын тыңдайды. Берген жауабының дұрыс-бұрыстығын тексеріп, уақтылы ескерту жасауға тырысады, яғни студент өзін бүгінгі сабақтың білгіріндей сезіну әсерінде болады, сабақ соңында өзі бағалайды. (Бұл параметр бойынша кемі 5 студент бағаланады).

3. Үй тапсырмасы бойынша он тест тапсырмасын дайындау. Жоғарыдағы екі тапсырмаға дайын студент дәптеріне бес варианттық он сұрақты лезде-ақ жазады, жауабына іштей өзі дайын болады, курстастарын сынағанша асығады (кемі 10 студент бағаланады).

4. Үй тапсырмасы бойынша «Сөзжұмбақ» немесе «Ребус» құрастыру, «Адасқан әріптерден» сол пәнді зерттеген ғалымдарды, олардың еңбектерін, пәннің өзге ғылым салаларымен байланысын, пәнге қатысты түрлі термин сөздер мен олардың беретін мағынасын табу кезкелген студентті қызықтырады сөзсіз. Бұл кезеңде студенттер тақтаға шығуға, жауабын тез шешуге талпынады. Алғашқы 1-2 сабақта аудиторияда өтілген тақырыпқа байланысты бәріміз жабылып сөзжұмбақ, ребус құрастыратын болсақ, ендігі сабақта әркім өзінше дайындап келеді, бәріміз жауабын табуға асығамыз. Осы параметр бойынша сабағымыз қорытындыланады. Белсенді студенттер балы жоғарылайды. Топтан бір студент қолын көтеріп тақтаға шығып: «Сабақ қалай өтті, әсері қандай болды,





студенттің өзін жеке тұлға ретінде сезінуіне ықпал етеді, адал еңбегімен маңдайын терлетіп баға қорын қалыптастыруына да әсер етеді. Аудитория - киелі орта, бұл ортаға келген әрбір оқытушы өзін бақытты сезінуі тиіс.

Университетіміз халықаралық деңгейдегі оқу орны болғандықтан, оқимын деген адамға барлық жағдай жасалған. Аудиторияларға соңғы үлгідегі интерактивті тақталар көптеп қойылған.

Бүгінде әрбір пән оқытушысының сабақтары оқытудың интербелсенді әдістемесіне негізделген. Студенттердің белсенді араласуымен барлық жазу-сызуды пайдалана отырып, слайд жасап, компьютерге түсіріп, интерактивті тақтамен жүйелі де, әсері мол сабақтар өтілуде.

Кредиттік технологияның соңғы жетістіктерін еркін игеру нәтижесінде, Европа елдерінің бүгінгі озық үлгідегі білім жүйесі – Болон процесін меңгерген университетімізден білімді шәкірттер, яғни сапалы мамандар шығатыны сөзсіз.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

**Ә.Х.САРЫБАЕВА**

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

**Г.П.МЕЙРБЕКОВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің PhD докторанты

**А.С.БАЙМАХАНОВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

## **ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚТАРДЫ КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСİNДЕ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалайық» деген 2011 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында (28.01.2011ж.) «Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландыру мен инновациялық дамуының негізі болуы тиіс» деп көрсетілген [1].

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Оқу процесін ұйымдастырудың дәстүрлі жүйесінің орнына оқытудың кредиттік жүйесі енгізіледі, ол оқытындардың өз бетінше белсенді жұмыс істеуіне ынталандырады, жеке білім бағытын таңдаудың болуын, ұтқырлығын, білім туралы құжаттардың әлемдік білім беру кеңістігінде танылуына әрекет етеді», - делінген.

Кредиттік оқыту жүйесі – жаңа технология, оның негізгі мақсаты әлемдік білім беру стандартына білім сапасын жақындатып, болашақ мұғалімнің нарық заманындағы бәсекеге қабілетті, өмірден өз орнын таба алуына негіз қалау болып табылады. Болашақ мұғалімдер даярлауда оқу жұмыстарын тиімді ұйымдастыра отырып, ізденімпаздыққа, дербестікке, нәтижелі сапалы еңбекке ұмтылуға шақыру.

Оқытудың кредиттік жүйесі – студентке өз бетінше, шығармашылық негізінде білім алуды өз жағдайына бейімдеп білім беретін технология.

Кредиттік оқыту жүйесінде оқытушы сабақта тек бір тақырыпты қамтып қоймай, тұтастай бір бөлімді игертуі тиіс. Курсты оқытуда студенттің өз бетінше жұмыс жасауының маңызы зор. Сол себепті студенттің өзіндік жұмысының екі түрінің де (ОБСӨЖ және СӨЖ) сапалы орындалуы, кредиттік



Электрондық оқулық, жаңа бейнедегі оқу құралы тәрізді, ашық ашық жүйе болып табылады, яғни оқулықтың құрылымы мен мазмұнына өзгеріс енгізуге мүмкіндік беретін жүйе.

*Электрондық оқулықтың дәстүрлі оқулықтан айырмашылығын мынадай технологиялық ерекшеліктерден көруге болады:* электрондық оқулықты жасауда мультимедиялық технологияларды: анимация, дыбыстық қолдау, гиперсілтеме, бейнесюжет және т.б. тәсілдерді қолдану арқылы баспа оқулығына қарағанда көрнекіліктің басым болуын қамтамасыз етеді. Электрондық оқулық тест сұрақтарының бірнеше нұсқадан тұруын, жоғары деңгейлігін және әртүрлілігін қамтиды; электрондық оқулыққа қол жеткізу мүмкіндігінің жоғарлығы, яғни сұраныс кезінде оның санын көбейту, телекоммуникациялық құралдар арқылы алу аз шығынды талап етеді.

Сонымен қатар, болашақ мамандардың кредиттік жүйе бойынша білімдерін бақылау мен бағалау рейтингтік жүйеде іске асатындықтан аудиторлық, практикалық, зертханалық сабақтарда студент тек белсенді түрде қатысуы арқылы ғана тиісті бағаға (балға) жетеді. Мысалы, «Физика» пәнін оқытуда осы

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

.....  
Сарыбаева Ә.Х., Мейрбекова Г.П., Баймаханова А.С. Электрондық оқулықтарды кредиттік оқыту...  
:XX

пәннен дайындалған электрондық оқулықты пайдаланудың тиімділігі байқалды. Электрондық оқулықты пайдаланып, студент кез келген уақытта сабаққа дайындала алады. Сонымен қатар, зертханалық жұмыстарды орындау барысында да біздің арнайы зертханалардағы компьютердегі виртуальдық зертханалардың да көмегімен орындай алады. ОБСӨЖ оқытушы мен студенттің бірге орындайтын жұмысы болғандықтан оны өткізу формасын оқытушы өзі таңдайды оны: тренинг, дискуссия, іскерлік немесе дидактикалық ойындар, миға шабуыл, кейс құрастыру, топ болып сұрақтарға талдау жасау арқылы өткізген тиімді.

Тақырыпқа байланысты лекция электрондық оқулықты, көрнекілік құралдарды қолданып шолу түрінде, проблемалық мәселелерді мүмкінгінше енгізе отырып оқылады. Лекция материалдарымен жүйелі, тұрақты жұмыс студенттің өзіндік жұмысының ең негізгі бөлігі болып табылады да, келесі лекцияларды түсінуіне, практикалық, лабораториялық сабақтарда есеп шығаруға тәжірибелердің нәтижелерін дұрыс талдауға мүмкіндік береді.

Осыған орай, студенттерге «Механика» бөлімі тарауларындағы құбылыстар мен процестерді компьютерді пайдаланып оқыту үшін электрондық оқулық жасақталды.

Біз жасаған электрондық оқулықты тиімді пайдаланудың жолдарын мынадай тақырыптарды оқытудан байқауға болады. ЭО-ны пайдалану арқылы өткізілген компьютерлік сабақтың жоспары:

Тақырыбы: *Ньютонның II-заңы.*

Мәселен, Ньютонның II-заңын түсіндіру үшін, мониторға «Күш, масса, үдеу» ұғымдары енгізіліп, олардың масса мен инерттілік ұғымдарымен байланыстылығы көрсетіледі. Нақты монитордағы масса мен күштің бір-біріне кері пропорционалдығы дәлелденеді (Сурет 1).

Студенттердің бұл тақырып бойынша алған білімдерінің беріктігін тексеруге арналған компьютердегі тест сұрақтарын қолданамыз. Тест сұрақтарына жауаптарының нәтижесі мониторда көрсетіледі.

Электрондық оқулықты қолдану нәтижесінде өткізілген сабақтың технологиясы.



Сурет 1. Ньютонның II-заңы тақырыбына электрондық оқулықпен өткізілген сабақтың көрінісі

Тақырыбы: *Потенциалдық энергия.*

Потенциалдық энергия денелердің немесе олардың бөлшектерінің өзара орналасуы кезіндегі жұмыс қорымен өлшенетіндігі жайлы, материалдық нүкте


А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Сарыбаева Ә.Х., Мейрбекова Г.П., Баймаханова А.С. Электрондық оқулықтарды кредиттік оқыту...

ретінде қарастырылып отырған дене, өзін айнала қоршаған денелермен әсерлесе отырып, бір орыннан екінші орынға қозғалса, демек, ол денеге күштер әсер етеді.

Бұл күш өрісінде

жағдайда дене



қозғалатындығы экранда толық түсінік

Сурет 2. Потенциалдық энергия экранынан көрініс.



міндеттері көзделеді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Қай заманда да өркениеттің дамуы интеллектуалдық шығармашылық қабілеттіліктің негізінде жасалынған, әлі де солай болып келеді. Шығармашылық адам санасының жасампаздығын және іс-әрекетінің биік белсенділігін көрсетеді. Адам қабілетінің дәрежесі, оның кәсіби іскерлік шеберлігі, бизнес пен кәсіпкерліктің нәтижелілігі, жаңалық ашуы тұлғаның шығармашылық ойлауына қатысты анықталады.

Мұғалім жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін жігерлі тұлға, зерттеушілік, ойшылдық қасиеті бар маман, білімді де білікті, көп оқитын, көп тоқитын, білімін күнделікті ісіне шебер қолдана білетін, өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға үйрете алатын болу керек. Бұл өмір талабы. Мұғалімде ұйымдастырушылық, құрылымдық, бейімділік, сараптамалық қабілеті болуы шарт. Ол сонымен қоса ұлттық құндылықтарды яғни, этнопедагогика, этнопсихология негіздерін меңгеру қажет. Ғаламдасуға байланысты «интернет» жүйесін жетік меңгерген, әлемдік білімге сай, мәдениеті жоғары, жеке тұлға тәрбиелей алатын ұстаз болуы қажет. Осыған қарап ХХІ ғасырда мұғалімге қойылатын талаптар зор екенін көреміз.

Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында, қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды көзбен бағалай отырып саралауды, мұғалім іс-әректін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Бүгінгі таңда Қазақстанда Ж.Қараевтың, М.Жан-

*А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012*

*Омаров Б.С. Мұғалімнің кәсіби шеберлігін шыңдауда инновацияның ролі*

пейісованың, Ш.Таубаеваның т.б. ғалымдардың зерттеулерінде оқытудың жаңа технологиялары жан-жақты қарастырылады.

Білім беру стандартының оқу процесінде іске асырылу міндеттілігі еңбек етіп жатқан педагогтар жұмысын күрделендіруді шындық, тіпті олардың оқу процесінде күнделікті жұмысын күрт қиындатып жіберетіні хақ, өйткені осы стандартқа қол жеткізерлік және мұғалім жұмысының жоғары сапасына кепілдік берерлік тиісті педагогикалық технологияны таңдап білікті түрде оны оқу процесіне енгізу мақсаты туындап отыр. Бізге белгілі көптеген оқыту технологияларының қайсысы жемісті және ұжымды екенін дәстүрлі оқыту әдістемесі орнына педагогикалық жаңа іс-әрекеттерді анықтап, оны теориялық және практикалық жағынан ұқыпты түрде дайындап алу қажет.

Дәстүрлі оқыту әдістемесі көбіне – оқу процесін ұйымдастыру және оны жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстар мен қағидалар жиыны болса, ал педагогикалық технологияны принциптік маңызды екі жағдай ерекшелендіреді:

1. Технология – көзделген нәтижеге жетудің кепілдігі;
2. Технология – болашақ оқу процесінің жобасы.

Сонымен қорыта келгенде педагогикалық технология:

- сатыланған және тәртіптелген іс- әрекет жүйесі. Мұны мүлтіксіз орындау белгілі бір тарау немесе курс көлемінде мемлекеттік білім беру стандарты жоспарлаған нәтижеге жетуге мүмкіндік береді:

- мұғалімнің кәсіби қызметін тереңдетуші және жоспарланған қорытынды нәтижеге жетуге кепілдік берерліктей іс-әрекеттер жиынтығы. Демек, дәстүрлі оқыту әдістемесі орнына педагогикалық технологияның оқу процесіне ендірілуі оқу процесінің тиімділігіне оңды жағдай жасайтындығы сөзсіз.

3. Бүгінгі мақсат - әрбір оқушыларға түбегейлі білім мен мәдениеттің негідерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау.

“Инновация” ұжымын анықтайтын нақтылы анықтама әлі де жасала қойған жоқ. Ш.Таубаевамен, Қ.Құдайбергенова берген анықтамаға сүйенетін болсақ, яғни “инновация” – бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже. Нақты мақсат дененіміз не? Нақты мақсатқа қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен жетуге болады? Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже – жаңалыққа бет бұрудың кілті.

Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір мұғалім үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа мұғалім үшін өтілген материал тәрізді.

Инновация мәселелерімен айналысып жүрген бірқатар ғалымдардың еңбектерін, жазған анықтамаларын қарастырып, талдай келе біз бұл ұғымның түп-төркінін белгілі уақыт арасында жаңашыл идеяны қайта қарау, жаңалау деп айтқанды жөн көрдік. Сәл ертерек кездің өзінде белгілі қолданылып жүрген идеялар жаңа бағытта ұсынылса, мұның өзі инновациялы “жаңалық”, “жаңа әдіс”, “өзгеріс”, “әдістеме”, “жаңашылдық”, ал инновациялық үрдісті

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

Омаров Б.С. Мұғалімнің кәсіби шеберлігін шыңдауда инновацияның ролі

“жаңа әдістеме құралы” деп ұғынатын боламыз.

Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Кейінгі кезеңде ғалымдар өз зерттеулерінде оқу-тәрбие ісіне жаңалықтарды енгізіп, тарату негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мәселесін қарастырады.

Қазіргі таңда алдымызда тұрған негізгі міндеттердің бірі – оқушылардың шығармашылық қабілетін ашып, толық қанды қоғам құруға өзінің бар мүмкіндігін жұмсайтын шығармашылық қабілетті жеке тұлға қалыптастыру.

Сондықтан кез-келген пәнді оқытуда оқушыларға оқу материалын еске сақтауға емес, осы материалды шығармашылықпен қолдану шеберлігін қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді. Оқушыларда жоғары пәндік мәдениет, ой-әрекетінің пәндік стиль қалыптастырудың негізгі жолы - әртүрлі оқу үрдістерін



оқушылардың оқу әрекетінде ұтымдыда, тиімді қолдана білуге байланысты.

Деңгейлік оқыту технологиясын тиімді қолдану оқушылардың әр пәннен білім негіздерін қалыптастырады.

Топпен жұмысты жақсы ұйымдастыру да мұғалім шеберлігіне байланысты.

Білімгерлерді үш топқа бөліп, әр топтың жетекшісін сайлаймыз.

Бұл әдістің тиімділігі:

1. Білімгерлердің жаппай жұмыс істеуіне әкеледі;
2. Бос отырған білімгер болмайды;
3. Ұйымшылдыққа тәрбиелейді;
4. Үйреніп қана қоймай бірнеше жолмен жұмыс жасауға әрекет жасайды.

Ғылыммен өндірістің дамуына инновацияның қажеттілігі, инновациялық білім мен біліктіліктің қолданылуы аясының кеңейуі еліміздегі әрбір оқушының әр пәннен білімінің толық болуының мәнін және маңызын күшейте түсті. Бұл еліміздің әрбір азаматына орта білім алуға міндет арта отырып, мұғалім қауымына ертеңгі күні мемлекет сенім арта алатындай оқушылардың жан-жақты дайындығының сапасын көтеруді және білімнің қандайда бір деңгейіне кепілдік беруін қамтамасыз етуді талап етеді.

Қазіргі мектепте мұғалімдерге қойылған – жаңа технологияны ғылыми түрде меңгерту және терең білімді, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу мәселесі қолдау табуда.

Қорыта айтқанда, бүгінгі таңда ұлттық мектеп белгілі білім мен дағдылар жиынтығын ғана меңгерген азаматтар ғана емес, қандай ұлтпен болса да тең дәрежеде қатар тұратын тұлғаларды тәрбиелеп өсіруге бағытталған.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында 01.03.2006.
2. Абубаева А. Электронды оқулықтарды пайдалану.// Информатика негіздері, №4, 2006.
3. Бейсенова Г. Жаңа ақпараттық технологиялардың тиімділігі. //Қазақстан мектебі. №6, 2006.
4. Мұратәлиева Н. Жаңа формациядағы ұстаз, оның кәсіби мәдениеті. //Мектеп директоры. №3, 2006. және т.б.

А.Ясауи университетінің хабаршысы, №1, 2012

УРАЗБАЕВ К.Б. <b>ФИЛОЛОГИЯ</b>	
МАДИБАЕВА С. БАЙМАХАН Т.М. Гендерные факторы, определяющие речевое поведение индивида	7-12
ОСПАНГАЛИЕВА З. Индивидуальное сойлеу әрекетін анықтаушы гендерлік факторлар	
УРАЗБАЕВ К.Б. URAZBAYEV K.B. лексические средства выражения модальности в английском и казахском языках	3-6
MADIBAYEVA S. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі модальдықтың лексикалық жасалу жолдары	
BAIMAXAN T.M. КАРПУКБАЕВА А.С. OSPANGALIYEVA Z. БИТЕМИРОВА А. The Lexical Ways of Expressing Modality in English and Kazakh Languages	
Организация самостоятельной работы студентов на занятиях по русскому языку на неязыковых специальностях	13-16
<b>МАЗМУНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS</b>	
Тілдік емес мамандықтардағы орыс тілі дәрістерінде студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру	
KARPUKBAYEVA A.S. BITEMIROVA A. Arranging Students' Selfwork of Non-Linguistic Specialties in Russian Class	

БЕКСЕИТОВА Р.М. Проблема творческих связей М.А.Булгакова и А.П.Чехова М.А.Булгаков пен А.П.Чеховтың шығармашылық байланыстарының мәселесі BEKSEITOVA R.M. Literature Connection Problems in M.A.Bulgakov and Chekhov's Carrer	17-23
УРАЗБАЕВ К.Б. ЕРДЖАНОВА З. О средствах речевого общения при иноязычном обучении Шетел тілдерін оқытудағы сөйлеу әрекет құралдары туралы URAZBAYEV K.B. ERDJANOVA Z. About the Means of Speech Communication in Teaching Foreign Languages	24-29
ӘБІЛ Г. Сыншы З.Қабдолов туралы З.Қабдолов – критик ABIL G. About the Critic Z.Kabdolov	30-35
КАЮПОВА А. «Қабанбай батыр» жырында батырдың бейнесін сомдау әдістері Методы создания характера батыра в поэме «Кабанбай батыр» KAYUPOVA A. The methods of characterizing the hero in the poem «Kabanbay Batyr»	36-44
<b>АРЫНТӨК, Е. ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ</b>	
Ортаев Б.Т. Мәуленова У. Учебно-методическое пособие по грамматике и лексике казахского языка Қазақ тіліндегі грамматикалық және лексикалық сөздіктер туралы YERAKAZHKOVA U. Қазақ және түрік тілдеріндегі «код» және «білекке» қатысты спорт терминдері Қазақ тіліндегі грамматикалық және лексикалық сөздіктер туралы Салыстырмалы лингвистикалық талдау MAULENOVA U. Resonances of Logical Method in Teaching	48-88
БЕРКИМБАЕВ К.М. НЫШАНОВА С.Т. Сравнительный анализ сложноподчиненных предложений в английском и казахском языках Жаңа технологияларды білім беруде пайдалану Қолдану және қолданушы жағынан жаңа технологияның пайдаланылуы Байбосыпова Д.Б. BERKIMBAYEV K.M. NYSHANOVA S.T. Using New Technologies in Education	49-56
КАРЫМСАКОВА Л.И. Понятия «аббревиация» и «аббревиатура» в лингвистике Лингвистикадағы «аббревиация» және «аббревиатура» KARYMSAKOVA L.I. The Notion 'Abbreviation' in Linguistics	57-61
ДУЙСЕН А. Some Features of Nouns in English and Kazakh Некоторые особенности существительных на английском и казахском языках ДҮЙСЕН А. Ағылшын және қазақ тіліндегі зат есімдердің кейбір ерекшеліктері	62-65

Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктері (дүниетану пәнінің негізінде) Особенности организации внеклассных работ (на основе предмета познание мира)	84-88
<b>SARDYKOV ZH.B.A.A.</b> <b>ҮЛДІДАСЫЕВА С.Н.</b> Possibilities of organizing out of class activities (on the base of the subject world) Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктері (дүниетану пәнінің негізінде) Подготовка будущих учителей информатиков в применении компьютерных	113-116
<b>MELDEREKOVA A.A.</b> <b>ТМҚИЕВА АХЕВА А.А.</b> Урок физической культуры Мектептегі компьютерлік техника пәнін мекемелердегі тәрбиеші міндеті Обучение в компьютерных классах в школе. Применение компьютерных единиц на уроке МELDEREKOVA A.A. Training Lesson	89-93
<b>TURDIYEVA A.</b> The Duties of an Educator in Pre-School Establishments	
<b>ӘЛІМБЕКОВА С.Ш.</b> «Технология» пәнін оқытудағы жеке тұлғаның эстетикалық сапасын қалыптастырудағы бағдарлы іс-әрекеттер Ориентировочные действия в формировании эстетических качеств личности в обучении предмета «Технология» ALIMBEKOVA S.SH. Activities of Forming Aesthetic Quality of Students in Teaching 'Technology'	94-99
<b>ДАНИЯРОВ Т.Ә.</b> <b>УАЛШЕРОВ Ж.Б.</b> Валеологический процесс в педагогике как фактор воспитания личности Жеке тұлғаны қалыптастыру факторы ретіндегі валеологиялық процесс DANIYAROV T.A. UALSHEROV ZH.B. Valeological Process in Pedagogics as a Factor of Educating Personlity	100-103
<b>ОРТАЕВ Б.Т.</b> <b>АБДУЛЛАЕВА Қ.</b> Использование игр в обучении английского языка Ағылшын тілін оқытуда ойындарды пайдалану ORTAYEV B.T. ABDULLAYEVA K. Using of Games in Teaching English	104-109
<b>ДАНИЯРОВ Т.А.</b> <b>ҚАРЫНБАЕВ Т.С.</b> Болашақ актерларды педагогикалық тұрғыда дайындау - келешек ұрпақты рухы биік тұлға ретінде қалыптастырудың кепілі Подготовка будущих актеров в педагогическом аспекте – гарантия формирования будущего поколения духовно богатой личностью DANIYAROV T.A. KARYNBAYEV T.S. Educating Future Actors in Pedagogical Direction a Guarantee of Forming Hihgly Spiritual Generation	110-112

ЖУНИСОВА Н.А.

Сәндік-қолданбалы өнерді оқушыларға оқытуда болашақ мұғалімдердің кәсіптік даярлығын қалыптастыру мүмкіндіктері Вопросы формирования профессиональной подготовки будущих преподавателей обучающихся школьников декоративно-прикладному искусству ZHUNISOVA N.A. Possibilities of Professional Training Formation of Future Teachers in Teaching Students to Decorative and Applied Arts	117-120
АДЫРБЕКОВА У.Н. Особенности питания юных спортсменов Жасөспірім спортшылардың тамақтану ерекшеліктері ADYRBEKOVA U.N. Peculiarities of Young Sportsmen's Nutrition	121-123
<b>ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ</b>	
КАЛЫШ А.Б. Состав семьи населения Южного Казахстана (1990-2000 гг.) Оңтүстік Қазақстан халқының отбасылық құрамы (1990-2000 жж.) KALYSH A.B. Population of South Kazakhstan Families (1990-2000)	124-130
МҰСТАПАЕВА Д. XVI ғасырдағы шығыс моншасының тарихи менін тануда шығыс миниатюралары мен жазба деректердің маңызы Значение восточных миниатюр и письменных документов в познании исторических значений восточной бани XVI века MUSTAPAYEVA D. The Importance of East Miniatures and Written Sources in Studying the History of the 16 <sup>th</sup> Century East Bath	131-135
АБДУРАХМАНОВ Н.А. Некоторые вопросы в теории осуществления земельной реформы в Республике Казахстан ҚР-ның төңірегіндегі жер реформаларын жүзеге асырудың кейбір сұрақтары ABDURAKHMANOV N.A. Some problems in the theory of land reform realization in the Republic of Kazakhstan	136-140
ӘДІЛБЕКОВА З.Ә. Қазалы қаласының шаруашылық жағдайы (XX ғ. басы) Хозяйственное состояние города Казалы (нач. XX в.) ADILBEKOVA Z.A. Property management in the town Kazaly (early the 20 <sup>th</sup> c.)	141-144
ЕРПАУ І. Sosyologjik Bir Algi Olarak Din Религия как социологическое понятие Religion as the Sociological Cognition ЕРПАУ И. Социологиялық түсініктегі дін	145-149
ПРИМКУЛОВА Г.Ж. Традиционные и современные черты в дополнительных элементах одежды казахов Южного Казахстана (на примере головного убора и обуви) Оңтүстік Қазақстан қазақтарының негізгі киім бөліктеріндегі дәстүрлі белгілер мен жаңа өзгерістер (бас киім және аяқ киім үлгілері бойынша) PRIMKULOVA G.ZH. Traditional and modern lines in additional elements of clothes of Kazakhs of Southern Kazakhstan (on a headdresses and footwear example)	150-153
SARITAŞ E.	

Sosyologjik Bir Algi Olarak Din Религия как социологическое понятие Religion as the Sociological Cognition САРЫТАШ Е. Социологиялық түсініктегі дін	154-166
<b>ҚҰҚЫҚТАНУ</b>	
ЕРАЛИ А. Жер қатынасының негізі – заттық құқықтар Вещные права – основа земельных отношений YERALI A. Property rights - the basis of land relations	167-170
БАЙМҰРАТОВА К.Ә. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес меншік құқығының қалыптасуы Становление права собственности в соответствии с Конституцией Республики Казахстан BAIMURATOVA K.A. Formation of the ownership of in accordance with the Constitution of the Republic of Kazakhstan	171-174
ЕРНАЗАРОВ Г.Б. Преступность и её виды как объект профилактического воздействия Қылмыс және оның түрлері алдын алу нысаны ретінде ERNAZAROV G.B. Criminality and its kinds as object of preventive influence	175-179
<i>«БОЛОН ПРОЦЕСІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РЕФОРМАЛАР» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕМИНАРҒА ҰСЫНЫЛҒАН МАТЕРИАЛДАР</i>	
РАИМБЕРДИЕВ Т.П. МЕЙІРБЕКОВ Ө.Т. ЖУМАБАЕВ М. МЕЙІРБЕКОВА Р.О. Оқытудағы логикалық тәсілдердің сипаттары	180-183
ЕРАЛИН Қ. Тәуелсіз Қазақстан бейнелеу өнеріндегі көркемдік дәстүр жалғастығы мен жаңа бағыттар	184-190
ОРМАНОВА Ғ.К. Болашақ мамандардың танымдық іс-әрекетін кредиттік оқыту жүйесі жағдайында қалыптастыру шарттары	191-195
АБДРАМАНОВ Е.С. Жалпы еуропалық білім беру кеңістігінде – ауылдағы оқу-ағарту ісінің мәселелері	196-199
МҰХАМЕДЖАНОВ Б.Қ. ДАНИЯРОВ Т.Ә. ҚАРЫНБАЕВ Т.С. Модульдік оқу – тұтас ұдайы дамып отыратын жүйе	200-202
KENDZHAYEVA V.B. The Internet as a Teaching and Learning Tool	203-205
АЗРЕТБЕРГЕНОВА Г.Ж. Экономикалық пәндерді оқытуда кредиттік технология жүйесінің ерекшеліктері мен тиімділігі	206-210

ҚОШАНОВА Г.Д.

БАЙТЕРЕКОВА Н.И. Болашақ филология саласы мамандарын ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданып оқытудың әдістемесі	211-215
САРЫБАЕВА Ә.Х. МҰСАБЕКОВА А. Электрондық оқулық – оқыту тиімділігін арттыру құралы	216-220
SAIFUTDINOVA A.S. Contemporary State and Problems of Research Universities in Britain and America	221-223
ОМАР Б.М. Қазіргі кезеңдегі кредиттік технологияны оқытудың маңызы	224-228
ОРМАНОВА Ғ.К. ФАЗИЛОВА А. Кредиттік оқыту жүйесінің болашақ мамандарды даярлаудағы мүмкіндіктері	229-233
САРЫБАЕВА Ә.Х. УСЕМБАЕВА И.Б. МЫҢБАЕВА Ф. «Молекулалық физика» курсынан электрондық оқулықты пайдаланудың жолдары	234-239
ҚОШАНОВА Г. КЕРІМБЕК І. Экономикалық есептерді шешуде инновациялық технологияларды пайдалану	240-242
ОСПАНОВА Б.О. Интербелсенді сабақ өткізу әдістемесі	243-246
САРЫБАЕВА Ә.Х. МЕЙРБЕКОВА Г.П. БАЙМАХАНОВА А.С. Электрондық оқулықтарды кредиттік оқыту жүйесінде қолдану ерекшеліктері	247-250
ОМАРОВ Б.С. Мұғалімнің кәсіби шеберлігін шыңдауда инновацияның рөлі	251-253
<b>Мазмұны</b> <b>Содержание</b> <b>Contents</b>	254-259